


Л 2017
4985к

Пернебай
ДҮЙСЕНБИН

**Ертегім
менің,
ертегім**



*Пернебай
ДҮЙСЕНБИН*

*ЕРТЕГІМ МЕНІҢ,
ЕРТЕГІМ...*

Алматы
2014

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Д 96

Д 96 **Дүйсенбин П.**
Ертегім менің, ертегім. - Алматы: ARNA-B, 2014. - 288 бет.
ISBN 978-601-7221-65-2

Көрнекті жазушы, эстет Пернебай Дүйсенбиннің есімі республика оқырмандарына жақсы таныс. Ол арғы-бергідегі тарихты терең білетін, қандай тақырыпта болсын танып, талғап, талдап жазатын қаламгер. Оның шығармашылығына, көркемдік құпиясына терең бойлау, озық ойлау, тосын мінез-құлықтар тән. Ол қандай образға да болсын осы жолмен келіп, ұтқыр көркемдік шешім тауып кетеді.

Қолыңыздағы кітапта жазушының балалар тақырыбына жазылған дүниелері топтастырылып отыр. Олардың барлығы да кезінде республикалық әдеби бәйгелерден жүлде алған туындылар.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

*Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы
істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті, Қазақстан ЛКЖО
Орталық Комитеті және Қазақстан Жазушылар одағы мен
«Жалын» баспасы жариялаған республикалық
жабық әдеби конкурсының III жүлдесін иеленген (1979 жыл.)*

КІШКЕНТАЙ ГЕНЕРАЛДАР

повесть

КІРІСПЕ НЕМЕСЕ АРНАУ СӨЗ

Иә, саламатсындар ма, балалар! Хал-жағдайларыңның жақсы екендігіне күмәнім жоқ. Сабақтарыңның ойдағыдай екендігіне сенімдімін. Дегенмен де іштеріңде бірен-саран балалардың сабақтарына нашар үлгеретіндері де бар емес пе?! Рас қой? Рас. Бірақ, оларға өкпелеп, олардың болашағынан үміт үзуге бола ма? Жоқ, болмайды. Осы мектепте нашар оқыды деген балалардың кейін есейгенде дындай азамат болып, өз ісімен елді сүйсіндіргендерінің талай куәсі болып жүрміз. Тіпті біздің ауылдан шыққан атақты ғылым Мұратты алайықшы. Мектепте оқып жүргенде сабағы көңілдегідей болмаған. Керек десеңіз, оның сотанақ болғандығы сонша, ауылда «сотқар Мұрат» атанған.

Өздеріңнің де естулерің бар шығар. Ньютон деген асқан оқымысты адам болған. Оның бүкіләлемдік тартылыс заңын ашқандығын көпшіліктерің білетін де боларсындар. Тіпті сол кісінің өзі мектепте оқып жүргенде қабілетсіз оқушылардың қатарында есептелген екен. Сондықтан да адамның мүмкіншілігіне, қабілетіне шәк келтірудің өзі ағат.

Мен кейде адам қабілетін домбыраның пернесіне теңеймін. Ширатпа шекке майталман күйші қолы тигенде, жиырмаға жетер-жетпес аз перне жүрек қылын тербейтін саз шығармай ма?! Адам жаны да, қабілеті де сол пернелерге ұқсас секілді. Көңіл сарайы ашық, көргенді жанның алақаны аяласа, ақымақ бала ақылды болып, ұйқыда жатқан дарыны жапырақ жайып шыға келетіндігіне ерекше сенімдімін.

Құрметті оқушыларым, бұл күнде менің шынайы досым болып алған бұл баланы сендерге таныстырып өтейін. Өзі сендердің біраздарыңмен құрдас. Биылғы жылы күзде алтыншы класқа барады. Аты — Әділ. Фамилиясы — Усаев. Онымен былтырдан бері таныспын. Бесінші класта қазақ тілі мен

әдебиетінен сабақ берген едім. Сабақ үстінде «көзге түсіп» қалып, алғашқы күні-ақ кластың бұрышында қырық минут бойы «құрметті қарауылда» тұрған. Ол баланың сабаққа өте ықыласты, ынталы екенін кейін білдім. Сұрақты көп қояды. Оның күлімсіреп тұратын көкшіл көзі адамға бөлекше сеніммен, жылылықпен қарағанда іші-бауырың еріксіз елжіреді. Мұндай балаларды неге жақсы көрмеске.

Әділ мені көшеде көрсе, қасыма жүгіріп келеді. Ол мұндайда өзінің бастан кешкен біраз оқиғаларын ақтарып тастайды. Әңгімелері қызықты. Еріксіз езу тартып, күлмеске лажың жоқ. Кейде оны қасындағы шынайы достары Өмір Тілеуов, Болат Құрманалиндер толықтырып отырады.

Балалар, бұл шағын повесте Әділдің жазғы каникулда басынан кешкен біраз хикаялары баяндалады. Оның біразын сендерге Әділдің өзі, біразын Өмір мен Болат әңгімелейді. Ал кей тараулары ол үшеуінің қатысуынсыз баяндалады. Әрине, бұл тұстарда өтіп жатқан оқиғалардың ересектердің көзқарасымен суреттелуі мүмкін екенін алдын-ала айтып қойған да дұрыс болар. Бірақ, мақсат біреу-ақ. Ол — айтылар ойдың балдырған балаларға түсінікті болып жетуі.

Ал ендігі әңгіме арқауын балалардың өз қолына тапсырайық.

АЛҒАШҚЫ ЕМТИХАН КҮНІ

(Әділдің әңгімесі)

Мен, Өмір, Болат үшеуіміз де көктемгі емтиханнан біржолата босатылдық. «Төрт» пен «беске» оқығанның пайдасы да осындайда ғой.

Емтихан басталған күні үшеуіміз мектепке келдік. Сынақ басталар алдында балаларға сөт сапар тілеп, емтихан бөлмесіне «аттандырып» салдық. Біздің ішке кіруге хақымыз жоқ. Сыртта жүрдік. Анда-санда терезеден ішке көз саламыз. Балалардың көбі төмен қарап шұқшиып, кәдімгідей қинала қаламсаптарын тістелеп, ойланып қалыпты. Артқы партада отыратын, желаяқ Ораз Әлкенов берілген жай есептің біреуін бір парақ қағазға тез жазып, шапшаңдықпен әйнекке жапсыра салды. Сөйтті де, терең ойға шомғандай, қолын маңдайына тірей қалғаны. Не деген айлакер! Біз оның бұл тапқырлығына сүйсініп кеттік. Аана, Май мерекесі алдында онымен допқа таласып, шекісіп қалғаным бар еді. Содан бері екеуіміз дұрдараздауымыз. Бірақ,

оның жаутан қағып караған сәттегі жүзі маған бір түрлі аянышты көрініп кетті. Шыдай алмадым. Есебін шығарып берсек қайтеді дегендей Өмірге қарап едім, ол менің бұл ниетімді көзімнен тез ұға қойды. Келіскендей бас изеді.

Дереу мектеп алдындағы талдың түбінде тұрған орындыққа отыра қалып, шығара бастадық. Оп-оңай есеп. Көзді ашып-жұмғанша, жанғақша шағып тастадық. Тез арада алакандай ақ қағазға көшірдік те, түкіріктеп-түкіріктеп әйнекке жапсыра салдық. Ораз екі езуі екі құлағына кете мәз болып қалды. Бізге рақмет дегендей ризалықпен қарап, көзін қулана қысты да, көшіруге кірісті. Сабаздың қолы қолына жұғар емес. Мен Өмір мен Болатқа иек қағып:

— Қасқан сағынып-ақ отыр екен, ә! — деп едім, олар сылк-сылк күлді. Өмір терезеге тақала берді де, аузы-басын қисан еткізді. Ораздың арғы жағында отырған Ажар деген қыз бетін партаға басып, жата қалып күлді. Иығы селк-селк етеді. Тап осы сәтте төбеден түскендей бір айбарлы үн бәрімізді селк еткізді.

— Өй, мыналар не істеп тұр-ей!

Жалт қарасақ Абзал ағай. Қолына қызыл байлама тағып алыпты. Болат екеуміз қаққан қазықтай қалшиып қаттық да қалдық. Ағайдың даусын естіген бе, Өмір жайлап бері бұрыла берген. Көкшіл көзін бакырайтып, аузын қисайтып, тілін шығарған күйі мұғалімге қарасын.

— Өй, мынауыңның өзі нағыз сайқымазақ қой, — деді күліп жіберген ұстазымыз. Қатты күлгендігі сонша, көзінен жас шығып кетті. Өмір ыржың етіп, төмен қарады. Өзі қып-қызыл болып кетіпті.

— Мұның қалай, батырым-ау?

— Ағай, байқамай қалдым, кешіріңіз. Шашына май жаққандай басын бипаздап сипай береді.

— Жарайды, жарайды! Ал, бірақ, мыналарың... болмаған.

Ол терезеге жабыстырылған паракты алып, қалтасына бүктеп салып қойды. Ұят іс жасағанымызды енді ұққандаймыз. Болат екеуміз де төмен қарадық. Мұғалімнің бетіне қарауға жүзіміз шыдамай тұр.

— Қой, мен сендерді жазасыз жібермеймін. Әкел бастарыңды бері, — деді ол әлден уақытта. Орайдың тұсынан бір-бір шертпек алды да, көзі шуақ шаша күлімдеді:

— Енді кластастарыңды бекер аландатпандар, көкөтайлар, жарай ма?

— Жарайды, — деп жарыса тіл қаттық. Уһ! Ұстаздар талқысына түспей аман құтылғанымызға шүкір.

— Қалай, төбелерің ауырып қалған жоқ па?

— Жоқ, ағай.

— Ал енді батырларым, қазір клубта, сағат он бірде қызық кино болғалы жатыр. Соған барсандар қайтеді.

— Ой, алақай! Өмір қуанғаннан секіріп түсті. — Қандай кино, ағай?

— «Ұстатпайтын кекшілдер».

— Оһо, жақсы болды. Рахмет, ағай, — деп Өмір Болат екеумізді жетелей жөнелді. Ұзап барып артымызға қарасақ, ұстазымыз соңымыздан күлімдей әлі қарап тұр екен...

ОРАЗДЫҢ ӘКЕСІ

(Әділдің әңгімесі)

Клуб жаққа қарай беттеп келе жатқан үшеуміздің әңгімеміз — Ораздың емтихан үстіндегі қылығы.

— Жан қысылған деген қиын екен ғой, ө?

— Әрине.

— Сен байқадың ба, өзінің танауы тершіп кетіпті.

— Енді қайтсін!

— Көшіріп үлгерді-ау деймін сабазың.

— Е, үлгермегенде ше.

Осы кезде көше қайрылысынан біз бұрын көрмеген бір сапсары машина шыға келді. Бүйірінде «Сүт» деген жазуы бар. Қасымыздан зулап шықты. Шофері бізге қолын көтеріп, күліп барады. Тани кеттік — Ораздың әкесі.

Машина анадай жерге барып, кілт тоқтады. Кабинадан жаңағы кісі түсіп келе жатты. Біз де машинаның қасына жүгіріп бардық. Әлкен ағай бізге күле қарап бұрылды. Сәлем бердік.

Ол — күжілдеп сөйлейтін, толықша, сары кісі. Май сіңген күректей алақанымен арқамыздан қағып-қағып қойды.

— Әлгі біздің генерал қайда?

Бұл кісі ұлдарды ылғи еркелете сөйлейтін. Және де әр баланың атына қоса жоғары шенді әскери атакты қосып сөйлеуі — ежелгі дағдысы. Оразбен бірге оқитын жақын жолдастарының барлығына дерлік ол капитан шенінен бастап генералға дейінгі атакты үлестіріп шыққан. Мысалы, мен подполковникпін.

Болаттың шені сәл төмендеу. Майор. Ал Өмір болса генералға бір саты жақын. Ол — полковник.

Бәрімізден атағы үлкен өз баласы — Ораз.

Ол менен біраз аласа, бірақ, өте толық. Ал генерал дегендер биік, сұңғақ болады емес пе. Шындығында солай ғой. Оны кинолардан да байқап жүрміз. Бірақ, біздің ешқайсымыз да осы уақытқа дейін нағыз генералды бетпе-бет кездестірген емеспіз.

Ораз былтыр қалаға барғанда генералды көрдім деп келген. Олардың басындағы киімдері қып-қызыл екен, екі жақ кеудесінің бәрі сықаған ордендер мен медальдар екен, алтын қылышы бар екен, онысы жарқылдағанда көз қаратпайды екен, барлық генералдардың мұрты болады екен... Бірақ, ересек балалар сол сәтте оның өтірігін шығарып, аузын аштырмай қойған. Әсіресе, мектептің үздік оқушысы Айдос деген бала «Қазақ Совет Энциклопедиясынан» генералдардың қандай киім киетінін дәлелдеп көрсетті. Керек болса, олардың шалбарындағы қос қызыл жолақтың «лампас» деп аталатынын бізге алғаш жеткізген де сол. Ораз онымен дауласа алмай, құр қызарақтап, ұялып-ақ қалды.

Міне, мынау алдымызда тұрған — сол Ораздың әкесі. Мен оның емтиханда отырғанын айттым.

— Ал сендер ше?

— Біз емтиханнан босатылғанбыз.

— Оho! Ол танданды. — Сонда қалай?

— Төрт пен беске оқығандар емтихан тапсырмайды.

— Ал біздің генерал ше? Оған не болған?

Өмір мен Болат маған қарады. Мен басымды сипадым. Орадың әкесі біздің қипақтап тұрғанымызды сезе қойып:

— Сонда ол ақымақ сабақты ондыртпаған екен ғой, ө? — деп бізге сұраулы пішінмен қарады. Біз үндей қойған жоқпыз, төмен қарап тұрып қалдық.

— Қап, ол антұрғанның генерал болуға жарамайын дегені ме, ей. Басын шайқап қойды. Кәдімгідей қиналып отырған тәрізді. — Үмітті ақтамағаны ғой мына баланың?! Қап! Мен оны мына жаңа машинамен қыдыртам ғой деп жүрсем... Не істейін-ей, мынаған? Мінгізсем бе екен, әлде мінгізбесем бе екен? Тап бір ақыл сұрағандай бізге ойлана қарады.

— Ойбай, ағай, мінгізіңіз, мінгізіңіз! Келер жылы жақсы оқиды ғой, — деді Болат. Өмір де:

— Мінсін, ағай, — деді.

— Жарайды онда, сендердің сөздеріңді тастамайын. Қап, антұрған-ай, ә! — Ораздың орташа оқығанына, оның бізден қалып, емтихан тапсырып жатқанына қапаланған халде желкесін қасып біраз тұрып қалды.

Өмір кенеттен:

— Ағай, қазір қайда барасыз? — деді.

— Малды ауылға. — Әлкен ағайдың өзін мазалаған ойдан әлі айыға алмай тұрғанын жүзінен аңғаруға болғандай. — Ал, балалар, жарайды, құттыханадан шай-пай ішіп шығайын. Үйге жүрмейсіндер ме?

— Жок, рахмет, ағай.

— Ал онда жақсы, — деп ол кете барды. — Қап, мына генералдың мені ұятқа қалдырғанын-ай, ө!

ТОСЫН ШЕШІМ

(Өмірдің әңгімесі)

Әділ артына қайрылып қарай береді. Әлгі сап-сары сүйкімді машинаның оған ұнағаны анық.

— Әділ десе, мен бір қызық айтайын ба?

— Айт! Айт! — деп Болат екеуі маған жалт қарады.

— Айтсам былай. Қазір үшеуіміз анау тұрған машинаға барамыз да, цистернасының ішіне тығыламыз.

— Ойбай-ау, ол сиырлы ауылға барады ғой, — деді Болат үрейлене.

— Е, апара берсін.

— Бізге де сонысы керек, — деді Әділ де көгілдір көзі ұшқындай.

— Ораздың әкесі ұрысса қайтеміз?

— Ұрыспайды. Ол кісінің балаларға ұрысқанын көрдің бе?

— Ұрыспайды деп кім айтты саған?

— Елдің бәрі айтады.

— Ал цистернаның іші қараңғы болмай ма? — деді Болат.

Әділ ойланып тұрып қалды да, сәлден кейін:

— Е, болса бола берсін. Ішінде қасқыр бар дейсің бе? — деді.

Мен де:

— Иә, шынында қасқыр бар дейсің бе?! — деп оны демеп жібердім. — Нар тәуекел. Шешінген судан тайынбас.

Біз машинаның қасына келдік. Даусымызды біреу естіп қоятындай сыбырлап сөйлесеміз. Болат жасқаншақтап, арт жағымызда тұр.

— Қазір Ораздың әкесі шайға кірісті. Қорқатын дөнене жоқ.

Қанша дегенмен өзім бастаған істі өзім аяқтағаным дұрыс қой. Машинаның үстіне әуелі мен көтерілдім. Жүрегім дүрсілдеп кетті. Қақпақты ашып қалғанымда, Әділ ішке лып ете түсті. Болат қипақтап жоғары көтерілер емес.

— Мінсейші! — дедім. Бірақ, оның көзі атыздай болып, ұясынан шығып кетіпті. — Е, мінбесең қой ендеше, сау болып тұр.

Ішке сүңгіп кеттім. Жайлап қана қақпақтың тұтқасын өзіме қарай тартып, жауып алдым. Цистернаның іші көзге түртсе көргісіз қараңғы. Әділ бүйірімен түртіп қалып, шиқ-шиқ күледі.

— Әй, ақымақ, ақырын күл!

— Күлсе ше!

— Жай күл деймін, естіп қояды.

— Жарайды, жарайды.

Цистерна ауасы қапырық. Қабырғасы жып-жылтыр, қолын тайғанақтап тұрмайды. Қарап тұрмай Болатты мазақтап жатырмыз.

Болат қорқақ,

Ойыңа шорқақ,

Көжеге ортақ,

Мұрны жалпақ,

Бұты талтақ,

Басында қалпақ...

Екеуміз шиқылдап күлсеміз.

— Болат, қош, қош, ауылға сәлем айт! — деймін қақпақтың саңылауынан оған сығырая қарап.

Бір кезде машинаның бүйірін біреу тықылдатты.

— Аш, аш! Бұл мен ғой! — деген Болаттың даусы күңгірлеп, көмескі естілді. Мен Әділге:

— Тез аш! — дедім! Қанша дегенмен жолдас қой. Сәл жасқаншақтығы болмаса, жақсы бала өзі.

— Түу, қараңғысын-ай! — деді ол ішке кіріп келе жатып.

— Жарықты тапқан екенсің! — Екеуміз қосыла күлдік.

Біраздан кейін қақпаның сықырлай ашылғаны естілді. Жым бола қалдық. Бір-бірімізге: «Т-с-с, т-с-с!» — деп қатаң ескерту жасап жатырмыз.

Ораздың әкесінің гүж еткен даусы естілді.

— Ой, генерал, хал қалай? Батыр-ау, сен мені өкпелетіп қойдың ғой, — деді. — сенің мұның ұят болды-ау. Анау Тілеудің,

Усаның, Құрманәлінің балаларынан кемсің бе сен? — Оразда үн жоқ. — Қой, сен генерал болмай қалдың. Мен мәз боп жүрсем, оқып жатыр деп. — Ораз әлі тіс жарар емес. — Мен мынау судай жаңа тұлпарға мінгіземін бе деп жүрсем. Енді болмайтын болды. О, жолың болғыр, мұның не, намыс қайда? Әне, ана елдің өзіңдей балаларын қарашы. Бағана осында үшеуі келіп сәлем беріп кетті. Емтихансыз өттік дейді. Міне, генерал деп соларды айт. Нағыз генералдар! Ал сен мына түріңмен ефрейторлыққа да жарамайсың ба деп қорқамын.

Ораз солқ-солқ етіп жылады. Біз күліп жіберуге шақ отырмыз. «Т-с-с, т-с-с» деп қатаң ескерту жасасып бір-біріміздің бүйірімізден түртіп-түртіп қалдық.

— Жә, жарайды енді, жылама! Онысы несі-ей! Е, сабақты неге жақсы оқымайсың? Егерде сен кластан класқа емтихансыз өтсең менің төбем көкке екі-ақ елі жетпей ме. Өй, жолың болғыр, онысы несі-ей?!

Әлкен ағай машинаға мінді. Кабинаны сарт жапты да, машинаны гүр еткізе оталдырып, жүріп кетті.

ТӨБЕДЕГІ «ЖАРТЫ АЛМА» (Болаттың әңгімесі)

Цистернаның ішінде отыру қызық болады екен. Өмір мен Әділ бірыңғай. Ал мен оларға қарсы жайғастым. Бір-біріміздің түрімізді көрмейміз. Әлгі қап-қараңғы түн дегеніміз бұдан әлдеқайда жарық шығар. Алғаш сәл қорқыңқырағаным рас. Біраз уақыттан соң бойым үйрене бастады. Ана екеуі ешнәрсені елейтін емес. Бұрын талай рет тап осындай темір сауыт ішінде сапар шеккен жандар сияқты өздерінше мәз болып әлденеге күліседі. Машина «тоңқып» кеткен кезде барлығымыз бір-бірімізден шап беріп ұстай аламыз.

Өмір басын қабырғаға соғып алды.

— Ойбай, шекем-ай! — деген даусы қаттырақ шығып кетті. Әділ күліп:

— Ешнәрсені етпейді. Шыныққан шеке сүзисуге жақсы болады. Сиырлы ауылға бара жатырмыз ғой, — деді. Өмір еріксіз күліп жіберді.

— Қандай рақат, ә, іші, — дейді Әділ.

— Айтпа! — Егерде біз үшеуімізді бүкіл ауыл болып іздесе, мектеп болып іздесе, таба ала ма? — деді Өмір. Ол өзінше қиялға

беріліп кетті. — Болат десе, егер осының ішінде біраз күн жүрсек қайтер еді?

— Білмеймін.

— Әй, осы сенің бір білетін күнің болар ма екен? — деп кәдімгідей маған жекіп тастады. Бұл сөз шымбайыма батып кетті. Есемді жібергім келмеді. Батылданып:

— Е, жүрсек жүрейік. Несі бар? Бір қызық болсын, — дедім.

— Ендеше бітті. Осының ішінде екі күн, екі түн түнейміз. Келістік пе?!

Мен ойланбастан:

— Келістік! — деп жібердім. Бірақ Әділ келіскен жоқ.

— Қазір төбеңнен сүтті саулатып келіп құяды. Сонда қайтесің?

— Онда тіпті жақсы, қарнымыз ашпайды, — деді Өмір.

Әділ мені аяғымнан түртіп қалды да:

— Ал сүтті көп қылып құйғанда қайтесің? Балық болып жүзесің бе? Тұншығып өлерсің, — деді.

— Айтты-айтпады, мынаның ауасы тарыла бастаған сияқты-ей. Тіпті, пысынып барамыз ғой, — деді Өмір.

— Қақпақты ашып көрсек қайтеді?

Әділдің ойы Өмірге ұнай кетті. Ол орнынан түрегеле берді.

Әділ:

— Байқа, қатты ашпа. Қақпақ тарсылын естісе, тоқтап жүрер, — деп сақтандырып жатыр.

Өмір қақпақты саңылаулай ашты. Ішке салқын ауа саулап қоя берді. Бірақ, бұл қуанышымыз ұзаққа бармады. Ойлы-қырлы жол машинаны әрі-бері секіртеп, мазаны ала берді. Бір кезде Өмір басын қайтадан қақпаққа қатты соғып алғаны. Ол:

— Ойбай, төбем-ай, төбем-ай! — деп безек қаға төбесін ұстап отыра кетті. Қараңғы қапасаққа қайта камалдық.

Әділ:

— Қанап калған жоқ па? — деді досына жаны ашып.

— Қайдам? Әйтеуір, гүмпийіп ісіп кетті. Мынаны қараңдаршы. Әділ де, мен де қараңғыда қармалап жүріп, Өмірдің басынан сипаладық.

— Ойбай, ісіп кетіпті ғой!

Шынында да, байғұстың басы оңбай қалыпты. Төбесіне алақаным тигенде, кішігірім жарты алманы ұстағандай сезіндім.

— Сүйегі аман ба?

— Қайдам, аман-ау деймін.

Цистерна іші тағы да қапырық болып, демалысымыз ауырлай бастады. Мен машинаны тоқтатсақ па екен деп ойлады, бірақ оны айтсам ана екеуінің өре түрегелетіні белгілі.

— Мен санылаулап аша тұрсам кайтеді? — деді Әділ.

— Ойбай, ашпа, шамаң келмейді, жолды көрмейсің бе, тіпті жаман болып кетті. Осы Шошқатам тұсқа келдік қой деймін, жолы солай, — деп ыңырсып сөйледі. — Қақпағы маскара ауыр.

— Енді тұншығып өлеміз бе?

Менің басыма бір ой сарт ете қалды.

— Оһо, таптым! — дедім қуанғаннан.

— Нені?! Екеуі жарыса сұрады.

— Таптым! Кәне, көйлектеріңді шешіндер!

— Е, неге? Айтсайшы!

— Шеш деген соң шешсеңдерші енді. Өз көйлегімді тез шешіп алдым. Анау екеуі де күйбендеп шешініп жатқан сияқты. Тегі, менің батыл айтқан сөзім әсер еткен болуы керек.

— Мә! — деп олар жейделерін қолыма ұстата берді. Екі көйлекті тас түйін қылып орап, өз көйлегіммен белінен тартып байладым. Олардың осы қараңғыда менің не жұмбақ іс жасап жатқандығыма таң-тамаша қалып, ауыздарының суы құрып отырғандарын да сезіп келем. «Олар мені ылғи қорқақсың, жасықсың дей беруші еді. Енді көрсін, Болаттың кім екенін», — деп ішімнен ойлап қоямын.

— Әділ, қақпақты аш! Үнім әмірлі шықты білем, ол орнынан атып тұрып, қақпақты сәл көтерді. Жұмарланған көйлекті ашылған саңылауға апарып тыға салдым.

— Қоя бер енді! Әділ қақпақты түсірді. Дап-дайын терезе болды да шықты.

— Ой, молодец!

— Жарайсың! — Екеуі менің қолымды еріксіз алды. Алмасқа лаждары бар ма. Саңылаудан ішке жарық та түсті, ауа да кірді. Енді бір-бірімізге мәз болыса, күле қараймыз.

Кенет менің көзім Өмірдің төбесіне түсіп еді, қайыңның бейіндей томпайған томпақ әжептәуір екен. Қолымды шошайтып:

— Өмірдің төбесінен алма теріп жейтін болдық, — деп едім, Әділ қарқ-қарқ күлді. Өмір болса, төбесін сипап-сипап қояды.

БІЗ ҚАЛАЙ «ГЕНЕРАЛ» АТАНДЫҚ?

(Әділдің әңгімесі)

Машина әлі жүріп келе жатыр. Ендігі әңгімеміз Оразға ауысқан.

— Ораз қайдан іздер екен, ә? — деді Өмір.

— Қайдам? Болат иығын қикаң еткізді.

– Біздің темір сауыт ішінде жүріп жасаған саяхатымызды естігенде көзі атыздай болатын шығар.

Болат:

– Сенбесе кайтеміз? – деді.

– Е, неге сенбесін, әкесі айтпай ма екен?

– Сонда әкесі қайдан біледі?

– Туһ, сен қызық екенсің ғой өзің. Қазір сиырлы ауылға барғанда сыртқа шықпаймыз ба? – деді Өмір.

– Ойбай, Ораздың әкесі бізді ұстап алып, ұрып жүрсе қайтесін?

– Е, неге ұрады, азар болса бір ұрсар. Есесіне атымыз шықпай ма! Мұны айтқан Өмір.

– Шынында да, қорқатын дөнене жоқ...

Машина кілт тоқтады. Кабина ашылды да, сарт етіп жабылды. Ішіміз солқ ете қалды. Мен көйлекті тартып ала қойып, қақпақты ақырын ғана жаптым.

Үн-түнсіз отырмыз. Ораздың әкесі әлдекімдермен қауқылдаса амандасып жатты.

Аздан кейін-ақ ауылдың кара борбайларының машина маңына топтала бастағанын дабырларынан сезіп отырмыз.

– Молоковоз! Молоковоз! – деп шу-шу етеді.

– Қандай әдемі!

– Сап-сары екен, ә?

– Менің машинама!

– Қой, ей! Әлкен ағай саған бере салар!

– Е, неге бермейді. Ол бізге туысқан!

Өзді-өзі дауласқандар үні бізге сәл күңгірлеп естіледі. Байқаймын, ересектер едәуір ұзап кеткен сықылды. Балалардың екі-үшеуі кабинаға мініп алды. Мен қақпақтың арасына төсқалтамдағы қарындашты салып, саңылаулап қойдым.

– Гүр-р-р, гүр-р-р! Ей, Хасен, былай тұр жолдан, мен Алматыға бара жатырмын! – Гүр-р-р, гүр-р-р! – деп жұмсақ орындықтың үстінде ойнақ салып, машинаны солқылдатып қояды бір бала.

– Бере тұршы, әй, бере тұршы, мен де кішкене айдайын! – дейді екіншісі өлердей жалынып.

– Жоқ, саған айдауға болмайды. Плеваң жоқ. Егер милиция ұстап алса қайтесін?

– Әй, әй, кішкене бере тұршы сонда да. Милиция жоқ жолмен жүремін ғой.

— Жоқ, болмайды дедім ғой мен саған. Жолды көрдің бе анау, қаптаған қалың машина. Біреуімен соқтығып қалсаң қайтесің? Кім жауап береді, айтшы!

— Соқпаймын. Берші-ей, кішкене!

— Жоқ, болмайды деген соң болмайды. Бала болмасайшы...
— Гүр-р, гүр-р. Әлгі бала тіпті машинаның қырдан ойға, ойдан қырға салған сәттегі мотор гүрілін айнытпайды. Тар саңылауға құлақ төсеп біздер бір-бірімізге жымындаса қарасамыз.

— Қазір бұларды қатырамыз, — деп, Өмір мен Болатқа сыбырладым.

— Не істейміз?

— Қазір қарап тұрындар, — дедім де: — Көк-кө-өк, Кө-кө-өк! Кө-кө-өк! — деп дыбыстадым.

— Өлә! Осы машинаның бір жерінде көкек жүр! — деді екі баланың бірі.

— Кө-кө-өк! Кө-кө-өк!

— Әй, шынында да.

Кабинада отырғандар жерге қарғып-қарғып түсті.

— Әй, ешнәрсе жоқ қой.

— Е, жаңа естідің ғой.

Темір кеспек үстіне тырмысып шығып келе жатқан аяқтың тықыры естілді. Осы сәтте Өмір жол тауып кетті. Барқыраған құбыжық дауыспен сақылдап тұрып күлсін келіп. Сәл толас ала берді де, қайтадан қарқылдады. Дауысы құлағынды жарып жібере жаздайды.

— Ойбай!

— Ойбай, көзге көрінбей жүрген шайтан шығар. Біреуі үрейлі үнмен осылай тіл қатты. Сол-ақ екен екеуі жерге дік-дік секіріп түсіп, қаша жөнелді.

Біз цистернадан енді шығып кеткелі жатқанымызда әлдеқандай ересек кісінің жоғары өрмелеп шығып келе жатқаны байқалды. Бұрыш-бұрышқа бүк түсіп бұға қалдық.

Қақпақ сарт етіп ашылды. Цистернаның үңірейген аузынан нән керзі етіктің ақ шаң басқан тұмсығы мен ұзын ақ сойылдың қайқы басы көрінеді. Ол анда-санда қозғалақтап ініне кіріп келе жатқан жыланның басына ұқсайды. Зәреміз зәр түбіне кетті. «Біткен жеріміз осы шығар», — деп ойладым. Болаттың көзі мүлдем ұясынан шығып барады. Өмір болса ақ таяққа бақырая қарап қалған. Келген кісі:

— Шайтан болсаң да, пері болсаң да шық былай! — деп ақыра айқайлады. Даусынан таныдым. Ораздың әкесі. Оған ілесе келген адамдар сыртта гу-гу етеді. Үндерінде үрей бар.

– О, не, Әлеке? Адам ба, пері ме, не бәле?

– Таяқты былай піспелеп көрсеңізі.

– Әй, Әлкен, байқа. Кім біледі, жалғанның жазымы көп!

– Шық, көне! Ол ақ таяғын әрлі-берлі жылмандата бастады.

Қабырғаға жабысып өліп бара жатырмыз.

– Шық, көне, деймін! Үні зілді. Бұрынғыдан гөрі батылдана бастаған тәрізді. Темір кеспек ішіне басын сұғып қарады.

– Әй? Құдай біледі, осыларың бағанағы бір қулар болып жүрмесін. – Үні жұмсарып сала берді. Қолындағы ақ таяқтың сумандаған сұм басы сыртқа сытылып шықты. Біз демімізді бір-ақ алыстық. Жымың-жымың етіп, бір-бірімізге қарасамыз.

– Әй, шығындар, көне, шығындар! Бәсе-ау, бағана сәлем берістерің тым сыпайы болып кетіп еді. Кеңк-кеңк күліп қояды.

Ең алдымен сүметіліп мен шықтым. Менің соңымды ала Өмір, одан соң Болат шықты. Мойнымызға су құйылып, цистерна үстінде қаздай тізіліп қатар тұрмыз. Айналамыз қырантопан күлкі. Әлкен ағайдың жүзіне қарауға бет жоқ. Қабак астынан бір-бірімізге баспалай бұғып қараймыз. Жер-жебірімізге, жекен суымызға жете ұрсар деген қауіп еңсені көтертпейді. Қандай жаза болса да мойынсұнған халдеміз.

Ораздың әкесі күлкіден езу жияр емес. Бір мезетте ол күректей алақанымен арқамыздан қағып-қағып қойып:

– Міне, нағыз генералдар деп осыларды айт! – деді. Біз жымың-жымың еттік. – Ой, қуларым-ай, мені қатырдыңдар, ә? Жарайсындар, жарайсындар! Жүріндер енді, шөлдеген шығарсындар, сусын ішейік, – деп жерге түсті. Салдырлап әлі сөйлеп келеді. – Көне, кім айтады бұларды генерал емес деп!

Бізді таңсық көрген балалар соңымыздан шұбады.

– Болатты қара!

– Өмірді қара!

– Әділ ғой мынау!

Барлығы дерлік бастауыш кластың каникулға шыққан балалары. «Генерал, генерал», – деп бір-біріне сыбырласады. Осы бір жалғыз ауыз сөз құлаққа майдай жағып, төбеміз көкке екі-ақ елі жетпей келеді.

«АУФИДЕРЗЕЙН»

(Әділдің әңгімесі)

– Совхоз жастары ойын қоятын болыпты!

– Қой?

– Рас.

– Қандай ойын?

– «Қобыланды батыр».

– Оһо! Онда жақсы болды! Барамыз ғой?

– Әрине!

Үшеуміз клубтың алдына келсек, адамдар топырлап жиналып қалыпты. Көпшілігі балалар. Билет сатылып жатыр екен.

Терезе тесігіне тақалдық. Билеттің құны удай. Аттай бір сом. Иә, артық-кемі жоқ бір сом. Билет алып жатқандардың кейбіреулері күңкілдеп жүр.

– Мұнысы, несі, Алматыдағы әртістеріңмен бірдей ғой.

Кассир әйел:

– Е, алмасаңыз алмай-ақ қойыңыз. Сізді кім зорлап тұр? – дейді кезекте тұрғандарға билетті беріп жатып. Тор көз дәптердің қағазына мөр басып жасаған билеттерді жыртқанда қолы қолына тимейді. Қасында бізден бір класс жоғары оқитын баласы бар. Өзінше маңғаз.

– Балаларға қаншадан? – дедім мен.

– Нешінші оқисың?

– Жетінші. Бір класты ойдан қосып жібердім. Әлгі маңғазданып тұрған Сатан қу шап ете қалды.

– Неге өтірік айтасың? Сен биыл алтыншыға көштің ғой, – деді. Шешесінің де шар ете түскені:

– Жок, болмайды! Сендерге кіруге болмайды. Әлі кішкентайсың, әрі шулап тыныш отырмайсыңдар.

– Апай, беріңізші, бар қызықтан қалатын болдық қой. Құдай ақына шуламаймыз. Сәл шуласақ айдап шығыңыз, обалымыз өзімізге.

– Жок деп айттым ғой сендерге, айтқанды түсінесіңдер ме, өздерің.

Әрі жалындық, бері жалындық – болмады.

Үшеуміз терезе тесігінен сытылып тысқары шықтық.

Сатанға шешене айтып келістірсейші дегендей ымдадық. Келісу қайда? Қайта мазақ қылып, тілін көрсетіп, аузын қисандатты.

– Ох, оңбаған! – деп мен де жұдырығымды көрсеттім. Болат күңк етіп:

– Жынды! – деді де бізбен бірге шетке қарай сытылып шыға берді. Былай шыққан соң Өмір:

– Енді не істейміз? – деп маған қарады.

– Терезеден кірсек ше!

– Ой, кіре алмайсың, ағаш қақпағын шегелеп тастаған.

– Жанағы жарымес Сатан болмағанда, қап, кіріп кететін едік! – деп Өмір өкініш білдірді.

Біраз жүріп, клубтың алдына қайта айналып келдік. Адамдар клубқа кіріп болып қалған екен. Билетті қабылдап, жыртып тұрған – Сатан. Шешесі әріректе біреулермен жайбаракат әңгімеге кіріскен. Анда-санда баласына көз қиығын тастап қояды. Сатан тіптен қоқиланып алыпты. Өзі тұстас балаларға:

– Әкел бері! Берсейші, билетінді! – деп жеки сөйлейді.

Ел кіріп болды. Ымырт үйіріліп, көз байланып қалған кез. Біз секілді далада қалып, мысы құрыған балалар топырлап сол маннан әлі кетпей жүр. Олардың көздері жаудырап, бізден жәрдем күтетін тәрізді, үшеумізге жапақ-жапақ қарап қояды. Бірақ, бізден қайдан көмек болсын.

– Енді кіретіндерің бар ма? Сатан айналасын шола қарады. Бізді тіпті адам құрлы елеп тұрған жоқ-ау! – Ешкім жоқ қой, ә!? Ну, тоғда до свидания! Ауфидерзейн! – деп қос саусағын көкке шошаң еткізді. Есік сарт жабылды.

– Не істейміз енді? – деді Болат.

– Қазір саспандар, мен оны қатырамын, – деді Өмір ойланған пішінде. Бір батыл іске бел бұғандай ыңғай бар жүзінде.

Ол сәл тұрды да, есіктің алдына барды. Содан соң тарсылдата келіп қақты. Арғы жақтан:

– Бұл кім осы уақытқа дейін кешігіп жүрген? – деген Сатанның даусы естілді.

– Балам-ай, ашып жіберші, малы құрғырдан кешігіп келіп, – деді Өмір жөткірініп қойып. Даусын адам танымастай өзгертіп жіберді.

– Кешікпеу керек, тәртіп солай, екіншілей қайталамаңыз, – дейді Сатан кілтін салдырлата есікті ашып жатып. Өмір қайта-қайта қақырына берді. Ара-тұра:

– Құрыған қу тұмау-ай! – деп қояды.

Есік ашыла берді. Сатан келген жанның кім екенін айқын көргісі келгендей ұзын мойнын сыртқа қылқитып шығара берген. Тап осы сәтте Өмір күшене берді де: «Ах», – деп қақырығын бетіне былш еткізді. Барлығымыз дүркірей қаша жөнелдік. Өмір қашып бара жатып, қос саусағын көкке көтеріп:

– Ауфидерзейн, Сатеке!

Біз қарқ-қарқ күліп кете бардық. Алдымыздан Ораз кездесе кетті. Болған жайға қаныққан соң ол да:

– Қатырған екенсіңдер, өзіне сол керек болып жүр еді, – деп көңілденіп қалды.

Анадай жерде сүметіліп жанағы «маңғаз жігіт» тұр. Бетін сұртіп жатыр. Ауылдың қара сирақ балалары оны қоршап алып: «Сауап саған, сауап», – деп шуласады. Біз сол күні ауыл сыртында бітпей қалған клуб үйінде тығылыспақ ойнадық.

КЕНЖЕҒАРА АТАЙ

(Өмірдің әңгімесі)

Бір кезде Ораз кілт тоқтай қалды. Өзі соншалықты маңғаз. Біз ынтығып, шыдамсызданған күйдеміз.

– Отқа түсесіңдер ме, шыдасандаршы! – деп жекіп те тастады. Намысымызға тиетін-ақ сөз, бірақ тап қазіргі сәтте оның бұл сөздерін бастан асыруға тура келіп тұр. Шамына тисең, ол қырсығып қалады. Сондықтан біз тосын қызықтан құр қалуға бөлендей құштар да емеспіз. Ол керек болса, бізден сабақты төмен оқиды. Сол үшін де әнеугүні әкесі Оразға ефрейторлықтың өзін азар қиған жоқ па. Дәл қазір Болат пен Әділдің не туралы ойлағанын білмеймін. Ал менің: «Осы сен де қойшы, көки бермей!» – деп қолды бір-ақ сілтегім келіп тұрды. Бірақ, тентек ойдың алдын Ораздың үйден арнайы алып шыққан жалғыз картобы мен жібінің құпиясы орай берді, «қойшы, ерегіскенде не табам?».

Бұл ойымды Ораздың сөзі бөліп кетті.

– Балалары бізден кішілеу, егер қуғандай болса, ұстатпай кететіндей кімнің үйін білесіңдер? – деді. Бәріміз ойланып қалдық. Болат бәрімізден бұрын:

– Мен білемін, – деді дауыстап. – Кенжеғараның үйі ше?

– Оһо, дәл айттың, – деп қоштай кетті Ораз. – Рас, Сатан бізден үлкендеу. Бірақ, анада клубқа кіргізбеген қикарлығының қарымтасын еселеп қайырудың тағы бір сәті түскелі тұр екен.

– Ендеше, кеттік, – дедім мен қызуланып.

– Кетсек, кеттік.

Кенжеғараның үйі көшенің шығыс жақ шетінде еді. Балшықтан соғылған ауласы көше жақта. Терезеден қораның ішіне түстік. Ең соңынан Ораз кірді. Ол бізден гөрі әлдеқайда етженділеу-тін.

– Ал, жолдас генералдар, алғашқы операциямызды бастаймыз. Әзірсіңдер ме? – Мен оның «Жолдас генералдар» дегеніне ішім жылып қалды. Бізді мойындай бастағаны ғой.

– Әзірміз.

– Өте жақсы.

– Қимыл үстінде ешқандай дыбыс шығармаймыз, күлмейміз. Түсінікті ме?

– Түсінікті.

– Егер операция сәтсіз аяқталып, басқа қауіп-қатер төнген жағдайда мына терезеден бірінші шығатын кім?

– Әрине, сен, – деді Болат.

– Жок, олай болмайды. Командирге олай істеу жараспайды.

– Сонда командир сен болмақсың ба?

– Әрине, енді кім деп едің?

– Әй, сен ефрейтор емессің бе?

– Е, ол әкемнің жай айта салғаны ғой, әншейін. Мен баяғыдан генералмын ғой. Ал сендер болсаңдар ол атакты жуырда ғана алдыңдар.

– Жок, сенің өзінді-өзің командир сайлап алғанына келіспейміз, – дедім мен.

– Ал енді кімді сайлаймыз? Мысалы, мына заттарды үйден алып шаққан кім? Мен. Мұны не үшін алып шыққанымды білесіңдер ме? Білмейсіңдер. Мұны қолданудың тәртібін білесіңдер ме? Жок! Ал енді өздерің командир сайлап ала қойыңдар ендеше... Тап осындай тар жерде дауласуға бола ма? Жок, болмайды. – Ораз әр сөзін шегелеп, нық айтты. Айтқанының бәрі орынды сияқты.

– Жарайды, біз бағындық, сен командирсің, – деп Әділ кесіп бір-ақ айтты.

– Ал ендеше, былай. Бірінші Болат шығады терезеден. Екінші – Әділ, үшінші – Өмір, ең соңынан өзім, – деді Ораз.

Мен оның бұл әділдігіне іштей риза болып қалдым. Нағыз командирлер шынында да солай болуы керек қой.

– Ал мен кеттім! Так, картоп бар, жіп бар, кішкене шеге бар. – Ол өзіне керек құралдарын осылай түгендеп алды.

– Әділ, жіп оралған ағаш шығыршық өзегіне мына сымды өткіз де, екі жағынан ұстап тұр. Мен жіпті тартқанда шығыршық еркін айналсын, – деп тапсырды.

Ораз шам жанып тұрған терезені бетке алып жүре берді. Жіптің шығыршығы зырылдап айнала берді, айнала берді. Үшеуміз досымыздың әр қимылын қалт етпей бақылап тұрмыз. Бір уақытта ол терезенің алдына барып тұрды. Өте сақ, баппен қимылдайды. Әлден соң аяғының ұшымен басып кері оралды. Сөйтсек, командиріміз картопты жіпке байлап, терезенің үстіңгі жақтауынан салбырата іліпті. Және шығыршық жібінің бір ұшы

соған барып жалғасады екен. Біздің көзімізге бір түсті сары перденің бергі жағынан картоптың карауытқан сұлбасы анық көрінеді.

— Ал, жолдастар, сәт сапар, бастадық операциямызды, — деді де Ораз Әділдің қолындағы жіптен тартып-тартып қалды. Құлағымызға «дүк, дүк» еткен жұмсақ дыбыс естілді. Кішігірім доптай әрлі-берлі теңселген картоп терезе әйнегіне қайта-қайта соғылды.

Бір-біріміздің бүйірімізді түртіп қойып, сылқ-сылқ күлеміз. Бір уақытта тұлымшағы желбіреген кішкене қыз жып еткізіп, пердені ашты да, сыртқа тесіле, ұзақ қарады. Ораз қимылын кілт тоқтата қойды. Қыз пердені жаба салды.

Барлығымыз күлкіге тұншығып жатырмыз. Бірақ, Ораз күлмейді.

— Тынышталындар! — деп сыбырлай ескертіп қояды.

Аздан соң Ораз картопты тағы қозғай бастады. Терезенің ар жағынан Сатанның шешесінің басы қараң етті. Ораз қоя қойды. Кенжеғараның әйелі сыртқа тесіле қарайды. Ашық есіктен күйеуінің айқайлаған үні құлағымызға жетті.

— Әй, далаға шығып, кім болса да үйге кір десейші.

— Қайдам, ешкім жоқ. Ойының осылғыр Сатан болмаса, — деген дауыстары санылдап анық естілді.

— Бұл не бөле тық-тық еткен сонда? Далада жел жоқ па? — деді.

— Жок. — Перде қайта жабылды.

Шамалы уақыт өткен соң Ораз «операцияны» қайта бастады.

— Әй, сыртқа шықшы не де болса! Не сұмдық бұл? Сайтан ба, пері ме? Бар, шықшы! — деп гүж еткен зілді үн құлағымызға жетті.

— Ойбай-ау, қалай шығам? Масқара қып өлтіріп кетсе, елге не бетінді айтасын?

— О, құдай төбеңнен ұрғырдың жанының тәттісін!

— Е, жерде жатқан жаның болса, өзің шық, — деп әйелі шап ете қалды. Екеуі ұрысуға бет алған секілді.

Бір уақытта Кенжеғара өзінің зор денесін ауыр қозғап есіктің алдына келіп тоқтады. Бірақ, табалдырықтан бері аттаған жоқ. Тек есіктен басын қылтитып, терезе жақты, айналаны сүзе қарады. Сыртқа шығуға батпай тұр-ау, шамасы. Мен шыдай алмай, мырс етіп күліп жібердім. Ораз бүйірімнен бір түйді.

— Мысық па, не пәле, әйтеуір осы қора жақтан бір дыбыс шықты. Жүрші, әй, не де болса бірге көрейік. Анау бұрыштағы

ақ сабауды ала шықшы. Сатанның қол шамы қайда? — деп самбырлай сөйлеп жүр.

— Ал біттік, зытайық! — деді командир. Болат терезеге жете бере сүрініп, гүрс етіп құлап түсті. Ыңқ ете қалды да, орнына түрегеле беріп, терезеге қойып кетті. Екінші Әділ секірді. Тәртіп бойынша Әділдің соңынан ала мен ұмтылдым. Қатты қарғығаным сонша, екпінімді тоқтата алмай, тоңқалаң астым.

Нақ осы кезде тар терезеден өткір жарықтың сәулесі сыртқа шашырады. Артынша жаңағы сәуле жер жұтқандай жоқ болды. Біз терезеге кептеліп сыртқа шыға алмай жанталаса қармаланған Оразды көріп қалдық. Артынша: «Ойбай, өлдім», — деген оның ащы дауысы құлағымызды жарып кете жаздады.

Мен оның қасына қалай жүгіріп барғанымды білмеймін. Әділ мен Болат екеуі де жетіп келді. Барған бетте оның ербенедеп, көк қармаған қолынан жұлқи тарттым.

— Әй, найсап, мен мысық екен десем, адамның мысығы екенсің ғой! Мә, саған, керек болса, терезе ұрған! — деп Кенжекең май құйрықтан тарс еткізгенде, Ораздың құлындағы даусы шықты. Біз оны терезеден суырып алғанымызда үй иесінің сабау таяғы қабырғаға қайта сарт етті. Ол кісі бұрқылдап сөйлеп жүр.

— Кімнің баласы екенін білдің бе, әй, сен? — деді басын терезеден сыртқа шығарып жатып. Әйелі жуастау үнмен:

— Әй, әлгі шопырдың баласы, атын ұмытып қалғанымды қарашы, — деді.

— Әй, сорлы, сенің ұмытпайтын күнің болар ма екен осы. Әй, есіңе түсірші, осы дүние күйіп кетсе де, тап қазір үйіне барып әңгір таяқ ойнатайын! Кім, айтшы?!

— Осы түннің ішінде ме?

— Е, қорқады деп пе ең. Құдай болса да барамын, айтшы!

— Қойшы енді сен де, бүлініп қалған ештеңең жоқ қой. Өзі жан даусы шықты ғой сорлының, сүйегі сынып қалған жоқ па? Аясаң қайтеді?! — деп әйелі кейіп сөйлеп жүр. Шалы мүлдем құтырып кетті.

— Әй, болбыраған сорлы! Аяйтын адамды тапқан екенсің. Үлкен баланың ауылда жоғын біліп басынып жүр ғой нәлетілер. Әлгі біздің Сатан қу қайда қаңғып кетті екен?!

— Қойшы енді өзеурей бермей, жүр... Көжең суып қалды...

Біз тал тасасында тығылып тұрмыз. Ораз енді ғана дыбыс шығарып, ыңырси бастады.

— Ойбай, жамбасым-ай! — деп біраз тұрды.

— Жолдас генерал, халіңіз қалай?

— Ей, кетші-ей, сенің-ақ ойының келеді де тұрады екен, — деп, Ораз ақсандай басып алға түсе берді.

МАЯТАСҚА БАРҒАНДА НЕ КӨРДІК

(*Болаттың әңгімесі*)

Балалардың бәрі көңілді. Ішімізде Маятасты бұрын көргендер де бар екен. Есен деген бала Маятастың төбесіне шыққанын айтты. Оның сөзіне қарағанда, сол биіктен біздің ауыл, тіпті алыстағы аудан орталығы да алақандағыдай айқын көрінеді екен. Түбінен аққан өзенді келістіре мақтады. Керек болса, қандай-қандай жерлерге шомылуға болатынын бес саусағындай біледі екен.

Көппен жүрген қандай көңілді десейші! Ауылдан көз ұшында көрінген биік қырқаға қалай таяп келіп қалғанымызды да білмей қалдық. Балалар:

— Алақай! Алақай! Маятас! Маятас! — деп қуана шуласты.

— Енді бір жарым сағаттай жүрсек жетеміз, — деді Абзал ағай. Өмір:

— Жарты-ақ сағатта жетпейміз бе анаған? — деді.

— Пай, дегенін-ай, өмірі асығасың да жүресің, ә, — деп ағай жымыып күлді. — Көзге жақын көрінгенмен, ол сені тез арада жеткізе қоймайды...

Көз талдырған Маятасқа да жеттік-ау ақыры. Маятас десе маятас. Кереметтей бір алып күш иесі келіп, нән-нән тастарды қолмен қалап қоя салған тәрізді.

— Ағай, Маятастың басына шығайықшы, анау Есен айтқан үңгірге кірейікші, — деді кей балалар. Бірақ, Абзал ағай асыққан жоқ.

— Жоқ, балалар, шын саяхатшылар олай істемес болар. Асығудың жөні жоқ. Алдымен аз уақыт тынығамыз. Жуынып-шайынып алайық, содан соң уақыт деген жетеді. Әлі ертең де күн бар.

Біз тамақтанып алған соң, Абзал ағай бәріміздің үстіміздегі басы артық заттарды үлкен тастың көлеңкесіне жинатты. Үңгірге кірер алдында бізге сақтық шараларын тағы бір еске салды.

— Қазір үңгірге кіреміз. Кірер есігі өте тар. Қырлы, үшкір тастарға арандап қалып жүрмендер.

Үңгір іші үрейлі. Шодырайған тастар төбеңнен төніп тұр екен. Балалар аузын ашып қалыпты. Жоғарғы жақтан кесе ау-

зындай кішкене тесік сығыраяды. Өткір жарық сол тесіктен ішке саулай құйылады. Балалардың жүзін кәдімгідей-ақ ажыратасын.

Ағай біраздан соң бізлі тыныштандырып алды да, ертедегі адамдардың өмір-тіршілігінен қызықты әңгіме айтып берді. Олардың осындай үңгілерді пана етіп, от жағып, аң аулап, күн кешкендерін есімізге түсірді. Үңгірдің ішіндегі салынған суреттерді көрсетті. Неше түрлі аңдардың, қайқы мүйіз арқардың, әлдебір қаруды аңға лақтырып жатқан адамның бейнелерін көрдік. Ғажап суреттер. Балалардың көздері шырадай жанып, ағайдың аузынан шыққан әр сөзді қалт жібермей бағып тұр.

Бұдан кейін ағай балаларды үңгірдің екінші есігіне бастады. Оған баратын қуыс өте тар, аласа екен. Бірқауым жер енбектеп жүруге тура келді. Ораз Өмірдің алдында. Өмірден соң мен. Соңымда Әділ келе жатыр.

Бір уақытта Өмір:

— Ораз десе, Ораз! — деді.

— Әу.

— Жаңа бар ғой, сен байқаған жоқсың ба?

— Нені?

— Төбеде тұрған жазуды.

— Не деген? Ораз Өмірге қайрыла қарады.

«Менің баламның баласының... баласының ... баласының баласы Оразға жалынды сәлем!» деген жазуды. Ду күлкі. Ораз болса күлгіден жер бауырлап жатып қалды. Ал Өмірдің бұл жолғы тапқырлығына қайран қалдым.

— Қатырды мені, қатырды! — деді Ораз санын ұрып қойып.

МАЯТАСТАҒЫ ТҮН

(Әділдің әңгімесі)

Күні бойына ойнаған балалар әбден шаршаған екен. Кешкілік біраз әңгімелескен соң кейбіреулер ұйқыға кете бастады. Абзал ағай өзен жақ шетке жайғасқан еді. Ол кісі «Спидоласын» жиі-жиі қосып, әлдебір таныс әуендерді арагідік тыңдап жатыр.

Болат, Өмірлер анда-санда күбірлесіп сөйлеп, ақырын күліседі. Тегі, әңгіме желісі Ораздың арғы атасы төңірегінен ұзамаған секілді.

Жартас түбінен аққан Бүркітті күмістей сыңғыр-сыңғыр етеді. Өзеннің сонау бір тұсынан бақалардың жарыса құрылдағаны, бақылдағаны анық естіледі. Бір ғажабы, бұрын бақалардың үнін талай естіп жүрсем де, бұл жолғысының әсері өзгеше.

Түн баласына қарай бұл пәлекеттер «әнші» болып кетеді екен ғой тегі. Бірінен-бірі асып түспек болғандай таң атқанша өнеш жыртысқаны-ай!..

Жана туған айдың сәулесі су бетінде сан құбылып асыр салады. Неге екенін білмеймін, Абай атанын:

«Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың жаны терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп...» – деген жыр жолдары тілімнің ұшына орала кеткені.

Осы өлеңді апамның ерекше жақсы көретінін білетінмін. Тап қазіргі сәтте құлағыма шешем айтатын ән өз сазымен естіліп тұрғандай күйдемін. Сол ән мынау айлы түнгі өзен үнімен бірге туысып кеткен тәрізді. Демалуым жиілеп, айналама толқи көз салдым. Қатарымда жатқан Болатқа әлдене дегім келеді. Бірақ, ол да өзінше бір оймен жұлдызды аспанға қарап жатыр екен. Мазаламадым.

Бір мезгілде радиоқабылдағыштан естілген бір жігерлі, көңілді саз мені елең еткізді. Бөлекше әуен, өмірі мен естімеген тосын әуен. Ашық үнді гитараның сазына ілескен мөлдір үн кімді де болса елең еткізгендей. Әсіресе қайырмасындағы «Венсеремос! Венсеремос!» деген сөз айтылатын тұстағы ән жігері тұла бойынды дүр сілкітіп жібергендей.

Жүрегім лүпілдеп кетті. Өмір мен Болат дауыстап жіберді.

– Не деген тамаша өлең!

Ән аяқталды. Бір-бірімен ерекше үндескен гитаралар сыңғыры, әншілер даусы құлағыма тұнып қалғандай.

– Ағай, жаңағы қандай ән? – деді Өмір.

– Немене, ұнап қалды ма?

– Ұнағанда қандай! – дестік.

– Бұл «Венсеремос» қой. Чили еңбекшілерінің гимні. Бұрын естіген жоқ па едіңдер?

– Жоқ.

– Ағай, мұны орындаған қай ансамбль? – дедім мен.

– «Досмұқсан» ғой, – деп Өмір бір бүйірден қойып қалды.

– Сок, – деп Болат күліп жатыр.

– Енді қай ансамбль?

– Чилидің «Килапайюн» ансамблі, – деді ағай. Сәлден соң ол басын көтеріп бізге бұрылды. – Сендер Сальвадор Альенде деген кісіні білесіңдер ғой?

– Неге білмейміз, былтыр күзде класс сағатында айтқан едіңіз ғой Чилидің ержүрек президенті деп.

Өмір де менен қалыспай:

– Сарайды қоршап алғанда берілмей атысатын кісі ғой. Есімізде, ағай, есімізде, – деді ол қуанып. – Атақты Фидель Кастроның оған өз автоматын сыйлағаны да есімізде. Артынша: – Есінде ме еді, Әділ, әлгі оқ өтпейтін костюм бергенде де кимей: «Жок, мен де басқалармен бірдей соғысамын», – дегені.

– Е, неге есімде болмасын, есімде. Президент оқ тиіп құлап түскенде оның асыраған итінің жауды бас салатынын да ұмытқан жокпын. Не деген керемет ит, ә! Ағай сол иттің аты қалай деп едіңіз?

– Ака.

– Оho. Ака-тұғын! – деп Өмір дауыстап жіберді. Мен президентті атқан жауыз капитанның атын есіме түсіре алмай қойдым. Ағайдан сұрауға тура келді.

– Капитан Роберто Гарридо болатын.

– Сол сұмды менің қолыма берсе ғой! – деп Өмір тістене сөйледі...

Ағайдың біздің әңгімемізге ықылас қойып тындап отырғанына қуанып қалдық.

– Рас, ол нағыз сұм болатын. Бірақ, одан да асқан жауыз бар ғой. Ол – Пиночет. Бәрі соның әмірімен орындалып отырған іс қой. Осы сендерге былтыр соның суретін көрсеттім бе?

– Әлгі карикатурасын ба?

– Жок, фотосуретін.

– Көрсеткен жоқсыз.

– Онда ауылға барған соң көресіңдер. Бірақ, оның фотосуретінің өзі карикатурадан еш айырмасы жоқ, – деді ұстаымыз мысқылмен.

Ағай бұдан кейін Чили туралы, тамаша әнші Виктор Хара жайында, оның ғажайып қайсарлығы мен ерлік өлімі жөнінде қызықты әңгімелер айтып берді.

Мен көпке дейін ағай айтқан әсерлі әңгімеден айыға алмай қойдым.

Көз алдыма қайсар мінезді Виктор Хараның өз қиялыммен ойша мүсіндеген өр пішінін елестетемін. Фашистер оған сұмдық азап көрсеткен, саусағын сындырған. Бірақ, ол ән айтуын еш доғармаған. Содан кейін барып атады-ау оны жауыздар.

Енді бір сәт Виктор Хараның бейбіт шақтағы қалпы елестеді. Сөз жоқ, оның даусы да, әндері де тамаша болуға тиіс. Себебі, жаңағыдай төбе құйқанды шымырлатар азапты бастан кешіп тұрып, фашистердің зұлымдығын бетке айтып ән салған адамның әнінің керемет болмауы мүмкін емес. Мен солай түйдім.

ТОСЫН ОҚИҒА

(Бұдан былайғы тарауларды Әділдің жеке өзі әңгімелеп береді)

Саяхаттан қайтқалы арада үш-төрт күн өткен еді. Бір күні Өмір маған таңертең келіп:

— Әділ, Ақтөбеге барып «шпион» ойнайық, — деді. Мен қуана келістім:

— Болат та бара ма?

— Әрине, барады. өзіміздің кластың барлық балалары бармақшы. Тіпті, Сәуле мен Ажар да.

Ақтөбе — көп баланың сауық құратын ойын алаңы. Балық аулай барғанда, «шпион» ойынын ойнауға таптырмайтын жер. Жауыңмен айқаса кетіп, алып соққанда, жамбасыңа жібектей жұмсақ тиетін көгалы тағы бар. Қоян-қолтық айқас кезінде кинодан көргендегідей, қарсы ұмтылған «жауынды» сан айлаға салып немесе жата қалып лақтырсаң, тіптен рақат-ау. Енді бір сәтте «шпион» етекке қарай құлдырап бара жатқаны.

Балалар бізді ауыл сыртындағы арық жағасында күтіп тұр екен. Мен әдейі:

— Саламатсындар ма, жауынгер жолдастар! — дедім дауыстап.

— Саламатсыз ба, жолдас генерал! — деп Болат орнынан атып тұрды да, қолын шекесіне апарды. Топ алдында шіреніп тұра қалып:

— Жолдастар, Болаттан өзгелерің, немене бағынғыларың келмей ме? — деп түсімді суыттым. Өзім күліп жіберудің аз-ақ алдында тұрмын. Ажар мен Сәуле сықылықтап:

— Сені генерал етіп сайлаған кім? — дейді.

Жол бойы түрлі әңгімелер айтып, күлісіп келе жаттық.

Ақтөбеге барған соң, ойынға бірден кірісіп кеттік. Ең алдымен ортамыздан шпион сайлап алуға тиіспіз. Ораз санамаққа кірісті. Ереже бойынша алғашқы шыққан екі адам шпион болады.

Бірім, екім,

Алма ектім.

Қалақ басым,

Қалтаң-құлтаң

Сабыр тауып,

Саябырла.

Сазға қонған

*Сары шымшық,
Мұнда тұрмай
Тез ұшып шық!*

Бірінші ұшып шыққан — Болат. Екіншісі — Сәуле.

Балалар екеуіне қызғана қарады. Бұл ойында кімнің шпион болғысы келмейді дейсің.

Екеуі ұзап кетіп жасырынғанша, мен екі жүзге дейін санадым. Біткен кезде:

— Басталды! Басталды! — деп теріс қарап, беттерін басып отырған балалар орындарынан атып-атып тұрысты.

Шарт бойынша, екеуін де ұстап, қолын артына қайыра байлап штабка тапсыру керек. Егер шпион штабтағы күзетшінің анқаулығын пайдаланып, белгіленген орындағы шеңберге бұрын аяқ тигізсе, онда олар жеңіске жетеді. Бұндай жағдайда олар қайтадан шпион болып жасырынады.

Балалар Ақтөбенің етегіне ұйыса біткен қау-қау ақ шеңгел мен жыңғылдардың таса-тасасын тінте іздеп жүрміз. Екеуі көпке дейін табылмады.

Әлден уақыт өткен соң Болат ұсталып қалды. Бірақ, Сәуле жер жұтып кеткендей ізім-қайым жоқ. Балалар табанынан таусылды. Ажар қауіп қылып:

— Жардан құлап кеткен шығар, — деді.

— Е, құласа айқайлар еді ғой.

— Енді қайда?

— Жүріндер, тағы бір шолып шығайық.

Балалар орындарынан көтерілді. Тап сол сәтте арт жағымыздан айқайлаған дауыс естілді. Өзіміздің Сәуле!

— Ой, сен қайдан жүрсің? — деп шу ете қалдық.

— Мен бір қызық көріп келдім. Ажарында толқу табы бар.

— Е, ол не?

— Мына мүйістің ар жағындағы жіңішке сай бар ғой, ә, сонда үш бала отыр.

— Кімдер? — десті балалар шыдамсызданып.

— Сатан мен Уәлиханды таныдым. Біреуі бөтен бала. Өздері бір түйе тауықты осы жаңа ғана үйітіп, шелекке салды.

— Қой, рас па?!

— Рас!

— Жүр, кеттік, ендеше, қазір отырған орындарында ұстайық, — деді Өмір қызуланып.

— Давай! — деді Ораз да елеуреп. Мен оларға:

– Токтай тұрсандаршы, – дегендей белгі еттім. – Не деп отыр, сөздерін естідің бе?

– Шамалысын естідім. Әлгі түйе тауық Әлібек атайдікі екен. Өзенде жайылып жүрген жерінен ұстап алыпты.

– Еһ, оңбаған! – дедім мен жерге ызалана түкіріп жіберіп.

АШЫЛҒАН ҚҰПИЯ

Сатан мен Уәлиханнның көңілділігінде шек жоқ. Қарқ-қарқ күлісіп алып, өткен-кеткенді суша сапырып отыр. Бейтаныс бала олардың әңгімесін аузын ашып тындап қалыпты. Сатан аспа мотыға ілінген шелек астындағы отты қағыстырып қойып, Уәлиханға:

– Пиязың мен бұрышынды дайында, – деді. – Тұзын көп салып жіберме, әнеукүнгідей рәсуа болып жүрмесін. Уәлихан жымың-жымың етеді. Тор ішіндегі темір қораптан тұз алып, шелекке шақтап салды. Әлгі бала:

– Бұрынғыларың да осындай түйе тауық па еді? – деп сұрады.

– Жоқ, жай тауықтың қоразы болатын. Семіз болғанда керемет еді. Бірақ, мына жынды тұзын өкірте салып жіберіпті, – деп сылқ-сылқ күлді.

– Ол да осы шалдікі ме еді?

– Жоқ, Секер деген ақсақ кемпірдікі болатын.

– Сол кемпірдің үйінен үш рет алдық, ә?

– Білген жоқ па?

– Е, білгенде не істейді. Тіпті үстімізден түскен күнде де не қылмақ?

– Немене, балалары жоқ па?

– Жоқ, жалғыз тұрады. Жалғыз баласы бар-тұғын, үйленген, бірақ, әйелі екеуі қалаға көшіп кеткен. Елдер айтады ғой: «Әйелі енесіне күн көрсетпейді», – деп.

– Ұрланған күннің ертеңіне көшеде бізден сұрайды: «Балалар, менің қара тауығымды көрген жоқсындар ма?» – деп.

– Үйден біреу шығып қалады деп қорықпайсындар ма?

– Сол да сөз болып па? Есігін сыртынан байлай саламыз. Шаруа біткен соң ашып кетеміз күдік тудырмау үшін.

– Есік-терезесін бұзып, үйін бүлдірмесін деген ойымыз ғой. Екеуі қосыла күлді. Бірақ, әлгі бала күлген жоқ.

– Иттері болса қайтесіндер?

– Қызық екенсің. Алақандай ауылда кімнің иті бар, кімнің иті жоқ екенін білмейтін біз жынды болыппыз ба.

Шелектен бұрк-бұрк етіп бу көтеріліп жатыр. Баланың аты Алтай екен. Павлодар жақтан келіпті.

– Ертең де келесіндер ме? – деді Алтай.

– Әбизателни, – деді Сатан.

– Тауықты қайдан табасындар?

– Ойбай-ау, о не дегенің, – деп Уәлихан сылқ-сылқ күлді.

– Әй, Уәлихан десе, осыны баяғыдан бері неғып білмей жүргенбіз?

– Соны айтам да, тауығы не деген көп еді өзінің.

– Семіздігін айтсайшы бәрінен де!

– Е, семіз болмай, жаз бойы жегені қауын мен қарбыз. Жем деген ағыл-тегіл.

– Өздері ылғи өзенге түсіп жайылатынын қайтерсің.

– Ұстау да сондай оңай, қорбандап қаша алмайды. Шап беріп ұстайсың да, мойнын бұрап жұлып аласың.

Менің қатарымда жатқан Өмір тістеніп:

– Әй, атана нәлеттер! – деді.

– Қандай сұм еді мыналар! – деді Сәуле сыбырлай сөйлеп.

– Осы барып тас-талқанын шығарайықшы, – деді Өмір.

– Жок, болмайды! Мен оның сөзін кесіп тастадым.

Сәуле, Өмір үшеуіміз кері бұрыла бердік. Ана екеуі тез жүгіре жөнелді. Осы сәт менің құлағыма Сатанның сәл көтеріңкі үнмен сөйлеген даусы жетті. Тоқтай қалып, құлағымды салдым.

– Туһ, сол да сөз болып па. Егер ұстап алса, ауыздан бір ұрып жалпITYтып кете береміз.

– Е, оларың дұрыс болмайды ғой. Мұны айтқан Алтай. – Балалары ұстап алса ондыртпай сабап салмай ма?

– Әй, онда неғылған бала! Өзінің бар болғаны бір-ақ баласы бар екен. Онысының сүйегі баяғыда соғыста қурап қалған. Былайша айтқанда, нағыз құбастың өзі.

– Әй, сендер олай демендер. Ондай адамды ұруға қолдарын қалай барады. Алтайдың даусы сәл қатқылдау шықты.

– Ойбай, қызық екенсің өзің. Жаның қысылғанда ұрмақ түгіл... – Бірақ, Сатан сөзін аяқтаған жоқ.

Менің жүрегім кеудеме сыймай кетті. Достарымның сонынан жүгіре жөнелдім.

ОПЕРАЦИЯҒА ДАЙЫНДЫҚ

(Автордың әңгімесі)

Әділдің өні біртүрлі түнерінкі. Ол келген бетте сылқ етіп, жарқабақтың жиегіне отыра кетті. Балалардың барлығы да бұлар көрген-білген жайдан хабардар болып-ақ қалғандығы жүздерінде білініп тұр.

Сәлден кейін Өмір:

— Не істеу керек енді? Ұстап алып милицияға берсек қайтеді? — деп Әділге қарады. Бірақ, ол бұған жауап қатқан жоқ. Жұдырықтары түйіліп кетіпті. Мазасыз бір ой үстінде отырғандығын сырт көз бірден-ақ аңғарар еді.

— Барып төбелесу керек, — деді Ораз жұлып алғандай.

— Әй, сабазың-ай, Өмір екеуіңнің ауыздарыңа түсетін алғашқы сөз төбелес-ау, — деп Сәуле жақтырмай қалды.

— Ал, не істейміз енді, айтсандаршы. Болат айналасына жауап күте қарады. Балалардың барлығы осы үшеуінің айтқан шешіміне қосылуға әзір отырған қалып танытады. Әйтсе де Әділдің сөзі бәрінен салмақты болмақ. Ол ойлы қалыпта. Тегі қандай шешімге келудің орайын таба алмай отырған тәрізді. Астыңғы ерінін тістелей береді.

Осы бір сәт оның жас жүрегін Сатанның аузынан шыққан әлгі бір ауыр сөздер пышақпен осып өткендей еді. «Кубас!». Қалай шімірікпей айтады, ә!».

Әділ әкесінің інісі соғыста қаза тапқанын білетін. Үйлерінде төр алдында үлкейтілген суреті ілулі. Өзі бір тамаша түскен сурет. Пилоткасының астынан бұйралана шыққан шашының өзі тіптен бөлекше. Осы суретке қарасаң тап осындай жанның бұл дүниеде жоқтығына тіптен сенгің де келмейді.

Былтыр Абзал ағай Ұлы Отан соғысы туралы шығарма жаздырған болатын. Сонда Әділ өзіне белгісіз ағасы туралы әкесінің айтқан әңгімелерін шығармаға арқау еткен.

Осы күнге дейін төр үйдегі сұр жәшікте сол ағасының алған алғыс қағаздары, сарғайған хаттары сақтаулы. Оларды әкесі ерекше рұқсатпен ғана өзгелерге көрсететін. Былтыр бір алғыс қағазын облыстық пионер үйінен келген қыз ерекше өтініп, музейге алып кетті. Әкесі қалаға барғанда музейге соғып, әлгі алғыс қағазды әйнек астына салып, қастерлеп іліп қойғанын көзімен көріпті. Ол бұл жайды бірталай елге айтып, мақтанып отырып еді. Осы сәт Әділ: «Егер біреу сол ағайымды соғыста сүйегі құрап қалған десе, мен не болған болар едім», — деп ойлады. Бұдан артық қорлау, бұдан артық табалау болар ма?!

– Менінше, олардың сорақы қылығын беттеріне басып, әбден маскаралап ұялту керек сияқты, – деді Сәуле.

– Менінше, Сәуленің шешімі дұрыс сияқты. Бірақ, мектепке өзін білдіру ертелеу шығар. Өздері не дер екен, соны бір байқайық, – деді Әділ құрбысының шешімін қуаттап.

Ораз күңк ете қалып:

– Қап, жауыздар, аузынан кара қанын ағызу керек-ақ еді, – деп Өмірге қабак астынан қарап қойды. Әділ мырс етіп күліп жібере жаздады. Ол Ораздың көзін ала берді де:

– Қазір олар алдарына етті алады. Біз тап сол кезде үстінен түсуіміз керек. Бірақ, біреуің де даурығып, айқайлап жүрмендер. Ең бастысы – сұғанақтарды естерінен кетпестей етіп, көп алдында әшкерелеу. Бұл үшін оларды бұлтартпайтындай амал қолдану керек.

– Сонда қандай амал қолданамыз?

– Олардың өз айтқанын өздеріне айту керек! Әділдің көзі күлімдеп қоя берді. Тегі, тапқан тәсілі өзіне де тым ұнап кеткен болу керек.

– Мысалы, мен кемпір болып былай деймін: «Балалар, менің кара тауығымды көрген жоқсындар ма?». Ал, Өмір, сен Сатан немесе Уәлихан болып: «Жоқ, ойбай, әже, біз тауық бағып жүр дейсіз бе?» – дейсің. Түсіндің бе? Осылайша жалғастырып әкете береміз.

– Оһо, өте керемет әдіс! Балалардың көзі жайнап кетті.

Осыдан соң Әділ соңғы нұсқауын берді:

– Өмір, сен қарсы бетке бір топ баламен барып жайғас. Мен бергі жақта болайын. Олар сонда ортада қалады. Бәріміз тура жер астынан шыға келгендей болайық. Өздері естерінен танып қалсын.

– Міне, айла, міне, тактика! Біздің Әділ шынында да нағыз генерал! – деп Өмір өз серігіне сүйсіне көз салды.

МОЙЫНДАУ

Әділ балаларды қырға бастап шыға келгенде, өз көзіне өзі сенбей қалды. Бағанағы орында екі-ақ бала отыр. Алтай жоқ.

– Әй, мыналардың біреуі қайда кеткен? – деп Сәуле таңдана тіл қатты. Әділ оған қолымен тыныштал дегендей қатаң белгі етті.

Балалар белгі бойынша шапшаң қимылмен екіге бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұра қалысты. Екеуі төбелерінен жай

түскендей бір күйде. Сатан етті жілікті аузына кесе-көлденеп тістеген қалыпта қимылсыз қалды. Уәлихан болса шайнағанын жұта алмай, екі жаққа алақ-жұлақ етіп, бір орында тыпыршып, тынши алмай отыр.

— Иә, тамақтарыңыз дәмді болсын! — деді Әділ.

— Айтсын, — деп іле-шала жауап берді Өмір.

— Жіліктеріңіз майлы ғой деймін?

— Е, майлы болмай, түйе тауығымыз жаздай қауын мен қарбыз, арпа жесе.

— Атып алғансыздар ма?

— Ойбай, жоқ, жаман Әлібек шалымыз аман болсын, ол кісі біздің дап-дайын бақташымыз ғой.

— Әлгі жалғызбасты ақсақ кемпірдің тауығы қайда?

— Туф, сен де қызықсың, ол баяғыда-ақ өнешке түсіп, іште қорытылып кеткен.

— Айтпақшы, қонағыңыз қайдан?

— Павлодардан.

— Е, онда құтты қонақ болды ғой?

— Әрине. Тауық, қоян, түйетауық сойып, сыйлап жатырмыз.

— Әй, осы түйетауықты қалай соясындар?

— Сол да сөз бе екен. Мойнын бұрап жұлып аласың.

— Ал егер иесі ұстап алса қайтесің?

— Туһ, сол да сөз болып па? Әлгі баласының сүйегі соғыста қурап қалған жаман Әлібекті айтасың ба? Ха-ха-ха!

Әділ мен Өмір бір-біріне:

— Ауфидерзейн! — десті де, өзенге қарай жүгіре жөнелді. Басқалары да екеуінің соңынан жүгіріп барады. Түйе тауық етін жақсы көретін «батырлардың» «ләм» деп аузын ашуға мұршасы келмеді.

— Қатырдындар! Қатырдындар! Балалар қыран-топан күлкіге батты да қалды. Бұларға әсіресе Ораз риза. Ол:

— Екеуің де нағыз генерал екенсіңдер, әкел бесті, — деп, достарының қолын сілкіп-сілкіп алды.

Бір кезде Ажар:

— Балалар, анау жалғыз жүрген бала кім? — деді өзен жақты қолымен нұсқап. Олар жалт-жалт қарасты. Әділ әлгі балаға:

— Алтай, мұнда кел! — деп айқайлады.

— Оны неге шақырасың, керегі не? — деді Сәуле танданған пішінде.

Бала бұларға үрке қарап, біраз тұрды.

— Өзі қорқып тұр ғой, — деді Болат.

— Е, қорықпағанда ше. Өзің болсаң қайтер едің?

— Алтай, бері кел, біздің сенімен достасқымыз келеді, — деді Әділ. Анау сақтана басып, бұларға біртіндеп жақындай берді.

Балалар Алтаймен сол сағатта-ақ достасып кетті...

Олар кешке қарай ауылға көңілді оралды.

Сатан мен Уәлиханның ауылға қай кезде оралғанын ешкім көрген жоқ. Олар отырған жыраға барлау жасап қайтқан Ораз бен Өмір жер ошақтың басында төңкеріліп жатқан шелектен басқа ештенені таппай келді.

ӘЛІБЕК АТА

(Әділдің әңгімесі)

Бір күні әкем мені Әлібек атайдікіне жұмсады. Үш-төрт күн сол үйде болып, қартқа шөп орысып беруді қатаң тапсырды. Бұрында қолы босағанда атайдың шөбін өзі орысып, отынын түсіріп беріп жүретіні есімде. Әкемнің Әлібек қариямен туыстық қатысының қаншалықты екенін толық білмеймін. Бір білетінім — ол кісінің соғыста қаза тапқан ұлымен екеуі жан қиыспас дос болғанын ауызекі әңгімелерден естігем.

Мен торы құнаныммен Әлібек атайдың үйіне келгенімде, ол кісі үй жанындағы бастырма астындағы көлеңкеде желбегей отыр екен. Келіп сәлем бердім. Жүзіме жымың-жымың етіп қараған атай самбырлай сөйлеп:

— Танауын қарашы-ей, тура әкесінен аумамай қалған. О, ұқсамасаң тұмағыр, — деп күліп алды. Әлібек атай бұрын да кездескен жердің бәрінде мені еркелете сөйлеп, бір айналып-толғанып алатыны бар-ды. Қазір де бас-аяғыма сүйсіне қарап алды да: — Ал, кел, мұнда отыр, демал, — деді қасына шақырып.

Өзен жақтан бір бала келе жатыр екен. Жуырда көшіп келген көршінің баласы болу керек.

— Әй, Жолдыбай, бері кел. Мына дәумен таныс емес шығарсың. Кешегі келіп кеткен Кемелтайдың баласы, — деп дауыстады атай. — Екеуің құрдас шығарсыңдар. Әй, сенің жасың нешеде еді? — деді ол маған қарап.

— Он үште.

— Е, онда сен Жолдыбайдан бір-ақ жас кіші екенсің. Бірақ, бір жастың арысы не, берісі не, солай емес пе, батырым, ә, — деп өз сөзін маған мақұлдата сөйледі.

Екеуміз қол алысып сәлемдестік.

— Әй, Жолдыбай, мына батырға мал соймаймыз ба? Бар, бір семіз «тоқты» алып кел, — деп иек қақты. Бала елгезек екен, жүгіре басып барды да, қауындықтың ортасындағы қаппен жабылған үйіншектен үлкен екі қауынды көтеріп келе жатты.

— Жақын ағайынымыз еді. Мынау Сызған жақтан көшіп келген. Ағасы екеуі маған жақсы жәрдемші болып тұр, айналайындар, — деп ризалық пішінмен Жолдыбайға қарап қойды.

Ұзынша, торлама қауын дәмді екен. Тілді үйіріп әкетіп барады. Қауын жеп болғаннан кейін Әлібек атай мені ертіп барып, шөп оратын жерді көрсетті. Шабындық шүйгін, бидайық-шырмауығы мол. Шалыны сілтесең болды, бір үйме шөп жолда қалады.

Арада үш күн өткенде әкем Жон жақтан келе жатып, маған сокты. Ол қарбыз жеп, сусынын қандырып алғаннан кейін шөп оруыма біраз жәрдемдесті. Әлден уақытта:

— Әділ, бері кел, шаршаған шығарсың, тынық, — деп қасына шақырды, өзі арық жиегіне жайғасып отыра кетті. — Дегенмен, бұл жер саған жағайын деген екен, ө. Көк деген жарықтық жақсы ғой, әрі ойын да азайған болар деймін.

— Қайдағы ойын! Бұл жерде ойнайтын ешкім де жоқ. Жолдыбайдың да қолы тие бермейді.

— Ә, ештеңе етпейді. Енді үш-төрт күн шыда. Қарттын ықыласы саған қатты ауып қалған екен. Әбден мақтады. Кітапты көп оқитынына сүйсініп қалыпты. «Қобыланды батырды» да оқып бергенсің ғой деймін?

— Иә.

— Тіпті аузының суы құрып айта алмай отыр. Өзі бір жақсы шал. Сәл кідірді де: — Е, бұндай шалдар да азайып бара жатыр ғой, — деп, әкем басын изеп, күрсініп қойды.

Ол Қызылкесіктің қызыл жалды, еңселі жотасына көзін қадаған күйі біраз уақыт үнсіз отырды. Өзгеше бір өзекті ойдың сорабына түсіп кеткен сынды.

— Шынында да бұлар бөлекше жандар ғой. Кешегі жокшылықты көрді, қуғын-сүргінді көрді. Жар дегендегі жалғызынан айрылды. Осы күнге дейін баламнан айрылдым, мүсәпірмін, мені аясандаршы деп бір адамға шағынғанын ешкімнен естіген де, білген де емеспін. Сүйегі асыл, шарболат жан ғой бұл шалың. Жасы жетпістің төрт-бесеуіне келсе де, кетпенін қолынан әлі тастар емес. Бұл өңірде бұдан көзі қанық, тәжіри-

белі дикан бар ма? Жоқ! Баласы да жігіттің жайсаны еді, азамат қыршын кетті, не керек? Аты Мұратбек болатын.

— Сіз оны білуші ме едіңіз?

— Пәлі, білуші ме едіңіз? Сондай да сөз болады екен, ә! Ол мені мысқылдағандай мырс етіп күлді. Әкемнің мінезі қызық. Қатты ашуланып, ақырып-шақырып жатпайды. Ал мысқылдай мырс етсе болды — әлденеге көңілі толмағаны. Бірақ, сөзінің бәлендей зілі де жоқ, қайтымы шапшан.

Әкемнің теледидарға деген көзқарасын да түсіну қиын. Онымен бірде «дос», бірде «кас» болып қалатын әдеті тағы бар. Әсіресе Ұлы Отан соғысы туралы кино көрсетіле қалса болды, оның қабағындағы кірбің жазылып сала береді. Ондайда маған да еркіндік тізгіні тиіп қалады. Әкем жұмсақ диванға шалқая отырып алып:

— Шіркін-ай, осы оттан да аман шықтық қой, — дейтін. — Талай азаматтар қасымызда қорқырап, қанға бөгіп жатты-ау, — деп әлдекімдерді есіне алатыны тағы бар, соғыс құралдарын көргенде: Анау «тридцать четверка» ғой, анау «Катюша» ғой, — деп жас балаша мәз болып қалады. Кино біткен соң: — Міне, сенің мынау жаман әкең танк айдаған. Шіркін, біздің танкілерді айтсайшы. Аяқ-қолы жеп-жеңіл, ой-қыр демей орғыған тұлпар емес пе. Фашистердікі не, өз денесін өзі тарта алмай, тілерсегі қыркылған кәрі аюдай ыңыранған бір сорлы, — деп өзгенікін комсынады.

Мереке күндері менің әкемді көбіне мектептегі кездесуге шақырады. Сонда ол үйдегі орден-медальдарын тағып, төр алдында көпке қарап қасқайып отыратын еді. Мен өзге балаларға масаттана қарайтынмын. Себебі, менің әкем аудандағы алғашқы танкист екен. Бұған мактанбасқа бола ма...

Ол үзілген әңгімені біраздан соң қайта жалғады.

— Жігіттің сұлтаны еді. Менімен түйдей жасты болатын. Осы ауылдан майданға бірге алындық. Москва түбіне дейін бірге барып бөліндік. Содан көріскен жоқпыз. Өзі қандай тамаша әнші еді, нағыз жезтаңдай. Әй, өзі де барғанша әнге басты дейсін. Сорлының өлеріне көрінді ме, сол поезд үстінде шектен тыс масайрап кетіп еді, — деп бір қойды. Әкем қалтасынан шылымын алып тұтатты да, құшырлана сорып-сорып алды. — Кейін елге келген соң естідік қой. Қырық үштің қысында қоршауда қалған екен. Мұратбек сол жолы тұтқынға түсіпті. Өзі бөлімше командирі болса керек. Немістер оны қатты қинап, әбден азаптапты. Ақыры шындықты айттыра алмаған соң,

дарға асып кеткен. Кейіннен біздің адамдар селоны жаудан босатқанда оның денесін тауып алған. Айтып-айтпай не керек, әкесінің маңдайына сыймай кеткен жігіт ол. Анау бір жылы облыстан келген адам Әлібек қарияға Мұратбектің «Қызыл жұлдыз» орденін тапсырып кетті, — деп әкем ауыр күрсінді. Содан кейін аяқталуға тақау қалған шылымын құшырлана сорып-сорып алды да, шеңгелдің түбіне қарай атып жіберді.

— Жап-жас, қыршын кетті ғой азамат. Небәрі он тоғыз-ақ жаста еді сонда. Заман деген қалай, ө! Он тоғыз жас деген не? — деп басын қатты шайқады.

Мен сол түні біразға дейін ұйықтай алмадым. Әкем айтқан әңгіменің әсері ме, Мұратбектің суреті көз алдымда көлденендей берді. Ашық маңдай, қою шашы, жымия күліп тұрған келбеті тап бір тірі жандай елес беріп, менімен тілдескісі келетін тәрізденді де тұрды.

Ұйқым қашып елегізіп жатқанымды байқады ма, қатарымдағы қарт маған қарай аунап түсіп, тіл қатты:

— Неғып аунақши бересің? Әлде шаршап қалдың ба?

Мен ол кісінің ояу екенін білген жоқ едім, тосын шыққан үннен селк ете қалдым.

— Жок, ата, жай әншейін, — деп тез жауап бердім. Өзімнен өзім қуыстанып қалдым. Тап бір менің ойлаған ойымды сезіп қойған тәрізді көрінді.

Бұдан кейін екеуміз біраз уақытқа дейін үнсіз жаттық. Мен Әлібек атайдан баласы туралы сұрағым келді. Бірақ, сонау көкірек қойнауынан оянған бір ой етегімнен тартты. Мынадай адам жаны тыныштық тілеген түнде қарттың жан дүниесін жаралаудың өзі каншалықты ауыр болатынын ескерткендей.

Ай көкжиектен недәуір көтерілген екен. Өзеннен құрылдаған бақалардың, даладан шырылдаған шегірткелердің даусы талып естілді. Осындай түндерде адам көңілі өзінше бір елжірек сезімге берілгіш болады ғой деймін. Көз алдыма батысқа қарай жүйткіп бара жатқан поезд елестейді. Терезеге жабыса, кең даласына, туған жеріне қимастықпен көз тігіп, тебіреніп кетіп бара жатқан Мұратбектің әні қандай ғажап болды екен десейші. Талай жігіттер тереннен тыныс алып, көздерінде жас мөлтілдеп, толқи күрсінген шығар деп те ойладым.

Осы бір сәтте есіме Виктор Хара оралды. Оның мөлдір де, ашық үні айлы түнде, көз жетпес алыстан құлағыма жеткендей.

Оған қосылып Мұратбек те ән шырқайтын тәрізденді. Ия, Ия, екеуі қосыла шырқатып жатқандай. Өзімді-өзім ұмытқандай болған осы бір сәтте менің қиялым кең кеңістік аясымен алысқа тартып бара жатты. Мен естіп көрмеген сол бір ғажап саз кеудемде шырқалып жатты.

Жүректі сыздатқан өкінішке де беріліп кетемін. Шіркін-ай, Мұратбектің өсем даусын жазып алатын құралдың сол кезде біздің ауылда болмағандығы-ай! Осы күні рақат қой. Қонаққа келген Алтайдың гитараға қосылып айтқан әндерін Болаттың магнитофонына жазып алдық. Ал Виктордың әндерін Абзал ағайдың үйіндегі пластинкадан тындадық. Тіпті залда отырып, ризалықпен қол соққан жұрттың үніне шейін естідік.

Әлібек атай әлі ұйықтаған жоқ екен. Кеше күндіз ол мен оқып жүрген журналдан Чилидің ерлікпен қаза тапқан президенті Сальвадор Альенде туралы сұрап, оның суретін көріп, үлкен сүйсініс әрі өкініш білдірген-ді. Оның ерлігіне, қайғылы қазасына кәдімгідей күйзелген. Әнші Виктор Хараның қайсар ерлігіне де тәнті болған-ды. Президенттің суретін көріп: «Бәсе, өзім де тегін адам емес қой деп едім», — деді. Мені Әлібек атаның қызығушылығы бейжай қалдырмады. Бір уақытта ол бас жағында ілулі тұрған домбырасын алып, көтеріліп отырды. Содан соң ақырын ғана жұмсақ, мұң аралас әуенді салды. Данғаза шудан алыс, түннің тып-тыныш шағында естілген мына әуен тұла бойымды шымыр еткізді. Бұрын-сонды көрмеген саз. Кенеттен қарт домбыра үнін кілт үзді де, жеңіл жөткірініп қойып:

— Сен маған мынаны айтшы, осы кешегі әңгіме еткен кісіден бала қалды ма? — деді тосыннан.

— Қай кісі? — дедім мен қарттың кім туралы айтқанын қапелімде ұға алмай.

— Анау алыстағы елдің батыр басшысының?

— А, Сальвадор Альенденің бе?

— Иә, иә!

— Бар, бар! Үш қызы бар.

— Ұл баласы ше?

— Жоқ.

— Ой, асыл азамат-ай, ә! Бірақ, шын жақсыны қу шұнақ Құдай да жарылқай бермейді ғой. — Қарт күйзеле ауыр күрсінді. — Шіркін-ай, қалай қиып атты екен, ә?! — Іле-шала қарт жұлып алғандай: — Неше жерден оқ тиді деп едің кеше сен?

— Жеті жерден.

– Туһ, көрлерінде өкіргір нәлеттер-ай! Осы сөзді ерекше шамырқанып, ашына айтты. Бұдан кейін қарт бір ауыз тіл қатқан жоқ. Ара-тұра тереңнен тыныс ала күрсініп қояды.

Жастығын бұрынғыдан да биіктете қомдап алып, домбырасын қолына қайта алды. Қос шекке сабырмен жеткен саусақтары аз кідірді де, жайымен шерте жөнелді. Үзілген күй қайта жалғанды. Сағынышы аралас, жақсы үміті аралас әсерлі әуен! Ол әлдекімді іздейтін бір шақты аңсаған жанның жабыққан көңіл күйі ме екен, әлде көзден бұлбұл құстай ұшып, келмес сапарға кеткен кимас жанын жоқтай ма. Мен дәл осы мезетте қарт көкірегінде қандай ойдың тыпыршып, күй тіліне тіленіп жатқанын білмеймін. Әйтеуір, бір білетінім, домбыраға оның ішкі көңіл сарайындағы көзге көрінбес көп күйдің құйылып жатқанын бала көңіліммен түсіндім.

О, ғажап! Бір мезетте қарт жүзіне назар салсам, оның жанарынан қос тамшы жылжып бара жатыр екен. Ай сәулесіне шағылыса жылт-жылт етеді. Менің де жылағым келіп кетті. Дереу жүзімді бұрып әкеттім. Домбыра үні де үздіктіре барып үзілді.

Бұл түнгі ұйқының ауылы тым алыс еді. Кірпігім айқасар емес. Атайдың да дөңбекшіп көз іліндіре алмай жатқаны анық...

Көз алдымда – Мұратбек. Үсті-басы тілім-тілім жара. Басы-көзі көгерген. Немістер оны дар ағашына апара жатыр. Ол осы бір ауыр шақта не туралы ойлады екен, ә? Жау алдында бүгіліп, шынын айтқаннан гөрі өлімді артық санағандығын айқын сезінген шығар. Шын жауынгердің, шын барлаушының қандай адам болу керектігін ол немістерге өз өлімімен-ақ ұқтырғанын көңіліне медет тұтқан шығар. Кең даланың төсінде асық атып ойнаған балалық шағын, жайлауда дүбірлеп ат құлағында ойнаған қызық дәуренін еске түсірген болар. Әке... ана алақанын... ойлаған болар. Кім білсін, әйтеуір оның осы бір ауыр сәтте жан дүниесі шиыршық ата, сезім дауылын бастан кешкені анық.

«Ех, шіркін, – деймін ішімнен, – егер Мұратбек тірі болғанда оның да мен сияқты балалары болар еді-ау. Әлібек ата жымың-жымың етіп, соларға мәз бола қарап, төбесі көкке екі-ақ елі жетпей жүрер еді. Ол, сөз жоқ, немерелеріне әлгіндей мұнды әуен емес, шаттық күйлерін тартып берген болар еді.

Ал Сатан мен Уәлихандар осы сияқты тамаша адамдардың сыртынан әнеукүнгідей ауыр сөздер айта алар ма еді, айта алмас па еді. Тауығын ұрлау туралы сөз болуы да мүмкін емес қой.

Сан-саққа шарлаған қиял құшағында жатқан менің санамды ендігі сәтте бір ғана ой жаулап алды. Ол – Әлібек атаны кереметтей қуантатын – оның өшкенін жандырып, өлгенін тірілтетіндей бір ғажайып сыйлық жасау. Сонда...

Қанша дегенмен суретті жақсы салатын бейімім бұрыннан-ақ ауылға мәлім. Кезінде екі суретімнің газетке басылып шыққаны бар. Әй, қайдам-ау, нағыз сурет салу ойыншық жұмыс емес қой. Мұндай іске батылдық жасау екінің бірінің қолынан келе бере ме? Сонда да талаптанып көрсем қайтер еді, нартәуекел деп.

Көзалдыма болашақта салатын суреттің жобасын елестетіп те үлгердім. Сом тұлғалы батыр бейнесін жасауым керек. Немістер қаншама қарулы, қаншама көп болса да Мұратбектің алдында әлсіз. Дар жібінен титтей де қаймығар емес. Алысқа көз тігіп, келер күнге нық сеніммен қарайды. Әділ істің, ізгіліктің жеңетініне сеніп тұр. Көзіндегі нұр соны аңғартпақ. Тіпті мен оны Қобыланды батырға ойша тенедім. Рас, Мұратбек сауыт киіп, найза, қалқан асынбаған, астына арғымақ мінбеген. Мысалы, президент Альенде де, әнші Виктор Хара да ондай киім кимеген. Әйтсе де олар нағыз батырлар. Сөз жоқ, батырлар. Гитлер, Пиночет, Роберт Гарридолар* ше? Олар Алшағыр, Көбіктілер емес пе елді қан жылатқан.

Мен өң мен түстей бір халде ұзақ жаттым. Көзіме ұйқы тығыла бастады. Санамда шарпысқан сан түрлі ой мен сурет бір сәтке толас тілегендей. Соны суреттер тізбегі сонау көрінген сағымды белден тізбектелген керуендей әрі асып бара жатты...

БОЛМАҒАН ОҚИҒА

(Автордың әңгімесі)

Капитан Гарридоның солдаттары қой тастарды паналай атысып, алға ұмтылып келеді екен.

– Атысқа дайындалындар! – деп Әділ әмірлі үн қатты.

Өмір мен Ораз орында тыншымай, келесі берілер бұйрықты шыдамсыздана күтіп жатыр. Барлығы автоматтарын оңтайлап, даярлануда. Тасқа тиіп зың-зың ұшқан оқтардан бастарын қорғалап, бұға береді.

* Роберт Гарридо – Чили президенті Сальвадор Альендені атқан адам.

Балалардың барлығы Әділге қарасады. Бірақ, оның ажарында қорқыныш табы аңғарылмайды. Алдыңғы шептен көзін алмаған күйі жау қозғалысының бағытын жіті бақылап отыр. Біраздан соң ғана Әділ әр сөзін шегелей:

— Асықпай, тек қана дәлдеп атындар! — деп бұйрық берді. Әп-сәтте-ақ әр тасадан автомат, мылтықтары шошаң етіп, құлаған солдаттар көрініп қалды. Тіпті біреуінің темір телпегі құрық тастам жерге қалпақтай ұшып барып, топ етті.

— Жарайсындар! — деп Әділ сүйсіне тіл қатты. Оның өзі капитан Гарридоны көп арасынан тінте іздейді. Бір кезде оның назарын тосын көрініс елең еткізді. Капитан айқайлаған тұстан бөтен түсті екеу шыға келді. Біреуінің қолында қара құстың қанатындай қара ала ту желп-желп етеді. Ортасындағы ақ дөңгелекте қара құрт секілді сұм свастика. Әділ екеуін де тани кетті. Біреуі — Пиночет, екіншісі — Гитлер. Ту екіншісінің қолында тұр. Діңгек ағаштан шеңгелдей ұстапты. Онымен иықтас Пиночет ащы даусымен:

— Капитан Гарридо! Саған не болған! Неге бұғып жатырсындар, оңбағандар! Сол тырнақтай балаларға шамаларын келмей жатыр ма? Ой, малғұндар! Дереу шабуылға! — деді. Көзіндегі қап-қара көзілдірігі жарқ-жұрқ етеді. Гитлер де қара ала туын жұлқи сермеп:

— Алға! Шабуылға! Қыр-жой! — деп айқайға басты.

Әділ ызаға булығып кетті. Көздеп тұрып тудың ағаш сабынан атып жіберді. Сабынан қақ бөлінген қара ту жалп етіп, жерге түсті. Екеуі қас-қағым сәт не істерін ойлап үлгерген жоқ. Бір-біріне тез қарады да, арғы бетке секіріп кетті. «Жандарының тәттісін», — деп Әділ ішінен мырс етті. Осы бір сәтте Өмір бұған жарқ етіп күле қарады да:

— Алға, жолдастар! — деп айқай салды. Айнала тау, жартас уралаған дыбыстарға жаңғырығып, құлақты тұндырып жіберді. Әділ де орнынан атып тұрды. Бірақ, бұл кезде, неге екені белгісіз, автоматы құндығынан опырылып түсті. Ол абдырап қалды. Балалар оқты нөсерлете сеуіп барады.

Әділді бәрінен де ар азабы қинап отыр. Шын айқасқа келгенде қояндай бұғып қалды деп жүрсе, бұдан ауыр, бұдан артық жаза бар ма. Осы бір жанды жеген күйзелісті сәтте тар қапаста жарықтай жалт етіп, қол созым жердегі жырадан Ака шыға келді. Аузында бауынан тістеген су жана автоматы бар. Салып ұрып келген бетте мұның алдына автоматты тастай берді.

— Айналайын, асыл Ака! — деп иттің мойынан құшақтай алды. Тез арада автоматын оқтауға оңтайлана берген Әділдің

көзіне оның бүйіріндегі жарқыраған ақ пластинка ілікті. Көз жүгірте тез оқып шықты:

«Сүйікті ұлым, Әділге. Сальвадор Альендеден. Сантьяго», — деп жазыпты. Оның тұла бойы шымыр ете қалды. Осы бір қысылшаң сәтте мұны бір құдыретті күш келіп, қолтықтан демеп, дүр сілкіндіріп жібергендей. Ол төмен қарай бір-ақ қарғыды. Жерге жеп-жеңіл дік ете түсті де, жүгіре жөнелді. Атысып бара жатқан жаудың үш-төртеуін жер жастандырды. Сабы сиреп, сағы сына бастаған Гарридоның адамдарының аз қалғанын Әділ тез байқады. Шапшаң ойлап, батыл шешімге келді. Дереву қоршап алып, жойып жіберу керек!

— Өмір, Болат, әрқайсысың өз топтарыңды алып, батыс және шығыс қанаттан қоршап, жаудың қалдығын жойып жіберіңдер! — деді.

Олар әрекетке тез көшті. Сол сәтінде-ақ шабуылға көтерілген топ батыл әрекеттің арқасында жауды баудай түсірді. Бұлардан да бірнеше адам жараланып қалыпты. Ажар мен Сәуле жедел қимылдап, олардың жарақаттарын танып жатыр.

Әділ жусап жатқан жау солдаттарының арасынан капитан Гарридоны іздеді. Бірақ, қаншама тінте іздесе де назарға шалынбады. Оның бойын мазасыздық биледі. Қапысын тауып қашып кетсе, естен кетпес өкініш сол!

— Ойбай, ана біреуді қара! Шар етіп айқай салған Өмір екен. Барлығы жалт қарады. Оң қанаттағы шоқы түбінен атпен шыққан біреу Көктасты бетке алып, безіп бара жатыр.

— Ах, залым! Анау капитан Гарридо ғой! Атыңдар! — Бірақ, ол көз ұшына ұзап кетіп еді.

— Қап, мына залымды-ай, ә, — деді ол ызаға булығып. Илешала арт жақтан ат тұяғының дүбірі естілді. Қас қағым сәт болған жоқ, бұрыл атты біреу бұлардың қасынан ағызып өте берді. Ат тұяғынан ұшқан жентек-жентек топырақ жан-жаққа тасша атылады. Әлгінің басында дулығасы бар. Үстінде кіреуке, қолында ақ сүңгі найза.

— Бұл кім?

— Бұл кім? Балалар бір-біріне аңтарыла қарасты.

— Өй, сен Болатпысың?! Ол айқайлағанға мойын да бұрған жоқ.

— Мына қызықты қара! — деген Өмір сөзі естілмей қалды.

Болат қашып бара жатқан капитанды жотадан асырмай

куып жетті. Барған бетте-ақ сүнгіні жауырын ортадан шаныш-
канда, оның құлындағы даусы кұракка шыға шырқырай құлады.

— Жарайсың, бауырым, кешір бізді, бұрынғы көп мазағы-
мыз үшін, — деді Әділ мандайтерін сүртіп жатып.

— Әнебір екеуді қарандар, тасадан қашып шықты. Айқай
салған Ажар екен.

— Кәне, кәне! — Елеурескен топ Ажардың саусак ұшы
шошайған жакқа қарасты.

— Алдын орандар, тек кана тірідей ұстандар! Өмір, сен өз
тобыңмен тосқауыл жасай бер, — деді де өзі Ораздың тобының
соңынан жүгіре жөнелді. Өмірлер қашқан екеудің қарсы
алдындағы жырадан шыға келгенде, олар солға қарай қайрыла
қашты. Пистолеттерімен жанталаса атқылап барады. Бірақ,
балалардың ешқайсысы оқ шығарған жоқ.

Бір мезетте, қайдан шыға келгені белгісіз, бір бүйірден жеке
дара Алтай шыға келіп, олардың алдын кес-кестей берді.
Пиночет оны атып үлгерді. Қою қызыл қан самайынан бұрк етті.
Бірақ Алтай тоқтап қалған жоқ. Жүгіріп жеткен бетте жалтара
қашқан Пиночеттің аяғынан іле шалып, мұрттай ұшырды.
Жауыздың қолындағы пистолеті түсті. Бала қыран оның көк
желкесінен қос қолдап бүре берді.

Гитлер қалың топтың ортасына түсіп қалған екен. Қоршау-
да қалған аш қасқырдай аласұрады. Ораз оған ызалана айқайлап:

— Қолынды көтер, сүм! — деп, қаруын кезеді.

— Хенде хох! — деп әмір етті Әділ. Гитлер көзі ұясынан
шыға, қос қолын көкке шошаң еткізді. Қолындағы қаруы жерде
жатыр. Жалбыр шашы ұйпа-тұйпа болып, тар мандайын тер
басып кетіпті. Әлден кейін ақыл-есі орнына келгендей болған
ол:

— Гитлер қапут! Пиночет қапут! — деп безектей бастады.

— Екеуінің қолын артына қайырып байландар! — деп әмір
етті Әділ.

Ака Болаттың қолын жұлқып, арс-арс етеді. Пиночет одан
шошынып, жалтақтай қарайды.

Артынша-ақ ауыл жақтан бір топ адамдар көрінді. Топ
алдында келе жатқан қасқа аттылы Әлібек атай екен. Түсі суық.
Тарамдалып ақ қыраудай болып, ұйыса біткен қою қасы қабағын
тұтас жауып кеткен. Қолында сегіз өрме бұзаутіс қамшысы.
Әділ Әлібек атаның тап осылай жауар күндей түнеріп, түйілген
сәтін көрген емес-ті. Тіпті ол кісі ашуланады деп осы уақытқа

дейін ойламапты да. Келген бетте ешкімге караған да жоқ, ешкіммен амандасқан да жоқ. Жиылып тұрған балалардың ортасын қақ жара өтіп, қаққан қазықтай қалшыып тұрған Гитлерге шаншыла қарады. Кірпігін де қақпайды. Қарт көзінен шашыраған кекті ұшқынға дәті шыдамаған Гитлер жүзін тайдырып әкетті. Тізесі дір-дір етеді.

— Иттің баласы, он екіде бір гүлі ашылмаған Мұратбегімнің саған жазған жазығы не? Айтшы, кәне? — Бұл сөздерді семсердей суық ызғармен айтты. Гитлер:

— Мен емес, мен білмеймін! — деп қорқақтап кейін шегіне берді. Қарт шарт кетті. Ат үстінен қайқая келіп сегіз өрім бұзауіс қамшымен тартқанда сұр кителі пышақпен кескендей тілініп түсті. Жылт еткен жаланаш етінен бұрқ етіп қан шықты. Даусы мұндай ащы болар ма? Шыңғыра өкірген Гитлер кескен теректей гүрс етіп құлап түсті.

Әділ Әлібек атаның жүзіне қарады. Оның көзінде дір-дір еткен қос тамшы жас тұр екен. Ол кенет ат басын кілт бұрды да, келген ізімен кері қайтып кете барды.

Гүрілдеген машинаға барлығы жалт қарады. Осы сәт Ораздың әкесі бұлардың қасына құйындатып келді де, машинасын кілт тоқтатты. Кабинадан түсіп жатып, самбырлап сөйлеп келеді.

— Оу, генералдарым-ау, амансындар ма? Бұл не тұрыс? Ол ортада сұлап жатқан Гитлерді көргенде: — Оу, мына бәле қайдан жатыр? — деді. Оның жүзі сұстанып сала берді. Әлкен ағай алыста қарауытып кетіп бара жатқан Әлібек ағайдың сонынан ойлана қарап, тұрған топтың ажарындағы өзгеріс сырын енді ғана ұғынғандай.

Пиночет не өлі емес, не тірі емес, әрі-сәрі халде. Көзілдірігі қолында. Бір уақытта Әлкен ағай:

— Мынауың кім? — деді Әділге қарап.

— Пиночет, — деді ол ызалы үнмен.

— Ойбай-ау, бұл залым әлі тірі жүр ме еді? Енді неге ұстап тұрсындар бұл нәлетті, атып тастамайсындар ма, бұралқы иттей.

— Жоқ, аға, бізге ол алдымен шынын айтсын. Содан соң жазасын беруге уақыт толық жетеді.

— Иә, оларың да дұрыс, — деп келісті Әлкен Пиночетті көзімен ішіп-жей қарап.

— Кәне, шынынды айт, ұлы Президент пен Виктор Хара қайда? — деді Әділ әмірлі түрде. Бірақ, Пиночет бұған жауап ката қойған жоқ. Тұнжыраған күйі төмен қарады. Ақа қарғы

бауын жұлки арс-арс етеді. Пиночет шошына артқа шегінді, бірақ Өмір автоматының аузын оның жонына тіреп алға итерді.

— Айт, кәне қайда! — деді өткір көзін оның өңменіне оқтай қадап. Пиночет басын ауыр көтеріп, Маятас жаққа тұнжырай қарады. Осы сәтте тұрған көптің құлағына күмбірлеген гитара үні құмығып естілді. Бәрі Маятас жаққа беттерін бұрған қалпы тыныс тарта тындай қалысты.

«Венсеремос» — клич громовой,

Над страной призывно лети!

«Венсеремос! Венсеремос!»,

Это значит, что мы победим!

Ака Маятас жаққа атыла жөнелді. Болат құлап қала жаздады. Балалардың барлығы уралап, солай қарай лап қойды. Ажар жүгіріп келе жатып:

— Не деген сұркия еді! Қарашы, тура біздің Маятастың үңгіріне әкеліп қамағанын, — дейді Ажар басын шайқап.

— Аанада келгенде боп-бос еді, қарай көр не істегендерін, — дейді Ораз Ажарға тіл қатып.

— Е, Пиночет, Гитлерге ерік берсең дүниенің бәрін түрмеге айналдырар, — дейді бұларға еріп келе жатқан Әлкен ағай. Бір кезде әлгі кісі тоқтай қалып Әділге:

— Әй, Әділ, айналайын, осыны маған берші. Тура мына цистернаның ішіне қамап, тұншықтырып өлтірейін, — деді.

— Жоқ, аға! Бұған берілер жаза одан да ауыр болуға тиіс. Оны біз шешпейміз, — деді Әділ.

— Мейлі, айналайын, өйтеуір, аямандар, — деп тез келісті Әлкен ағай.

Маятастың үңгірінің аузы үлкен-үлкен тастармен бастырылып тасталыпты. Балалар келген бетте үңгірдің аузын ашуға кірісіп кеткен. Әлден уақытта үңгірдің аузы ашылып, іштен жүдеу тартқан президент Альенде мен Виктор Хара сыртқа шыға берген. Әншінің екі қолы ақ дәкемен таңылыпты.

Балалар айқайласып, екеуін қоршап алған. Тұтқындар жас баладай мәз болып, жадырай күліседі.

— Рахмет, бауырларым, балаларым! — деп елжіреген көңілмен алғыстарын жаудырып жатыр. Әділ де шыдап тұра алмады. Екеуінің құшағына барып қойды да кетті. Олар Әділдің бетінен алма-кезек сүйіп, бауырларына басады.

Ұлы президент Әділдің иығындағы автоматты көріп:

— О, қандай жақсы болған! Қолыңа аман-есен тиген екен ғой. Жарайсың, Ака! — деп үстіне секіріп, еркелеген итінің басынан сипап қойды.

– Рахмет, аға, сыйыңызға, – деді Әділ шын көңілден.

Бұл кезде балалар Виктор Хараға сұрақты жанбырлай жаудырып жіберген-ді:

– Ағатай, қолыңыз қашан жазылады? – дейді Болат.

– Саусағыңызды кесті деген рас па, ауырмай ма? – дейді Өмір.

– Жазылады, айналайындар, жазылады, – деп Виктор сергек үн қатады.

Пиночет теріс қараған күйі бүк түсіп отырып қалыпты. Ұлы Президентке қарауға дәті шыдамайды. Қыртыстанған майлы желкесінен шып-шып тер шығады.

Әділ: «Мынаны не істейміз?» – дегендей Президентке сұраулы пішінде қарады. Альенде енді ғана Пиночетке назар аударды. Маятас үңгіріне келген үлкен-кішінің бәрі дерлік енді ұлы Президенттің аузынан айтылар ақырғы шешімді тағатсыздана күтіп тұр.

– Адамзат баласына жасаған жауыздығы үшін осы Маятас-тың үңгіріне мәңгілікке қамалсын. Президенттің зор даусында кесімді үн мен қуат, ешкім бұза алмастай, ешкім қарсы дау айта алмастай салмақ, зіл бар...

– Тұр, орныңнан! – деп Әділ әмір етті. Пиночет орнынан сүйретіліп өрең көтерілді.

– Кір мұнда! Ол жүзі күйіп қалған жандай бір адамға тура қарай алмастан үңгірдің ішіне кіре берді. Командирдің:

– Ал, бекітейік, – деуі мұң екен, балалар көзді ашып-жұмағанша үп-үлкен тас қорғанды тұрғызып үлгерді.

– Ағатай, – деді Әділ, – рұқсат болса, мен ауылға жетейін. Абзал ағайға, әкеме, елге барып, сіздердің аман-есен босатылғандарыңызды айтып қуантайын!

– Бара ғой, айналайын, тез жет! – деп ұлы Президент Әділдің арқасынан қақты.

Ол жүгіріп келе жатып, Абзал ағайдың қалай қуанатынын көз алдына елестетті. «Ол кісінің жүрегі жарылуға шақ қалар», – деп ойлады. Бәрінен де мектепте болатын үлкен, салтанатты кездесуді айтсаңшы?! Сонда барлық оқушылардың алдында ұлы Президент Альенде мен ұлы әнші Хараға бұлар галстук байлайды. Жүздері бал-бұл жанған балалардың қуанышында шек болмайды ғой, шіркін!

Әділ егіле жылайды. Жылап келе жатып күледі, күліп келе жатып жылайды. Айнала дүниенің бәрі түрлі бояумен құбыла өрленіп, дөңгеленіп бара жатыр.

Ертең ауылда ұлы той болады, ғажап той болады. Ол тойда Виктор Хараның өзі ән салады. Президент Альенде халыққа арнап тамаша сөз сөйлейді. Сол тойдың бел ортасында Әділ, Өмір, Болаттар жүреді. Елдің барлығы бұл тамаша балаларға ризашылық сезіммен қарайды.

Сатан мен Уәлихан қалың халыққа жақындай алмай, баяғы өздері тығылатын тасадан сығалап жүреді.

Кенжеғара атай бұларға бұрынғы ұрыскандарына өкініп:

— Айналайындарым, бұрынғыларыңды кештім, менікі зілі жоқ айқай ғой әншейін, — дері сөзсіз.

Әділдің әкесі қасындағыларға:

— Өздеріңе жиі ұрыса беруші едім адам болмайсындар деп, оным қате екен, — деп бас шайқайды.

Ораздың әкесі сүт таситын машинасының үстіне шығып алып:

— Ой, айналайын, кішкентай генералдарым, — деп сүйсіне айқайлап қоятын шығар. Әділ жүгіріп келе жатып, ертеңгі күнді осылай елестетті.

Той соңын ала жер дүниені күңіретіп, ақ күміс қанатын кең жазып, атақты «ИЛ-62» самоләті түп-тура Қызылкесікке қонады. Шіркіннің сұлуы-ай! Ол самоләт Ұлы Президент пен Ұлы әншіні тура азат Чилиге, асыл ұлдарын көз талдырып күткен еліне алып ұшады...

*Жоғарыдағы айтылған конкурстың ынталандыру
жүлдесін иеленген (1980 жыл).*

БІЗ, ТӨЛЕПБЕК АТАЙ, САМОЛЕТ КОМАНДИРІ ЖӘНЕ ПАЛЬМА

Повесть

НАР, ТӘУЕКЕЛ!

Бесеуміз аз сөйлескеннен соң бір шешімге келдік. Бақшаға ауыл жақтан баратын ескі оман арықтың ішімен бармаймыз. Себебі, бұл тұс өте төте. Сондықтан қарауылдар осы бағытқа тым сақ қарауы мүмкін. Бәріміз алыс та болса қолайлы әрі күдік тудырмайтын тұс — солтүстік жақ деген ой қорыттық.

Жардың астымен жүріп келеміз. Бір уақытта Бейсенбек:

— Алпан десе, біліп қой, мылтықпен атса қайтеміз? — деді қорқынқыраған үнмен. Файзолла да сондай күйді бастан кешіп келе жатқан тәрізді.

— Шынында да біреуімізге оқ тиіп кетсе, маскара болармыз, — дейді. Алда келе жатқан Алпан бізге жеки сөйледі.

— Туһ, сендер де қызық екенсіңдер! Ол шал мылтығын шын оқпен оқтамайды. Сол көк қауын үшін кісі атыпты дегенді қай әкелеріңнен естідіндер, — деді.

— Е, атпағанда ше?! Анау жылы түзбен Сарманның баласын атқаны қайда? Бірнеше күн бойы тиген жері ашып, жүре алмай үйде жатқан жоқ па еді, — деді Бейсенбек.

— Оны атқан Төлепбек емес, Нұраш қой. Оның өзі тентек адам болатын, — дедім мен. Ақберген мені костай кетті.

— Расында да, Төлепбек кісі атты дегенді өмірімде естіген емеспін. Алпан айтты:

— Білсе, сөз жоқ, атады. Бірақ, заң бойынша, бірінші ретте аспанға ату керек.

— Оны кім айтты?—деп Ақберген төтеден сұрақ қойды.

— Мен айттым. Соттың кітабында солай жазылған.

— Өзің оқыдың ба? Ақберген қадалып қалар емес.

— Өзім оқымасам да әскерден келген ағам айтты.

— Өй, қасқам-ай, соқ!

— Е, нанбасаң қой. Егер шпион қарауылдап тұрған жерге жақын келсе, бірінші рет ескертеді. Екінші рет аспанға атады. Ал үшінші рет атуға қақысы бар.

– Пай, дегенің-ай! Сонда ашық-шашық көзге түсіп келсе, оның несі шпион?!

– Е, сен де тіпті бір бөле екенсің, сөзге қонақ бермейтін. Мысалға айтқаным да, – деп Алпан кәдімгідей кейіп қалды.

– Қорықпа, бала! Мынау жаман Алпан ағаң аман болсын. Балтай-шалтай сөзді доғарындар. Кеттік! – деді сенімді үнмен. – Сақ қимылдандар. Шу шығарып жүрмесек болды. Келістік қой, – деді нығарлап.

– Келістік. Әй, Бейсенбек, сен бізден кішкене қалыңқырап жүр. Сен балалардың әкелген қауынын жинаушы боласың, – деп, оны алдын-ала қызметке белгілеп қойды.

Өзенді бойлай жүріп келеміз. Шамалы жүргеннен соң Алпан бәрімізге қайрылып:

– Ал, сарбаздар, шабуылды бастаймыз. Қайталап айтамын, өте сақ қимылдандар. Түшкіріп, жөтеліп қойып жүрмендер.

Алпан тап бір кәнігі командирдей алға түсіп алды да, жардың құлама тұсынан жоғары өрледі.

Бәріміз үстіртке шықтық. Бұға баспалап, айналаны бақылап отырмыз. Әудем жерде қос киіз үй қарауытып көрінеді. Қарсы беттегі қауындықтың тап ортасында шошақ күркенің күнгірт сұлбасы көзге ұрады. Бәріміз үлкен шок шеңгелдің тасасына бұқпалай келіп, тізіле отырдық. Ай тас төбеге келіп, сүт сәулені жерге саулата құйып тұр. Сыбырласып қана сөйлесеміз.

Алпан арық-арықты бойлай, асықпай, баппен қозғалуды тағы қатаң тапсырып жатыр. Бас қосатын жеріміз – осы ауқымы зор топ шеңгелдің түбі. Бейсенбекті сонда қалдырдық. Терен арықтың ішіне аунап-аунап түстік те, әрқайсымыз әр бөлек жаққа еңбектеп кете бардық.

ҚОРҚЫНЫШ

Мен арық ішінде біраз жатып, тың тындадым. Әр тұстан пәлектердің сытыр-сытыр еткен дыбыстары құлағыма айқын жете бастады. Бұл – балалардың әрекетке көше бастауы деген сөз. Мен де қозғалдым. Анда-санда жүрелей бой көтеріп, тұтасқан пәлектердің арасына қол жүгірттім. Әзірге іліккен дәнене жоқ. Бір мезетте мұрныма сыздықтап әдемі, хош иіс келді. Қай тұстан шыққанын ажырата алмай, дағдарып біраз жаттым. Ақырын жылжып алға оздым. Біраздан соң қауын қолыма ілікті. Желісінен үзбекке қолымды апара бергенім сол еді, әлдебір иттің аяқ астынан үре жөнелмесі бар ма! Оу, бұл

қалай? Иті жоқ деп бағана Алпан ауылдан шыққанда айтпаппа еді.

Көңіліме қобалжу кірді. Әлгі ит біз жақты бетке алып үреді... Артынша екі адамның самбырлаған дыбысы естіледі. Біреуі таныс үн — Төлепбек қарттікі. Екіншісі — баланікі.

— Қасқыр ит босқа үрмейді, тегі біреулер келген шығар, ата, — деді бала үні.

— Е, айналайын-ай, мұның онда бір тамаша сақ ит болды, келген адамды алыстан сезсе. Былтыр баласы бар болғырлар бір сәтке береке таптырмай қойып еді. Екі рет қотарып кетті-ау, обал-ай, — деп Төлепбек қария өкініш ете сөйледі.

— Ата, бұл өте ақылды иттің тұқымы. Адамның не ойлап тұрғанын көзінен таниды екен.

— Қойшы?!

— Рас, ата!

— Ойбой, онда мынауың бір дегдар, киелі ит болды ғой.

— Қайдам, әйтеуір, ағам кеше үйге әкелгенде: «Айтқаныңды түсінеді. Бірақ, орысша айту керек», — деді. Қазақшаға түсінбейді екен.

— Апыр-ай, ө! Қарт керемет танданды. Сәл кідірді де: — Иә, онысы да рас екен-ау. Иесі орыс болған соң солай болады да. Бірақ, атын сұрауды ұмытып кеткені дұрыс болмады да. Өзі орысша «Айт, айт!» — дегенді не дейді екен, білмейсің бе? — деді.

— Жок.

— Ал, «кә, кә» деп шақырғанды ше?

— Білмеймін.

— Антұрған-ау, өзің сегіз класс бітірдім дейсің, сонда бәлен жыл жүріп, мектепте не оқығансың? — деп қария лекіте күлді.

— Ой, ата-ау, сонда бізге итті қалай орысша шақыруды үйретті дейсіз бе?

— Е, қайдан білейін, анау кітаптарыңның іші толған иттің суреті. Сосын айтам да.

— Оны қайдан көрдіңіз?

— Әлгі біздің ауылдағы жүн сақал Елеубайдың онға өткен баласының кітабынан.

— Дұрыс, дұрыс! Жалпы биология ғой айтып отырғаныңыз.

— Жалпалогия дейді! Қарт қатты танданды. Бала сықылықтай күлді. Булығы сөйлеп:

— Иә, сондай сабақ бар мынау жан-жануарларды оқытатын.

— Е, со кітабыңда итті орысша қалай айтақтайтынын айтпай ма?.. — Олардың түнгі тыныштықта бізге анық естіліп тұрған әңгімесі бірте-бірте жақындап келе жатты.

Қолым қауынның сабағына барған күйі кимылсыз қатты да қалды. Әлгіндей тал бойымды еріткен хош иістенен титтей де жұрнақ қалмағандай. Төлепбек қарттың итті орысша айтақтау төңірегінен шықпай қоюы менің көңілімдегі қауіп көлеңкесін ұлғайтып жіберді. Сұр жыланның жонын андаусыз сипап алғандай қолымды лып еткізіп, тартып ала қойдым.

Екеуі күркеге қарай тартылған үлкен атызбен ақырын аяндап, дабырласа сөйлесіп келе жатты. Байқағаным — екеуінің біреуінің иығында мылтық жүр. Ол айға шағыла, бір түрлі суық үреймен жарқылдайды. Бойды алған қорқыныш үдей түсті.

Екеуі қатарласа келіп, атыз үстіне отырды. Енді аңғардым, мылтық ұстаған әлгі сегізді бітірген бала екен.

Иттің үруі, бұрынғыдай емес, сирек. Екеуінің қатарына келіп, ол да жайғасқан секілді. Алғашта жұлқына соғып, алып ұшқан жүрегім сабасына түсе бастағандай.

Өзге балалар не істеп жатыр екен деген ой санамда жай оғындай жүйткіп өтті. Бейсенбек қандай күйде екен? Таңертең үйінің алдындағы кір жаятын керме сымда шалбары жаюлы тұрмаса жарар еді. Қорыққанымды бір сәтке ұмытып, өз ойыма өзім күліп жібере жаздадым.

ТҮНГІ САЛЮТ

Бала мылтықты айналдыра қарап отыр.

— Ата десе, осы қорықшы болғалы бері адамға мылтық атып көрдіңіз бе?

— Ойбай, айналайын, о не дегенің? Мені жынды деп пе едің адамға мылтық атып. Әлгі анда-санда аспанға мылтық атқанмыз болмаса.

— Осы кейбір қарауылшылар адамды тұзбен атады дейді ғой, сол рас па?

— Қой, бекер сөз, тұзы не! Адамның көзіне тиіп шығарып жіберсе қайтесің! Баламысың деген-ау, ә? Ол кім, мұндай әңгімені бықсытып жүрген?

— Балалар сөйтіп айтып жүр ғой.

— Е, бала деген антұрған айта береді де. Олардың құлағына бірдене тисе болды, айда, сосын бір көпіртеді-ай келіп!

— Ата десе, мен бір нәрсе айтсам ұрыспайсыз ба?

— Е, айта ғой, ол не?

— Мылтықпен аспанға салют атып көрейікші, ә!

Қарт шошып кетті.

– Қой, ойбай, салюты несі! Құр елді дүрліктіріп, о, несі-ей!

– Ата-ау, бұл манда ел жоқ қой дүрлігетін.

– Ойбай, қарағым, біздің кемпір бар, жеңген бар, оның жас балалары бар, шошып кетеді.

– Неге шошиды? Айтпаймыз ба, ұрылар келді, соларды қорқыттық деп.

– Туһ, сенің өзің бала екенсің ғой, – деді Төлепбек қарт кінә аралас үнмен сөйлеп, сәл күлгендей болды.

– Ата десе, атайыншы, ұрыспаңызшы! Атайыншы, а! Ол қарттың тура жүрегін суырып алардай жалынады.

– Теуіп жіберіп жүрсе, құлап қалмайсың ба?

– Иығыма мықтап тіреймін ғой.

– Әй, қой, болмайды! Оғы жазым болып біреу-міреуге тиіп кетер.

– Ой, ата-ай, аспанға атылған оқ құстан өзге неге тиеді дейсіз.

– Ей, не білесің сен. «Жазым болса тары көжеге тіс сынар» деген. Қайдам?.. Қорықшы қарт күмілжіп қалды.

Бала үздіге жалынады.

– Е, не үшін салют бермексің?

– Сіз үшін, сіздің соғыста жасаған ерлігіңіз үшін. – Әй, баламысың деген, ө! Қарай гөр мұны, сонша мен қандай ерлік жасаппын? Қарт кеңкілдей күлді... – Елдің бәрі айтады ғой, соғыста немісті көп өлтірген деп.

– Е, жалғыз мен ғана ма екен сүйткен.

– Сонда да болса сіздің орден, медальдарыңыз көп қой. Тағы сіз концлагерьдегі көтеріліске қатысқансыз ғой.

– Қара мұның қуын. Төлепбек атай жөткірініп алып, жеңіл күліп қойды.

Мен баланы сықпырта сыбап жатырмын. Құдайға мың жалбарынып: «Е, Құдай, бермесе екен, бермесе екен», – деп тілеймін. Анау да бір жүгермек екен – кадалған жерден қан алмай қоймайтынның нағыз өзі. «Ата, ата!» – деп өліп бара жатыр.

– Е, жарайды, болмадың ғой, пәдеріңе нәлет! Атсаң атшы салютынды, – деп, үміт артқан қартымның табан асты босап сала бергені. «Бәрі бітті. Енді бүлінді-ау», – деп ойлай бергенімше болған жоқ, тып-тыныш түнді төңкеріп тастағандай сұмдық бір үнмен мылтық гүрс етті. Көзім қара көк аспанды қақырата тіліп түскен жалынды ғана шалды.

– Ойбай, апа! – деп қосарлана шыққан ащы дыбыс құлағымды жарып өтті. Содан кейінгісі есімде жоқ. Атып

тұрдым да, аяғым-аяғыма жұқпай безе жөнелдім. Әр тұстан сатыр-сұтыр етісіп, өзен тұсты бетке алып, зытып бара жатқан екі серігім көзге шалынды. Біреуі жоқ. Қайда кеткен?! «Ойбай, апа!» деген ашы дауыс құлағымда безек қағып, бебеулеп тұр. О, сұмдық! Оқ тиген шығар. Өз ойымнан өзім шошып кеттім. Тірі маскара болдық деген осы! Зытып келе жатқан бойда белгі шенгелдің түбінен өте бердім. Бейсенбекті жер жұтып кеткендей. Орнын сипап қалдық. Апыр-ау, ол қайда? Жаңағы үрей дыбыс қайдан шықты? Міне, қызық.

СӘТСІЗ ЖОРТУЫЛ

Ұшып келеміз. Иттің даусы дәл құлақ түбінен естілді. «Шаруамыздың біткен жері осы шығар», — деп қана ойлап үлгердім. Артыма жалт қарасам, арқан бойы жерде біреу қолды-аяққа тимей безіп келе жатыр. Қалың пәлектерді қақ жара оқша атылып келе жатқан иттің қарасы көзге шалынды.

Ойға құлай бергенмін. Сөйткенше болған жоқ:

— Ойбай-ай, ойбай-ай, өлдім-ау! — деген ашы дауыс құлағымды жарып жібере жаздады. Ит өршелене арс-арс етті.

— Кет, кет деймін! Үрей толы үнмен еңірей жылаған Алпан қарусыз қолымен айбар қылып, ауаны сабалайды. Ол бір кезде жанталасқан бөлек халде аяқ астында жатқан жыңғылдың сояуын ала салып, ереуілдей үрген итке құлаштай сермеді. Арғы тұстан ойбайлап, қалбалақтай ұшып қарт келе жатыр.

— Ай, балам-ай, тірісіңдер ме-ей?! Құдай-ай, сорлылар-ай, сендерді қандай сор түртіп келіп жүр мұнда! Әй, апшарка, апшарка, ка, ка! Бірақ, ит тындар емес. Қарт арыда қарақшыдай қалқиып тұрып қалған балаға қайрыла қарап:

— Әй, әлгі, кә-кәнің орысшасы қалай еді?! Баланың білмейтіні есіне түскендей қолын бір-ақ сілтеп:

— Е, айтпақшы, білмейді екенсің ғой! Пәдеріңе нәлеттер-ай, сендерді де әлгі мұғалімдер оқыттым деп жүр-ау, ә, — деп қатты кейіс етті де жүгіре жөнелді.

Өршелей өзеуреген ит ауаны осқылай ысқырынған таяқтан жасқана кері шегінді. Қалбалақтап келе жатқан қарттың безектей айтқан кә-кәсі әсер еткен болу керек.

Мен дереу барып, Алпанның қолынан шап беріп ұстадым да, ойға қарай сүйрей тарттым. Ол өксігін баса алмай, тұтығып сөйлеп келеді.

– Әй, жынды шал, осыдан көрерсің, – деп жұдырығын безеп, артына қайрылды.

– Әй, антұрғандар, тоқтандар, тоқтандар! Өздерің оқ тигеннен амансындар ма, әйтеуір. Соны айтындаршы?! Қауыны құрысын!

Бірақ, есті сөзге тоқтайтын ақыл бұл кезде бізде мүлдем жоқ та еді. Жүгірген бетте суды кешіп, өзеннен әрі өтіп кеттік. Алдымыздағы екеуі бізден оқ бойы озып барып, кідіріп тұр екен. Демімізді басып, соңымызға назар салдық. Төлепбек қария мен ит екеуінің қарауытқан тұлғасы құлама қабақтың биігінен ерекшеленіп көрініп тұр екен. Ит анда-санда бізге қарап, әу-әу үріп қояды. Салмақты шыққан үнінде: «Енді келіп байқашы, әкенді танытайын», – дегендей айбар бар.

– Пәдеріңе нәлеттердің қикарын қарашы-ей, жауап бергісі келмейді-ай, түге! Даусы бір түрлі жұмсақ.

Алпан өксігін баса алмай тұр. Жамбасын сипай береді. Жұдырығын тағы да түйіп қойып:

– Сен итті көрсетермін осыдан, – деді ысылдап.

Қасына енді ғана жеткен балаға шал жекіңкіреген үнмен:

– Атпай-ақ қой десем болмайсың. Тіпті, жүрегім жарылып кете жаздады ғой, тегі. Әйтеуір, абырой болып, аман болғаны жақсы болды, – деп самбырлап сөйлеп жатты. Айлы түнгі дауыс сондай айқын, әрі анық. Бала ақталған үнмен:

– Е, мен қайдан білейін? – дейді.

– Қайдан білейін, қайдан білейін!? Осы бәріміздің түбімізге жететін осы құрып қана қалғыр «қайдан білейіндерің» ғой.

Байқаймын, алдымда келе жатқан Алпан аяғын сәл сылтыңқырап басады. Сонда ғана аңғардым – шалбарының артқы қалтасы бөктеріліп, салбырап қалыпты.

– Алпан десе, шалбарыңа не болған?

Тап осы сәтте ғана ойына бірдеңе түскендей артына жалт бұрылып, шалбарының жыртылған жұлығынан шеңгелдеп ұстай алды.

– Ой-бүй, американский шалбарым-ай! Соншама бір өкініш, күйініш аралас үнмен сөйлеп, жыларман болды.

– Ағам құртатын болды-ау енді. Біз еріксіз күлдік.

Бір кезде ғайыптан пайда болғандай жоқ Бейсенбегіміз бір бүйірден шығып келе жатыр.

– Ешқайсыларыңа оқ тиген жоқ па?

Үні дірілдеп шықты. Ал, жата қалып күлейік.

– Ой, батырым-ай, батыр-ақ екенсің!

– «Ойбай», – деп, шошқаша шыңғырған сен бе едің? Шалбарын уайым қылып тұрған Алпан да еріксіз күлді.

Сол түннің, күлкілі түннің хикаясын көпке дейін айтып, мәз болысып жүрдік. Әсіресе, Алпанның: «Ой-бұй, американский шалбарым-ай!» – дегеніндегі үнін Файзолла мүлдем айнытпай, құбылта салып, күлкіге жиі кенелтеді.

Не керек, сөйтіп, жортуыл сәтсіз аяқталды.

АҚЫЛДЫ ИТ ТУРАЛЫ АЙТЫС

Бірде кешкілік ауыл сыртындағы жасыл алаңда футболды айызымыз қанғанша ойнадық. Әбден шаршаған соң барлығымыз алаң сыртындағы көгалға жата-жата кетіп, әңгіме айтып отырғанбыз. Осы кезде шеткі көшеден иығына асқан сөмкесі бар атты бала көрінді. Магазиннен шыққан беті болу керек. Бізге таяна бере ол бас изесіп амандасты. Сырт естуімізде, бұл баланың үйі Саробадан көшіп келген. Төлепбек атайдың інісінің баласы көрінеді. Жаңағы бала сегізінші класты биыл бітірген екен.

– Әнеукүнгі мылтық ататын батырың осы ғой, – деп сыбыр етті Файзолла. Балалар қабақ астынан жымыңдаса күлісті. Алпан қипақтап қалды. Талап деген бала маған қарап:

– Әлгі сендер айтқан иті қайда? – деді Файзолла менің алдымды орап:

– Е, ол ақымақ ит деп пе ең, кез келген уақытта ілесе беретін? – деді.

– Әрине, ілеспейді, – деді Ақберген оның сөзін қоштап. Алпан қырсықтана сөйледі.

– Пай! Пай! Немене, ол сонша, өулие ит пе адамға ілеспейтін?

– Әрине, ілеспейді, – деді Ақберген қызуланып. – Иесі ілес десе ілеседі, ілеспе десе ілеспейді. Біздің ауылдың сабалақ жүн иттері деп пе едің?!

– Хе! – Алпан кекесінмен мырс етті. – Айналайын-ау, иттің бәрі де ит! Қасқыр иті не, тазысы не? Ол қолын бір-ақ сілтеді.

– Ей, қойшы, көке! Сонда иттің бәрі бірдей демекшісің бе?

– Әрине, бәрі бірдей. – Файзолла да өрең шыдап отыр екен, ол да қолын бір-ақ сілтеп:

– Иттің жаман-жақсы болуы иесінен. Бірақ, ит жануарлардың көбінен ақылды екеніне келісесің бе?

Алпан жатқан орынан түрегеліп кетті.

— Ақылдыға жарыған екенбіз. Сонда ит ақылды болғанла, — деді ол мырс етіп, — біздің барлығымыз дана болармыз!

— Айналайын, Алпан, сен кекетпей-ақ қой, иттің ақылдылығына сенбейсің бе?! — Алпан ішін басып, одан әрі жерге аунай күледі.

— Ой, ақымақтар-ай, итті ақылды дегенді сендерден естідім. Ха-ха-ха! — өтірік күледі. — Онда жүріндер, біздің үйдегі Бөрібасардан қауынды қалай білдіртпей ұрлаудың әдісін сұрайық. Ха-ха-ха!

Балалардың барлығы Алпанның жерге ебедейсіз аунаған қылығын қызықтап күліседі.

— Сен неменеге мәз боласың? Ит ақылсыз болса адамдар неге итпен мал бағып, күзеткен? Неге итпен аң аулаған? — деді Ақберген Алпанға қадала сөйлеп.

— Ой-бой, енді мына тұстан Ақберген деген дана шықты ғой. Енді қойдық, қойдық, — деп мүләйімсіп қолын көтерді. Бірақ, көзінде мысқыл күлкі құбыла ойнап тұр.

— Немене, сен шынымен сенбейсің бе, иттің ақылдылығына?

— Е, неге сенейін. Иттің аты — ит. Қолында берерің болса, барлық ит құйрығын бұлғап, жағымпазданады. Сонда ол ит сендерді ақылдылығынан жақсы көріп тұр дейсіңдер ме? Ал, осыған жауап беріндерші. — Оның жүзіндегі күлкі лып етіп өшті. Көзін сығырайтып алған.

— Ал, көне айтындаршы! Көне, қайсың бар маған қарсы дау айтатын? Кез келген итті қолындағы нанмен алдап, ертіп әкетуге бола ма? Ол өзіне-өзі сұрақ қойды да, өзі жауап берді. — Әрине, болады.

Алғашында балалар тосылып қалды. Бір кезде менің бойымда ояңған қарсылық еріксіз бой көтерді.

— Жок, Алтай, бұл жерде айтып тұрғанынның бәрі қате.

— Неге, қате, дәлелде!

— Енді айтуға мүрсат берсейші.

— Ал бердік. Барлығы менің аузыма қарады.

— Сен осы өткен соғыста иттердің адамға қандай жақсылық жасағанын білесің бе?

— Қайдам, ондайынды естіген жоқпын. Ол бойын тіктеу көтеріп алып, маңғаздана отырды.

— Естімесең, тыңда! Мысалы, көптеген иттерді неміс танкілеріне қарсы қолданғанын білесің бе? — Барлығы менің аузыма ақтарыла қарады.

— Сонда қалай?

— Тоқтасайшы енді, айтсын да. Файзолла Алпанға жеки сөйледі.

— Ол былай. Мен сенімді үнмен ел назарын өзіме аударып алғанымна масаттанып қалдым. Ертеде бір кітаптан оқыған әңгімемнің қызықты оқиғасы осы сәтте ойыма оралған еді.

— Үйретілген иттердің беліне бірнеше граната байлайды. Содан соң келе жатқан неміс танкілеріне қарсы жібереді.

— Қызық екен, ө! — Бейсенбек аузын ашып қалыпты. Көз қиығымды Алпанға салдым. Өтірігіңе береке берсін дегендей сыңайда:

— Немістер оларды танкке бара жатқанда атып тастамай ма?

— Е, ол ақымақ деп пе ең адам құсап тоңқандап жүргенде тырапай асатын. Ол жермен-жексен болып таса-тасамен көрінбей жылжиды ғой.

— Нағыз айлакер десейші!

— Әрине, айлакер. Содан танкінің астында бір-ақ атылады екен.

— Сонда қалай тірі қалады? Бейсенбек маған аңтарыла қарады. Балалардың кейбірінің көзіне үрей ұялаған.

— Қызық екенсің! Қалай тірі қалады. Әрине, өледі. Бірақ, есесіне бір танк о дүниеге аттанбай ма?

— Обал-ай, ө!

— Несі обал! Бір танк ондаған-жүздеген адамды өлтіре алады. Ал бір иттің пайдасы қаншама сонда. Есептеп көр! — деп Файзолла кесімін бір-ақ айтты. Балалар Алпан енді не дер екен дегендей оның жүзін барлап отыр. Бір кезде ол даусын кенеп алды да, екі иығын комдады.

— Ал, жолдастар, мына Ерланның әңгімесін тыңдап болдыңдар ма?

— Иә, тындадық, — деді қосыла шу етіп.

— Осыған сендіңдер ме?

— Сендік.

— Мен білсем, мұның айтқанының барлығы — қып-қызыл өтірік.

— Неге?

— Сол. Бар айтқаны қиялдан туған құр ертегі.

— Ендеше дәлелде.

— Дәлелдеймін. Алдымен осы айтқандарын Ерланның өзі дәлелдесін.

— Неге дәлелдемеймін. Қазір үйге барамыз. Содан соң мен өз айтқандарымды кітаптың ішінен тауып беремін, — дедім.

– Қойсайшы, бала, ұялып қаларсың. Ал білгіш болсаң айтшы, кітаптың аты не? Мен күмілжіп қалдым.

– Аты есімде жоқ. Бірақ, кітапта ақиқат бар.

– Әне, бұл сөйтіп бұлтақтайды, – деді Алпан мені мазак қылғандай саусақ ұшын шошайтып.

– Ей, Алпан, қойшы сен де өзеурей бермей, – деді Ақберген.

– Есіме енді түсті, Ерлан мұны бізге бір ретте айтқан.

– Оһо, мынауың шықты ғой, суырылып, – деп ол Ақбергенге көзін сығырайта қарады.

– Әлгі шекарадағы иттер туралы көрген киномыз ше? Әне, ақылды деп соларды айту керек, – деді Файзолла.

– Иә, иә, дұрыс айтасың. Нағыз керемет иттер солар. Өздері қандай иісшіл! – деді балалар жарыса сөйлеп.

– Онда тұрған не бар? Иттің бәрі иісшіл келеді. Бірақ ол ақылдылық емес қой.

– Неге ақылдылық емес. Жау адамды дос адамнан ажырату ақылдылық емес пе. Шет жақта бағанадан бері біздің қимылымызды бағып отырған өткір көк көзді Талап деген бала сөзге араласты.

– Былтырғы телевизордан көрсеткен «Төрт танкист және ит туралы» кино ше?

– Пәлі! Сол кино тарс есімізден шығып кетіпті ғой. Алпан осы кезде қызарақтап қалды. Өзінің ызасын да жасыра алмай отыр. Талапқа сықсия қарап:

– Әй, жаман неме, саған не жоқ, бір бүйірден сыңсып, – деді.

– Сонда ол саған көргенін айтқаны үшін жазықты ма? – деп мен де Алпанға түсімді суыта қарадым.

Сыртымыздан сықылықтап күлген дыбыс естілді. Бәріміз жалт қарадық. Анадаяй жерде бізбен алтыншы класта оқитын Гүлназ бен Әсия тұр екен. Ылғи да ашық-жарқын сөйлейтін Әсия:

– Шіркін, даукестерім-ай, дауларының түрін кара! Өздерің дауласа-дауласа өңештерің қызарып кетіпті-ау, – деп сықылықтай күледі.

– Е, қызармай, мына Алпанның бір өзі-ақ шаршатып бітті.

– Немене, сонда Алпан иттің ақылды болатынына сенбей ме?

– Қайдағы сену! Ешкімге өзеурең бой берер емес, – деді Ақберген.

Алпан шынтақтап жата кетті. Мықсылмен мырс етті де:

— Ал ендеше, мыналар да маған аз болып отыр еді. Мына шөпжелкелер қайдан шықты майысып? Шыдай алмадым.

— Мәсаған, шөпжелке! — деп аузынан қалай қойып жібергенімді білмеймін. Екеуміз де атып-атып тұрысып, жағадан алыса кеттік. Екі-үш рет жұдырық та сілтеніп кетті. Балалар ажыратқанға көнбей, біраз жұлқыласып алдық. Алпан сыбап, балағаттап жүр.

— Қыздардың көзінше боқтама деймін!

— Өлтіресің бе, ал! Боқтамақ түгіл боқтаймын! — деп аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығады.

— Өй, ақымақ, ұялсаң нетті? Әсия мен Гүлназ бетін басып тұрып қалған екен.

ШЕШІЛГЕН ДАУ

Арада бірнеше күн өткен болатын. Бір күні кешке сол доп ойнайтын алаңға Әсия келді. Жанында Гүлназ бар. Екі көзі ұшқын атып:

— Мына қызықты қарандар, балалар, әнеукүнгі дауларына дәлел. Ол қолындағы газетті бізге ұсынды. «Комсомольская правда» екен.

Саусақ ұшымен: «Үш жыл бойы күтуде», — деп ірі әріптермен жазылған мақаланы көрсетті.

Газетке сол қызықты әңгіменің бас кейіпкері — қасқыр иттің суреті басылыпты. Үлкен самолеттің жолаушылар түсетін трапының бергі жанында шоқиып отыр. Екі құлағы едірейіп, әлдекімді мазасыздана іздеп тұрған тәрізді.

Біздер Әсияға сұрақты жапа-тармағай жаудырып жатырмыз.

— Сонда қалай? Мұны не үшін газетке шығарған? —

— Иттің иесін іздеп.

— Қызық екен. Бар жоғалған иттердің иесін газетпен іздейтін болғаны ма сонда?

— Мәселенің өзі сонда жатыр емес пе.

— Сонда мынау ит самолеттің жанында не істеп отыр?

— Иесін күтіп отыр дедім ғой.

— Ал, ендеше, оның иесі қайда кеткен?

— Ешкім білмейді. Аэропортта істейтін адамдардың айтуына карағанда, солтүстік жаққа кеткен тәрізді.

— Қашан?

- Осыдан үш жыл бұрын.
- Үш жыл бұрын?!
- Қой, бекер болар!
- Неге бекер? Мына газеттегі жазуды оқымайсың ба?
- Сонда иесі итіне қайтып соқпаған ба?
- Жок, соқпаған.
- Итін неге тастап кеткен? Иесі нашар адам болды ғой өзінің.
- Біледі-ақ екенсің. Егер ұшқыштар алмаса қайтеді?
- Неге алмайды?
- Сол, алмайды екен. Иесі итке де билет алған екен. Сонда да алмапты.
- Қалай алмайды?
- Кәдімгідей алмаған. Мал дәрігерінен денсаулығы туралы қағаз алу керек екен. Сонысы жоқ болыпты.
- Қап, өттеген-ай, ө!
- Ұшқыш дегендер де қатал адамдар екен ғой. Ала салса қайтеді екен.
- Сені самолетке ұшқыштар мінгізеді деп пе едің, – деді Гүлназ мағыналы жүзбен.
- Енді кім?
- Стюардесса.
- Ә, әлгі басында береті бар, мандайында қанаттың белгісі бар қыздар ғой?
- Дәл солай.
- Қап, обал болған екен, ө?
- Заңы солай болса ше?
- Сонда да адамды түсінуге болады емес пе? Әңгіме қыза түсті. Балалардың барлығы газеттегі ит суретіне ерекше бір аяушылықпен қарайды.
- Міне, нағыз адал ит деп осыны айт! – дейді Файзолла ерекше көтеріңкі үнмен. Әсия әңгімені жалғай түсті.
- Әрдайым «Ил-18» самоләті келген кезде алаңға жүгіріп шығады екен де, содан түскен адамдардың барлығын түгендеп шығады екен.
- «ИЛ-ден» басқа самолеттерге ше?
- Жок, олардың ешқайсысына жоламаған.
- Мәссаған, сонда самолеттерді де ажырата білгені ғой.
- Міне, ақылды деп осыны айт!
- Өзі осы уақытқа дейін қайда түнеп жүрген?
- Сол аэропорт түбінде салынып жатқан жаңа құрылыс бар екен. Соның қарауылының үйінің маңын паналаған. Бір

қызығы, шақырған, үйретейін деген адамдардың ешқайсысына жоламаған.

— Ал карауылшыға ше?

— Оған да. Тек тамақ бергенде ғана тақанған, бірақ денесіне қол тигіздірмеген.

— Не деген бәле, өзі!

— Қыста қайда түнеген?

— Сол карауылшы оған кішкене күркешік соғып берген.

— Осы күні де сол жерде ме?

— Енді қайда барады? Әрине, сол жерде. Бірақ, бұрынғысынша «ИЛ-18» самолеті келген кезде оның алдынан жүгіре шығып, иесінің жолын әлі тосып жүр деп жазыпты. Осындай ерекше адал, өз иесіне жан-тәнімен берілген итті жоғалтқан адам тауып алсын деп әдейі газетке шығартқан.

— Осыны газетке шығартқан кім сонда? — деді Бейсенбек соншама бір ынтыққан пішінде...

— Мұны «ИЛ-18» самолетінің командирі шығартқан. Ол бұл қызық мінезді итті самолет жолынан бірнеше рет байқапты. Алғашында онша мән бермеген. Бір күні әлгі командир жол тосқан итке зер сала қарайды.

— Иә, сонымен?

— Содан ол иттің әбден жүдеп кеткенін, көзінде үлкен мұң бар екенін байқайды.

— Қандай сезімтал адам десейші! — деп мен еріксіз дауыстап жібердім.

— Әлгі командирдің өзі өмірдің көп қиыншылығын көрген адам екен. Соғыс кезінде жау қолына түсіп, немістердің концлагерінің бірінде болған.

— Концлагерь дейсін бе? — деді Бейсенбек шегін тартып.

— Иә, сонда жүріп неше түрлі сұмдықтарды бастан кешіпті.

— Содан тірі қалған ба? — деді Ақберген тандана үн қатып. Балалар ду күлді.

— Е, тірі болмаса, самолетке қалай командир болып жүреді, — деді Әсия сықылықтай күліп.

— Шынында да, ғажап сезімтал адам екен, ә!

— Әрине, сезімтал адам! Егер сондай ауыртпалықты бастан кешпесе, тілсіз иттің жағдайын қайдан біледі дейсін, — деді Әсия.

— Содан әлгі кісі барып өзі аэропорт қызметкерлерінен бар болған жағдайды анықтайды. Иесіне хабарлау үшін ол газет редакциясына барып, сондағы қызметкерлерге айтқан.

— Нағыз азамат екен!

- Тамаша жан десейші!
- Шіркін-ай, иесі табылса қандай қуанар еді!
- Бәрінен де соны айтсайшы!

Ертеңіне бұл әңгіме бүкіл ауылға тарады. Көп адамдар Әсияның үйіне келіп, газеттегі суретті көрісті. Неше алуан әңгімелер айтылды. Самолет командирінің ерекше мейірбан жан екендігін ризалықпен сүйсіне әңгіме қылды. Қариялар айтты: «Бұл бір дегдар, ерекше киелі ит болды», – деді.

Алпан айтыпты:

– Сол итті газетке шығартқан адам барып тұрған ақымақ екен.

ТӨЛЕПБЕК АТАЙ

Біздің ауылдан біршама ұзақ жерде өзеннің үлкен тұнық иірімі бар болатын. Соның айналасы қалың тал еді. Ауыл балалары сол жерден жиі-жиі балық аулайтынбыз.

Бір күні бесеуміз ауылдан таңертең ертелетіп кеттік. Таң салқынымен балық аулаудың қызығы мол болатынын бәріміз де жақсы білетінбіз. Жол бойы барлығымыз ерекше көңілді болдық. Әнеукүнгі қауын ұрлауға барғандағы хикаямызды айтып, әбден күлістік.

Балықтың қызығымен отырғанбыз. Бір кезде Бейсенбектің үрейлі үні барлығымызды шошытып жіберді.

– Ойбай, қасқыр! Орнымыздан атып-атып тұрдық. Артымызға жалт-жалт қарастық.

Қол созым жерде көк қасқыр бізге шаншыла қадалып тұр. өзі елегзіп, жан-жаққа мазасыздана қарайды. Құлағы тіп-тік. Әлгі ел айтатын көкжал арланның дәл өзі. Тіліміз байланды да қалды. Әу деуге дәрмен жоқ. Бір-бірімізден көмек тілегендей, бірімізге біріміз жалтақ-жалтақ қараймыз.

Іле-шала тал арасынан ат тұяғының дүрсілі құлағымызға жетті. Артынша-ақ тал тасасынан төгілме жалды сары аттың басы қылтып көріне берді... Әлгі қасқырымыз артына қайрыла бұлаң етті де, алға қозғала берді.

Төлепбек атай! Иә, Төлепбек атайдың дәл өзі! Уһ деп демімізді бір-ақ алдық. Қасқырымыз көз алдымызда итке айналып сала берді. Осы жайға Бейсенбек әлі сенбестік білдіргендей, анадай жерге барып, шоқиып отырған итке тесіле қарап қалыпты. Менің қорқынышым су сепкендей басылды. Жүзімізге қызғылт нұр жүгіре бастады.

— Оу, бокмұрындар, немене таң атпай астарыңнан су шыққан ба? Ол ақсия күліп, атының басын бізге қарай бұра берді. Өлі қылау шалмаған ірі тістері көзге ерекше көрінеді. Барлығымыз жүгіріп келіп, сәлем бердік.

Төлепбек атай толық денесімен селкілдей күліп:

— Әй, көкебастар-ай! Көп жасандар! Дәу жігіт болындар! — дейді. Үлкен алақанымен кішкене қолымызды аялай ұстап, еркелете сілкіп жатыр. — Немене, олжа көп пе?

— Көп, ата, көп.

— Жарайсындар, жарайсындар! Дұрыс-ақ! Оу, шіркін десейші, бала болғанға не жетсін! Өзінше бір тәті қиялға беріліп, толқып тұр. Көзі жасаураған секілді көрінді. Содан соң ол бәрімізді ойлы көзімен жағалай, сүзе қарап шықты. Байқаймын, Бейсенбек өзінен-өзі қуыстанып, менің артыма қарай ысырылып, шегіне түсті. Ол осы сәт өзінің күдікті қимылымен біздің түнгі жорығымызды әшкерелеп қоятын секілді көрініп кетті. Оны аяғыммен нұқып қалдым. Ол селк етті де, бойын қайта түзеп алды. Файзолла да осы жайды аңғарған болу керек, арадағы қолайсыз үнсіздікті бұзып жіберді. Ол итті нұсқап:

— Ата, мынау итті қайдан алғансыз? — деді.

— Ә, — деді ол даусын соза, күле сөйлеп, итке сүйсінген раймен көз салды. — Әлгі біздің шопыр бала қаладан сатып әкепті. Аттай жүз сом екен құны.

— Туһ, не деген қымбат! — Файзолла соншама әсерлі мәнгермен дауыстап жіберді. Ол өткендегі шал мен бала арасындағы түнгі әңгімеден ит құнының қанша екендігін анық білсе де, алғаш естігендей сыңай көрсетті.

— Жок, қайдағы қымбат! Қайта бұл арзаны. Өзінің бір таныс шопыры болған соң арзан беріпті. Алғашта көнбепті. Ақыры не керек, жалынып-жалпайып, әке-көке деп көндіріпті. Өзі әлгі солдаттар бағатын иттің тұқымынан екен.

— Овчарка ғой.

— Иә, сол апшарқанның нағыз өзі.

— Алғашта қасқыр екен деп қалдық, — деді Ақберген.

— Тіпті, үрейіміз ұшып кетті ғой, — деп бас шайқай, езу тартты Құрал. Қарт селкілдей күліп:

— Батыр-ақ екенсіңдер онда! — деді. Ол қасқыр итке сүйсіне қараған қалпы сөзін жалғап:

— Өзі алғашқыдай емес, маған үйренейін деді. Әу баста «какалап» шақырғанда мойын бұрмаушы еді, енді-енді үйреніп келеді, — деп жымыып қойды.

Көп құпиясын ішке бүккен көздеріміз бір-бірімен мағыналы пішінде түйісіп өтті. Бейсенбек қана мазаң ойдан әлі айыға алмаған халде.

– Қауын деген де балалардың көз құрты ғой. Әнеукүні сол біразы келген болу керек. Мына антұрған онда қазақшанды сезбейтін. Қуып кеп берсін-ай топырлатып. Аналар да қашты-ай дейсің. Ойпыр-ай, өзімнің де зәрем қалмады. А деп аузымды ашып үлгергенше болған жоқ: «Ойбай», – деген ащы дауысты естідім. Осы буын-буыным құрып, аяғым аяғыма шалынып, құлауға шақ қалдым. Біреудің көзінің ағы мен қарасындай баласы мерт болды-ау деймін ішімнен күбірлеп. Біз қарт әңгімесіне сықылық-сықылық ете күлеміз. Атай біздің әңгімемізді өзінше жорып тұр.

– Әй, неге күлесіңдер? Өтірік деп тұрсындар-ау, ә?! Осы жондарыңнан бұзау тіс қамшымен жосытайын ба! Айбарлы, зілді сөз айтқанмен, үнінде еркелету бар.

– Әлгі қасымда тұрған Жанбөрі деген ақымаққа айқайлаймын: «Әй, әлгі «кә-көнің орысшасы қалай еді?» –деймін сасқанымнан.

Қойшы, сонымен не керек, түнімен төсекте дөңбекшіп жата алсамшы.

– Неге, ата?

– Ойбай-ау, қызық екенсіңдер, қалай жатпақпын. Біреудің өрімдей жас баласын Төлепбектің қаладан алдырған иті жарып тастапты деген сұмдық емес пе? Әлгі жүгермек бәрін бүлдіріп жүрген мылтық атып. Әй, өзінің шекесін түнімен мүжідім-ау. Қош, сонымен таң азаннан ауылға тарттым. Салған бетте барған жерім – аурухана. Бірақ, ішіне кіру қайда? Сыртты қарауылдаймын. Жаманат жоқ сияқты. Сыртқа кірген-шыққандардың қимылында бөтендік жоқ.

Әлгі қобызшы Сағынтайдың сары әйелі шығып келеді екен майпаландап. Шыға бере тиісіп келеді. Өзі менімен қатты ойнайтын қу мүйіз.

– Әй, шолақ, жай ма? Құлқын сәриден неғып қылқиып жүрсің?

– Е, жайдан-жай адам жүре ме? Әлгі дәрігерің қайда, соған жолығатын шаруам бар еді, – дедім жайбарақат.

– Дәрігер сені қайтеді? Асарыңды асадың, жасарыңды жасадың, сені емдеп не қылады, – деп қотыр сөйлейді.

– Ата, сізді неге шолақ дейді? – деп қалды Ақберген. Мен төтесінен қойылған сұраққа қолайсызданып қалдым.

Төлепбек атай күле түсіп, барлығымызды жанарымен шола қарап, сол қолын көрсетті. Бас бармағы жоқ екен. Оның орнындағы кішкене тұқылды әрлі-берлі қозғап қойды. Іштен тыныс тартып тұрмыз. Төлепбек атай бас бармағының орнына қарап отырды да:

– Мұны ит жеп қойған, — деді. Ду күлдік.

– Немене, сенбейсіңдер ме? — деп ол бізге қулана қарады.

– Әрине, сенбейміз! — Ойнақы үнмен еркін еркелей жауап бердік.

– Әрине, сенбейсіңдер. Сендерге өтірік — маған шын. Ит жегені рас. Бұл жолы бөлекше салмақпен айтты.

– Сонда қалай болған? — дедім мен.

– Кешегі соғыста немістердің тікен темірінің ар жағында болдық қой. Содан бірде қашып шыққан жай болған.

– Ит ұстаған ба, сонда?

– Иә, дәл айтасын. Тап осы апшаркадай ит. Түрі қандай кәпірдің. Ауыздары кере қарыс. Түрін көрсен төбе құйқан шымырлайды. Жандалбаса қылып бетті қорғалап, кеудеме мініп алған иттің аузын қолмен сабалай беріппін. Өздері қандай долы. Осы бас бармағымды бытыр еткізіп шайнап жібергенде, шыңғырып жібердім. Әлгі иттің балалары да, ой, бір келе салысымен керзі етіктің астына алды.

Менің денем түршігіп кетті. Алып ит арандай аузымен тап менің қолымды қыршылдатып шайнап жатқандай сезіндім. Менің серіктерімнің барлығының өңінде ерекше түршіккен қалып бар. Жүздерінде әлгіндегі ерке күлкінің титімдей де іздері қалмапты.

– Содан не керек, тепкілеп немістердің Дахау деген тірі тозағына апарып бір-ақ тықты. Азаптың көкесін сонда көрдік. Ол бір азап болса, екінші азап қол болды. Шайналып кеткен бас бармақ күндіз-түні ұйқы көрсетпей қойды.

– Дәрігерге көріндіңіз бе?—деді Файзолла.

– Балам-ау, қайдағы дәрігер. Олардың ең асыл дәрісі — жұдырық пен мылтықтың дүмі емес пе.

– Енді қалай жазылды?

– Е, лагерьде менімен бірге түскен бір орыс жігіті бар еді. Сол бір күні иод тауып әкелді де, кішкене бәкісімен бармақты шорт кесіп тастады. Сөйтіп барып көзімнің жарқ етіп ашылмасы бар ма.

Аз уақыт ойланып қалған атай көк шым үстіне бауырын төсеп жатқан қасқыр итке ойлана қарап:

– Е, бұл ит дегенді біздің халық жеті қазынананың бірі деп тегін айтады дейсің бе. Жарықтық, қасиетті ғой. Тек жақсының қолына түссе қазына да, жауыздың қолына түссе дүлей ғой ештеден тайынбайтын, – деді қабағын түйіп.

– Ал, жақсы, балалар, мен сендерді біраз жолдан қалдырдым-ау деймін. Әлгі совхоздың парторғы шақыртқан екен соғысқа қатысқандар суретке түссін деп. Жаңа мына антұрған қарсақ па, түлкі ме, білмеймін, қыңсылап қуа жөнелмесі бар ма табан асты. Әйтеуір, осы тал арасында адасып қалды, – деді. – Сөйтіп жолымды бөгегені.

Біз қарт соңынан бірқауым уақытқа шейін қарап тұрдық. Бір кезде ол бұрыла беріп, дауыстай айқайлады.

– Айтпақшы, ауылға соғып тұрғайсындар. Құдайға шүкір, сендер жерлік қауын-қарбыз бар, – деді.

– Жарайды, ата!

ТӨЛЕПБЕК АТАЙ МЕН САМОЛЕТ КОМАНДИРИ

Даулы әңгімені бірінші бастаған – Құрар.

– Жаңағы кісінің әңгімесі сенімсіз сияқты.

– Неге?

– Егер ол концлагерьден қашса, немістер оны неге атып тастамаған?

– Қызық екенсің. Егер қолға түскеннің бәрін жаппай ата берсе, жұмыстарын кімге істетеді, – дедім мен.

– Қойшы-ей, Ерлан! Осы сен-ақ білгішсіне береді екенсің. Өз көзіңмен көріп пе ең?

– Өз көзіммен көрмесем де, өз аузынан естідік қой.

– Сол да дәлел ме?

– Неге дәлел емес. Тіпті талай кинолардан көріп те жүрген жоқпыз ба? Соларды да өтірік дейміз бе? Ауылдағы ақ бас Әбілданың Польшадағы лагерьде болғанын естіген жоқсың ба?

– Рас! Рас! – деді балалар мені костай кетіп, Құрар иығын қикаң еткізді.

– Әрине, сен естімейсің ондайды. Былтыр 9 Мамырдың алдында болған кездесуде кереметтей қылып әңгімелеп етіп бергені қайда?

– Қашан?

– Әрине, сен Алпан екеуің естімей қаласындар ылғи. Біз саған соққанда: «Қойшы-ей, сол батырларыңды. Солармен

кездеспей-ақ қойдым. Одандағы атымды өзенге жайып келмеймін бе», — деп кергігенің қайда? Құрар желкесін қасып, күмілжіп қалды.

— Қайдам? Есімде жоқ.

— Әрине, сенің есінде болмайды. Себебі, сенің миыңды құрт жеп қойған. Тап әнеукүнгі газеттегі командир ше? Сол да есінде жоқ па? Ол да концлагерьде болған еді ғой, — деді Файзолла Құрарға ұнатпаған көзқараспен тесіле қарап.

— Ол кісі қай концлагерьде болған? — деді ол айтылған жайға енді иланған қалып танытып.

— Дахауда, — дедім мен. Файзолла елең ете қалды.

— Қай жерде дедің?

— Дахауда. Германияда.

— Пәлі! Мына қызықты қара! Жаңағы Төлепбек атай да Дахауда болдым деген жоқ па? — деді Файзолла екі көзі ұшқындай.

— Мәссаған, безгелдек! Мен ол кісінің айтқанын естісем де, ойыма келмепті, — деп алақанымды соғып жібердім. Айтпақшы олар бір-бірін танитын шығар.

— Мүмкін.

— Сұрау керек қой онда.

— Дұрыс айтасындар.

— Шынында да бірге болуы ғажап емес.

— Ол кісінің фамилиясы мен атын білесіндер ме? — деді Бейсенбек.

— Оны білу оңай. Әсиядағы газетте бар.

— Онда тамаша болды дей бер.

— Егер бірін-бірі білсе бар ғой, кереметтің көкесі сонда болады.

— Айтпа. Біздің барлығымыз да бір түрлі желпініп қалдық.

— Мұны Төлепбек атайдан қашан сұраймыз?

— Сол да қиын ба? Үйіне барамыз, — деді Файзолла. Осы сәт менің басыма өзгеше ой ұялады. Егер ол жүзеге асса нағыз қызық сонда болады.

— Менің басыма бір ой келіп тұр, — дедім желпіне сөйлеп.

— Қандай ой?

— Біз Төлепбек атайға бұл туралы әзірге ештеңе айтпайық.

— Неге?

— Сол. Төлепбек атайдың Дахауда болғаны белгілі емес пе?

— Иә, белгілі.

— Самолет командирінің де сол жерде болғаны рас қой.

— Рас.

– Ендеше біз мұны алдын-ала елге дабыраламай-ақ қояйық. Ең алдымен командирге хат жазайық. Сол кісіден анық-қанығын біліп алғаннан кейін барып, атайға хабарлайық. Сонда керемет болмай ма?

– Табылған ақыл! Қызбалау Файзолла қуана қол шапалақтады.

– Сосын тағы бір айтатынымызды естен шығарып алмайық.

– Нені?

– Біз ол кісіге барлығымыздың атымыздан рақмет айтуымыз керек.

– Не үшін?

– Сізге үлкен рақмет. Сіздің тілсіз хайуанға жасаған ерекше қамқорлығыңыз үшін деген сияқты. Мен серіктерімнің жүзіндегі құптаушылықты айқын аңғардым.

– Әкел қолыңды! Файзолла менің қолымды сілкі қысып жіберді. Оның көзінде жарқыл ойнайды.

Мен өзімше қиялға беріліп кеттім.

Төлепбек атай мен самолет командирі екеуінің қатар құшақтасып түскен суреті газетке басылыпты. Екеуінің екі езуі құлағында. Суреттің астына былай деп жазылыпты: «Дахау концлагеріндегі достар 35 жылдан соң табысты. Оларды табыстыруға көмектескен Мәншүк Мәметова атындағы орта мектептің алтыншы класс оқушылары Ерлан Аманжолов, Файзолла Жәкиев...» Өз ойыма өзім жымып қойдым.

Серіктеріме көз салдым. Құрар ғана әлдебір мазасыз ойдан арыла алмай отырған секілді.

Мен онаша қалған сәттерде самолет командирінің бөгде иттің тілсіз қасіретін ұққан сезімталдығы туралы жиі ойлайтынмын. Шынында да тілсіз жануардың көзіндегі үнсіз қасіретті аңғара білу дегеннің өзі керемет емес пе.

Осы бір ғажайып ит тағдырымен таныс болған күннен бастап біздің балалардың бойында өзгеше бір көңіл күйі пайда болғандығын мен ерекше сезініп жүрдім. Ерекше тілекшіл ниет, қамқор көңіл тал бойларын билеп алғандай. Сонау, алып Москваның бір түкпіріндегі кішкене күркешіктегі қасіретті иттің, ерекше адал мінезді иттің тағдырына ортақтасып, жас жандары жанашырлық танытып, тыншусыз бір қалыпқа ауысқан. Айтар әңгімеміздің көбі осы төңіректе өрбиді. Әрқайсымыз әр бөлек қиялға берілеміз. Ажырасқан ит пен адасқан иесінің кездесу сәтіне дейінгі бос, белгісіз уақыт аралығын сан алуан түрлі сәтті, қияли оқиғалармен толықтырамыз.

Біздің ойымызша, ит иесі шетте жүріп, өзінің алыста қалған адал досын ойға алғанда, ет жүрегі езіліп шыбын жанын қоярға жер таба алмайтын шығар. Оның иесі, біздіңше, өте тамаша адам. Себебі иесі ондай болмаса, соншалықты адал, шынайы берілген, асыл қасиетті ит болып тәрбиеленуі ақылға сыйымсыз.

Иесі қай жерде жүр екен десейші. Мүмкін, ол қардан көз ашпайтын қиыр солтүстіктің сонау алыс түкпірінде қызметте жүрген болар. Немесе сұрапыл дауылда, боранда мұз төсеніп, қар жастанып, тыным таппай, аса маңызды тапсырмамен жүрген шығар. Тіпті газет оқуға да қолы тимес-ау. Әлде ұзақ ауырып, не өліп... Жо-жоқ. Ондай тамаша адамды мұндай ауыр үкімге қалай қиярсың.

Осы секілді ойлар тізбегі мені оңашада көп мазалап, тыным бермейтін.

«ФАНТОМАСТАН ЖАЛЫНДЫ СӘЛЕМ»

Балық аулап болған соң суға түстік. Енді жыли бастаған су жанға жайлы рақат екен. Бір кезде Ақберген:

— Келіндер, жалақ ойнайық, — деді. Бұл ұсынысқа қуана келістік.

— Ал, ендеше, жалақ менде! — деп Ақберген өзі құлаштай ұрып жүзе жөнелді. Бәріміз оның соңынан ентелей ұмтылдық.

— Ұстандар, ұстандар! — деп, өзен бойын жанғырықтыра айқайлаймыз.

Құмарымыз қанғанша ойнап болған соң, күнге қыздырынуға кеттік. Біз шешілген тұстан сәл аулақтау жерде калың, майда құмқайыр болушы еді. Соған барып жаттық.

Құм қыза бастады. Жалаңаш денемізді жартылай көміп алып, әр әңгіменің басын бір шаламыз. Бір кезде әңгімеміз Алпанға ауды.

— Сол қырсықты қойшы, — деп Файзолла жақтырмай калды. Бейсенбек:

— Бәрінен анадағыны ойласам, шегім қатады, — деді.

— Қайсысы? — дедім мен.

— Әлгі командир болып барып, шалбарын жыртып қайтатыны ше?

— Е, е! Жапа-тармағай күлісіп жатырмыз.

— Сенің де қатырғаның шамалы. Сенің «ойбайың» Төлепбек атайдың жүрегін жарып жібере жаздапты, — деп Ақберген сылқ-сылқ күледі. Бейсенбек қызарқтап:

– Бірақ, мен тап сондай сылтаушыл емеспін ғой, – деп ақталғандай үнмен. – Және де қырсық сөйлеп көрген емеспін.

– Рас, – деді Файзолла, – Алпанның өзімен кетсін. Бейсенбектей дос табыла бермес бәрімізге, – деп оны еркелете арқадан қақты. Біз Бейсенбекті жуас, момақан мінезі үшін жақсы көретінбіз.

– Алпанның сылтаушылдығын бүкіл ауылдан іздесең таба алмассың. Бейсенбегіміз біздің алтынымыз емес пе, – деп Ақберген оны иықтан қақты. Бейсенбек қызара жымындайды. Сенгіш, аңқау жүзінде бөлекше сүйкімділік ойнайды.

– Ерлан, осы көктемдегі сенбілікке Алпан қатысты ма? – деді Ақберген маған қарап:

– Жоқ, қатысқан жоқ. – Файзолла әңгіменің басын басқа жаққа аударып жіберді.

– Сонда бір керемет болды-ау. Елдер айтады ғой, біздің ауылда өмірі мұндай керемет сенбілік болған емес деп.

– Сол жолы бүкіл ауылды жаңғырықтыра ойнатып қойған музыкасының өзі бір тамаша болды емес пе. Ылғи да бір марштар.

– Бір қызығы, көшемен кетіп бара жатқанда дененді еріксіз тік ұстап, басынды көтеріп аласың.

– Көшемен сап түзеп жүргеннің өзі неге тұрады. Қызылды-жасылды, сондай жарасымды.

– Кемпір-шалдар, кішкене балалар, үйдегілер көшеге шығып қарап тұрғанда, осы бір түрлі болып кетесін.

Әрқайсымыз әр тұстан жарыса сөйлейміз. Бір кезде Ақберген ойлы пішінде:

– Осы марштар ойналған кезде, неге екенін білмеймін, денем бір түрлі шымырлап кетеді. Әйтеуір, түсініксіз бірдене, – деді.

– Тек сенің денен шымырлай ма? – деді Файзолла. – Мысалы, ағайым айтады. Әскерде үш километрлік кросс жиі болады дейді. Сонда солдаттар мәреге жақындай бергенде, оркестр марштар ойнайды екен.

– Не үшін? – деді Бейсенбек танданған райда.

– Ана шаршап келе жатқан адамдарға күш беру үшін де.

– Өте қызық екен, – деп бас шайқады ол.

– Сен өмірі танданумен жүргенің сол. Осы мейрамдарда да көрмейсің бе. Ат жарыс болғанда ел неге қиқулап айғайлайды дейсің? Сонда ат өзінен-өзі құтырынып, күшейіп кетеді емес пе, – деді Файзолла қызына сөйлеп.

– Рас, – деді Бейсенбек басын изеп.

— Сен өмірі мойындауды ғана білесің, дәу басым, — деп мен Бейсенбекті танауға шертіп жібердім.

Біраз уақыт үнсіз жаттық. Бір мезетте Файзолла басын көтеріп, арманшыл, сезімтал көңіл күйде:

— Музыка деген шынында да керемет қой. Далаға кейде оңаша шықсам, осы айқайлап тұрып өлең айтқым келеді де тұрады.

— Ал сен ше. Мен де сүйткім келеді, — деді көтеріңкі үнмен Ақберген.

Әңгіме қайта жалғасты. Файзолла әлденені есіне түсіре алмағандай қинала ойланып:

— Ерлан, әлгі бізге айтып берген тамаша әңгімендегі батырдың аты кім еді? Ойға түспеуін қарашы.

— Қай батыр?

— Әлгі ағаш аттың ішіне жасырынып, соғыс ашатын айлакер батыр ше?

— Одиссей ғой.

— Иә, иә. Ол да музыканы өле сүйген, ә?

— Жок, ол тындаған музыканың ғажап күші болған. Сол ән салған аралдың тұсынан өткен қай адам болмасын, ол аралға соқпай кетпеген. Бірақ, ешуақытта қайтып кері оралмаған.

— Сонда Одиссей — өзін дінгек ағашқа байлатып қойған емес пе еді?

— Неге? — Бейсенбек Файзоллаға аузын аша қарап қалды.

— Неге болсын, аралға еріксіз кетіп қалмас үшін.

— Басқа серіктерін ше?

— Басқаларының құлағын балауызбен бітеп тастаған.

— Кім?

— Кім болушы еді. Одиссей де.

Бейсенбек айтылған әңгіменің мәнісін енді ұғынғандай, арманшыл жүзбен көзін көкжиекке қадап:

— Шіркін-ай, сол музыканы біз де тындасақ қой, — деді.

— Е, сосын сенің әке-шешене не дейміз? Өліп қалған дененді аралдан барып тауып алыңыздар дейміз бе. Айналайын, бөлеңнен аулақ. Құрар оған қулана қарап қойып, бізге көзін қысты. Ақберген, Файзолла үшеуміз шегіміз қатқанша күлдік.

«Шынында да, сол бір ғажайып сазды тындасаң ғой. Қандай керемет әуен болды екен, ә!» — деп мен де өзімше бір ойға берілдім. Бейсенбек айтқан қиял менің көңіліме өзгеше бір қозғау салғандай. Көзімді тарс жұмып алып, бетімді құмға төседім. Жұмсақ, жайлы қыздырған күн көңіл-күйге шуақ ұялататындай.

Көз алдыма көгілдір тартып, жартасты жағалары жұмбақтанып көрінген арал елестеді. Бүйра-бүйра талдар мен сұлу, сұңғақ шынарлардың сыбдыры құлағымға келгендей. Ақырын толқып жатқан көк теңіздің үстімен сонау алысқа жол тартып бара жатқан жібек желкенді кеме үстінде, дінгекке Одиссей емес, мен байлаулы тұрмын. Файзолла, Бейсенбек, Ақберген, Құрар төртеуі шағын кемені жанталасып есіп келе жатады. Бәрінің құлақтары балауызбен... жоқ, пластилинмен бітелген. Қыңыр ойыма еріксіз жымыдым. Қиял қанаты әрі қарай қалықтай түседі.

Қатарымда төгілме, үлбіреген ақ жібек көйлек киіп, Әсия мен Гүлназ тұр. Екеуінің қатарында әлгі атақты ит бар. Ол сонау алысқа қадалып тұр. Анда-санда маған ойлы жанарымен, ерекше мейіріммен қарап қояды. Біздер оны сонау солтүстікке, иесіне алып барамыз. Бірақ, жолымызда көп асулар бар. Ең қатерлісі де, алдамшысы да әлгі ән салғыш арал. Аралға таяна бергенде өздерінің құлағын тас қылып бітеп алған балалар менің құлағымды тығындамақ болған. Бірақ, өзімді дінгекке мықтап тұрып, кеудемнен шандытып тастатқанмын. Файзолла сұраулы пішінде қыздарды қайтеміз дегендей маған қарады.

— Құлақтарын бітейік пе? — деді. Мен бітетпедім. Дінгекке байлайық па деген. Мен байлатпағанмын.

Аралдың тұсынан өте бердік. Сұлу саз, ғажайып саз төгілді-ай келіп. Құдай-ау, мынау көк аспанның астында, жердің үстінде осыншалық тіл жеткізіп айтқысыз ғажап ән болады екен-ау. Тал бойым еріп, есеңгіреген бір күйдемін. Астыңғы ернімді қырши тістеп, айқайлап жіберуге шақ тұрмын. Шыдап-ақ тұрмын. Одиссей дінгекке байлаулы тұрса да өзін-өзі жұлып жеп қойған ғой. Әсия мен Гүлназ ән алғаш естілгенде-ақ есінен тануға аз қалған. Бір кезде олар бар дауыстарымен шыңғыра:

— Айналайын, Ерлан, кемені бұршы, — деп жылай жалынды. Мен екеуінің қолынан тас қылып ұстап алып, жібермей тұрмын. Ит болса аралға қарай жұлқына ұмтылған екеуіне жон жүнін күдірейтіп кес-кестейді.

Олар барынша келіп жалбарынады. Бірақ, мен жіберер емеспін. Осы бір сын сәтте өзімнің ерекше төзімділігіме, ұстамдылығыма қайран қалдым. Ең батыр, ең айлакер Одиссейдің өзі сиқыр құс сиреналар әнін естігенде, жер-көкті жұлып, дінгек ағашты тепкілеп, бақырып-шақырған. Өзімнің беріктігіме өзім дән ризамын. Қанша дегенмен қасымда қыздар тұр ғой.

Ит жүгіріп, сиқырлы арал тұсынан өте бере қуана қыңсылап, менің кеудемдегі қыл арқанды тырмалай бастады. Шағын

кеменің үстіндегі шағын аланда су бетіне ойнақ салған сазандай шоршып-шоршып келіп секірді-ай бір! өмірінде ешқашан бұлай қуанбаған шығар...

Тәтті қиялдың кең байтақ аралын еркін аралап бара жатқан мені Файзолла кері қайтарды.

— Кеттік Жайыққа! Алақан арқамнан шарт етті. Атып-атып тұрыстық та, өзенге қойып кеттік. Сүңги жарысып, жағаға шыға келсек, о, сұмдық, киіміміз орнында жоқ! Көзіміз ұясынан шығып кетті.

Шешінген орнымызды тінте, өз көзімізге өзіміз сенбегендей, айналдырып, қайта-қайта қараймыз. Жоқ!!! Мәссаған, безгелдек!

Менің көзіме анадай жерде ағашта ілулі тұрған ақ қағаз түсті.

— Ананы қарандар! Жоғымыз табылғандай, жүгіріп-жүгіріп барыстық. Қағазға қара күйемен баттитып тұрып: «Фантомастан жалынды сәлем!» деп жазыпты.

Бейсенбектің көзі атыздай болды.

— Фантомас! Сонда Фантомас осы ауылға да келген бе?! Оған жауап берер дәрмен болған жоқ.

— Бұны кім істеген?

— Кім? Кім? — Бір-бірімізден сұраймыз. Үрей алған көзімізге қараудың өзі бұл сәтте қорқынышты еді.

Енді не істедік? Шарасыз бір халде су жағасына тыр-жалаңаш қалпымыз сылқ-сылқ отыра кеттік. Бейсенбек жылан арбаған торғайдай, көзін жазудан алар емес.

ДАЛ БОЛУ

Бесеуіміз жер соғып қалдық. Не істерімізді білмей, бір-бірімізге жаутаң-жаутаң қараймыз. Кімнің келуі мүмкін? Біздің бұл жаққа кеткенімізді өзіміз қатарлы балалардың ешқайсысы білмейді.

— Мүмкін, Алпан алған шығар?

— Жоқ, ол осыдан үш күн бұрын қалаға, ағасының үйіне кетті деген.

— Рас, ол ауылда жоқ.

— Мүмкін келген шығар?

— Қайдам.

— Сонда ол сонау ауыл жақтан осында ерінбей келуі мүмкін бе? — деді Бейсенбек.

– Неге келмесін, әбден келеді, – деді Файзолла шырт түкірініп тастап, – егер қаладан келсе.

– Мүмкін басқа бір балалар ойнап істеген шығар, – деді Бейсенбек үміт үзбеген халде.

– Ол да мүмкін, – деді Құрар.

– Кім бұлай ойнайды? – дедім мен есіме әлдекімдерді түсіргім келіп.

– Енді не істейміз? Бейсенбек шарасыз халде, айналасына антарыла қарады.

– Ойбай, ана бір кісіні қара! Ақберген қол шошайтқан жаққа жалт қарасак, бір аттылы кісі өзеннің арғы жағасымен бара жатыр. Шоқ талдың тасасына қойып-қойып кеттік.

– Бізді байқады ма?

– Байқаған жоқ-ау деймін.

– Ақырын сөйлесеңдерші.

Атты кісі жақындай берді.

– Ақберген, мынау сенің көкең ғой, – деді Құрар.

– Дәл сол кісі! Бейсенбек қуана дауыстады. Жоқ киіміміз табылғандай болып қалдық.

– Бұл кісі қайда барушы еді? – дедім Ақбергенге.

– Шабын жаққа бара жатқан болар, – деді.

– Осы кісіге киіміміздің ұрланғанын айтсақ қайтеді? – деді Бейсенбек.

– Сөз болғаныңа. Сонда не деп айтамыз? – деді Файзолла.

– Қызық екенсің өзін!

– Киіміміз ұрланды дейміз бе?

– Сонда сенің киіміді қайдан таппақ? Аспандағы айды көріп таба ма?

– Ауылға барып айтады емес пе? Файзолла қолын бір-ақ сілтеп:

– Иә, сонда біздің тыржалаңаш қалғанымыз бүкіл ауылға жария болсын демексің бе? – деді.

– Ол кісіге ешкімге айтпаңыз демейміз бе?

– Ешкімге айтпаса, киімді кім табады? Осы сен қызық екенсің өзін, – деп, мырс етіп күлген Файзолла басын шайқады. Ақбергеннің әкесі қатарымыздан өтіп кете барды.

Мен айттым:

– Кім болса да бізді біраз қорқытқысы келген шығар.

– Қорқытқанда осылай қорқыт деп пе ек? – деді Ақберген.

– Егер киімімізді әкеліп бермесе не істейміз? – деді Құрар.

– Онда ел орынға жайланып жатқан кезде барамыз да, – дедім мен күліп. Файзолла маған көзін қысып қойып:

– Жол бастайтын Бейсенбек болды, – деді.

– Ойбай, қой, Ақберген бастасын!

– Жоқ, өзің баста, – деп ыршып түсті.

– Ойын бір басқа, әзіл бір басқа. Егер киімімізді әкеліп бермеді дейік, сонда не айла жасаймыз? Мен мәселені қабырғасынан қойдым. Төртеуінің де жүздері салмақтанып, сабырлы қалыпқа ауысты.

– Иә, не айла жасаймыз? Файзолла ойлы пішінде бөрімізге жағалай көз салды. Ақберген бір кезде қуанғандай жүзбен:

– Оһо, мен таптым! – деді.

– Нені?

– Таптым!!

– Айтсайшы енді. Оның жүзіне ынтыға көз тіктік.

– Былай, – деді ол көзін сығырайтып. – Қараңғы түсісімен ауыл шетіне барамыз.

– Сонан соң көшенің бергі шетіндегі Қантай атайдың үйі бар емес пе?

– Иә, бар.

– Сол үйдің бақшасындағы қарақшыны көріп пе едіңдер?

– Иә, иә, көргенбіз.

– Соған біреуміз арық ішімен ұрланып барамыз да, үстіндегі киімін шешіп аламыз.

– Сонан соң? Бөріміз Ақбергеннің аузының қимылын бағудамыз.

– Сонан соң біреуміз киіп алып, үйді-үйден киім жинаймыз.

– Табылған ақыл! – деді Құрар қолын құшырлана соғып.

– Идея! – деп Файзолла да ризалық білдірді. Бірақ, менің жүзімде ризалықтың титтей де белгісі жоқ болатын.

– Осы идеяларыңның жүзеге асатынына онша сенімді емеспін.

– Неге?

– Неге? Олар елеуресіп қалды.

– Өздерің ойландаршы. Мысалы, үйден танертең шықтық па?

– Иә.

– Кешке дейін үй бетін көрдік пе?

– Жоқ.

– Ендеше үйлерің іздей ме, іздемей ме?

– Сөз жоқ, іздейді.

– Іздегенде де жай іздей салмайды, үреймен іздейді, суға кетіп қалды ма, әлде жардан құлап кетті ме деп.

– Иә, оның рас. Файзолла менің дәлелдеріме мойынсұнған халде. Балалардың жүздеріндегі жылы күлкі лып етіп, тез өшті.

– «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің» деген осы, – дедім бөлекше салмақпен.

– Онда тіпті жақсы, өздері іздеп келсе, – деді Құрар.

– Қалай жақсы болады? – деп дүрсе қоя берді Файзолла.

– Несі жақсы емес. Үйден киім алдырамыз.

– Сонда оларға осы тыржалаңаш қалпыңмен көрінбексің бе?

– Сол да сөз болып па? Олар келе бергенде суға қойып-қойып кетеміз. Сүйтеміз де су ішінен сөйлесеміз. Құрардың сөзіне еріксіз күлдік. Тап осы мезетте:

– Ерлан! Ерлан! – деген жінішке дауыс естілді. Қыздың даусы секілді. Зәреміз ұшып кетті. Дауыс жақындап қалды.

– Ерлан! Ерлан!

– Ойбай, құриық, бұл жерден! – деді Бейсенбек сас-қалақтап.

– Суға түсейік, – деді Ақберген дызалақтап. Бейсенбек жүгірген бетте үлкен шоқ шіліктің тасасына жасырынды. Оның соңын ала біз де кеттік.

Тал тасасынан велосипедтің дөңгелегі көрінді. Хабар екен.

Артына таңған топ киімі бар. Келді де кілт тоқтай қалды.

– Өй, айналайын, Хабаржан!

– Ә, мұнда екенсіңдер ғой! Кішкене сүйкімді жүзінен қуақы күлкінің ұшқыны шашырайды. Біздің мынау таңғажайып халімізге тандана қарайды. Сұрақты қарша бораттық.

– Қайдан таптың?

– Кім алыпты?

– Біздің мұнда екенімізді қайдан білдің?

– Алпан емес пе екен?

– Саған өзі берді ме?

Кішкене Хабар біздің асыға-үсіге сөйлеген қалпымызға жымия қарап қалыпты. Бір уақытта ол:

– Төлепбек атам берді, – деп үш ұйықтасақ түсімізге кірмеген жауап берді. Танданысымызда шек болған жоқ. Тіпті тіліміз байланып қалғандай. Сонда Төлепбек атайдың бізбен ойнағаны ма?! Ерінбей қайтіп келіп алғаны ма?

– Төлепбек атай қайдан алыпты?

– Иті тауып әкеп бөріпті.

– Қой! Рас па? Иті дейді? Көзіміз атыздай болды.

– Иті қайдан тапқан?

– Ағаш арасынан.

– Қалай тапқан?

– Қыңсылап-қыңсылап жүріпті де ізге түсіпті. Бір кезде ағаш арасына кіріп кетіпті. Соның арасынан алып шықты, – деді Төлепбек атам. Бәріміздің таңданысымызда шек болған жоқ.

– Мына қызықты қара! Сонда киімді тыққан кім болды?

– Сен ол кісіге қайдан жолықтың?

– Жолда. Ауылына қайтып бара жатқанда мына киімге жолығыпты. Сонда не істерін білмей тұр екен. Мені тоқтатты да:

– Мына киімдер кімдердікі екенін білесің бе? – деді. Мен:

– Білмеймін, – дедім. Сосын Төлепбек атам айтты: «Мен асығыс едім, сен ерінбесең осы киімдерді алып, өзен жаққа барып қайт», – деді. «Бағана бір топ бала балық аулап отырған. Мүмкін, солар шомылып жүргенде біреулер ойнап тығып қойған шығар», – деді. Сосын осы жаққа әкелдім, – деді Хабар тәмпіш танауы елеуреп.

– Ендеше, біздікі екенін білмесең, неге «Ерлан» деп айқайлайсың? – деді Құрар бір түрлі сенімсіз, дүдәмал үнмен. Ажарында сенбестік нышаны бар.

– Е, оны жолда білдім. Ерланның қалтасында бір ескі конверт жүр. Сонда аты жазылыпты.

– Тырнақтай болып, бәлесін қарай көр, – деп Құрар оның кішкене кекілін сүйсіне, құшырлана ұйпалап жіберді.

– Ал сен өзің қайда бара жатыр едің?

– Мен де сендерді іздеп жүргенмін. Әсия жіберді.

«ӘЛІ КҮТУДЕ»

Біз ауылға жеткенше асықтық. Қатарымызда келе жатқан Хабар өзі шала-шарпы ұғынып, түсінген жаңалығын асыға айтады.

– Өздерің көрерсіндер осыдан. Осы суреті қызық.

– Аанадағы газеттегі суреттен үлкен бе, кіші ме?– дейді Файзолла тағат қылмай.

– Жоқ, үлкен емес. Мұнда тек басын ғана түсірген.

– Сонда қалай, қырын ба, жоқ, әлде...

– Ж-жоқ! Етпетінен жатыр. Алдыңғы екі аяғының арасына басын салып алыпты. Тіпті көзін үлкен қылып түсірген.

– Айтсайшы енді. Не депті? Иесі табылып па?

– Онысын білмеймін. Әсия біледі. Маған сендерге тез барып қайт дегенін ғана білемін.

– Жарайсың, Хабар! Сен болмағанда біздің халіміз не болар еді, ә!—деп Бейсенбек оның арқасынан құшырлана қақты.

– Ал мен кеттім. Сендердің келе жатқандарыңды ерте барып айта берейін,—деді де велосипедімен алға озып шыға берді.

Ақберген айқай салды:

– Әй, Хабар, сен біздің жалаңаш қалғанымызды ешкімге айтып қойып жүрме!

– Жарайды!

– Иесін тапса жақсы болар еді-ау, — дедім мен.

– Бөрінен де соны айтсайшы!

– Меніңше, иесін тапқан соң газетке басқан, — деді Ақберген нық сенген үнмен.

– Тапса, Хабар айтып келер еді ғой.

– Әсия әдейі айтпаған болар.

– Қызық екенсің! Неге айтпайды, сонда жасырғаны ма?

– Е, жасырса жасырады. Мысалы, құпияның сырын бірден айта салса, түк қызығы бола ма? Менің айтқан дәлелім ұзап бара жатқан даудың алдына тосқауыл болғандай.

– Шынында да солай, — деді Бейсенбек жұмсақ қана.

Менің бойымда қунақ қуаныш құтырына ойнақ салады. Адал мінезді асыл иттің иесімен табысқан кездегі тіл айтып жеткізгісіз қуанышын көз алдыма тағы да елестеттім.

Әсия мен Хабар бізді аула сыртында күтіп тұр екен. Жақындай бере Әсияның жүзіне барлай қараймын. Бірақ, оның жүзінде көз қуантар көңілділік жоқ. Мүмкін, әдейі істеп тұрған шығар. Файзолла анадайдан дауыстады.

– Әсия, немене екеуі табысып па?

– Жок. — Әлдекім төбемнен суық су құйып жібергендей болды. Барлығымыз көңілсізденіп қалдық.

– Иесі қайда дейді?

– Әлі белгісіз. Тал түбіндегі орындыққа сылқ-сылқ отыра кеттік. Әсияның қолындағы газетке үнілдік. Ит суреті көзімізге оттай басылды.

– Көзі қандай мұңды еді? — деп Бейсенбек жанашыр үнмен мұңая тіл қатты.

– Шынында да керемет мұңды екен. — Етпеттей жатқан ит суретінің қатарына: «Әлі күтуде»,—деп баданадай үлкен өріптермен айқын жазыпты.

– Әлі күтіп жүр екен ғой, ә! — Ақберген басын тандана шайқады.

– Әлі маңына ешкімді жолатпай ма екен?

– Жоқ, жолатпайды депті. Барлығымыз Әсияның аузынан шыққан әр сөзді аңдып отырмыз. Ол бізді тандандырған үлкен жаңалық айтты.

– Тіпті, бір кемпір сонау Украинадағы Донбастан ұшып келіп, сол итке котлет әкеліп беріпті.

– Қой, бекер болар, – деді Құрар. Алғашында бұған бәріміз сенген жоқпыз. Әсия біздің жүзіміздегі сенбестіктің сиқын байқап қалыпты.

– Е, сенбесендер, өздерің оқыңдар! – деді де, Әсия газетті бізге қарай ысыра салды.

– Міне, қызық! Өзі тіпті әлгі үйге киетін тәпішкесімен келіпті, ә?!

– Нағыз Қожанасыр кемпір десейші онда! – Құрар сенбестік танытқандай қалыпта басын шайқай беріп:

– Мүмкін, Москваға басқа шаруамен келген шығар? – деді барлығымызға барлай карап.

– Пәлі, сенің өзің дұрыстап оқысаңшы. Мына жерде Донбастан ұшып келіпті де, торға салып әкелген котлеттерін берісімен қайтадан ұшып кетіпті депті ғой, – деп мен саусақ ұшымен газетті оған сыза көрсеттім. Әлгі бейтаныс кемпірдің ісін оғаш көрген балалар жымың-жымың етіседі. Әсия ұнатпай қалды.

– Неменеге күлесіндер? – деді.

– Е, күлгізбейсің бе? – деді Ақберген қызарақтап.

– Сен олай құр күлгенше, мына газеттегіні жөндеп оқы. Содан соң күл, – деді Әсия ашулы үнмен.

– Сонда ана Краснодардан келген агрономға да көнбеген екен ғой, ә, – дедім мен Әсияға карап.

– Ол, ол ма, бір кісі редакцияға хат жазыпты. Мұндай тамаша, адал итке ескерткіш соғу керек. Мен өз атымнан сол ескерткіш үшін елу сом ақша саламын, – депті.

– Оһо! Міне идея, – деді Файзолла.

– Ендеше мына қызықты қарандар!

– Ол не?

– Бір топ оқушы балалар ақша салып жіберіпті.

– Неменеге?

– Итті тамақтандыру үшін.

– Қай жақтың балалары?

– Сібір жақтан, Молдавиядан. Құрар жүзіндегі күдік ізі көмескі тарта бастағандай.

– Е, ендеше, біздер неге салмаймыз? Біз де салайық та, – деді Бейсенбек елпелек қағып. Оның бұл пікірі менің көкейіме қона кетті.

- Өте дұрыс! Шынында да салсақ салайық.
- Қалай саламыз?
- Почтамен жібереміз де.
- Адресін қалай жазамыз?
- Сол да қиын болып па. Аэропорттың бастығының атына салсақ болды емес пе.
- Онда дұрыс. Сонда қаншадан жинаймыз? – деді Ақберген.
- Бір сомнан болса ше? – деді Құрар.
- Файзолла Құрарға қиғаш қарады. Ол кипактап қалды.
- Енді нешеден?
- Екі сомнан, – деп Бейсенбек кесіп айтты. Мен оның бұл шешіміне риза болдым.
- Келістік пе?
- Келістік!

КҮТУ МЕН КҮДІК

Біз газет редакциясына, самолет командиріне жазылған хаттан жауап күтіп, шыдамсызданып жүрдік. Әрдайым почтальон Асанның жолын тосамыз. Бірақ күткеніміз болмайды. Ішімізден күдіктенушілер де табылды. Әсіресе, Құрар:

– Ол кісі ерігіп жүр деп педіндер. Содан жауап келсе мен сөзді қойдым, – деген.

Біздің аэропорт бастығының атына салған ақшамыз да ауылда біраз әңгіме болғанға ұқсайды.

Ақша қабылдап отырған толық оператор келіншек Ырымжан біз барғанда біраз айқай шығарған. Ақша аударатын бланканың «Хат үшін» деген тұсындағы жазуды көргенде қолындағы қаламсабын үстелге тастап жіберді.

– «Өз иесін көптен күткен итгі тамақтандыру үшін. Алтыншы кластың оқушылары», – деп бар даусымен самбырлай оқыды да, бізге дүрсе қоя берді.

– Бәле, сендердің мыналарың не сұмдық! Кімді мазақ қылмақсындар? Итке арнап ақша салғанды о заман мен бұ заманда көргендерін бар ма! Даусы ащы шықты. Почта бастығы Ордан ағай сол сәтте жазып жатқан қағазынан басын көтеріп:

– Ырымжан, немене, жай ма? – деді.

– Ойбай, ағай-ау! Мына еріккендердің тірлігін қараңыз! – деп қолындағы бланканы ол кісіге ұсына берген.

Сонда Ордан ағай жымың етіп:

— Ана газетте жазылған итке ғой. Міне, бұларын дұрыс-ақ, — деген. Ол бізге риза болған пішінмен елжірей карағанда, иығымызды басқан зіл салмақ сусып төмен түскендей болған.

Самолет командиріне арналып, аэропорт бастығының атына жолданған хатты сол жолы ақшамен бірге жіберген болатынбыз. Арада бірқауым уақыт өтті. Сабақтың басталуына да саусақпен санағандай күндер қалған. Құрар айтқан күдік көкейіміздегі әлсіз үміттің отын өшіруге айналғандай.

Барлық болған жайдан хабардар Төлепбек атай ауылдағы дүкенге қауын-қарбыз өткізуге келгенде, жолықса бітті, бірінші сұрайтын әңгімесі сол.

— Хат-хабар бар ма? Немене, әлі иесі табылмап па?

Жағымды жауап ала алмаған атай кәдімгідей күйзеліп қалады.

— Ойпыр-ай, ө, әлгі иесі антұрған кәзит оқымайтын қу-ау деймін. Әйтпесе бір шаң берер уақыты болды емес пе! — деп кейиді.

Өздеріміз де неше алуан әңгіме айтысып, неше алуан жорамал жасаймыз.

— Егер иесі итінің Москвада өзін әлі күтіп жүргенін білсе, не істер еді?—деді Файзолла.

— Сөз жоқ, келер еді, — деп сенімді айттым.

— Ендеше неге келмей жүр?

— Білмесе, қалай келеді?

— Сонда білмеуі мүмкін деп ойлайсың ба?

— Неге ойламасқа? Мүмкін ол алыс бір жаққа жұмысқа кеткен шығар. Солтүстік жақта жұмыс істеу ойыншық дейсін бе?

— Менінше, ол білсе де келмей жүр, — деді Құрар ескі дауды қайта тұтатып.

— Сөз болғаныңа! Білсе, көзді ашып-жұмғанша-ақ жетер.

— Ендеше неге аэропортта тастап кетеді?

— Оған таңданатын не бар? Оның аса тығыз шаруамен кетуі мүмкін бе? Мүмкін. Сондықтан итке қарайлауға мүмкіндігі болмаған, мен білсем.

Күн өткен сайын мазасыздануымыз шектен тыс ұлғая түсті. Торы атына мініп, үйді-үйге газет-журнал таратып жүретін Асан да бізді алыстан көрсе, ештене жоқ дегендей бас шайқайды. Ал Алпан болса, біздерді келеке етіп:

— Иттерге ақша салғыш ақымақтар,—деп сыртымыздан көп күлетін көрінеді.

Бұрын да Алпанмен ара-тұра келіспей қала беретін кездеріміз жиі болатын. Бірақ, біршама уақыт өткен соң табысып кете

беруші едік. Дегенмен де, осы соңғы жолы оның кенеттен бізбен көп қосылмай сырғактап сырт жүруіне тандана бастадық.

Ақберген оны түс кезінде екі-үш рет үйінен іздеп те барыпты. Бірақ ылғи да жоқ болып шыға береді. Шешесінен сұраса:

— Білмеймін, неғып жүргенін. Велосипедімен кетіп қалды. Сұрасаң айтпайды,—депті.

Оның соңғы күндері велосипедіне мініп, түс кезінде ауылдан кетіп қалып жүргенін кішкене Хабар да айтты.

Бірде Хабар мамасымен магазинге ілесіп барғанда, Алпанды көрген. Ол бір қорап ине алып жатыпты. Хабарды көргенде қипактап, өз-өзінен қуыстанғандай болған.

— Қармағым сынып қалып еді. Магазинде қармақ жоқ болған соң алып жатырмын, — депті.

— Бұдан қалай жасайсың? — дейді Хабар қазбалай, білсем деген құмарлығын жасыра алмай.

— Ұста атам қыздырып, иіп жасап береді. Сазан түссе де сынбайды екен инеден жасаса, — деген.

Соның артынша, Төлепбек қария бір келгенде, сөз арасында, ауыл жағына бір баланың барып, үлкен арық жағасында еңкедеп, әлде не істеп жүргенін алыстан байқағанын айтқан. Алғашында шөп орып жүрген балалардың бірі деп онша мән бермеген.

Енді бірде ауылдағы сауын ешкілерін арық жағасына қарай айдаған уақытта, әлгі бала шеңгел тасасында тұрған велосипедіне тез мініп, ауылға қарай асығыс кеткен.

— Әй, кімсің? — деп дауыстаса да артына қайрылмаған.

Файзолла да тура шаңқай тал түсте Алпандың велосипедпен тар, таса жолмен үйіне қарай өтіп бара жатқанын байқапты. Жүк салғышында газетке ораған түйіншегі бар екен. Мықтап, шанди таңып тастаған.

ХАТ

Түсте, тал көлеңкесінде кішкене інім екеуміз дойбы ойнап отырған болатынбыз. Көше жақтан әлдекімдердің қызу, дабырласа сөйлескен даусы мені елең еткізді. Файзолланың даусын жақындай келе анық ажыраттым. Үні соншама анық, ашық-жарқын шығады. Орнымнан шапшаң көтеріле бере, жасыл шарбаққа ентелей барып, басымды сыртқа салдым.

Ой, алақай! Қолдарында хат! Шарбақтың басын қаусыра ұстап, сыртқа қалай қарғып шыққанымды білмеймін.

— Келді ме?!

— Келді! Мен қарсы жүгірдім. Олар да жүгірді.

— Рас па? — деймін аптыға.

— Е, көрмейсің бе, міне!

— Командирдің өзі жазып па?

— Дәл өзі! Міне, сенбесең, «Владимир Трифонович Серебряков» деп жазылған.

Бұл қуанғанды қойсайшы! Өз көзіме өзім сенбей, хат сыртын қайта-қайта оқимын. Маржандай әдемі әрі айқын жазылған жазулар мені алдап, көзім бір сәт тайса, жан-жаққа бытырай қашуға дайындалып тұрғандай елестеді.

— Оу, неге ашпай тұрсындар бұл хатты, — дедім мен.

— Жок, ашуға болмайды.

— Е, неге? — деппін мен саскалақтап.

— Барлық балалар жиналсын. Сонда бір-ақ ашамыз. Файзолланың ойын мен бірден түсіндім. Сағындырып жеткен қуанышқа бөрімізді ортақтастырмақ ойы бар. Бір бұрыштан аяқ-қолы жерге тимей жүгіре басып Хабар келді. Тәмпіш мұрны елеурей, діріл қағады. Жылт еткен сорасын тартып қойып:

— Кәне, көрсетіндерші. Келгені рас па? — дейді ентелеп. Ішімнен сүйсініп кеттім. Қарай көр өзін! Тіптен-ақ сүйкімді бала өзі!

— Кімнен естідің?

— Жаңа көрші үйдегі Мұқаш атам айтты.

— Ол кімнен естіпті?

— Оған почташы Асан айтыпты.

— Жарайсың, Хабар. Ендеше, жүгір. Гүлназдарға айт. Бейсенбектерге соға кет. Біз оларды паркте күтеміз.

— Мақұл. Алпанға да айтайын ба?

— Оның өзі ауылда ма еді?

— Ауылда. Жаңа велосипедпен бір жақтан келді.

— Жарайды, ендеше! Айта сал, келсе келер, келмесе қояр.

Хат менің қолымда.

Балалар тез жиналды. Әсия, Гүлназдар да тез жеткен.

— Аш! Аш! Бәрі елеуреп, менің төбемнен төнісіп тұр.

— Байқа, жыртып алма!

— Өзі қалың ғой.

— Абайла. — Әрқайсысы әр бөлек қамқор ескертпелер жасап жатыр.

Конверт ішінен төрт бүктелген хат пен газет қиындысы шықты.

— Дауыстап оқы!

— Асықпай оқы!

— Енді мұрсат беріндерші! Әсия шуылды топқа тыйым салып тастады.

– Ал, тынышталындар! Балалардың барлығы тыныс тартып, тыныш қалды.

Мен асықпай оқи бастадым.

«Саламатсындар ма, қымбатты балалар! Сендердің менің атыма жазған хаттарыңды алдым. Оны маған аэропорт бастығының өзі табыс етті. Барлықтарыңа зор алғыс айтамын. Менің атыма айтылған жылы лебіздеріңе, алғыстарыңа үлкен рахмет. Аэропорт бастығы да өз атынан сендерге алғыс айтты. Сендердің салған ақшаларыңды ол тиісті адамдарға табыс етті. Расы керек, бұл тамаша итті қазір бүкіл еліміз біледі. Оны өздерің газеттен оқып жатырсындар. Әзірге аты ешкімге мәлім емес бұл ғажайып иттің өз иесіне деген сүйіспеншілігі аңызға бергісіз ерлік десе де болғандай. Үш жыл бойы еш күдер үзбей күту дегеннің не екенін өздерің көз алдарыңа елестетіндерші, балалар. Бұл – ғажап! Мен бұл иттің адам секілді қайғыра алатындығын өз көзіммен көргенде, төбе құйқам шымырлап кетті десем, артық айтқаным емес. Оның көзіндегі өлшеусіз, терең сағынышты, жүрек тырнаған ауыр мұңды тілмен жеткізе алар ма екенмін. Жоқ! Мен Дахау концлагерінде болғанымда, туған жерінен шалғай, жау қолында, темір тор қоршауындағы жандардың көзінен тап осындай мұң мен қасіретті сан рет көрген болатынмын. Ал бұл иттің қасірет-мұңы солардікінен еш кем емес. Иә, қайталап айтамын, еш кем емес!

Мен сендерді ерекше қуантуға тиістімін. Осы уақытқа шейін еліміздің әр түкпірінен келген адамдардың ешқайсысына ықылас-ыңғай білдірмеген бұл ит өз иесін таппаса да, өз иесін жоқтатпайтын бір әйелге көндіге бастады. Ол – сонау Минск қаласынан демалыс алып ұшып келген педагог әйел. Итке ат та қойып алыпты. Жаңа аты – Пальма. Жақын арада Минскіге алып ұшпақ. Оның өзі бір ерекше мейірбан, жылы жүзді, сыпайы, сүйкімді әйел екен. Мен оған сендердің хаттарын туралы айттым. Ол сендердей мейірбан, тамаша балаларға менің атымнан сәлем айтыңыз деп өтініш етті. Мінеки, балалар, әлгі ит туралы жаңалық осы. Мен сендерге барлық ризашылық пейілімді білдіре отырып, былай дегім келеді: тілсіз жануардың барлығы да шын қадірлеуге тұрады. Әсіресе мындаған жылдар бойы адамдардың ең сенімді, адал серігі болып келе жатқан ит туралы осыны айтуға болады. Оларды да түсіне білу керек. Олардың да өзіндік қуанышы, мұңы, қасіреті болатынын ойлаңдар. Оларды орынсыз, қатыгездікпен жәбірлеген жандармен еш аяусыз күресе біліңдер. Сондай адамдар өзі секілді өзге адамдардың да қуанышы мен қайғысына әрдайым ортақтаса

алады. Ізгі ниет пен адамгершілікті өз өмірлерінің компасы, жолбасшысы етеді. Мұндай жандардың өз Отанының сүйіктісі бола алатындықтарына еш күмәнім жоқ.

Мен сендерге өмірде болған мына бір ғажап оқиғалы әңгімені газеттен қиып алып, әдейі жіберіп отырмын. Мұның басты кейіпкері – ит. Осы әңгімені өздерің оқып, ой таразысына салып көріңдер. Ойланыңдар. Ал ең соңғы сұрақтарыңа жауап берейін. Өкінішке орай, мен сендердің қадірлі атайларың Төлепбек Салмановпен таныс емеспін. Мен бірақ сендердің көптеген жерлестеріңмен де бірге болдым. Олар ер көңілді, ақ көңіл, ер жүрек жандар болатын. Ол кісімен таныс болмасам да, менің атымнан Төлепбек атайларыңа жауынгерлік ыстық сәлемімді жеткізіндер. Ол кісінің де Дахауда болған көтеріліс кезінде ерлікпен шайқасқандығына сенемін. Себебі, Дахаудың тозағынан бізді құтқарған сол батыл қимыл еді. Әйтпесе біздің тәніміз күл болып, пеш ішінде жатар еді...

Сау-саламат тұрыңдар. Сабақтарыңды жақсы оқып, үлкен азамат болыңдар, менің кішкене достарым.

Сәлеммен – Серебряков Владимир Трифонович».

Дуылдасып қалдық.

– Қап, атайды танымағаны өкінішті болды-ау!

– Неткен тамаша адам десейші!

– Біздің атай да көтеріліске қатысқан болды ғой.

– Әрине, қатысқан. Қатыспаса, қалай тірі шықпақ.

– Бөрінен де Пальманы айтсайшы!

– Жақсы әйел екен, ә! Қалай көндіріп алған десейші!

– Қойыңдаршы, енді, кімнің жақсы, кімнің жаман екенін.

Мына әңгімені оқысын, – деді Файзолла тықыршып. Газет қиындысы Әсияның қолында болатын.

Осы дудың үстіне Алпан келді. Бәрімізбен иек изесіп, амандасқан болды. Бірақ, оның келгенін ешкім байқамаған тәрізді.

– Оқысайшы енді адамды ынтықтырмай, – деп Файзолла шыдамсызданып тұр.

– Аты қалай өзінің?

– «Кек».

«КЕК» ЖӘНЕ КЕК

«1946 жылғы шілденің ыстық күндерінің бірінде Бранденбург провинциясының шағын қаласындағы совет коменданты подполковник Сергей Кузьминскийге комендатураның

кезекшісі мына оқиғаны баяндады: тал түсте орталық көшеде бір ит, неміс овчаркасы, кім екені әзір анықталмаған, көшеде кетіп бара жатқан біреуді бас салған. Арпалыс үстінде адам да, ит те өлген.

— Иттің иесі ұсталды ма? — деп сұрады Сергей Александрович.

— Жок, — деді кезекші күмілжіп. — Ол сіздің Верныйыңыз көрінеді, жолдас подполковник.

— Верный ма?—деп таңқалды комендант. — Сіз шатастырып тұрған жоқсыз ба, ол өзі кәріліктен үруден де қалған.

— Оны оқиғаның болған жеріне барған лейтенант Ильченко таныпты. Кезекші бұл жолы салмақты сөйледі.

Болған оқиғаға әлі сене қоймаған Сергей Александрович үйімен хабарласты. Әйелі серуенде жүргенде Верныйдың бір із тауып өршелене аласұрғанын айтты. Күтпеген жерде құлағы қайтадан есітетін болып, ызалана қыңсылайды. Біраз уақыт иесіне көнеді де, кейін қарғы бауын жұлып қашып кетеді.

Әбігерленген комендант машина шақыртты. Ол жол үстінде жұмбақ оқиғаға байланысты жайларды іздестіріп еді, нәтиже шықпады.

Верный Кузьминскийлерге соғыс басталардан бір жыл бұрын келді. Бұрын ол Сергей Александрович басқарған заставадағы тандаулы шекарашы ит еді. Кузьминский ең жауапты тапсырмаға достығы шекарада аңызға айналған кіші сержант А. Сухов пен Верныйды жіберетін. Ал бірде...

Сол түні застава участогінен фашистік барлаушы Курт Шнейдер диверсанттар тобымен шекарадан өтуге әрекет жасады. Андрей Сухов жаудың сан жағынан басымдығына қарамай, ұрысты бастады. Застава бастығы жауынгерлермен келгенде бәрі тамамдалған еді. өлтірілген алты диверсанттың екеуінің түбіне Верный жеткен екен. Соңғы минутына дейін өзінің досы әрі иесін қорғаған Верный қашып құтылған жалғыз адамның — Курт Шнейдердің — оң қолының үш саусағын жұлып алды.

Ұрыста Андрей Сухов казаға ұшырады, ал ит алты жерден ауыр жаракаттанады. Оны ажалдан құтқарудың сәті түсті, бірақ, жазылғаннан кейін үруді қойды. Тіршілікке бей-жай болды.

Верныйдың адалдығы мен батылдығына риза болған капитан Кузьминский оны өз үйіне «өмірлік пенсияға» алды.

Коменданттың соңғы күдігі ветизоляторға келгенде тарқайды: цементтелген еденде көлкіген қанға батып Верныйдың өлігі жатты.

— Әлгі өлген адамның кім екені анықталды ма? — деп сұрады комендант түксіе түсіп.

— Әзірге анықталған жоқ, — деген қысқа жауап қайтарылды.

— Мені сонда апарыңыз!

Жамылғыны алып тастағанда, Сергей Александрович айқайлап жібере жаздады. Ол өзіне суреті бойынша кезінде әбден белгілі болған фашистік барлаушы, соғыс жылдарында Украинада жан түршігерлік айуандық жасаған кәнігі гестапошы Курт Шнейдерді таныды.

Жендет өзінен ежелгі кектің қайтарылатынын еш ойламаған шығар. Ит сегіз жыл дерлік дұшпанның иісін ұмытпай, кек алу сағатын күтті».

Өңгіме аяқталғанда айналаны таңырқасқан үн кеулеп кетті.

— Сегіз жыл бойы еш ұмытпай жүру деген кереметтің кереметі емес пе?!—деді Файзолла көзі ұшқындай, айналасындағы балалардың жүзіне жүгірте көз салып. Неге екені белгісіз, көзім осы сәт Алпанға түсіп кетті. Өңі күлдей болып кеткен екен. Жанары жасқаншақ тартып, үрейге толған. Менен күреніткен жүзін аударып әкетті. Осы мезетте бөлекше бір беймаза ой кішкене кеудемде төңкеріле аунап түскендей болды...

Ертеңіне-ақ мен Төлепбек атайдың ауылына жол тарттым. Хат әкелген қуанышқа қартты да ортақтастырғым келді.

— Ой, қасиетіннен айналайын-ай, ә! Онысы абзал болған екен. Аты не дейді?

— Пальма.

— Пальма, Пальма! Бір аяулы әйел болды десейші иман жүзді. Бәрінен әлгі командир азаматты айтсайшы! Қолына хатты ұстаған күйі әрлі-бері аударып-төңкеріп қойып:

— Азаматқа рахмет! Екінің бірі бұлай етпейді. Еріккен қулар-ау деп, жазғандарынды жырта салатындар, Құдайға шүкір, бүгінде көп.

Хат қағазының қасиеті бардай, жалпақ алақанымен оны тізесіне салып сипап отыр, сипап отыр. Қолы дір-дір етеді. Осы кезде үйге еңтіге басып, Жанбөрі кірді. Қолында газетке оралған түйіншегі бар.

— Ата, мына қызықты қараңыз. Біреу анау арық жағасындағы шеңгелдің түбіне тастап кетіпті.

— О, немеңе?

— Ет.

— Ет?! Қария қолындағы хатты маған ысыра берді де, Жанбөрінің қолындағы түйіншекке қол қозды.

Газет орауының ішінен бір кесек ет шықты.

— Қай тұстан таптым дедің?

— Арық маңындағы топ шеңгел маңынан.

— Тоқта, тоқта! Атай басын кілт көтеріп алды. Әлдебір жайды ойға түсіруге оңтайланған секілді. Қалың қастарының арасы түйіле берді.

— Кеше бір баладан қалған болар. Өзінің белесепеті бар болатын. Өзі алдыңғы күні де келген. Сол баланы кеше де ешкілақ қайырып жүріп жолықтырып едім. «Тоқта!» — деп, айқайлағанда, алды-артына қарамай зытқан. Бұдан соң ол ойланған қалпы:

— Өзінің жүрісі тым сұйық көрініп еді, ә, — деді. Етке жиырылып жатқан жыландай секемдене, сезік ала қарады.

— Пышақ әкелші, — деді Жанбөріге. Ол еліктей лыпып, киіз үйге кірді де, жып етіп тез шықты.

Қария күнге шағылған ақ кездікпен еттің ортасын тіліп жіберді. Қылпыған кездік етке елі бойы енбей жатып, шақ етіп, өлденеге тірелді.

— Ә, бәсе-ау, ойлап едім, бұл неғылған батпан құйрық деп. Кездікті былай ысыра беріп тілінген тұсты қолымен ашты. Жылан тіліндей жылт етіп, өлдене күнге шағылды.

— Ине ғой мынау! — Жанбөрі шегін тартты. Қарттың жүзі күренітіп кетті.

— Ә, нәлет, итке ине салмақ болған екен-ау, ө! Басын ауыр шайқап соншама бір ауыр, мұнды жүзбен Жанбөрі екеумізге көз тастады. Етті қолға ұстап көтеріп қалғанда, оның астына жабысқан тілдей қағаз жалбырап көріне берді. Кесек етті аударып қалғанда қағаз бетінен қан қызыл жазу көзге шалынды. «Фантомастан сәлемдеме!».

Жанбөрі жазуды айқайлай оқыды. Қарт аузын ашып, таңырқаған қалыпта екеумізге кезек-кезек көз салады.

Менің тұла бойымнан суық тер шып-шып шықты. «Өй, атаңа нәлет, Алпан!» — деп, айқайлап жібере жаздадым. Бәсе-ау, кішкене Хабар әлгі бір әңгімелерді тектен-текке айтып жүрген жоқ екен ғой. Баяғыда киімімізді тонайтын да сен сүм екенсің ғой. Жымысқы, ұры тірлік сенің қолыңнан да келе бастағаны ма! О, сүм Алпан! Кекшілдік пе, бұл не сонда?! Баяғы бір жыртылған шалбар үшін ішіңе бықсық кек түйген сен мүлдем оңбассың деймін ішімнен. Адам кектескенде де осылай кектесе ме екен.

Қол созым жерде бейбіт, маңғаз пішінде жатқан қасқыр итке қараймын. Анда-санда қарт қолындағы етке мойын соза

карап, танауын жыбырлатады. Өнешке барып окша қадалар топ инені ойыма алғанда, жон арқамнан мың сан садақ жебесі шаншыла қадалғандай әсерде болдым. Қасымдағы екі жанның не айтып, не қойып жатқаны құлағыма қос қолдап итерсе де енер емес. Тор ішіне қамалған тиіндей дызалаң қаққан мазасыз ойлар басымда әрлі-берлі алас ұрып кетті.

Санамның сонау түкпірінде өз иесін аңсай күткен асыл ит соншама адал, соншама сенгіш, риясыз бір қалыпта алыстан қол бұлғай, ұры жандай сыбырлай шақырған Алпанға бұлың ұрып, еркелеп бара жатқандай. Ол қолындағы кесек етті әуелете келіп лақтырды. Пальма бөлекше ширақ, шапшаң қимылмен оны жерге түсірмей қақшып алды да, толғай жұтып жіберді. Кенеттен бар даланы, кең даланы басына көтере қаңқ етіп, жан ұшыра ойбайлап, төрт аяғы жерге тимей, безіп ала жөнелді.

— Ах, ах! Ах, ах! — Осы сәт Алпан, жоқ Алпан емес Курт Шнейдер, жо-жоқ, Алпан... жанталасқан иттің өлер сәттегі, қимылына рақаттана карап, қос бүйірін таяна, бар даусымен қарқылдай күледі.

Сол кезде мен оның қасына тақалып келе беремін. Ол безек қағып жүрген итті маған нұсқай көрсетеді... жұдырығым тас түйін болып түйіле береді. Қорғасындай көрінбес бір салмақ келіп жұмулы жұдырығымның ішіне жиылып жатыр, құйылып жатыр. Зор салмақ оң иығымды төмен қарай тұқырта тартып барады.

Ол... Алпан, жоқ, Алпан емес, Курт Шнейдер, жо-жоқ, Алпан... азу тісі ақсия, бар даусымен дарақылана, қарқылдай, күлген үстіне күле түседі. Түкірігі төгіліп, ауаға шашырайды. Оның ұсақ тамшылары күнге шағылып, бос кеңістікте ала құйындай құтырына ұйтқып жүр. Әлгі ұсақ тамшылар бір сәт жалт-жұлт еткен мың-сан өткір инелерге айналып сала береді. Олар кірш-кірш етіп қадалар жас тән, жұмсақ денені аласұра іздейтіндей.

Мен кеудемді шегіне жеткізе керіп, ауаны ішіме сыйғанынша жұттым. Денемді оңға қарай бұра ыңғайлап, зіл батпан жұдырығымды шегіне жеткізе артыма қайырдым (Достарым менің, менің осы сәттегі теріс қылығым үшін кешіріндер, бірақ...).

Иә, зіл батпан жұдырығымды шегіне жеткізе, артыма қайырдым.

— Бах! Даусым күркірей шықты. Сом салмақты жұдырық Алпанның шықшытының астынан барып, сарт етті.

Домалай безіп бара жатқан ит емес, Алпан болып шықты. Домалап барады, домалап барады...

— Ой-баа-ааа-ийй!

Басымды сілкіп-сілкіп жібердім де, көзімді аштым. Елес ойдан өзер айықтым. Жұдырығым, шынында да, тас түйіліп, саусақтарым қарысып қалыпты. Өзер жаздым.

Төлепбек пен Жанбөрі екеуі етті инеден арылтып болып қалған екен. Жайылған газет шетіне бірқауым ине тізбектеліп қалыпты. Соңғы инені қойып жатқан Жанбөрі:

— Он болды, — деді. Иығынан зор салмақ жерге аунағандай желпіне сөйлеп.

— О, сұмдық, — деп Төлепбек атай жағасын ұстады.

Инеден арылған етті айналдыра аз қарап тұрды да, итке лақтырып тастады.

— Бұл иттің не жазығы бар, ей! Қай бала болды? Ешкімге зөбір қылған сияқты емес еді, — деп, сұраулы пішінмен маған қарады.

Мен қарттың ауыр көзқарасына төтеп беруге тырыстым. Алпан бастаған жорықтың ішіндегі бардың біреуі менмін ғой. Бірақ, көз деген сұм ұры ғой. Қарт шаншылып қарай берсе, сыр алдырып қоятындаймын. Бірақ, атай көзін аударып әкетті.

«Әй, арамза Алпан-ай, адамды от пен суға салып қойдың-ау. Мына бір қуанышты хабар үстінде сол түнгі жасаған кінәларды мойындай кетсем бе деп ықылас етіп келген едім, бір жағынан. Қарт жүрегінен ескен мейірім мен адалдық алдында балалық айыбымды мойындамасқа лажым қалмай келгенін қайтейін. Келгенім келген-ау, бірақ сенің сұмдығыңның үстінен түстім ғой. Бәсе, кеше түсіннің күлдей болып бұзылуы тегін емес екен ғой».

Мен сол күні қарт ауылында кешке дейін болдым. Бірақ, бұл жолы болған шындықты айтқан жоқпын. Келесі бір сәті түскенде айтуды жөн көрдім. Самолет командиріне жазылған хаттың жайын айтқанда, қарт шын риза болған көңілмен мені арқадан қақты. Командирдің ыстық сәлемін шынайы көңілмен қабыл алды. Ал «Кек» хикаясын қарт ерекше таңырқай тындап, аяқтағанда:

— Ой, қасиетіңнен айналайын-ай, ә, — деп басын ұзақ шайқап отырып қалды.

Алпанмен сөз басқа болмақ. Онымен өзіміз сөйлесеміз. Төлепбек қарт алдында Алпанның маскара қылығын әшкерелеу

тым ауыр болмақ. Ақ қағаздай адал қарт көңілі әлгіндей сұмдықтың «авторы» – біздің кластас серігіміз Алпан екенін білсе, тым-ақ жүдеп, көңілі қоңылтақсып қалатыны даусыз. Сенген жүректі, адал жүректі жаралау аса ауыр ғой. Кешегі соғыс өртін, неміс концлагерінің азабын көрген қарттың бейбіт шақтағы көңілі аспаны бұлтсыз, бұрқасынсыз болғаны қандай жақсы.

Ал Пальма мен Верныйдың адалдығы мен ерлігін ауыл адамдары, әсіресе, балалар көпке дейін аңыз етіп, айтып жүрді.

Жоғарыдағы конкурстың III жүлдесін иеленген (1981 жыл)

САРЫ СӨМКЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДОСТАРЫ (ертегі)

1

Мұның өзі өте әдемі, ерекше сұлу Сөмке еді. Өзінің түсі де ашық, ұясынан жаңа көтерілген сап-сары Күн секілді-тін. Сыртына салынған бояулы суреттері көздің жауын алады.

Расында да, алуан түске құлпырта бояған Допты алдына салып, қуалай теуіп бара жатқан кішкене сүйкімді Қонжық жүрегінді еріксіз елжіретеді. Қос құлағы қалқайып, күлім қаққан көзінде қаншама мейірім тұнып тұр десейші. Допты шиыра тепкеніне, тегі, өзі ерекше риза болса керек. Тап осындай Сары Сөмке мектепке алғаш барғысы келген қай балаға болса да үлкен қуаныш әкелмей ме?!

Сары бояулы сұлу Сөмке қаладағы қоймадан ауылдағы дүкенге, машинамен кешке қарай келіп түсті. Сатушы қыз оны әкеліп төрдегі сөренің жоғарғы жағына қойды.

Ол түні бойы қараңғы дүкенде өз-өзінен тыпыршып, дөңбекшіп, еш тыныш жата алмады. Ертең таң азаннан ашылған дүкенге лап қойған жұрттың көзі өзіне бірінші болып түсетінін ол алдын-ала болжап үлгерген еді. «Қандай балаға тап болар екенмін?» – деп ойлаған Сары Сөмке сонау фабрика ауласында достасқан Қонжық аюға өз сырын айтуға оқталды. Бұған дейін екеуі бірімен-бірі әлі тілдесіп көрген емес-ті. Бірақ, кішкене Қонжық өз иесі – Сары Сөмкемен тап осылай пікірлесем деп ойлаған да жоқ болатын. Ал ертең екеуінің, екеу емес-ау, Доп үшеуінің тағдыры «ақылды» деген Адамның қолына біржола өтетін күн ғой.

– Қонжық, әй Қонжық! – Тас қараңғыда тура құлағының түбінен естілген дыбыстан Қоңыр Қонжық селк ете түсті. Ол Сары Сөмке тап бұлай сөйлеп қоя береді деп еш күтпесе керек. Көзіндегі күлкінің ұшқыны сөніп, ынғайсызданып қалған Қонжық:

– Немене, жәй ма? – деді даусы дірілдеп.

– Мен сені ұйықтап қалған екен ғой десем... – Көңілдене сөйлеген Сары Сөмке сөзін әрі жалғады: – Қандай баланың қолына тап болар екенбіз, ә?

– Қайдам?

– Мен, неге екенін білмеймін, тіпті, тынши алар емеспін. Бағанадан бері өзімді қанша қыштасам да ұйқым келер емес, – деді Сары Сөмке.

Мұнауоды білмейтін Қоңыр Қонжық осы бір сәтте ғана кәдімгідей ойланып қалды. Бір кезде сықылық-сықылық етіп күле сөйлеген дауыс екеуінің көңілін аударып әкетті. Сөйтсе Доп екен.

– Маған бәрібір. Сендер қорықсандар қорқа беріңдер. Мен өзім қорықпаймын! – деді ол батылдық танытып.

– Е, неге? – Екеуі қосарлана сұрады.

– Маған бәрібір!

– Неге бәрібір?

– Мен үшін жақсы бала да бір, жаман бала да бір.

– Жок, сен олай деме, достым Доп! Ал, жарайды, өзі тентек, өзі салақ баланың қолына түстің дейік. Бір айға толмай жатып-ақ бет-аузымызды шимайлап, сатпақ-сатпақ кір болып жатсақ, оның несі жақсы?

Доп тағы күлді:

– Жок, әншейін әзілдегенім ғой. Тіпті мына қараңғыда ішім пысып кетті.

Сендер бір сөйлеп қалсын дегенім ғой. Мына Қоңыр Қонжық болса жалқауси бастады. Өзі ұйқыға тым құмар болып бара жатыр, – деп кішкене аюды бүйірден бір нұқып өтті.

– Е, онда дұрыс, – деді Сары Сөмке сабырлы қалыпта асықпай.

Қоңыр Қонжық Сары Сөмкенің жоғарғы бұрышына барып тұра қалған Допқа жымия қарады да, жұдырығын түйіп қойды. Ойыншыл Доп оған қарап, аузын қисаң еткізді. Осы сәтте ойын тілеп тұрған Қонжық қорбаң етіп, ұмтыла түсті де, Сөмкенің бетімен оны шыр айналдырып қуалай жөнелді.

– Иә, ұстарсың! Саған шаңымды көрсетсем бе осыдан! – Сықылық-сықылық етіп, жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға, онды-солды қашқан ойыншыл Доп Қоңыр Қонжыққа қарасын көрсетер емес. Сары Сөмке екеуінің ойынын қызықтап күліп тұр.

– Әйтеуір, сені ұстамай қоймаймын, – деп Қоңыр Қонжық Доптың соңынан сонда да қорбаландап қалар емес.

Екеуінің ойынын біраз қызықтаған Сары Сөмке олардың жуық арада тоқтай қояр түрі жок екенін аңғарды. Біраздан кейін ол:

— Жә, жетер енді! Тынышталындар! Келмей жатып айқай-шуға басқанымыз өзгелерден ұят болар, — деп екеуін тәртіпке шақырды.

Қоңыр Қонжық пен ойыншыл Доп айыздары әбден қанған болу керек, жүгіріп-жүгіріп барып, өз орындарына тұра-тұра қалысты. Екеуінің де жүздерінен Сары Сөмкеге деген ыстық ықыластың табы аңғарылады. Бір-бірімен алғаш рет тілдесіп, сөйлескен күні-ақ екеуіне қамқор көзбен қарап, еркелете ойнатқанына дән риза.

Шаршаған екеуі тез арада ұйықтап кетті.

Сары Сөмке біразға дейін толқулы халде болды. Ол ертенгі күнді мазасыздықпен ойлап, аунақшып біраз жатты.

Әрне, оған ойламасқа да болмайтын еді. Қанша дегенмен Сары Сөмке екеуінің ағасы секілді емес пе?!

Ол қалғи бастады. Бүйірлері де аздап ауырып қалған тәрізді. «Антұрған мына екі тентек те біраз асыр салып тастаған екен-ау», — деп жымыып қойып, бір бүйіріне аунап түсті...

Сары Сөмке түс көрді.

Кекілі желмен желкілдеген әп-әдемі, көз жанары жарқ-жүрқ еткен бір сүйкімді бала мұны қолына ұстап, көкке көтере айғайлап, алға жүгіріп бара жатты.

— Сөмкемді қарандаршы. Өзі сондай әдемі! Іші толған кіл «Бестік!»

— Кәне-кәне!

— Міне, міне! — Әлгі бала кілт тоқтады да, мұның аузын төмен қарай төңкере салды. Міне, ғажап! Осы кезде ол өз көзіне өзі сенбеді. Кілең бір әп-әдемі, қып-қызыл «Бестіктер» көк шалғынның үстімен қаптай жарысып мәз-мейрам болып, шапқылап бара жатты.

Бұдан соң түс кілт үзілді де, Сары Сөмкенің құлағына әлдекімдердің сыбырласқан, күбірлескен үндері жеткендей болды.

«Бұлар кімдер?» — Ұйқылы-оюу жатып, бір сәтке селк еткен Сары Сөмке тың тыңдап еді, әлгі әлсіз естілгендей болған дыбыстар жым болды.

Ол тез арада қайта қалғып кетті.

2

Сары Сөмке кателескен жоқ еді. Сөренің қарсы бетінде жатқан Бояу Қарындаштар мынау Сары Сөмке, Қоңыр Қонжық, Ойыншыл Доп — үшеуінің сырына әбден қанған-ды.

Тар қорапқа тығылысқан Бояу Қарындаштар олардың әңгімесін естіген соң үлкен ойға қалды. Бағана олар ойнап жатқан кезде бұлар үн-түнсіз жатып, бірін-бірі бүйірден түрткісіп қалып еді. Олардың әңгімелері мен сықылықтай ойнап жүргендегі дыбыстарын тыныс тарта тындап, ұзақ жатқан. Әсіресе Қызыл Қарындаш булығы сыбырлап, сыртқа шығуға сонша талпынды. Амал нешік, тар қорап алтауын тыпыр еткізбей қойды.

Сары Қарындаш тістеніп:

– Қап, ең болмаса, ана Қоңыр Қонжық пен Доптын ойынын көре алмадық-ау! – деп кәдімгідей қиналды.

Көк Қарындаш өкпелей сөйледі:

– Алты айдың жүзі болды, әлі жарық дүние көргеніміз жоқ, – деп күнк етті де, бір бүйіріне қарай қысылыса аунап түсті.

Жасыл Қарындаш тосын ой айтты:

– Қайдан шықса, одан шықсын, алтауымыз қосылып, қорапты сыртқа қарай итерсек қайтеді?..

Қызыл Қарындаш мырс етіп күлді де:

– Қайдан итересін, басынды да, аяғынды да сірестіріп бітеп тастаған, – деп, ол әрекеттен ештеңе шықпайтынын ескертті.

– Тіпті титтей де саңылаудың жоқ болуын қарашы, өбден тұншығып-ақ құритын болдық, – деп жарық күнге құмар Сары Қарындаш қатты қынжылды.

Қара Қарындаш көп сөйлегенді онша ұната бермей-тін. Мінезі де сондай салмақты. Ол бағанадан бері ой үстінде жатқан. Сары Сәмкені ерекше ұнатып, сонымен достасуды армандады. Кейбір жалқау, тентек балалардың Қара Қарындаш пен Қоңыр Қарындашты қалай болса солай бастарын тістелеп, аяқ астына лақтырып тастай салатын жаман әдеттерін бұрында сырт әңгімеден есітіген. Сондықтан да Сары Сәмкенің ойы ө дегеннен-ақ мұның көкейіне қона кеткен. Осы сәт ол бар пәрменінше: «Сары Сәмке! Бізді өз қасыңа алшы. Сенімен біздің дос болғымыз келеді!» – деп айғайлап жібергісі келді. Бірақ, өзге серіктері мұның бұл ойын құп көрсе ғой. Қатарындағы Қоңыр Қарындашқа сыбырлап еді, ол қуанып қалды.

– Тіпті жақсы! Ойың тамаша екен! – деп қызу қостады. Өзге қарындаштар да елендесіп:

– Ол не?

– Ол не? – десіп қалды. Қоңыр Қарындаш толқуын жасыра алмаған күйі:

– Анау Сары Сәмкемен достассақ қайтеді дейді. Меніңше, мұнысы табылған ақыл сияқты, – деді.

– Өте орынды!

– Тіпті тамаша болар еді! – Сары Қарындаш күдігін жасырмады.

– Ал жалқаудың қолына түсіп қалсақ қайтеміз? – деді.

– Тәуекел етеміз де! Қашанғы жата берейік! – Көк Қарындаш шешімін кесіп айты.

– Сонда Сары Сөмкенің қасына қалай барамыз? – деді Жасыл Қарындаш баяу сөйлеп.

– Қайдам?!

– Қайдам?!

Бір орнынан екінші орынға ауысып көшу бұлар үшін дүниедегі қиынның-қиыны болды. Барлығы әрі ойланды, бері ойланды, бірақ, еш нәтиже шығара алмады. Біртүрлі мұнайысқан халде тар қорапта қысылып ұзақ жатты. Қанша дауыстап қосыла айқайлағылары келгенмен тар қорап бұларды онсыз да тұншықтырып, көміп тастайды. Әрі Сары Сөмкенің бұлардың ұсынысын бірден қабылдап, құп ала қоюы да екіталай ғой. Бұрын танысып, жолығысса бір сәрі. Олар мұны ойлағанда едәуір абыржып қалды.

«Енді не істейміз?».

3

Бұлардың қатарында сурет салуға арналған Альбом жатыр еді. Ол да бағанадан бері дүкен ішінде болып жатқан мынау ғажайып оқиғаларға қайран қалып көз ілмеп еді.

Бояу Қарындаштардың бүгінгі тосын мінездеріне қатты танданды. Жасыратыны жоқ, Альбом оларға алғашында кәдімгідей өкпеледі. Өкпелемей қайтсін, көптен бері көршілес, іргелес жатқанда бұған бір ауыз тіл қатып, сырларын айтпапты. «Тіпті, бірімізсіз біріміздің өміріміз қызықсыз болатынын неге ойламайды екен, ә?» – деп іштей налыды. «Мені тастап, күні бүгін келіп түскен Сары Сөмкеге құшақ жая ұмтылғандары тіптен ұят қой». Альбомның бойын қызғаныш оты өртеді. Ол сол бұртиған қалпы, теріс қарап, көпке дейін үндей қоймады.

Дегенмен де мынау тосын оқиға біраздан соң бұған өзгеше ой салайын деді. Өзіне-өзі келген соң, ол таққан кінәсінің орынды-орынсыз екеніне ой жүгіртті. Ең соңында басты кінә өзінде екенін мойындады. «Бар бәле өзімде, баяғыдан бері тіл қатып, қамқор көзбен қарасам, олар тап бұлай жасамас еді-ау. Және де бұлар дүкенге менен көп кейін келіп түсті емес пе?

Сонда меің жасаған үлкендігім, қамқорлығым қайда?!» – деп ең сонында ой қорытты. Бірақ, өзінен көп кіші Қарындаштар алдында кінәсін мойындап, кешірім сұрауға келгенде кежегесі кейін тартып, жалған намыс жетегінен ұзап шыға алмады.

Жалпы, Сары Сөмкені өзі де іштей жек көріп жатқан жоқ. «Ақкөңіл әрі ақылды мұндай Сөмке бүкіл әлемде біреу-ақ шығар!» деп қиялдай ойлаған ол қарсы беттегі сөре жаққа көз салды.

«Өзінің мінезі тым жақсы, тіпті, соншама кішіпейіл. Қоңыр Қонжық пен Ойыншыл Доптың соншама еркелігін көтеру де оңай шаруа емес. Қандай мейірімді! Дегенмен, өздері соншама тату тұрады екен!» – деп сүйсіне ойлаған ол көпке шейін тәтті сезім құшағында жатты. Бір кезде жарқ еткен ой Ақ Альбомды өз нұрына бөледі. «Апыр-ау, мен неге Бояулы Қарындашпен достаспаймын. Әй, осы мінезім-ай! Тура аузымды буып тастағандай болмай, соларға бір ауыз жылы лебіз білдіріп, тіл қатсам, басымдағы бағым тая ма?».

Қиналған Ақ Альбом өзіне тақау, бұйыға түсіп, ұйқыға кеткен Бояу Қарындаштарға қамқор көзбен алғаш рет елжірей қарады... Бұдан кейін қарсы беттегі сөреде тұрған Сары Сөмкеге көз салды. Бояулы Қарындаштар секілді оның қатарына қарай барудың жолын ойлады.

Ақ Альбомды Сары Сөмкенің нағыз досы болуға жарайтын, сенімді серік екеніне шүбәсіз сенген. Оның асыл қасиетін ойлағанда, оған деген сезімдегі құрмет шексіз арта түскен еді.

«Сөмкенің қасына қалай барсам екен, ә? Қой, болмас, мыналармен ақылдасайын», – деген шешімге келді.

Бірақ, ол Бояу Қарындаштардың ұйқысын қимай біраз тұрып қалды...

4

Мұқабасы жалтырап, әсем суреттермен безендірілген Әліппе дүкен ішінде болып жатқан барлық әңгіменің мәнжайына толық қанған еді. Ол тап бүгінгідей бір ғажап оқиғаның болатынын бағанадан-ақ сезгендей болған. Сатушы қыздың қолындағы Сары Сөмке сөренің шеткі жағында тұрған мұны сүйкей барып, қарсы бетке орналасқанда, Әліппенің бойы дір ете қалған. Өзі-өзінен қуанып, көптен күткен досына жолыққандай жымия күліп еді. Сары Сөмкеге алғашқы бетте-ақ тіл қатуға оқталып-оқталып барып қайтқан. Бірақ, туғалы әдептің ала жібін аттамаған Әліппе сәтті кезенді күтіп қалған. Ол өзінің

Сары Сөмкемен етене танысып, түбі біржола достасып кететіндігіне, неге екені белгісіз, біртүрлі сенімді болды. Соның ішінен өзі болашақта алғаш орын алатынына шек келтірген жоқ. Ақылды Сөмкемен достасудың өзі неге тұрады! «Тегі ондай Сөмке алып жүрген баланың жалқау, сотанақ, салақ болуы мүмкін емес қой», — деп нық сеніммен ойлаған Әліппе ай жарығымен көзге айқын шалынған Сөмкеге қарады. Күлім көзді Қоңыр Қонжық бұған қарап көз қысқандай болды. «Қарай көр өзін, жымындауын!» — деп Әліппе сәл-пәл дауыстап жіберіп еді, Қоңыр Қонжық бұған жалт бұрылып:

— Әй, неге тыныш жатпайсың? — деді. Бірақ, үні жұмсақ. Мұнымен тап осы сәтте-ақ ойнағысы келіп тұрған секілді. Әліппе бойын тіктеп сыбырлай сөйледі.

— Ақырын сөйле! Сөмке оянып кетіп жүрер, — деді.

— Иә, оның да дұрыс, канша дегенмен өзі әбден шаршады, білем.

— Сен неге ерте оянып кеттің?

— Ей, мына бір айдың сәулесі көзіме шақырайып... таң атып қалған екен десем... — Қоңыр Қонжық терезеге қарап қойып, керіле есінеді. Содан соң:

— Қой, ұйықтайық енді, — деп көзін жұмды.

Әліппе Қонжықпен тілдескеніне қуанып қалса да, оның «Қой, ұйықтайық» дегенін онша қаламады.

Ол қайткен күнде де біраз әңгімелесем деген ойда еді. Қатарында жатқан Ақ Альбом мен Бояу Қарындаштардың ояңғанын сезді ме, бір батыл іске бел байлады.

— Қонжық десе, әй, Қонжық?!

— Не?

— Ұйқың келді ме?

— Иә.

— Мен саған бірдеңе айтайын ба?

— Ол не?

— Ренжімейсің бе?

— Жоқ, ренжімеймін.

— Менің сенімен достасқым келеді. Оған қалай қарайсың?

— Менің де достасқым келеді. — Қонжық көтеріңкі үнмен сөйледі.

Әліппе:

— Онда үлкен рақмет! Бірақ, сәл ақырын сөйлеші! Сары Сөмке шаршады ғой, кішкене ұйықтасын, — деді.

— Жарайды, саған да рақмет!

Ақ Альбом мен Бояу Қарындаштар қозғалақтап қалды. Әліппе даусын кенеп қойды да, тағы былай деді:

– Қонжық десе.

– Ау!

– Ұйқың келді ме?

– Онша емес.

– Мен саған тағы бірдене айтайын ба?

– Ол не?

– Ренжімейсің бе?

– Жок, ренжімеймін.

– Менің достарымның да сенімен достасқысы келеді. Оған қалай қарайсың?

– Олар кімдер?

– Ақ Альбом мен Бояу Қарындаштар.

– Неге достаспасқа?! Әбден болады!

– Рақмет!

– Саған да рақмет!

Әліппенің қатарындағы серіктері мәз болып қалды. Оның аса қамқор пейіліне шынайы ризашылық білдірді. Ақылды Әліппе ойға алғанын жүзеге асырмайынша тыншу табар емес. Біраз сабыр тауып жатты да, әңгімені қайта бастады.

– Қонжық десе.

– Әу!

– Ұйқың келді ме?

– Онша емес.

– Мен саған бірдене айтайын ба?

– Ол не?

– Ренжімейсің ғой?!

– Жок, ренжімеймін, – деп Қонжық күле жауап берді.

– Әй, қайдам-ау? – Әліппе әдейі дүдәмал үнмен сөйледі.

Қонжықпен әзілдесудің өзі оған ерекше ләззат-ты.

– О, неге? Ренжімеймін! Мінеки, шыным, – деп, алдыңғы аяғымен жүрек тұсын басты.

– Сен секіре аласың ба?

– Неге секірмеймін. Анау-мынау жерлеріңнен тоқтамай өте беремін.

– Шының ба?

– Шыным.

– Ендеше біз жаққа секіріп өте аласың ба?

– Пәлі, сол да сөз болып па! Қазір-ақ көрсетейін қалай секіретінімді.

– Ал көрсетші, қане!

– Е, несі бар! – Ол Сәмкенің бетінен лып етіп сөреге түсті де, Әліппе тұрған қарсы бетке қарай секіруге ынғайланды.

– Маңында сынатын ешнәрсе жоқ па?

– Жоқ.

– Әуп! – Қоңыр Қонжық оның қасына дік ете қалды.

– Жарайсың, батырым! Ал әрі қарай біздерді алып өте аласың ба?

– Сол да сөз болып па! Мен қазір-ақ...

5

Сары Сәмке таңертең дүкен есігі салдыр-гүлдір етіп ашылғанда, селк етіп, оянып кетті.

Мәссаған! Мына ғажапты қара! Әсем Әліппе оң бүйірін бұған төсей, сүйене тұрып қалыпты.

Сол жақ қанатына Ақ Альбом жайғасыпты. Қораптардан бастарын сәл-пәл қылтитып, жымың-жымың етіскен Бояу Қарындаштар да жақындап келіп орналасыпты.

Қоңыр Қонжық көзін ашар емес. Допқа басын сүйеп қойып, қорылдап тұрып ұйқыны соғып жатыр. Сары Сәмке оған жымия қарап қойды да «Мыналардың бәрін істеп жүрген сенсің-ау, ә?! Шіркін, Қоңыр Қонжығым-ай, сенің дос көңіліңді былайғылардың бәрі түсіне білсе ғой!».

Қоңыр Қонжықты арқаға қағып, танауынан шертіп жіберді де:

– Ой, Қонжық, Қонжық, тұр, ұят болады! Адамдар келе жатыр, тез орнына бар.

Қонжық көзін уқалай салып, атып тұрды. Тұрған бетте Допты тарс еткізіп бір теуіп, орнына жіберді. Өзі қос құлағы калқиып, қоңырқай көзі күлімдеп, аяғын көкке көтерген қалпы қаздия қалды.

Сары Сәмке де бойын тез жиып, сыпайы қалыпқа түсті. Қоңыр Қонжыққа көз салып еді, көзінде бөлекше бір қуаныш жарқылы ойнайды. «Жарайсың, Қонжығым!». Сан құбылған бояулы бүйірін есіктен түскен мол сәулеге сүйдіріп, еркетотай Доп та әуелей қалқып тұра қалыпты.

Сары Сәмке жымың етті де, есік жаққа назар салды. «Кім келер екен?».

Дүкенге алдымен ақ жібек көйлек киген кешегі сатушы қыз енді. «Жалпы өзі сүйкімді қыз! Кеше мені қаладағы қоймадан алып жатып: «Ой, Сары Сәмке, аман ба? Қарай көр өзін, тасаға тығылып, жалғыз жатысын. Міне, қызық, мына аюды қарай көр!»

Көзін-ай өзінің!» — деп, Қоңыр Қонжықтың басынан жұп-жұмсақ қолымен еркелете сипап қойды. Содан соң: «Жоқ, бауырым, бұл жатыс болмайды! Мен сендерді ауылға әкетейін», — деп Сары Сөмкені бауынан лып еткізіп көтеріп алды да, машинаға салды.

Сары Сөмкенің сонда-ақ сатушы қызға алғысын айтқысы келген. Бірақ, адамдардың барлығы бірдей бұлардың тілін түсіне бермейтінін ойлады. Дегенмен де мына қызды Сары Сөмке ерекше ұнатып қалды. Машинаның шофері алды-артын абайламай сөйлейтін біреу болу керек: «Болсайшы енді, о заманда бұ заман, жансыз затпен сөйлескен сені көрдім», — деп кең-кең күлді де, есігін тарс жауып, қозғалып кетті. «Қап, әлгі қызға жаңағы сөз ауыр тиді-ау!» — деп Сары Сөмке біртүрлі ренжіп қалды.

Өткен күнді бір сәтке ойлап кеткен Сары Сөмке ішке кірген ақ сақалды қарияны көрді.

— Иә, аман ба, балам! — Ақ жібек көйлекті сатушы қыз қартпен жарқын амандасты. Қарт кірген бетте кітап, ойыншық, басқа түрлі заттар тұрған ұзын сөрелерге сүзіле қарады. Сатушы қыз да қария не дер екен дегендей оның жүзіне барлай көз салып тұрды.

Бір кезде қуанып кеткен қарт қолындағы тобылғы сапты қамшысымен етігінің қонышын сарт еткізіп, қатты дауыстап жіберді.

— Мына Құдайдың жарылқауын қараңыз! Түһ, көктен іздегенім жерден табылған жоқ па!

Сары сөмке ө дегенде қарттың неге қуанғанына түсінбей қалды. Қас-қағым сәтте қасына жетіп келген қария күнге күйген тарамысты қолымен мұны ұстай алды.

— Үйде бір жаман тентек немерем бар еді. Соның арман еткені тап осындай бір сөмке еді. Құдай-ай, қандай жақсы болды!

Қарт қанша риза болғанмен, Сары Сөмке тап бұл сәтте онша қуана қойған жоқ-ты. Бейтаныс қарттың өзіне деген ыстық ықыласына алғашында көңілі қатты тасып еді, артынша-ақ бұл қуанышының су сепкендей басылғаны. Әсіресе әлгі кісінің соңғы сөзінен бойы тіксініп қалды. «Жаман тентек!» деген үрейлі сөз құлағының ішінде бал арасындай тұрып алды.

Сары Сөмке өз басымен қайғы болып кетті. Қоңыр Қонжықтың қорыққаннан тілі байланып қалған секілді. «Енді не істедік?» — Сары Сөмкеге сыбырлап еді, ол үрейден әлі айыға алмаған екен. Доп қорыққанынан бір бұрышқа бұғып қалыпты.

Қарт қолында кетіп бара жатқан Сары Сөмке, Әліппеге, Ақ Альбомға, Бояу Қарындаштарға қимастықпен қарады. Іштей қынжылып: «Қап, мына шалды-ай! Жаңа табысқан достарымыздан мәңгіге айырды-ау!» — деп өзін қоярға жер таба алмай бара жатты.

Олардың жүзіне көз салып еді, барлығы да жылаудың сәлақ алдында екен. Тіпті анау екеуінен көп төмен жатқан Бояу Қарындаштың күрсіне қозғалып қалғанын анық естіді. «Қайран достар-ай!» — деп Сары Сөмке іштей қынжыла тіл қатты. Қоңыр Қонжық көзінің алдына дір етіп тұра қалған ыстық жасты сығып жібергенде, ағаш еденге тырс ете түсті. Ол сол сәтте ең соңғы үмітпен, жалынышты жүзбен сатушы қызға көз тастап еді. Сатушы қыз мойнын бұрып, бұған қарай қойған жоқ. Ол күлімдеген қалпы қарттың ақшасын санап алып жатты.

Сары Сөмке Қоңыр Қонжық сезіміндегі арпалыстан мүлдем бейхабар еді. Оның бар санасын әлгі «Жаман тентек» деген сөз мүлдем билеп алған. Бірақ, бүйірінде тыпыршып, мазасызданған Қоңыр Қонжыққа еріксіз назар аударған. Оның жүзі күреңітіп, әлемтапырық болып кеткен екен. Көз шарасы тағы да жасқа тола бастаған. Сары Сөмке бұрынғыдан бетер мұнайып қалды.

Осы кезде сатушы қыз қарияға күле сөйлеп:

— Ата, немереніз ақыры бірінші класқа барса, әліппені де өпермейсіз бе? — деді.

— Е, әліппені де бар ма еді?

— Бар! — Әліппенің қуанғандығы сонша, орнынан ұшып кете жаздады.

Бірақ, ол артынша-ақ өз қуанышын тез тежеді. Ойына қасындағы қос серігі оралды. Олардың көңіліне қарамай, елпектей жөнелгенін ерсі көрді. «Өз басының камын жеген ақымақ», — деп олардың кінә артып, сөкпесіне кім кепіл.

Әліппе адымдай басып келе жатқан қызға қарады. «Қап, өттеген-ай!» Ол терең күрсінді. Ақ Альбом мен Бояу Қарындаш жаққа қарауға дәті шыдамады. Тап қазіргі мезетте олардың киналған халін көруден ауыр нәрсе бар ма?! Қанша дегенмен, достықтың аты достық қой! Енді ғана басталған осы бір бақытты шақтың ғұмыры тым қысқа болғаны ма?!

Кенет қою түн қойнауында адасып жүрген жанға құлын мойнындағы күміс қоңыраудай естілген бір ерекше дыбыс Әліппені желпіндіріп тастады.

— Немереніз сурет салса, Альбом мен Бояу Қарындаш та бар, ата, — деді ақ жібек көйлекті қыз.

— Өй, айналайын, салғанда қандай! Тегі сурет десең ішкен асын жерге қояды. Қалқам-ай, бұл ақылың қандай жақсы болды! Күнге пісіп, су жағасындағы қайранда саусағымен ылғи да жер сызғылап отырғаны. Енді, тілім тасқа, қолынан келмейтіні жоқ. Көбелек пе, құс па, үй дей ме, доп дей ме — неше түрлінің суретін ерінбей-жалықпай сызғылап жатқаны...

Жол бойы барлығы ерекше қуанышта болды.

Қарт атай ерге ілінген Сары Сөмкені бүйірінен сипап-сипап қойып, ыңылдап ән айтып келе жатты. Қарттың қолы тигенде Қоңыр Қонжықтың қытығы келіп, Сары Сөмкеден сырғып түсіп қала жаздады. Сықылық-сықылық етіп күліп қойды.

Жол бойының табиғаты ерекше көркем екен. Сонау алыстан көрінген, басында ақ қар жатқан алып таулар да, аспанмен аққуша қалқыған ақша бұлттар да, хош иісі аңқыған сан алуан гүлдер де — барлығы бұларға күлімдеп қарасатындай.

Танауды жарған жусанның, кішкене бір жылғадан өткендегі жас жалбыздың кеуде жарған иісі мұндай ғажап болар ма?!

Сары Сөмкенің қуанышында шек болмады. Ол ақ жібек көйлек киген сатушы қыз туралы тебірене ойлады. Егер ол болмағанда, сол қаладағы үлкен қойманың бір бұрышында көпке шейін жападан-жалғыз жата берер ме еді, кім білсін. Қоңыр Қонжық пен Ойыншыл Допқа қиғаштай көз салып еді, олардың да қуаныштары кемерінен асқан дариядай тасулы екен.

Ақ боз атты жорғалатып келе жатқан қарттың мына қалпына ол ерекше сүйсінулі еді. Өткен түнгі түсінің шынымен шындыққа айналғаны ма?!

Бір кезде ақ сақалды қария аттан түсіп, Сары Сөмкенің аузын ашып, Әліппені алды да, суреттерін, жазуларын бір тамашалады.

— Пай-пай, қандай әдемі жазулар! Суреттерін қарашы, көздің жауын алғандай! — Содан кейін Ақ Альбом мен Бояу Қарындашты да алып, ашып көріп, сүйсінген лебізін біраз ақтарып тастады. Қарияның күн иісі аңқыған қолы соншама жұмсақ, соншама аялы екен...

Ақ боз ат та өз иесінің көңіл-күйін жақсы сезгендей тым сергек, еркін келеді. Қарт анда-санда өзінен-өзі:

— Кішкене көкешім-ай, қандай қуанар екен десейші, ә?! — дейді де, көңілдене дауыстап:

— Шу, ақ боз ат! — деп жеңіл тебініп қойды.

Сары Сөмке алғаш дүкеннен шыққандағы күдігінен мүлдем арылғандай. Қоңыр Қонжық көлдің жағасына қатар тігілген ақ шаңқан киіз үйді көргенде қатты қуанды. Ойыншыл Допқа

көрдін бе дегендей ақырын ғана көз қысып, көл жакты иегімен нұсқады.

6

– Алақай! Атам келді! Алақай!

Түп-тұнық тау ауасын жаңғырықтыра шыққан бала даусы Сары Сөмке мен оның достарының көңілін көтеріп тастады.

– Әй, айналайын! Міне, іздегенің табылды ақыры! – Қарт ерекше бір жылылықпен сөйлеп келеді. Атасы атынан түсіп, ердің қасындағы Сары Сөмкені жүгіріп келген немересінің арқасына асты.

– Көне, былай тұршы, көрейік. Қалай, жараса ма екен өзі?!

Екі езуі екі құлағында кеткен немересін айналдыра қараған қарт қарқ-қарқ күліп, бас бармағын көрсетіп:

– Пай-пай-ой, өзің мүлдем сықиып кетеді екенсің!.. Әй, шелтиген танауыңнан айналайын! – деп алды да, немересін құшырлана құшақтап, бетінен сүйді. Қарттың қолы бұрынғыдан бетер жұмсарып кеткен секілді. Әр нәрсеге бөлекше байымдылықпен қарайтын Сары Сөмке: «Қарттың өзі мынадай аңкылдақ, тамаша жан болғанда, оның «Жаман тентек» немересі, тегі жаман болмауы керек», – деп кесімді ой түйді.

Ол бұл ойының шындығына көп ұзамай-ақ көз жеткізді.

Ойға қарай жүгіре жөнелген бала Сары Сөмкені әуелете шиырып:

– Алақай! Алақай! Мен биыл мектепке баратын болдым! Әже десе, менің әдемі Сөмкемді қарашы! Қандай әдемі! Кішкене аюдың, әдемі доптың суреті бар. Ха-ха-ха!

Жүгіріп бара жатып, қуана секіреді, барынша сақылдай күледі.

Қоңыр Қонжық пен Ойыншыл Доптың күткендері де осы еді. Олар да мәз.

Әліппе, Ақ Альбом, Бояу Қарындаштар да Сөмке ішінде қуанғандарынан асыр салып, біраз билеп алды. Аузы ашылмай жүрген тар қораптың дәл осы жолы белі босап, Бояу Қарындаштар еркіндікке шығып, масайрасып қалды.

Әліппенің қуанышын тілмен айтып жеткізу тіптен қиынды. Өзінің жас иесінің шын ықыласты, талапты бала екенін ол бірден сезген. Онымен болашақта берік дос болатынына кәміл сенді. Олар баланың атының кім екенін де біліп алды. Есімі – Талап. Ол түн қараңғысы түсіп, көзі ұйқыға барғанша жаңа табысқан достарынан бір елі ажыраған жоқ. Әліппенің парақ-

тарын тура жүз рет ашып, жүз рет жауып, суреттерін тамсана отырып тамашалады. Атасының қылпыған өткір бәкісімен Бояу Қарындаштарды ұштатып алды.

Екі көзі шарадай жанып, Ақ Альбомның бетіне алғашқы суретті де салып үлгерді. Ең бірінші салған суреті жасыл сабақты қып-қызыл қызғалдақ гүл мен сап-сары шар секілді үлкен Күн еді. Күнге тиер-тимес болып тұрған асқақ таулар да суретте ажарланып көрінді.

Талаптың Ақ Альбом бетіне салған бояулы суреттер Сары Сөмке мен оның айрылмас серіктері – Қоңыр Қонжық пен Допқа ерекше ұнады. Әліппе де қызықты суреттерге толы еді.

Талап Альбомның келесі бетіне ең алдымен өзі секілді кішкене баланы асықпай салды. Содан кейін оның иығына тап өзінікіндей сары түсті Сөмкені ілді.

Ол қиялшыл, арманшыл бала болатын. Сондықтан да ол Сары Сөмкенің бетіне салынған Қоңыр Қонжық пен Ойыншыл Доптың іс-әрекетсіз қарап тұрғанын мүлдем қалаған жоқ. Қоңыр Қонжықты қызу ойынға кіріскен қалыпта бейнеледі. Алдыңғы аяғын әуелете көтеріп көкте қалқыған Ойыншыл Допты әлгі балаға қарай тебуге дайындалып тұр дерсің.

Талап Әліппені де өкпелеткен жоқ. Ол Сары Сөмкеден төбесін қылттып, қызық ойынға мәз бола қарайды. Атасы мен әжесіне көрсетіп еді, олар суретті әбден келістіре мақтады. Көрші ауылдан келген адамдар бастарын шайқасып, Талаптың жетістігіне құтты болсын айтысты.

Қолдан қолға өтіп, адамдарды таңырқатқан Ақ Альбом енді сурет көрмесіне айналғандай. Бояу Қарындаштар үшін бұл күн ұлы мереке болды. Ұлы мереке емей ше, көпке таныта алмай жүрген асыл қасиеттерін Талап айдай әлемге жеткізіп отырса...

Күн батып, айналаны қараңғылық бүркеді. Үй іргесіндегі көлден бақылдаған көлбақалар мен құстардың даусы айқын естіледі...

Мектепке барар күнді асыға күтті. Атасынан сұрағанда, ол: «Сабақ басталуға әлі екі ай уақыт бар» деген. «Туһ, қандай ұзақ! Неге тезірек басталмайды екен», – деп қынжылды.

Ұйықтап еді, түс көрді. Қоңыр Қонжық екеуі көл жағасындағы көгалда доп ойнап жүр екен. Біраздан кейін Сары Сөмке келіп, мұны қолынан жетектеп, сонау алыстан ағарандап көрінген мектепке қарай тартады.

Міне, қызық! Ақ Альбом, Бояу Қарындаштар — кәдімгі адамдарша онымен қатарласа қол ұстасып жүріп келеді.

Қоңыр Қонжық пен Ойыншыл Доп көл жағасындағы шоңғал тасқа сүйеніп, бұртиып тұрып қалыпты. Екеуі де бұған өкпелі секілді. Бір кезде Қоңыр Қонжық айқайлап:

— Әй, Талап, мұның қалай, бізді біржола тастап кетіп барасың ба? — деді.

— Е, неге? Неге тастаймын. Мектепке барып келейін. Содан соң да уақыт бар ғой. Қой, өкпелеме, ұят болады, — деп қол бұлғаған Талап олардың көңілін аулады.

Тәтті түс одан әрі жалғаса берді...

Ал енді Сары Сөмке жайына келейік. Ол шам сөнісімен біртүрлі ауыр мұңға батты. Оның да себебі бар-тын.

Талап бұларға арнап талай тамаша әңгімелер айтып жатса да, Сөмкенің оған бір ауыз тіл қата алмағаны шымбайына батты. Осы секілді тамаша баламен кәдімгі адамдарша ешқашан тілдесе алмайтынын ойлағанда, көкірегі күйініштен қарс айрылды. Егер тілдесе алса, бұл Сары Сөмке де оған талай сырды жыр етіп ақтарар еді-ау. Сары Сөмке және оның достары адамдармен адамша тілдесе алатын ғажайып қабілеттері болса, мүмкін, осынау әлемде сабаққа жалқау, енжар, сотанақ балалар болар ме еді, болмас па еді. Мүмкін, болмас та еді. Себебі, Сары Сөмке де, Қоңыр Қонжық та, Ойыншыл Доп та, Ақ Альбом да, Бояу Қарындаштар да, Әліппе де — барлығы адам ойының ізгілігінен туған асыл дүниелер ғой.

Әрине, өкінішке орай, олардың ешқайсысы да сөйлемейді.

Жас достар, кейде қиялдай білгенге не жетсін. Бір сәтке болса да сол жансыз заттармен анда-санда оңашада сырласып, сөйлесіп көрші! Мүмкін, олар сендерге өзгеше бір сыр айтар. Тек соны тындайтын көкірек көзің ашық, ойың ояу болсын!

Бәлкім, бұл ертегі жазылмай қалар ма еді. Өйткені, өмірде кездейсоқ оқиғалар жиі бола береді ғой.

Жаздың бір әсем күнінде мен Талап салған суретті кездейсоқ жолықтырған едім. Сурет маған өте ұнады. Әсіресе, Талап қиялының ұшқырлығы мені қатты тандандырған. Себебі, ол жансыз заттарға жанды заттардың қасиетін бере біледі екен. Мұның өзі өте сирек кездесетін қасиет қой. Ол салған Доптардың екі езуі екі құлағына жетіп, күліп тұрғанын көрсендер, өздерің де еріксіз танданар едіңдер. Ал Бояу Қарындаштардың

қол ұстасып, мез-мейрам болған алтын Күнді айнала билеп жүргенін көрудің өзі бір қызық! Ылғи бір көңілді Қарындаштар өздері. Керек десең, шуласа күлген дыбыстары құлағына жеткендей.

Сондықтан да Сары Сөмке және оның достары туралы хикаяның тууына тікелей себепші болған — Талап қиялының тамаша жүйріктігі еді. Оған менің мың алғыстан басқа айтар сөзім жоқ. Осымен ертегімізді де тәмамдайық, жас достар!

*Жоғарыдағы республикалық конкурстың
II жүлдесін иеленген (1986 жыл).*

ҚАЙСАР ҚАРА ҚАРЫНДАШ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Повесть-ертегі

САҚАЛДЫ ҚАРИЯ

Темір жәшіктің аузы сарт етіп ашылғанда, Қара Қарындаш селк ете қалды. Ең алдымен қарияның тарам-тарам ақ шулан сақалы көзге шалынды.

Содан соң қалың қасты қабағы мен суықтау қарайтын көзі назарға ілікті. Сәлден кейін оның жуан, қайратты саусақтары мұны жеп-жеңіл іліп алды. Қара Қарындаш осы кісіні алғашқы күннен-ақ онша ұната қоймаған. Түсінің суықтығы, әлде жуан, быртық, түкті саусақтары, әлде назар салғанда өңменінді тесе қарайтын көз жанары ұнамай ма, әйтеуір, оның қолы тигеннен-ақ денесі тітіркеніп, өн бойын суық бір сезім жайлап алатын.

КЕКІЛДІ ҚЫЗ БЕН ЖАС ЖІГІТ

Ол аппақ қылып, жұмырлай жонып, оқтай түзу өзекше ұясын дайындаған жас Жігіт пен өзін қара ұнтақтан тығыздап, қатты қалыпқа келтірген қызды ұнатып қалған-ды. Әсіресе, жеңіл шыттан тігілген гүлді көйлек киген Қыз мүлдем көңілді жан екен. Өзі ылғи өлең айтып, күлімсіреп отырады. Бұл қылықтары өзіне сондай жарасымды.

Бала Жігіт те тегін жан емес секілді. Мұрнының астынан ыңылдап, анда-санда сақалды кісіге қабақ астынан ұрлана көз тастап, сонау бұрышта, терезе алдында отырған қызға күлімсірей қарап, иек қағып қояды. Қимылы да жеңіл. Қолы да жұмсақ. Әрі шапшаң, әрі еркін қозғалады. Әр алуан ағаштардың иісі сіңген алақанында ерекше жайлылық бар. Мұны жартылай жарма қалыпқа салып, екінші бетін желімдердегі қылығы тіптен ғажап!

Жігіт оның бүйірінен сипап қойды да:

– Ал, қарындашым, сәт сапар! Жолың болғай! – деп, еппен көтеріп, оқтай түзу жарма ағаштың сұлу пішілген сайына сұлата жатқызды да, екінші жарма бетін баппен әкеліп қойды. Мұндай

да жұмсақ қол болар ма екен десейші! Желімделген ағаштар бір-бірімен ажырамастай болып жабысқан уақытта Қара Қарындаш өзін мүлдем бақытты сезінді. Нағыз қарындаш болды да шықты. Теп-тегіс үстелдің бетіне тігінен қойғанда, көкке шаншылған найзадай болып тұра қалды. Өзі айналаға масаттана қарайды. Тұла бойында бір бұдыр, бір қылау болсайшы. Гүлді көйлек киген кекілді Қызға қарай көз тастап, жымыып еді, ол бұған күле қарап, қолын бұлғады.

– Бәйгеге жаратқан аттай жұтынуын! – деп қойды жас Жігіт сүйсінген үнмен.

ҚАРА ШАПАН

Қара қарындаш жігіт отырған тұстағы терезеге көз салды. Аспан шайдай ашық екен. Терезеге төніп тұрған ағаш бұтағында қатар отырған екі ерке торғайға қадала қарап қалды. Қоңырқай түстес тамағы бүлкілдеп, құйрықтары қыпылдап, шықылық-шықылық етеді. Терезенің ашық көзінен естілген әндері сондай көңілді. Кенет гүж ете қалған дауыстан селк етіп, жалт қарады.

– Ей, немене аузың аңқиып қалған? Әкелмейсің бе, алдындағыны?

– А-а... Кешіріңіз, атай. Мен әншейін, сәл, – деп жігіт сасқалақтап, күмілжіп сөйледі.

– Әкел бері! Мұнынды да тындырып тастайық! Әлгі Көзілдіріктің келетін күні ертең шығар. Ертерек дайындап қоймасак болмас.

Жұмсақ алақаннан күсті алақанға қарай ауысқанда Қарындаш іштей қатты қобалжыды. Қолы сондай жайсыз тиді. Өткір иісті сыр ма, әлде бояу ма, бірдененің қолансасы қолқаны қабады.

– Ал, батырым! Сені сыкитып бояп тастайын.

Өзінің сөзі мүлдем қызық, түйеден түскендей етіп дөкір сөйлейді. Жүп-жұмыр ақ шанқан денесіне тікенектей болып қыл қаламның ұшы тигенде Қарындаш мүлдем тітіркеніп кетті. Әп-сәтте-ақ сыртқы пішіні қап-қара болды да шықты.

– Қара шапан өзіне жарасады екен, ө! – Бояушы шал мысқылмен мырс етті де, мұны әрлі-берлі айналдыра ұстап, сынай қарады.

– Жаман емес! Нағыз Қара қарындаш болды да шықты. – Сөйдеді де шекесінен шертіп жіберді. Туһ, қолы қандай қатты еді? Қара Қарындаштың тұла бойы тыз ете қалды.

– Таң атқанша жат енді! – Сықыр-сықыр еткізіп темір жәшіктің аузын ашты да, Қара Қарындашты ішіне шиыра лақтырып жіберді.

Есікті тарс жауып, салдыр-гүлдір еткізіп аузын құлыптады.

ЖАПАДАН-ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА

Қара Қарындаш әрі қараңғы, әрі қапас жәшік ішінде әрлі-берлі дөнбекшіп, мазасыз халде ұзақ жатты. Сәлден кейін барып есіне өзінің болашақ қожайыны түсті. «Көзілдірікті!» – деді ғой. Апыр-ай, ол кім екен?

Қара Қарындаш Бояушы шалдың мінезінің дөкірлігіне мүлдем налыды. Ашық гүлді, үлбіреген, жеңіл көйлек киген Қыз бен бұйраланған шашы мандайына төгілген Жігітті іш тартып, сағына ойлады. Тегі, ана Бояушы шал бәрінің бастығы болғаны ғой. Әмір ете, өкіректеп сөйлеуіне қарағанда солай.

Қара Қарындаштың көзіне ұйқы тығыла бастады. Құлағына шықылықтаған торғайлар үні мен жапырақтар сыбдыры еміс-еміс естілгендей болды.

КӨЗІЛДІРІКТІНІҢ КЕЛУІ

Көзілдірікті қырылдаңқырап сөйлейтін кісі болып шықты. Еңкіштеу кеудесінен сәл-пәл сырылдаған үн шығады екен.

Қарындашты қолына алып, әрлі-берлі айналдыра, шұқшия қарады.

– Дегенмен де жақсы жасапсыз, отағасы! Мұныңызға мол ақша төлеуге болады. – Жырк-жырк етіп күлген болды. – Міне, ақысын алыңыз, келер аптаға дейін тағы біреуін жасарсыз.

– Жақсы, сау болғайсыз!

Тар жәшіктен шығып, Көзілдіріктің қолында біраз ұсталған Қара Қарындаштың тынысы едәуір кеңіп қалған болатын. Оның терезе жаққа қарай бергісі келді. Сырттан аппақ сүттей болып саулап құйылған күннің сәулесіне алақандарын жайған жасыл жапырақтарға елжірей қарады. Бірақ, кешегі шырылдаған торғайлардың біреуі жоқ. Қара Қарындаш аз-кем мұңайып қалды. Көзілдірікті осы кезде Қарындашты қойын қалтасына сүңгітіп жіберіп, есіктен шыға берген...

ЖАРЫҚҚА ҰМТЫЛУ

Қараңғы қапасқа тағы да енген Қара Қарындаш мазасыз халге қайта ұшырады. Көзілдіріктінің көкірек сырылы мүлдем күшейіп кеткендей. Құлаққа естілуі де соншама жағымсыз. Тағалы аяқ киімнің өкше тықылы да жүйкені жеп барады.

«Жарыққа қашан шығар екенмін?» — деп тықырши ойлаған Қара Қарындаш көйлек пен кеудешенің арасынан арагідік жылт еткен жарыққа құмарлана көз тікті. Көзілдірікті мұның жарық дүниеге ұмтылуынан мүлдем бейхабар. Өзімен-өзі болып келеді. «Иә, сонымен бүгін не істеуім керек?».

МАЗАСЫЗДЫҚ

— Иә, сонымен бүгін не істеуім керек? Иә... Имм... Солай да солай. Жоғары әкімге ел жайында хабар жазуым керек. — Ол Қара Қарындаш тұрған тұсын саусақтарымен қағып-қағып қойды. Өзінше ән салған болып, әлдебір жеңіл әуенді ыңылдай бастады. Үні қатқылдау, құлаққа жағымсыз. Тық-тық еткен тағаның тықылымен үндес, әуендес сияқты. Кенеттен Қарындаш өзі сағынған құс әнін қайта естіді.

Бірақ, әлгі мазасыз әуен құстардың үнін көмескі тартқызып, тұншықтырып тастауда. Ол үздіге тыңдап, бойын жазып, Көзілдіріктінің қалтасынан сыртқа шықпақ болып тырмысты. Оның осы әрекетін сезе қойғандай Көзілдірікті қолын қойнына салып, енді көтеріліп келе жатқан Қара Қарындашты төмен қарай төбесінен басып қойды.

— Мынау қайтеді-ей, түсіп қалайын деп келе ме? — деп, әлгі әуенін күрт үзді де, қойнына үніліп қарады. Қара Қарындаш қапасқа қайта камалғанда, мүлдем мұнайып: «Енді қайттім?» — деп ауыр күрсінді.

КӨЗІЛДІРІКТІНІҢ ҮЙІНДЕ

Сықыр етіп шарбақтың есігі ашылғанда алдынан шабалана үрген ит даусы құлаққа қосарлана жетті.

— Неменеге арпылдайсың? Көзіңе шел біткен бе мені танымай?! Жоса-жоса қылып, жоныңнан таспа тілейін бе?

Ит жуасып қалды да, әлсіз қыңсылап, қайта тыншыды. Көзілдірікті қалтасынан кілтті алып құлыпқа салды да, бірнеше рет бұрады. Үйдің сыртқы есігі сықырлап әрең ашылды. Дәліз-

бен сәл жүрген соң, тағы да бір есіктің алдына келіп тоқтады. Оған да кілт салды. Әр дыбысты қалт жібермей қадағалап жатқан Қарындаш таңырқап қалды. «Не деген көп есік?».

Көзілдірікті ішке енген соң ауыр, зіл батпан отырғышты тас еденмен дүсірлете қозғап, сылқ етіп отыра кетіп:

—Тү-у, мына күн де қайнап кетті ғой! Қандай қапырық ыстық еді, — деді.

Сөйтті де желпіне бастады. Тура құлақ түбінен естілген өкпесінің сырылы тіпті күшейіп барады.

ҚУАНЫШ

Сәлден соң Қара Қарындашты қалтасынан шығарып үстел үстіне қойды да, оны айналдыра қарап біраз отырды.

— Дегенмен, жаман Қарындаш көрінбейсін. Ал енді сені ұштап, іске кірісейін, — деп желпіне сөйледі де, үстелдің суыр-масынан бәкісін алды. Қара Қарындаш қатты қуанып кетті. Ол ақ қағазбен қауышар сәтті асыға күтіп жүрген. Көзілдіріктің аузынан шыққан сөзі көңілін марқайтып тастағандай болды. Күдік тұманы сейіле түскендей. Қылпыған бәкі денесіне тигенде, қытығы келіп кетті. Бұлт етіп иесінің қолынан түсіп кете жаздады.

— Мынау ант ұрған қайтеді-ей. Тентектігін қарашы! — деп, Көзілдірікті күңк ете түсті де, ұшын шығара бастады.

ҚАНДАЙ СҰЛУ ЕДІ

Ұштала түскен сайын Қара Қарындаш айналасына ашық ажармен, жайдары шыраймен қарады. Төрткүл дүние түгел көріне бастағандай. Қатар тұрған қос терезені бар болмысымен көргенде, қуанғанынан айқайлап жібере жаздады.

Терезеден ішке төгілген мол сәуле мынау көңілсіздеу кең бөлменің күңгірт бұрыштарын, абажадай зілмауыр үстелді де, оның піл аяғындай жуантық аяқтарын да ажарлы етіп, айқындай түскен. Бір бұрышта зеңкиіп, тұнжырап тұрған темір жәшік пен оның аузындағы пілдің құлағындай салбыраған кара құлып та аз сәтке болса да шырайланып қалғандай. Бірақ, терезенің ортасындағы темір тор тар бөлмеге асыққан саумал сәулеге тосқауыл болғысы келгендей тұтасып тұр. Қара Қарындаш бұған

аз-кем ренжісе де, сонау заңғар көктегі бұйра-бұйра, аппақ-аппақ бұлттарды көргенде, тұла бойы дір ете түсті.

— Қандай сұлу еді! — Қара Қарындаш қалай дауыстап жібергенін аңдамады.

КӨЗІЛДІРІКТІ АҢ-ТАҢ

Көзілдірікті селк ете қалды. Тосын дыбыстың қай бұрыштан шыққанын аңғара алмай, айналасына алақ-жұлақ қарады.

Қара Қарындашты үстелге тық-тық соғып, аң-таң күйде біршама отырған Көзілдірікті енді бұрыш-бұрышқа тінте көз салды.

ҮРЕЙЛІ ОЙ

Қара Қарындаш өз қателігін ұққандай бойын жиып алып, жым болды. Өз бойындағы ерекшелігін кез келген уақытта көрсете бергені дұрыс па? Осындай үрейлі ой сап ете қалды. «Жоқ, бұлай еткен дұрыс болмас. Не де болса істің ақырын күтейін». Өзінің белгісіз болашағы туралы ой оны мазалай түсті.

МАЗАСЫЗ САУСАҚТАР

Көзілдірікті әлгіде болған жайды ұмыта бастағандай. Қара Қарындашты алдында тұрған алты қырлы тас сауытқа салып, үнсіз барлап біраз отырды.

Келесі сәтте орнынан әрең көтеріліп, бөлменің ішін әрлі-берлі кезіп жүре бастады.

— Мына күннің ысуын-ай! Бөлменің іші қапырық болып кеткен бе? — деп, терезенің кішкене желдеткішін ашты. Ішке самал жел еркелей енді. Самалмен бірге ішке жел тербеген жапырақтардың сыбдыры, алыстан көңілдене шуласқан балалардың үндері естілді. Бұтадан бұтаға секіріп, әрлі-берлі ұшқан құстардың әр алуан кұйқылжыған үні бөлме ішіне бұлақ суындай ақтарылғанда, Қара Қарындаш тас сауыттан сыртқа секіре жаздап барып қалды. Күсті қолдарын артына қайырып, терезеге тұнжырай қарап қалған Көзілдіріктіге көзі түскенде, тас сауыттың кенерінен ішке лып етіп қайта түсіп, тынши қалды.

– Осы құстар да шуылдап, адамның миын жеп қойды-ау!

Желдеткішті сарт еткізіп жауып жібергенде, үстел де, сауыт та солқ ете түсті. Жүзі түтігіп кеткен Көзілдірікті ашулана адымдап, есіктің жанындағы жұмсақ орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Мазасыз қозғалған саусақтары тыным табар емес. Бүкіл санасын жаулап алған тыншусыз ой безек қаққан саусақтарымен бірге тулап жүргендей.

– Қап! – Тістерін шықырлатты. – Бұларды аямау керек екен. Иә, иә, еш аямау керек! Үстелді нән жұдырығымен солқ еткізіп қойып қалды да, Қара Қарындашты сауыттан жұлқи суырып алды.

АЛАСҰРУ

Көзілдіріктің дір-дір еткен қолы белінен қыса ұстағанда Қара Қарындаш өзін қоярға жер таппады. Көзілдірікті қалың дәптердің бір парағын долдана жұлып алды да, алдына қойып, асығыс жаза бастады.

Көз алды бұлдырап, ақ қағаздың бетімен жостыртып бара жатқан Қара Қарындаш мынау дедек қаққан жүгірістен еш нәрсені ұға алмағандай есеңгіреген халде. Тек кей тұстарды, үздік-создық ой орамдарын ғана ұғып үлгеруде. «...Мазаны алғандығы үшін... барлық құстарды жою... әсіресе, құс ұялайтын жасыл ағаштарды... барлық ел... мылтық... қорғасын оқпен... барлық балалар... дағара, үркіткіш алып... далаға, көшеге шығып... жерге қондырмай... өлтіріп...». Қара Қарындаштың денесі дір етіп, бір орында тоқтай қалды.

– Мынау қайтеді-ей! – деп, Көзілдірікті оған суық ажармен шұқшия қарады.

Кекесінмен мырс етіп бір күліп алды да, жазуға қайта кірісті. Саусақ ұшындағы ызалы діріл Қара Қарындашты да дірілдетіп әкетіп барады.

Шұқшиып алып, жазып жатыр. Еш тыныс ала алмаған Қара Қарындаш тұншығудың аз-ақ алдында. Ұшым сынып кете ме деп те зәре-құты қалмады.

АҚ АЛЬБОММЕН ТАНЫСУ

Демалыс күні болатын.

Қара Қарындаш мүлдем көңілсізденіп кетті. Үнемі бір сарынды бұйрық, шектеу сөздер жазудан бұл күндері әбден

жалыққан. Тас сауыт та суық. Ол өзінің осы жалғыздық халіне кәдімгідей нали бастады.

Жан-жағына барлай қараған Қара Қарындаш ашық жатқан Альбомды көрді. Өзі мейлінше аппақ, ашық түсті екен.

Қара Қарындаш тас сауытта бұдан артық тұруды қажет деп таппады. Үстелдің үстіне дік етіп секіріп түсті де, Ақ Альбомның қасына таяп келіп, оған күлімсірей қарады.

Ақ Альбом дереу:

— Неменеге шікірейіп тұрсың? Бері таянсаңшы, — деп үн қатты. Қара Қарындаш та ойнақы үнмен:

— Немене, таяп баруға қорқады деймісің. Әлі-ақ мезі боларсың.

— Мезі бола қоятын мен емеспін.

— Мен де сені жалықтыра қоймаспын.

— Сонда қолыңнан не келеді?

— Оны өзім білемін, өзгемен ақылдасқанды онша ұната қоймаймын, — деп, Қара Қарындаш қалжындады. Ақ Альбом Қарындаштың бұл сөзіне шамданған жоқ, қайта оның ойынпаздығына іштей сүйсінді.

— Ақылдасу, ақылдаспау өз еркінде. Ал екеуміздің достасуымыз сөзсіз, — деп Ақ Альбом жымиып қойды.

ДОСТАСУ

Қара Қарындаш сықылықтай күліп, Ақ Альбомның қасына келді. Кенет бір орында шыр айналып, кілт тоқтай қалды да, керіле демалды.

— Қақшиып тік тұра беруден әбден жалығады екенсің. Тіптен шыдамым таусылып кетті.

— Мен сенің шыдамсыз екеніңді бұрыннан-ақ білгенмін.

— Қалайша?

— Қалай білдің дерің бар ма? Білгім келген соң білдім де.

— Сонда қалай?

— Денеңе бәкі тигенде, Көзілдіріктің қолынан бұлт етіп түсіп кете жаздадың емес пе?

— Мәссаған! Сен көріп жатқан екенсің ғой.

— Әрине. Көзілдірікті: «Мына антұрған қайтеді-ей», — деп өзінен-өзі сөйлегенде, мен де күліп жібере жаздадым.

— Шынымен бе?

— Рас. Бәрінен сен таңдана тіл қатқанда, оның селк ете қалғанын, шошынғанын айтсайшы.

– Неге?

– Неге?! Ол сенің сөйлегенінді шын аңғарғанда, шаруан бітіп еді.

– Не істер еді?

– Еденге атып ұрып, беліңнен батпан аяғымен бір-ақ басатын еді. Содан соңғысын айтудың қажеті де жоқ.

Қара Қарындаш қобалжып қалды. Біраз ойланып тұрды да:

– Иә, сөйтегінін сол кезде-ақ сезгенмін, – деді бәсең үнмен.

– Оның өзі бір қикар адам. Кеңседе отырып алып, боратып қағаз жазудан қолы тимейді.

– Саған да кезек келеді десеңші.

– Иә, соны айт. Маған не жазатынын білсем ғой, шіркін!..

БАТЫЛ ШЕШІМ

Ақ Альбомның ниетін тез аңғарған Қара Қарындаш тосын ұсыныс жасады.

– Егер көңіліңді көтеретін бір нәрсе тапсам, бетіңе келістіріп тұрып бір әдемі сурет салсам, қарсы емеспісің?

– Қызық екенсің? Сенің ондай өнеріңнің барын білгенде, өзім-ақ өтінетін едім.

– Қатып кетті! Сеніміңе үлкен рақмет!

Қара Қарындаш көңілденіп сала берді. Шабыттанып кетті. Бүгінгі күннің жексенбі болғаны қандай жақсы болды!

ШАЛҚЫҒАН ШАБЫТ

Ақ Альбом құшағын айқара ашты. Бұдан арғысын егжей-тегжейлі айтып жатудың да қажеті жоқ. Қара Қарындаш бірден іске кіріскен. Шабытқа бөленген Қарындаштың қимылы мүлдем ғажап. Үшкір ұшы ақ қағаздың бетімен суси сырғып, небір келісті суреттерді сызып жатыр. Күлімдеп тұрған күн де, зерлі жапырақтары әлсіз сыбдырлаған сұңғақ бітімді ағаш та, сонау таудың қойнауынан бері қарай құлай аққан өзен де, аспанда қалқыған ақ бұйра бұлттар да, канатын толғай қаққан құс та, бәрі Ақ Альбомды ажарлы Альбомға айналдырып жатты. Оның қуанышын тілмен айтып жеткізу қиын – сұлу табиғаттың таңғажайып көркі түгел көшіп келіп, өз төсіне қонғандай ғажайып сезімде.

Қара Қарындаштың да өз ісіне көңілі толғандай. Суретті салып бітті де, тас сауытқа сүйеніп, Ақ Альбомның бетін қызықтай қарап тұрды.

—Өзің нағыз суретші екенсің ғой. Бұрынғы қарындаштардың бірде-бірінде мұндай өнер жоқ болатын, — деді риза болған Ақ Альбом оған шын ниетімен.

ҰЙЫТҚЫҒАН ҚҰЙЫН

Қара Қарындаш сәл-пәл шаршаңқырағандай еді. Әсіресе, ағаштардың жапырақтарын салған кезде едәуір қиналған. Қазіргі жайын тез түсінген Ақ Альбом оны мазаламай-ақ қояйын деп түйді.

Осы мезетте қайдан шыға келгені белгісіз, алай-түлей бір құйын соғып өтті. Ұйтқи үйіріліп, ілгері жылжыған сайын қомақтана, етек-жеңі түріле көтерілген құйын жердегі шөп-шаламдарды қан көбелек айналдырып келеді. Тап осы сәтте сарт етіп терезенің желдеткіші ашылып кетті де, бөлме ішіне екпіндей енген құйын үстел үстіндегі Ақ Альбомды қобыратып, еденге ұшырып түсіре жаздады. Бойын жиып ала қойған Қара Қарындаш шапшаң қозғалып, оның шетінен ұстай алды.

— Рақмет! — деді Ақ Альбом ризашылықпен.

Бөлменің ауасы тазарып, бойлары сергіп сала берсін. Желдеткіштің ашылып кеткені мұндай жақсы болар ма. Ағаштардың шуылы, құстардың әр түрлі әуенге толы үндері, көшедегі жүргіншілердің дауыстары, алыстан талықсып жеткен бейтаныс сарындар бөлме ішін әуезді күйге бөлеп жіберді.

Қара Қарындаш та, Ақ Альбом да бұл күйге барынша қуанысып, бір-біріне шаттана қарады.

АҚ АЛЬБОМНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

Ақ Альбом біраз уақыт үнсіз тұрды да:

— Қара Қарындаш десе, маған салған суреттерінді сыртқа шығып көрсетсек қайтеді? — деп, өзгеше бір ұсыныс жасады.

— Кімге?

— Кімге? Күнді күнге, Ағашты ағашқа, Қызғалдақты қызғалдаққа, тағы басқаларын басқаларына көрсетейік...

— Оның керегі не?

– Қызық екенсің, өздерін жақсылап салғанымызды айтпаймыз ба?

Қара Қарындаш қуанғанынан серігін күшактай алды.

– Мына ұсынысыңа рақмет! Олар, сөз жоқ, бізге риза болады. Ал кеттік!

ҚАРА ҚАРЫНДАШТЫҢ БАТЫЛДЫҒЫ

Қимылы ширақ Қара Қарындаш Ақ Альбомды қолтықтаған күйі, ашық терезе желдеткішіне қарай бір-ақ секірді. Қуанышында шек жоқ. Алдынан айқара ашылған ай шуақ әлемге ашық ажармен қарады. Жерге түскенше тыныш тұра алар емес. Қасындағы жолдасының жүзіне көз салып еді, ол әлденені уайымдап тұрғандай екен.

– Неменеге ойлана қалдың?

– Қожамыз бізді іздемес пе екен?

– Іздесе іздей берсін. Енді мен бұл қапасақа қайтып оралмаймын. Әбден тұншығып өлер болдым.

Ақ Альбом оның бұл сөзіне жай ғана езу тартты.

– Ал сені арнайы іздесе қайтесің? Тауып алса, аяусыз жазалары сөзсіз. Ол – қатыгез адам.

– Жоқ, ол енді мені ұстай алмайды. Сен, немене, сөзіңнен айныын дедің бе?

– Жоқ, сен үшін қиналып тұрмын.

– Неге?

– Біз – көп альбомбыз. Менің кетіп қалғанымды ол білмей де қалады. Ал сен ерекше есепте тұрған Қарындашсың. Ішке кірісімен, сені іздеуі айдан-анық.

Қара Қарындашты бұл сөз ойландырып тастады. Бірақ, лезде бойын жиып алып, сергек үнмен:

– Жоқ, достым! Шешінген судан тайынбас! Алғашқы сөзім – сөз! Кеттік, – деді шешімді үнмен.

Ақ Альбом оның жүзіне таңдана қарады. Аңғарғаны – Қара Қарындаш алған беттен қайтпастай райда тұр екен. «Өзі шынында да қайсар мінезді-ау», – деп іштей түйді.

АЛҒАШҚЫ САПАР

Секіріп түсісімен екеуі ағаш, бұталардың арасымен ел сирек қоныстанған қала шетіне қарай жол тартты. Бейтаныс, асығыс

жүрген қос жолаушы талайларды таңырқатып тастады. Бұта басына қонып алып, көңілді әуенге басып отырған бір топ торғай әндерін пышақ кесті кілт тыйды. Үрпиісіп, үрке қарасып аз отырды да, дүр етіп көтеріліп, көзден ғайып болды. Алдыңғы аяқтарын айқастырып, ін аузында шиқ-шиқ етіп отырған саршұнақтар да қас пен көздің арасында зым-зия жоғалды. Екеуі бұл көрініске еріксіз езу тартты. Бұлар шыққан бетте орманға қарай беттеген. Ақ Альбом досының әлгіндегі сөзінен соң ерекше қуанышқа кенелген-ді. Ол Қара Қарындаштың өнерін сонау алыста көрінген тау, аспандағы бұлт, ақ қайың, өзендер мен көлдерге айтып, жария қылуға асығулы. Олардың ағынан жарылып айтар сырларын естімекке құмар. Сондықтан да Ақ Альбом үлкен толқу үстінде келе жатыр. Асыға алға ұзап кеткен серігінің қимылына шын сүйсініп:

«Жылдамын өзінің!» — деп қояды. Өз денесінің ауырлығына сәл-пәл кейіс білдіргендей:

— Мына бір бұталарды-ай, ө! — деп ұйыса өскен, тікені самсаған келенсіз бұталарға қабақ шыта қарады.

— О-һо, алақай! Орман да көрінді! — деп масаттана дауыстаған Қарындаштың үні Ақ Альбомның көңілін лезде жадыратып жіберді.

Екеуі өзеннің биік қабағында оқшау өскен, жапырағы мол талдың түбіне отырып, біраз тынықты. Қаладан ат шаптырым ұзап кеткен екен. Қара Қарындаш талға сүйенген күйі айналасына барлай қарады. Өзі тым көңілді, көптен аңсап, көптен сағынып күткен еркіндікке шыққандығына әлі сенбегендей халде...

ЕРКІНДІК

«Шіркін, еркіндікке не жетсін!» деп тамсана ойлаған Ақ Альбом өзеннің арғы бетіне көз салды. Орманға дейінгі алаптың ажары мүлдем бөлекше көрінді. Шуақты көктем құшақ-құшақ гүл дестелерін осынау алқапқа төгіп кеткен дерсің. Алуан түстес гүлдер көздің жауын алып, көңілді қуантады. Осынау тәтті әсер тілдерін байлағандай екеуі көпке дейін үнсіз тұрды.

Күн де батуға таяп қалды. Батар күннің қызғылтым бояуы көз жетер кеңістіктің барлығын айрықша шырайландырған. Сезімтал Қара Қарындаш танданысын жасыра алмай:

— Керемет, ө! — деп дауыстап жіберді.

Ақ Альбом Қара Қарындаштың бойындағы құбылысты жіті бақылап тұрған. Оның бойындағы сезімталдық пен сергектікті осы жолы мейлінше айқын аңғарды.

ТҮН

Қараңғылық түсіп, көз байлана бастаған соң, Ақ Альбом:
– Түн де келіп қалды, білем, өне бір жуан ағаштың түбіне барып паналайық, – деді.

Қара Қарындаш серігінің сөзіне бірден құлақ асты. Жымжырт, у-шусыз келіп, қараңғылығын жаба салған түннің жұмбақ мінезі көп екен. Әр тұстан андағайлап шыққан, әрі бейтаныс, әрі жұмбақ дыбыстар қосылғанда, құлақты тұндырып жіберді. Қорқынышты-ақ. Екеуі бір-біріне тақалып, кәрі ағаштың қуысына тығыла түсті. Әбден қалжырапты. Ұяң басып, ұрлана келген ұйқы екеуін маужырата бастады.

ЖЫМЫНДАҒАН ЖҮЛДЫЗ

Қара Қарындаш кенет көзін ашып алып, есінеп жіберді де, қуыстан аспан әлеміне көз тастады. Сонау алқара көк жүзінде жарқырай жанған жеке жұлдыз бұған жымың еткен сияқтанды. Ол енді зер салып қарап еді, шынында да, жарық жұлдыз зеңгір биіктен төменге көңілдене көз тастап тұр екен. Ол осы мезетте ұйқыдағы Ақ Альбомды оятып, оның ақ парағына сол жұлдызды салғысы келіп кетті. «Шіркін-ай, келістіріп бір салсам-ау! Көрген жандар бас шайқап, тандай қақса ғой!». Қара Қарындаш көпке дейін мазасыз күй кешті. Ақ Альбом бетіне салған суреттері туралы ойлады. Сол суреттерді өзін қалам етіп жасаған Қыз бен Жігіт көрсе, екеуі де қатты қуанар еді деген қиялға да берілді.

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Иә, бәрі күтпеген жерден басталды. Тура ағаштың түбінен:
– Мәссаған, безгелдек! Мына екеуінің тығылып жатқан жерін қара, – деп тандана дауыстаған қыздың ақ жарқын үні бұларды ұйқысынан шошытып оятты.

Үрпиісіп, орындарынан атып-атып тұрды. Әсіресе, Ақ Альбом бейтаныс қыздан қатты қорыққан. Көзілдіріктінің жіберген қуғыншысы ма деген үреймен Қара Қарындашқа

жалтақтай карады. Бірақ, оның әлпетінен бөтен ажар байқамады. Қайта ол қуанышты күйде қызға ұмтыла түсіп:

– Мұнда неғып жүрсін? — деп сұрады.

– Ой, Қара Қарындаш, ал сен мұнда неғып жүрсің? — деді қыз.

Ол Кекілді Қыздың тізесіне қарғып мініп алды да, мұнда келген жайларын қысқа баяндап шықты. Қыз сенер-сенбесін білмеді. Бейтаныс Альбомға қарап еді, ол қозғалақтап қойып, Қара Қарындаштың сөзін растағандай болды.

– Көне, көрсетші. Сенің салған суреттерінді көрейін, — деді ынтыға түскен қыз.

– Кел, көр! — Ақ Альбом алғашқы бетін айқара ашты.

– Пәлі, мынауың керемет екен! — Қыз қолдарын шапалақтап, шаттана тіл қатты. — Сенің көп қарындаштардан бөлек екенінді мен сонда-ақ білгенмін.

Қыздың көзі оттай жанып, екі бетінің ұшына қызғылтым нұр ойнады.

ТОСЫН ҚАУІП

Осы бір мамыражай, көңілді сәтті біртіндеп жақындай түскен ат тұяғының дүсірі бұзып кеткен. Бұл кім болды екен деген оймен Қыз жанындағы төбеге лып етіп, тез көтерілді. Дыбыс шыққан тұсқа мойнын созып қарай берді де, көз шарасы ұлғайып, үрейін жасыра алмаған Қыз қатты дауыстап жіберді.

– Тығылындар! Көзілдірікті!

Одан әрі сөйлеуге шамасы келген жоқ, төмен қарай құлдырандап жүгірді. Қара Қарындаш шапшаң қимылдап, Ақ Альбомды кәрі ағашқа қарай сүйреп, қуысқа қойып кетті.

Алғашында қатты сасқалақтаған Қыз табанасты айлаға көшіп, жалғыз аяқ сүрлеуге түсті де, алға қарай жүре берді. Шашы дудырап кеткен, үстіндегі киімі алқам-салқам, ағындай шауып келе жатқан Көзілдірікті атын «Дыр-р-р!» — деп, тежей берді. Жолдан ысырылып, шетке шыға берген Қызға:

– Әй, қыз, аман ба? Ә, сен екенсің ғой! — деді ауыздығымен алысқан атының тізгінін қаттырақ тартып.

– Саламатсыз ба? Неге асығыс жүрсіз? — деді Қыз жылы жымыып.

– Неге асықпайын?! Әнеугүнгі сенің қожаннан қыруар ақшаға сатып алған Қарындаштан айырылдым. Сирағын

сыңғыр сайтан, терезеден шығып қашып кетіпті. Көзіне түскен жоқ па?

— Жо-жоқ! — Қыз күліп жібере жаздап, өзін өзер тежеді.

Мұның бұл күйін тез аңғара қойған Көзілдірікті шарт кетті.

Ұнатпаған сынаймен:

— Неменеге жетісіп, мәз бола қалдың? — деп сұрады.

— Жай, әшейін, — деді Қыз саспай.

Қуыстың түкпірінде тығылып жатқан екеуі бірін-бір нұқып қалды. Ақ Альбом Қара Қарындашқа:

— Менің кеткенімді білмегені қандай жақсы болды, — деп сыбырлады.

— Тс-с, — деді Қара Қарындаш. — Шыдасаншы!

Көзілдіріктің үні қатқыл. Тақақтап, Қыздан:

— Шын айтасың ба? — деп тағы сұрады.

— Рас!

— Жердің қай қуысына тығылса да табамын. Қап, қаншама ақшамның босқа кеткені-ай, ә!

Ат сауырына сарт етіп тиген қамшының суық үні құлаққа түрпідей тиді. Ат тұяғының дүсірі біртіндеп ұзай берді.

Көзілдіріктен құтылғанына қуанған Қыз бұлардың қасына асыға жетті.

— Тамаша! — деді Ақ Альбом ақ жарқын үнмен. — Менің кетпегенімді білмегені мұндай жақсы болар ма!..

КЕКІЛДІ ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

Кекілді Қыз Қара Қарындаштың өнеріне мейлінше риза болған-ды. Ол мұның ерекше екенін ағасы екеуі жасап жатқанда-ақ сезген болатын. Ал ғажап суретші екенін білгені тап бүгін.

Кекілді Қыз Қара Қарындашқа елжірей қарады. Кішкене кеудесі қуанышқа толы. Мүлдем көңілденіп кеткені сонша, кенет мойнындағы үлбіреген қызғылтым орамалын колына алды да, дөңгелей билеп, әсем де көңілді бір әуенді шырқата жөнелді.

Ақ Альбом мен Қара Қарындаш қыздың бұл қылығына танданып, салған әнін қалт етпей тыңдады. Бойды билеп алған әннің сиқырлы күші кім-кімді болса да елітердей.

Кекілді Қыздың үстіндегі үлбіреген ақ көйлегі желмен желбіреп, көкпен қалқи ұшып бара жатқан құс қанатына ұқсайтын секілді. Көңілді Қыздың ашық даусы айналаны жаңғырықтырып бара жатты. Өзендегі жарыса құрылдаған

күрбақалар да тынши қалған. Әр тұстан андағайлап шуласқан шегірткелер бір сәтке толас алғандай. Кекілді Қыздың үні табиғаттың бүгінгі көркем күйімен біржола үндескен сықылды.

КҮЛІМДЕГЕН КҮН

Бір мезетте Кекілді Қыз әнін кілт үзді де, ашық дауыспен айналаны жаңғырықтыра айқайлап:

— Ей, Алтын Күн! Қара Қарындаштың өзінді таңғажайып кып салғанын көрші, — деді.

Күмбез көкке жайлап көтеріліп бара жатқан Күн бағанадан бері Қыздың қылығын қызықтап тұрған еді, атын атап, арнайы тіл қатқанына масаттанып қалды. Құмар сезімге бой алдырған қалыпта:

— Кәне, көрсетші, — деп ынтыға дауыстады.

Екі бетінің ұшы бал-бұл жанған Кекілді Қыз Ақ Альбомды көтеріп, алғашқы бетін ашып, салынған суретті Күнге көрсетті. Қара Қарындаш қатты толқыды. Өз-өзінен тыпыршып, бір орнында тұра алмай жүр. Күн күлімсіреген күйде:

— Өте тамаша етіп салған екен! — деді. Аздан кейін сәл-пәл өкінген үнмен:

— Өттең, түрлі-түсті бояуы жоқ екен. Әйтпесе суреті құлпырайын-ақ деп тұр, — деді.

Қара Қарындаш бұл мақтауға қатты қуанып, секіріп-секіріп түсіп еді, артынша оның аузынан шыққан өкінішке толы лебізді естігенде, көңілі ортайып, жабырқау тартты. Қара Қарындаш бояу деген сөздің мәнін жете ұқпай, дағдарып тұрып қалды.

МҰҢАЮ

Қара Қарындаш мұңлы күйде ағашқа сүйеніп, ұзақты күнге тырп етпей отырды да қойды. Ақ Альбом өз серігінің жай-күйін жан жүрегімен ұғынды. Анда-санда жаутандап Қарындашқа, біресе алыс көкжиекке қарап, қозғалмай отырған Кекілді Қызға да көз тастайды. Ол Қара Қарындаштың көңілін аулай, бір-екі рет тіл қатып еді, бірақ, жауап ала алмады.

Көңілді Қыз іштей Күнге ренжіп қалған еді. «Кемшілігін қазір-ақ айтпай, кейінге сақтай тұрса қайтеді», — деп анда-санда күбірлеп қояды.

Қара Қарындаш өз бойында табиғаттың сан алуан көркін бейнелей алар күштің жоқтығын осы жолы шын ұғынған еді. Әсіресе, Алтын Күнді келістіріп сала алмайтынын ойлағанда, ішқұса болып, терең күрсіне аунап түседі.

Үшеуі сол түні ағаштың қуысына қайта түнеді. Кекілді Қыз күн батар кезде қалаға қайтпақ болып ойланып қалды. Бірақ, өз серіктерінің, әсіресе, Қара Қарындаштың көңілін қиып кете алмады.

КЕКІЛДІ ҚЫЗ БЕН ҚАРА ҚАРЫНДАШ

Қара Қарындаш әрі аунады, бері аунады. Тіптен ұйқысы келмей қойды. Содан кейін тұрды да, сыртқа шығып кетті.

Қыз ұйықтамаған екен.

— Сен қайда барасың? — деді Қыз үрейлі үнмен.

— Сыртқа. Ұйқым келер емес.

— Қорықпайсың ба?

— Неден қорқам, қасымда сен бар емессің бе?

Қыз бұл сөзіне риза болды. Ол орнынан жеңіл көтеріліп, Қарындаштың соңын ала сыртқа шықты. Айнала сүттей жарық екен. Кемеліне келіп толған Ай шар айнадай жарқырап, төңіректің барлығын ажарландырып тұр.

Қара Қарындаштың толған Ай келбетін алғаш рет көруі осы болатын. Ол еріксіз дауыстап жіберді.

— Мынау дегенің нағыз керемет қой! — Қыз Қара Қарындаштың бар құбылысқа әрі таңырқай, әрі тандана, әрі сүйсіне қарайтын мінезін жақсы көріп кетті.

«Шіркін, осыны суретке салса!». Қара Қарындаш жан-жағына тандана қарады. Айлы түннің әсем көрінісі екеуін де біржолата елітіп алған. Бағана Күннің айтқан сөзі бұның бойына мазасыздық ұшқынын тастап кеткен-ді. Күдікке толы ойлар біржола шырмап алған. «Әттең түрлі-түсті бояуы жоқ екен», — деген Күн сөзі ызындап, құлақ түбінен кетер емес. Ол мұнайып қалды. «Мені неге жалғыз қылып жасады екен, ә?!» — деп ақырын күбірледі. «Расында да, мен неге жалғызбын, осы?».

Кекілді Қыз Қарындаш бойындағы халді қалт етпей сезінген болатын. «Күрсінуді қарай гөр!». Ол мойнын бұрып, Қарындашқа қарап ақырын езу тартты.

КЕКІЛДІ ҚЫЗДЫҢ ҒАЖАП ӨНЕРІ

Зерделі Қыз осы сәтте тірелген тығырықтан Қара Қарындашты қалай құтқаруды ойлады. Оның бойында өзі де біле бермейтін бір тамаша өнер бар-ды. Ол әнді жап-жақсы айта алатын, бірақ, ғажайып әнші екенін кеш білді. Мүмкін, Қара Қарындашпен кездеспесе, өнері құпия күйде қала берер ме еді, оны кім білген...

АЙ АЙТҚАН СЫР

Түн салқын тарта бастады. Кекілді Қыз жаурай бастаған соң, ағаш қуысына қайтып оралды. Бірақ, ішке кірмеді. Жар басында жалғыз қалған Қара Қарындашқа қарайлап тұр. Содан кейін ағаш түбіне ұйыса біткен қалың шөпке басын төсеп, көзін жұмды. Әр алуан шөптің хош иісі мұрынды жарып, бойы маужырап, жайлы тыныштықтың жұмсақ құшағы өзіне қарай баурай түсті. Осы кезде күлімсіреген Күміс Ай тал түбінде жатқан Қызға таяп келіп, дәл төбесінен күлімдеп еді, Қыз ұйқы ұялаған көзін ашып алды. Ай қыз жүзіндегі жеңіл мұнды жіті аңғарған екен.

— Сонша неге мұңая қалғансың?

— Егер қасымдағы серігім қапалы болса, мен неге мұңаймаймын?

— Е, оған не болыпты?

— Көрмейсің бе, көңілі жадырар емес, — деп жар басында жалғыз тұрған Қара Қарындашты иегімен нұсқады. — Менің ағайым талай қарындаш жасады, бірақ, олардың ешқайсысы тап мұндай өнерлі болған жоқ.

— Оның қандай өнері бар?

— Қарындаш — ғаламат суретші. Бірақ, Күннің кешегі сөзінен соң қапаланып, сурет салмай қойды.

— Күн не деп еді? — Ай таңдана сұрады.

— Күн оның салған суретін ұнатқан-ды, бірақ, бояуының жоқ екендігін айтты. Содан бері Қара Қарындаш тіптен көңілсіз. Күн айтқан бояуды қалай табарымызды білмей жүрміз... — деп, Қыз мұңая сөйледі.

— Соған да қиналып жүрсіндер ме?

— Қиналмағанда ше?!

— Ол тіптен оңай ғой. Мен бір жол таптым. Бұл жайды Күнге айтамын. Сенің кешегі әнің оған өте ұнаған еді, енді сен

оған арнап ән салып бер. Әнінді естіп, саған мейірі түсер. Сонда өзінің қоймасындағы барлық бояуларын сендерге беруі мүмкін. Тек әнді келістіріп салғайсың. Көңілінде еш қаяу қалмасын. Жүрегіңмен беріле айт. Әнінде титтей жалғандық болса, ол саған жылышырай танытпайды. Осыны ұғып ал, жарай ма? — деді Ай.

— Жарайды! — деген Кекілді қыздың қуанышы қойнына сыймады.

КҮНГЕ АРНАЛҒАН ӘН

Қыз ұйқысынан ерте оянып кетті. Қара Қарындаш Ақ Альбомның жанында пысылдап, ұйқыны соғып жатыр.

Аяқ ұшымен ақырын басып, сыртқа шықты. Күн ұясынан енді көтеріліп келе жатыр екен. Қыз жүгіріп, өзен жағасындағы төбеге шықты. Сонау қалың орманның көкжиекпен астасар тұсынан қамшы бойы көтерілген Күн осы сәтте тым шырайлы көрінді. Қыздың кішкене жүрегі дүрсілдеп, кеудесін жарып кетердей аласұра соқты. Қатты толқыған Кекілді Қыз Күнге арналар әнін қалай бастарын білмей, біраз бөгелді. «Күміс Айдың түндегі айтқанын орындай алсам жақсы болар еді-ау», — деп, мазасыздана ойлады.

«Не болса да тәуекел!». Кішкене кеудесін кере демалды да, Кекілді Қыз ән бастай жөнелді. Ә дегеннен еркін самғай, ашық үнмен шырқалған ән таңғы тынық ауаны жаңғырықтыра естілді. Тұла бойды шымырлатып, жан-дүниені еліткен осы бір тамаша сазды әнді бүкіл әлем ұйи тындап қалған тәрізді. Көк кеңістігіне жаңа талпынған бала бүркіттей биіктеген ән қанаты құлашты тым алысқа сермегендей. Көк кеңістігіне, Алтын Күннің шапағына шомылғысы келіп, шырқай көтеріліп бара жатты...

— Ризамын, Кекілді Қыз! Әніңе әбден риза болдым. Тындаудан еш жалығар емеспін. Тілегінді айт!

Қыз Қара Қарындаштың басындағы халді қысқаша баян етті.

— Тілегің орындалды, Кекілді Қызым! Енді Қара Қарындаш жетімсіремейтін болады. Кәне, алақаныңды тос!

Қыз қос алақанын тосқаны сол еді, Күн көз ілеспес жылдамдықпен өзі түстес сап-сары, жұп-жұмсақ, қоймалжың бояуды құйып жіберді.

— Ал Қара Қарындашқа менен сәлем айт! Мынау жер мен көк, орман-тоғай, тау мен тас, өзен мен көл — барлығы менің

перзенттерім. Ендігі бояуларды солардан тапсын. Тек талап, талмас қанат тілеймін! Жолдарың болсын! – деп, Алтын Күн мейірлене жымыған қалпы көкке өрлеп кете барды...

АҚ БОЯУДЫҢ ӘЛЕГІ

Ақ бояуды табу бәрінен қиын болды. Осы жағдайды ойлағанда Қара Қарындаштың тұла бойы шымырлап кетеді. Оқиға былай болған еді.

Кеше Ақ Альбом, Кекілді Қыз, Қара Қарындаш – үшеуі ақ бояу іздеп жолға шыққан болатын. Сөйтіп, басын қар көмкерген биік таудың етегіне түс ауа келіп жетті.

Биікке көтеріле түскен сайын күн салқын тартып, Кекілді Қыздың желең көйлегі пана болудан мүлдем қалғандай, тісі тісіне тиер емес. Еріндері көгеріп, икемге келмей қалды. Ширақ Ақ Альбомның да жүрісі мандымай келеді. Оның жүзінен шаршағаны айқын аңғарылып тұр. Жиі-жиі еңтігіп, оқта-текте тастарға сүйеніп, тұрып қала береді.

Қара Қарындаштың мына екеуіне жаны ашып кетті. Кекілді Қызға бұрылып:

– Маған құтыны бере тұршы. Мен өзім алып келейін, – деп тіл қатты.

– Жалғыз өзің бе?

– Ия.

– Қорықпайсың ба?

– Жок, қорықпаймын. Қазір-ақ барып келемін ғой. Сендер мені осы манда күте тұрындар, өзі онша алыс та емес секілді, – деді сенімді түрде.

Кішкене құтыны қолына алысымен, Қара Қарындаш жеңіл қозғалып, биікке өрлей жөнелді. Қимылы тым ширақ. Қасқағым сәтте көзден ұзап, ғайып болды.

ҚАТЕРЛІ БИІК

Тікше келген жақпар тастың тасасынан шыға берген Қара Қарындаш селк ете қалды. Таяқ тастам жерде жер бауырлай жорғалап бара жатқан теңбіл-теңбіл әлдебір мақұлықты көрді. Екі көзі шоктай жайнап, дыбыссыз қозғалады. Қара Қарындаш алғашында мысық екен деп қалады. Бірақ, анықтай, зерлей

қарағанда, мысықтан әлдеқайда үлкен екендігін аңғарды. Кенет әлгі мақұлық көз ілеспес жылдамдықпен алға қарай оқша атылды. Селк ете түскен Қара Қарындаш тасаға тығылды. Сатыр-күтір етіп, ірілі-уақты тастар төмен қарай домалай жөнелді. Жұдырықтай жұмыр тас жартасқа соғылып, киіс ұшқанда, Қара Қарындашқа тие жаздады. Әлгі бейтаныс мақұлық мүйізі серек бір жануарды алқымнан алып, арпалысып жатыр. Жануардың тамағынан шапшыған қып-қызыл сұйық екеуінің үстін, айналаны жауып кетті. Таңертең қызғалдақ құйып берген қызыл бояу секілді. Бірақ, мына қорқынышты түс тым суық, денені тітіренткендей екен.

Қара Қарындаштың мына қорқынышты көрініске қарап тұруға жүрегі дауаламады. Құтысын қыса ұсаған күйі тасамен қарсы бетке зыта жөнелді. Дірдектей шапшыған қызыл бояу түстес сұйық көз алдынан, қырылдап шыққан қорқынышты үн құлағынан кетпей қойды.

Күн батуға таяп қалған болатын. Ол ұясына кірмей тұрып Ақша Қарға жетіп үлгеруі керек. Әйтпесе Күннің ризалығынсыз Ақша Қардың ақ бояу бере салуы екіталай, әрі Қара Қарындаштың қатерлі аймақтан неғұрлым алыстай түскені де жөн еді.

Сүрініп кетіп, қолындағы құтысын түсіріп алды. Сынғыр ете қалған құтыны сындырып алған екенмін деп зәре-құты қалмады. Бақытына орай, сырғып барып көлденең тасқа тіреліпті. Сүрініп-қабынып барып, құтыны іліп алды. Бұрынғыдай емес, жүрісі баяулай түсті. Өрге жүру біршама шаршатып тастаған екен. Демін басып, тасқа сүйеніп біраз тұрды. «Биікке шығу қандай қиын», — деп ойлады.

БИІКТЕ

Қара Қарындаш демігін басып, айналасын бағдарлап қарай бастады. Мұншалықты биіктен айнала дүниенің мүлдем сұлу болып, мүлдем кең болып көрінетінін алғаш рет байқады. Кеудесі де бір түрлі жеңілдеп сала берді. «Төккен терім текке кетпеген екен», — деп қуана дауыстап жіберді. Ақ Альбом мен Кекілді Қыздың осы ғаламат кеңістікті көре алмағанын қынжыла ойлады. Әлгідегі қорыққаны есінен шығып кетті. Ол қол созым жердегі қарлы шынға, бар бояуын шын басына ақтара салған Күнге шаттана қарады.

АҚША ҚАРМЕН КЕЗДЕСУ

Ақша Қар Қара Қарындашты тағатсыздана күтіп жатқан. Күн Анасының айтқан тілегін екі етпеу – оның бойына сіңген асыл қасиеті. Қарындаштың жүзіндегі алабұртқан қуанышын пәк жүрегімен сезінген кейіпте нәп-нәзік белі майысып, ақша жүзі ажарлана қалыпты. Сүйкімді үнмен сүйсіне сөйлеп:

– Сен қандай батылсың! Осынша биікке талмай жеткеніңе ризамын! – деді де қолындағы қауашағынан көз жауын алатын ақ бояуды мұның құтысына құйып берді. Ақша Қардың шырайлы жүзіне елжірей қараған Қара Қарындаш оны Кекілді Қызға қатты ұқсатты. Киімдері өзге демесең, екеуі егіз туған секілді. Тек бірі – ойда, бірі – шында.

– Қош, Ақша Қар. Сыйына үлкен рақмет! – деп жылышыраймен қоштасты.

– Жолың болсын! – деді Ақша Қар ізетпен.

ҚАРА ҚАРЫНДАШ ҚАЛАЙ ҚАЙСАР АТАНДЫ

Қара Қарындаш бояу құйылған құтыны қыса ұстап, төмен қарай құлдырай жөнелді. «Адасып кетермін», – деп жүрексініп еді, бірақ бұрынғы көтерілген жолын тез тауып алды.

Мұны төменде тағатсыздана күтіп тұрған Кекілді Қыз бен Ақ Альбом ентіге жеткен Қара Қарындашты қуана қарсы алып, екеуі жарыса сөйлеп:

– Сені адасып кетті ме деп қатты қорқып едік, – деді. Қара Қарындаш әлгіде көргендерін асыға-аптыға баяндап үлгерді. Кекілді Қыз мұны құшақтай алып:

– Қандай қайсар едің?! Жарайсың, Қайсар Қара Қарындашым! – деді сүйсініп.

ҚҰЛПЫРҒАН БОЯУЛАР

Қара Қарындаштың қуанышы қойнына сыймай жүрген. Ақ Альбом екеуі Кекілді Қызды қалаға шығарып салып тұрып:

– Кешікпей кел! Біз сені осы маңда күтеміз, – деді. Олар жалғыз аяқ жолмен ұзап бара жатқан Қыздың соңынан елжірей қарап тұрды. Қолындағы кішкене себеті ағараң-ағараң етіп, көзге тым ыстық көрінеді. Оның ішіндегі торғай жұмыртқа-

сындай құтылардағы бояулар ертең-ақ тамаша бояу қарындаштар болып ораларын ойлағанда Қара Қарындаш та, Ақ Альбом да тебіреніп кетті. Қара Қарындаш жалғыздықтан енді біржолата құтылмақшы. Ойға алған армандарының көбі орындалар күн алыс емес. Бәрінен де Күн перзенттерінің жасаған қамқорлықтарына дән риза. Жап-жасыл бояуын сығып берген жасыл жапырақтар да, көгілдір бояуын берген зеңгір көк те, қоңырқай түсін қуана берген Жер де Күн анасының айтқанын екі еткен жоқ. Тал шыбықтай бұралып, кішкене кекілі желмен ойнаған Қыздың қамқорлығы Қара Қарындашты тіптен риза етті.

КЕКІЛДІ ҚЫЗДЫҢ ҚАЛАҒА КЕТУІ

Кекілді Қыз әр түрлі бояу құйылған құтыларды алып, қалаға асығып жетті.

Ағасы себеттің ішіндегі құтыларды қолына алып, танданғандықтан басын шайқай берді...

– Тамаша! Енді бояулы Қарындаш жасаймыз дейсің бе? Мұның өзі адам сенбес қызық болайын деп тұр ғой!

Көп ойланған ағасы толқи сөйлеп:

– Қара Қарындаш қуанар еді және салған суреттерінің де құлпырып шыға келуі сөзсіз!

ҚЫЗУ ЖҰМЫС

Жігіт пен қарындасы күннің демалыс екеніне қарамастан жаңа іске мейлінше ынтамен кірісті. Екеуі түнімен тыныс алған жоқ. Кекілді Қыз ағасының көңілді қалпына ерекше қуанды. Қолы-қолына жұқпайды. Ақ жанқа болып жонылған сұлу қалыптар көздің жауын алады. Қаз-қатар тізіліп, қай түсті бояудың өзіне салынарын асыға күтіп жатқан тәрізді.

Жігіттің маңдайынан шып-шып тер шықты. Кекілді Қыз қолынан келген көмегін аяған жоқ, құтыдағы сұйық бояуды қарындашқа айналдыру оңай шаруа емес-ті.

СӨТ САПАР

Таң құлан иектеніп атқанда, олар соңғы Сары Қарындашты жасап бітіп еді. Кекілді Қыз:

— Ал, Сары Қарындаш, сәт сапар болсын, енді сен де сапқа қосылдың, — дегенде, ол:

— Рақмет, Кекілді Қыз! Сенің бұл жақсылығыңды еш ұмытпаймыз, — деді.

Бұйра шашты ағасы өз қолынан шыққан қарындаштарға елжірей қарап, қызықтап көп отырды. Күсті алақанымен барлығын сипап қойып:

— Қара Қарындаштай қайсар, еңбекшіл, өнерлі болындар. Барлығыңа тілер тілегім сол, — деді де, отырған орнында қалғып кетті. Өзі әбден титықтап шаршаса керек.

Кекілді Қызды да ұйқы жеңе бастады. Ол да қалжыраған еді, отырған күйі ұйықтап кетті.

КҮТПЕГЕН ҚОНАҚ

Сәске түс кезі. Әлден уақытта шағын үйдің есігі шалқасынан ашылып, ішке Көзілдірікті енді. Өзі самбырлай сөйлеп келеді.

— Оу, мұндағылар шетінен маубас болып кеткен бе? Ұйықтап жатқандарың қалай? Бұл үйдің қожасы қайда?

Кекілді Қыз қатты дауыстан шошынып, басын шапшаң көтеріп алды. Көзін әрлі-берлі уқалап, келген жанның кім екенін толық ажырата алмады. Ағасы да әрең оянды. Көзілдірікті оған сұстана қарап:

— Қожаң қайда? — деп сұрады.

— Науқастанып жатыр.

— Неге ауырады?

— Оны қожайыннан сұра. — Ағасы ұнатпаған кейіппен Көзілдіріктіге ала көзімен қарап қойды.

— Қара Қарындаштан хабар жоқ па?

— Оны көшедегі, сырттағы елден сұра.

— Өзің барып тұрған қыңыр екенсін.

— Қыңырлық қисық сөйлегеннен шықса керек. Ал мен оң сұраққа оң жауап беріп үйренген жанмын.

Көзілдірікті тістене сөйлеп:

— Бәлем, қожаң келсін, жоныңнан таспа тілдірермін, — деді.

КӨЗІЛДІРІКТІНІҢ ӘЛЕГІ

Көзілдірікті теріс айналып, есікке бұрыла берген. Сол мезетте ағаш сөредегі сап түзеп тұрған түсті қарындаштарға көзі түсті.

– Мынау не сұмдық?! Қара Қарындаштың көзін жойып, мынадай бөле жасауға кіріскенсіңдер ме? Мыналарың ел көрмеген сұмдық қой! – деді де, сөреге жетіп барып, сап түзеп тұрған қарындаштарды қолына алып, сыртқа жүгіре шықты. Шыққан бетте ащы даусы таңғы ауаны жаңғырықтырып, айқай салды:

– Жендеттер, кайдасындар, мұнда келіндер!

Кекілді Қыз ышқына шыңғырып жіберді. Көзінен аққан қос тамшы жас еденге тамып түсті. Ағасы істің бұлай насырға шабарын ойлап үлгермеген екен. Сарт етіп жабылған есікке ұмтылды. Бірақ Көзілдірікті құлыптап қойыпты.

– Қап, жауыз-ай, қапыда қалдырдың-ау. – Жүгіріп барды да, есікті бар пәрменімен теуіп жіберді. Есік ілгегі топсасымен қоса жұлынып, шалқасынан түсті. Осы мезетте қылыштарын жаландатып, түстері суық қос жендет бөлмеге кіріп келді. Көзілдірікті бақырып:

– Ұстандар мыналарды! – деп жарлық берді. Содан соң қолындағы қарындаштарын әуелете сілкілеп:

– Бұлар елді бүлдіргелі жүр. Қара Қарындаштан бөлек мынадай бояулы бөлелерді шығарыпты. Мұндайайларды көрген соң, жұрт бет-бетіне лағып кетеді. Елді бүлінді дей бер. Қара Қарындашты менсінбей, қызылды-жасылды бөлелерге ұмтылатын болады. Жоқ, мен тірі тұрғанда, ондайға жол бермеймін, – деп долыра сөйледі.

ТОРҒА ТҮСУ

– Ұстандар мына онбағандарды! – Қабақтары түксиген жендеттер тілге келген жоқ, екеуін шап беріп ұстап, қолдарын арттарына қайырып байлап тастады.

– Әкетіндер! Қала сыртындағы тас қорғанға апарып камаңдар. Мен бұлардың көзін тап бүгін жойдырмамын, – деп Көзілдірікті қалш-қалш етіп тұр. Жендеттер екеуін алдына салып айдай жөнелді. Кекілді Қыз егіліп жылай бастап еді, ағасы қатқылдау үнмен:

– Жылама! – деді тістенген қалпы. – Бұларға әлсіздігіңді көрсетпе. – Соңына қайрылып, айқай салды:

– Кеудеде жан болса, үміттің де үзілмейтінін ұмытпа, Көзілдірік!

– Тас қорғанның табалдырығынан бір аттасаң, үмітіңді күл, жігеріңді құм қылармыз!

Көзілдірікті қарқ-қарқ күліп, масаттанған пішінмен қос жендеттің соңынан ілесіп келеді. Қолындағы қарындаштарды оңды-солды сермеп:

– Тезірек кимылдау керек! Тезірек тас қамалға жетейік! – деп қояды. Бояу қарындаштардың қорыққаны сонша, тілдері байланды да қалды. Жарық дүниеге келген күннің таңы осылай басталар деп олар ойлаған емес еді. Қайсар Қара Қарындашпен кездесудің шаттығы мәңгілікке жоғалғанын сезу қандай қасірет десенші!

Көзілдіріктінің дөкір саусақтары сәт сайын сығымдап, жандарын мұрын ұшына шығарардай.

ЖАСЫЛ ТӨБЕГЕ СЕЙІЛ

Қара Қарындаш пен Ақ Альбомның жата-жата іштері пысты. Екеуі де кешегі шаршағандарын біржола ұмыта бастаған.

– Кішкене сейіл жасап қайтсақ қайтеді? Бойым сергір емес, – деді Ақ Альбом қайта-қайта есінеп.

– Мынауың тапқан ақыл! – Қара Қарындаш қуана келісімін берді.

Бұлар қуысын паналап жүрген ағаштан жырақтау жерде кішігірім төбешік бар болатын. Қара Қарындаш окшаулау жасыл төбешікке көптен бері құмартып жүрген. Соның сәті түсетініне қуанды.

– Жүр, онда анау төбешікке шығайық. Төбе сырт көзге аласа көрінгенімен, өрлегенде екеуін әжептеуір-ақ шаршатып тастады. Қара Қарындаш төбенің ұшар басына бірінші жетті. Жеткен сәтте көлденең жатқан тақта тасқа ырғып шығып:

– Алақай, бірінші боп мен жеттім, – деп, мақтана дауыстады. Ақ Альбом еңтігін баса алмай:

– Әй, мақтаншағым-ай, бөсе түс! – деп мысқылдай күліп қойды.

– Өзіңнен көр! Жайбасарлығына мен кінәлімін бе, – деп әзілдеген Қара Қарындаш Ақ Альбомды қолынан тартып, тақта тастың үстіне шығарды.

ЖҰМБАҚ ЖАНДАР

Төбе үстінен айнала алақандағыдай көрінеді. Екеуі қатарласа отырып, жан-жағына құмарта қарасты. Бұлар отырған

төбеден недәуір қашықта жасыл желек жамылған орманның ар жағынан еңсесі биік, қос мұнаралы қамал көрінеді...

Әлдекімдер мұнара төбесінде қарауытып, қозғалып жүр. Қолына ұстаған ұзынша құралының ұшы күнге шағылып, жалт-жұлт етеді.

Қара Қарындаш:

— Пәлі, анау найза ғой, — деді үрейлі үнмен. Ақ Альбом сайға қарай құлаған қасқа жолмен келе жатқан бір топ адамды осы кезде аңғарған. Ол Қара Қарындаштың сөзіне құлақ аспаған күйде:

— Қара Қарындаш, аналарды көрдің бе? Алдыңғылардың біреуі Кекілді Қыз секілді емес пе? — деді дүдәмал үнмен.

— Көне?!

— Ана сай жаққа кара! — Қара Қарындаш серігі нұсқаған тұсқа жалт қарады да, өз көзіне өзі сенбегендей, бір нүктеге қадалған қалпы мелшиіп қатты да қалды. Бір қауым уақыттан кейін барып сөйлеуге шамасы келді.

— Масқара-ай! Ағасы екеуінің қолын артына қайырып, байлап тастапты.

ТӘУЕКЕЛГЕ БЕЛ БУУ

Осыны айтты да, Қара Қарындаш тас түйін болып, түйіліп тұрып қалды. Жүзінен тосын бір іске бел буған ниет аңғарылғандай. Ол кенеттен:

— Ал кеттік! — деді де, төмен қарай құлдырай жөнелді. Қара Қарындаштың қандай іске бел буғанын жөнді түсінбеген Ақ Альбом серігінің соңынан томпандап еріп кете барды. Шапшаң қимылды Қара Қарындаштың соңынан қалмай жүру Ақ Альбомға оңай түспеді. Тікенді бұталар да жолды бөгеп, адымын аштырмайды. Екі-үш рет сүрініп, құлап та қалды... Сонда да болса намысқа тырысқан Ақ Альбом топталып келе жатқан жандардың алдын орай жүгіріп бара жатқан Қара Қарындаштан кара үзіп қалмауға тырысып келеді.

Қара Қарындаш еңтігін баса алмай, бір қалың бұтаның тасасына келіп тұрды. Оның соңын ала жеткен Ақ Альбом да демігін баса алар емес.

Қара Қарындаштың жанарында әлдебір ұшқын жалт етті. Тәуекелге бел буған сынайда. Әрі кесімді, әрі батыл үнмен тіл қатқан Қара Қарындаш:

— Қайткенде де қолға түскендерді құтқаруымыз керек, — деді.

— Қалай?

— Жасауылдар өмірі естіп көрмеген әрекет жасауымыз керек.

— Ол үшін не істейміз? — деді Ақ Альбом.

— Екеуінің есін шығарып, бар өнерімізді аямайық. Ақ Альбом оның ойға бүккен құпиясын ұға алмай, дал болған күйде тұр.

— Ал, батырым, ілес соңыма! Тек менің айтқанымды істей бер! Кеттік! — деді Қара Қарындаш.

ЖОЙҚЫН ШАБУЫЛ

Қара Қарындаш бұта арасынан жүгіріп шығып, жол үстіне кесе-көлденен тұра қалды.

— Ақ Альбом, мұнда кел, мына қызықты қара! Адамдарды адамдар арқанмен байлап тастапты, — деді де мазақтай қарқылдап күле бастады. Кекілді Қыз бен Жігіт алғашқы сәтте таңырқап қалса да, артынан Қарындаштың тектен-текке жол үстіне шықпағанын іштей ұға қойған. Темір сауытты қос жендеттің қорыққандары сонша, көздері шарасынан шығып кетті. Жалма-жан қынапты қылыштарын суырып алып, тап бір үлкен ұрысқа дайындалғандай бола қалды. Көздері ежірейіп, мұрттары тікірейіп кетісті. Жер-көктен сабыла іздеген Қара Қарындаштың жер астынан шыға келгендей сайрап қоя бергенін көргенде Көзілдіріктің төбесінен жай түскендей болды. Сол тұрған орнынан қозғала алмай қалды.

Қара Қарындаш қара жолдың үстінде кішігірім найзадай шаншылып алып, қарқылдай күлуде.

Тік қабақты, қою қасты, ұзын бойлы жендет қасындағысына қайрыла қарап, гүжілдеген дауыспен:

— Мынау не пәле, жын ба, пері ме? Не істейміз? — деді.

— Ойланатын не бар, қылышыңмен қағып таста! — деп шіңк ете қалды бойы тапалдау серігі.

— Ол оп-оңай ғой! — деп ұзын бойлысы өкіректеп алға ұмтыла берді де, қылышын сермеп қалды. Қара Қарындаш көз ілеспес шапшандықпен қарғып кетті. Ауаны ысқыра тіліп өткен қылыштың қайқы ұшы жерді қауып, қою шанды бүрк еткізді. Қара Қарындаш одан сайын қарқылдай күліп:

– Қайқы қылыш жер қапты,

Құр сілтеуден не тапты? – деп тақпақтап жіберді.

Ызаланған ұзын жендет қорбандап қайта ұмтылғанда, Қара Қарындаш жалт бұрылып, тағы да бір шетке ыршып түсті. Екпінін тоқтата алмаған жендет жолға төне өскен жуан ағаштың бұтағына соғылып, шалқасынан құлады. Ойбайын салып, орнында тыпырлады да қалды.

– Мынау қайтеді-ей! – деп аласалауы алға ұмтыла берген. Тасада тұрған Ақ Альбом осы сәтте қорықпай, бар екпінімен секіріп, ентелеп келе жатқан тапал жендеттің көз алдынан зу етіп өте шықты. Не болып, не қойғанын ұға алмай қалған жендет кілт тоқтап, жан-жағына алақ-жұлақ қарап:

– Мына жерді жын-пері жайлаған шығар, – деп аңқиып тұрып қалды. Ұзын бойлы жендет өз басымен қайғы болып жатыр. Қара Қарындаш жол ортасында сайрап тұр.

Ақ қанатты ақ пері,

Қайтып орал тағы да.

Тез кетпесе бұл жерден

Соқ аямай жағына.

Ақ Альбом зу етіп, аласа жендеттің бетінен сарт еткізіп соғып кетті де, жасыл бұта арасына зым-зия сіңіп кетті.

Жендет тосын соққының қай тұстан келгенін аңғара алған жоқ, жалт бұрылып кері қарай қаша жөнелді. Есін жиған ұзын жендет те апыл-ғұпыл орнынан тұрып, серігінің соңынан асығыс тайып тұрды.

Көзілдірікті мүлдем есінен танып қалған. Мына секілді оқиға оның үш ұйықтаса түсіне кірмеген еді. Бояу қарындаштарды сығымдай ұстаған саусақтары жазыла берді. Жерге сау етіп төгілген бояу қарындаштар:

– Алақай! – деп жамырай айқайлап, Қара Қарындашқа қарай жүгіре жөнелді. Көзілдірікті көзі аларып, тұрған орнына кескен теректей сылқ етіп құлап түсті.

Кекілді Қыз бен ағасы екеуінің қуанышында шек жоқ. Қуанып жүріп бір-бірінің қолын шешісті.

– Қайсар Қара! Осының бәрін ойлап жүрген сенсің-ау! – деп Кекілді Қыз Қара Қарындашты ризалықпен бауырына қысып, Ақ Альбомды арқадан қақты. Барлық бояу қарындаштар жүгіріп жеткен бетте Қара Қарындашты, Ақ Альбомды қоршап алып, құшақтап, мәз-мейрам болысты...

Республикалық «Балауса» баспасы ұйымдастырған жабық конкурстың II жүлдесін иеленген (1994 жыл).

ОЙЫНПАЗ ОЙЫНШЫҚТАР ОТАУЫНДА немесе Дәуреннің ойыншықтары

(Ертегі-повесть)

I

Осы әңгімеде баяндалған жайға мүмкін сенерсіз де, мүмкін сенбессіз де! Дегенмен де сену, сенбеу – әркімнің өз еркінде ғой. Бірақ, біздің үйдің елгезек мінезді еркесі Дәурен осы бір қызықты хикаяны, осыдан біраз уақыт бұрын, төсекке жатар алдында өзінен үш жас үлкен әпкесі Ақнұрға бірнеше күн бойы баяндап берген екен. Ал Ақнұр болса інісінен естігендерін өзінің көп көзінен таса ұстайтын көгілдір дәптеріне еш ерінбестен мұқият түсіріп жүріпті. Андаусызда қолыма түскен сол дәптерден оқығандарым маған бөлекше әсер етті. Дәуреннің жас қиялының жүйріктігіне менің танданбасқа шарам да жоқ еді. Осы қызық, бір-біріне жымдаса жалғасқан қызықты хикаяны елеусіз қалдырмай, Дәурен мен Ақнұрдың құрбыларына ұсынуды жөн көрдім.

Бір қызығы Дәурен ертегісінің бас кейіпкерлері – оның өзінің ойыншықтары екен.

II

Дәуреннің ең сүйікті ойыншығы – Қоңыр Қонжық еді. Оны сонау бір жылдары қалада оқитын әпкесі Дәуреннің туған күніне сыйлыққа әкеліп берген болатын. Онда Дәурен кіп-кішкентай еді.

Өзі тым аурушаң болып өсті. Тіпті бір жаз, күз бойы қатты науқастанып, салсүйек болып, төсек тартып қалғаны бар-ды. Керек десен, дәрігерлер де оның өмірінен күдер үзіп, шарасыз күйге ұшыраған еді. Үй ішінің де үміті үзілуге айналған-ды. Дәурен сол күзде бір жасқа толған. Сол кезде оның қалада оқитын әпкесі сырт көзге недәуір көлемді, сүйкімді қоңыр пүлішпен қапталған, көзіне күлкі ұшқыны ұялаған Қоңыр Қонжықты әкеле қалмасы бар ма. Әбден жүдеп, салтөсек болып жатқан

Дәурен Қоңыр Қонжықты көргенде көптен бері көзінде сөнген күлкі ұшқыны аз сәтке болса да жылт етіп, әлсіз ғана езу тартқан-ды.

Сонда үй іші, әке-шешесі, атасы мен әжесі естері қалмай қуанған. Әсіресе, әжесі мен атасы:

– Мынау бір қасиетті ойыншық болды ғой.

– Иә, ақ сарбас, ақ сарбас, тіфә, тіфә! Ә, құдай бере көр, – деп қауқалақтай, қуана сөйлеп, жүректері жарыла жаздаған.

Содан бері Қоңыр Қонжық осы үйдің қастер тұтар қасиеттісіне, Дәуреннің ажырамас досына айналған. Сондықтан да ол онаша үйде, өзге көп ойыншықтардан бөлек сақталушы еді. Сарғыш түсті шкафтың үстіне қонжиып отырып алған Қоңыр Қонжық осы үйге кіріп-шыққан жандарға үнемі сүйкімді мейірман, шуақты шыраймен жымыып қарап тұрғаны.

Бертінректе, Дәурен есейіп кеткенде де, ол биік үстелдің үстіне ерінбей шығып, Қоңыр Қонжықтың қоңырқай кара тұмсығынан құшырлана сүйіп-сүйіп алатын еді. Мұндай сәтте Қоңыр Қонжық бұған одан әрмен күлімсірей қарап, мәз-мейрам бола түсетіндей көрінетін.

Осыдан бір-екі жыл бұрын Ақнұр дүкеннен белгілі ақынның әдемі кітапшасын сатып әкелген еді. Сонда аю баласына арналған әдемі өлең бар-ды. Оның аты «Мамалақ» екен. Өлең әрі жеңіл, әрі қызғылықты болып шықты. Сүйкімді аю баласын «Мамалақ» деп атаудың өзі тілге де оралымды, көкейге де қонымды болып шықты. Содан бері Қоңыр Қонжықты Дәурен бірыңғай Мамалақ деп атап кеткен.

Дәурен биылғы жылы мектепке барған-ды. Сондықтан да болар, таңертеңгілік орнынан тұрғанда ол онымен:

– Халің қалай, Мамалақ? – деп есендесетін. Мектепке кетерінде:

– Сау болып тұр, Мамалақ, – деуді күнделікті әдетіне айналдырып алған-ды.

Ақнұр әкпесі де жас кезінен ойыншықтарға аса құмар болды. Әпкесі мен шешесі дүкенге түскен жаңа ойыншықтардан оны құр қалдырмайтын. Осы бір ойыншықтарға деген құмарлық сезім Дәуренге де ауысқан еді. Кейінірек ол өзінің көп ойыншықтарын іріктеп, ішіндегі тәуір дегендерін алып қалды.

Дәурен оларды шағын екі бөлмеге бөліп орналастырған. Өзі жататын бөлмеге тек Аяз Атаны, Ақша Қызды, Тұлымды Қызды және Тақиялы Балақайды ғана алып қалды. Себебі, Дәуреннің аңдар мен жануарларға көзі түссе көңілі аландап, тынши алмай, ойнағысы келіп кететін әдеті бар еді. Сол

себептен де ойыншықтарының басым көпшілігін өзге бөлмеге орналастырып, көзден таса қылған болатын.

III

Дәуреннің үйінің сыртында ескі сарай бар еді. Соның отын жинаған қуысында көптен бері Дәурен шығарып тастаған, сексеуілге бастырылып қалған Қожалақ жататын. Жылбыр шашы білте-білте болып, бет-аузы сатпақтанып, сұрықсыз күйде жатқан Қожалақты бір күні Ақнұр көрді. Ол оны аяп кетіп, суға шомылдырып, тазалап, қайтадан үйге әкеліп қойған. Бұл жайға Дәурен алғашында онша көп мән бере қойған жоқ.

Салған беттен-ақ Қожалақты өзге ойыншықтар ұната қоймады. өзі мүлдем тентек, мазасыз екен. Адамдар кетіп, үй онаша қалса-ақ болды, қатарындағыларды бүйірінен түрткілеп, есінен тандырады. Әсіресе, Тақиялы Балақайды талай жылатты. Тіпті бірде ішінен теуіп жіберіп, шапанының етегін жыртып қойды. Тұлымды Қыздың үлбіреген ақ бантигін жұлып алып, лақтырып тастады.

Әйтеуір Қожалақ келгелі бері үйден береке мүлдем кетті. Оның тиіспегені қалмады. Тіпті бір күн Тақиялы Балақайды тамағынан қылқындырып өлтіріп қоя жаздады.

— Сен бұл ауылда адасып, қайдан жүрсің? — деп итеріп жіберіп, шалқасынан құлатып, шекесін ісіріп қойды. Сыйқалтасын иыққа сап, айналасына кемеңгер келбетімен, қайырыммен қараған Аяз Атаны көргенде мүлде құтырынып кетті.

— Мына бір аппақ шал қайдан келген пәле өзі? Таяғыңмен мені ұрғалы тұрсың ба! — деп қолындағы иір басты асатаяғын жұлып алды. — Қабында нең бар, жейтін ешнәрсең бар ма? Жок, құр қап па қампитып алған, — деп таяқ ұшымен қапты аударып тастады. Нәзік сезімді Ақша Қыз жылармен болған үнмен:

— Сен қандай көргенсіз едің? Аяз Атаның не жазығы бар? — деп шыр етіп, араға түсті. Қожалақ көзін сығырайтып ала қойды.

— Сыбызғыдай сынсыған сен кім едің? Көне, жөніңе тұр, — деп оған тақынып келе берді де, бетінен шапалақпен шарт еткізді. Ақша Қыз шар ете қалды. Аяз Ата өңі түтігіп:

— Бұл не бассыздық! Бұдан аскан жүгенсіздік болар ма? — деп ашуға мінді.

— Мына жаман шал не деп тұр, ей? Көне, тілінді тарт! Мына таяғыңмен басыңнан бір персем, сүйегінді жинай алмай қаларсың, — деп ысқырына сөйлеп, Аяз Атаға тақана берген. Тап сол

кезде есік ашылып, Дәурен ішке енген. Құшағында өзінен сәлақ кіші Қоңыр Қонжық бар екен.

— Ал, Мамалағым — Қонжығым, мен демалысқа жайлауға барып келгенше, осында бола бер. Содан келген соң аңдар тобына апарып қосармын. Әзірге айып етпе, өте асығыспын. Мыналар сені бір күнге жатсына қоймас, — деді де, олды-пұлды сый-сияпат салынған сөмкесін иығына асығыс асынып, сыртқа беттеді.

IV

Мамалақ келген соң бәрі де бірауық тынши қалды. Аз уақытқа орнаған тыныштықты Қожалақ қайта бұзды.

— Мына қорбаңбайды әкеліп, біздің қасымызға неменеге қойды? Түрін қарашы өзінің! Құр күмпиген денесінің кескен терекке ұқсауын! — деп ащы тілімен шағып алды. Бұған Мамалақ алғашында үндей қоймады және оның сөзіне бәлендей мән бере қойған да жоқ. Себебі, талай уақыттан бері жалғыздықтан жалығып, іші пысқан еді. Мынау көп ортасына келгенге ол кәдімгідей толқып, сол тәтті сезімінің жетегінен әлі ажырай қоймаған-ды. Қожалақ қарап тұрмады. Ол көзін сықсита қадап, сынап-мінеген кейіппен Мамалақты айналдыра қарап шықты. Қарсы алдына келді де, зәрлі мысқылмен:

— Мардымсуын қарай көр! Несіне шөниіп тұрсың? — деп күтпеген жерден, көз ілеспес жылдамдықпен Мамалақтың тұмсық тұсынан баспен періп жіберді. Көзінің оты жарқ ете қалды. Басы айналып, көзі қарауытып, құлағы шыңылдап, теңселіп барып түзелді. Ауыр ыңырсып, аз тұрды. Көзін ақырын ашты да, алдына көз салды. Қожалақтың қарқ-қарқ күлген бейнесі айқындала бастады. Қасқа тістері мүлдем аксиып кетіпті. Мамалақ бүкіл денесімен қопарыла қозғалып, шапшаң қимылдап, қожалақты қапсыра күшәқтап алды. Оның ыңқ деуге де шамасы келген жоқ.

— А-а-а! — деп ышқына айқайлаған Мамалақ Қожалақтың қос қолынан қыса ұстап, шыр айналдыра берді де, ашық тұрған терезеден сыртқа қарай атып жіберді.

— Ойбай, өлдім! — Әуеде қалбалақ қағып, тырандап бара жатқан Қожалақтың жан даусы шырқырап шықты. Қанкөбелек ойнаған қалпы биік талдың қусақ бұтағына барып соғылды. Содан жалбыр шашы әр жерден жұлынып, түтеленіп, қарсы бұтақтарға қақпақыл болып соғыла, қатты жерге ыңқ етіп, құлап түсті. Сол қолы иығынан үзіліп, төменгі иір бұтаққа ілініп қалды.

— Өлдім-ау! Өлдім-ау! Өлтірді-ау! — деп жерде шалқалаған күйі бебеу қағып жатты.

— Қолым-ай, қолым-ай!

Тұлымды Қыз, Аяз Ата, Ақша Қыз да иықтарынан ауыр жүк түскендей болып, жеңілдеп қалды. Жүздерінде құп сауап болды-ау дегендей сыңай бар. Сезімін ірке алмаған Балақай:

— Өзіңе де сол керек, — деп айқайлап жіберді де, терезені тарс еткізіп жаба салды.

— Жат солай!

— Рахмет саған, Мамалақ! — деп Аяз Ата ризашылық білдіріп, жерде жатқан таяғын, сыйқоржынын алды.

Бір күннен кейін Дәурен жайлаудағы атасының үйінен ауылға оралды. Жол бойы өзінің сүйікті Мамалағы туралы ойлаумен болды. Анда-санда іштей өзінің аздап жасаған еріншектігіне ренжіді. Аяз Ата, Балақайлардың қасында тұрып, зерігіп, іші пысып кетеді-ау деп те ойлады. Ол ауылға жеткенше асықты. Келген бетте ішке күлімсірей кіріп:

— Мамалағым, хал қалай? Ішін пысып кеткен жоқ па? — деп еркелете сөйледі. Содан соң:

— Қой, мен сені өзіңнің төрт аяқты туыстарына апарып табыстарайын, — деді де тік көтеріп алып, көрші бөлмеге апарды.

— Ал, достарым! Орталарына Мамалақ батыр келді. Қарсы алындар! — деді.

— Мен тағы да асығыс түрде жайлауға қайта баратын болдым. Мектептен екі күнге рұқсат алдым. Атамдар жайлаудан тау жақтағы кең өріске көшпекші екен, — деді де шығып кетті. Бірақ, Дәурен өзі жоқта Мамалақ пен Қожалақ арасында болған оқиғадан мүлдем бейхабар болатын.

V

Дәурен иеленген осы шап-шағын екі бөлмені ойыншықтар отауы десе де болғандай еді. Әдеміше қабырға сөреде де, төрт аяғы аласа шағын сырлы үстелде де, еденде де әрқалай орналасқан сан алуан ойыншықтар көздің жауын алады. Құлағы қалқайып, айналасына елгезек көңілмен қараған қоян да, сары ауыз үйректің балапаны да, сабалақ жүнді күшік те, өркеші өрдеш желмая да, жал-құйрығы желбіреп, адымын алысқа аршындатқан арғымақ ат та — бәрі-бәрі көзді арбап, көңілді қуантады.

Оң қабырғадағы жасыл сөреде үшкір тұмсығы сүйірленіп, түртіп қалсаң көкке самғап ұша жөнелгелі тұрған қос жолақты

көгілдір ұшақ көзге шалынады. Оның қатарында түрлі-түсті машиналар, кемелер, жатаған бауыр жүрдек жарыс машиналары, крандар сап түзеп тұра қалған.

Онаша бөлмеде ұзақ уақыт болып, осынау өз серіктерінің – төрт аяқтылардың ортасына келгенде, Мамалақтың қуаныштан жүрегі жарыла жаздады.

– Алақай-ай, қандай тамаша болды! – деп қуана дауыстап жіберді. Көзі күлім қағып, айналасына масаттана қарап қойды. Бір кезде ол:

– Пәлі, сен мұнда екенсің ғой, – деп қасына маң-маң басып жақындаған Желмаяға қарап жымың етті.

– Бауырым-ау, ең алдымен есендесейік те! Сені көрмегелі көп айдың жүзі болды емес пе! – деп Желмая сабырлы үнмен тіл қатты.

– О, онда айып менен! Амансындар ма, бауырларым! – деп Мамалақ айналасындағылармен емен-жарқын амандасты. Қалай дегенде де Мамалақтың назарын Желмая үстіндегі әдемі жабу ерекше аударды.

– Өзіңнің жабуыңды әдемілеп-ақ жасаған екен. Оюы не деген тамаша! – деп тандай қақты.

– Аых-аых-аых! – деп жіңішке даусымен ақилаған Ақ Қодық кішкене бөлменің ішін үш рет айнала шауып өтті де, Мамалақтың қатарына келіп, сүйкеніп тұра қалды. Сүйкімді жұмсақ сүйір тұмсығымен оның бүйірінен еркелеген қалыпта түртіп-түртіп қойды. Мамалақтың қытығы келіп кетті:

– Айналайын, Ақ Қодық, алдыма келіп тұршы, сен жана бұл манда жоқ едің ғой. Түрінді анықтап көрейін, – деп мойнын бұрды.

– Бойың аласа болса, Желмая тасада қалдырса, қалай көзге түсесің? – деп Ақ Қодық құнжың-құнжың етіп, оның алдына көлденеңдей тұрды.

Оның еркелігіне Мамалақтың іші еріп кетті. Сабалақ жүнді Сары Күшік мүлде ерке екен. Шәу-шәу етіп, бір-екі үрді де, Мамалақтың иығына шығып алды. Әсіресе Ақ Көжек бір орнында тағаттап тұра алмай, екі-үш рет секектей секіріп-секіріп алды да, Мамалақтың мойнына асыла кетті.

– Сенің келгенің қандай жақсы болды! Енді көңілді болатын болды, – деп қуана дауыстады.

– Оның рас, Ақ Көжек! Тіпті жақсы болды! – деп өзгелер де қуана қоштады.

Сабырлы мінезді Желмая да ұзын мойнын ақырын қозғап, қоштағандай рай білдірді.

– Енді додадоп ойнайтын болдық. Мамалақты бұрын мықты қақпашы деп еститінбіз, – деді Желмая көзін қулана қысып қойып.

– Ондай қақпашыны ешқашан да, еш жерден де таба алмайсың, – деп, Ақ Көжек сықылықтай күлді.

Мамалақ танданып қалды:

– Додадоп дегенің не?

Ақ Көжек қутың етіп:

– Соны да білмейсің бе, футболды айтам да, – деді.

Мамалақ басын шайқап:

– Бәлесін өзінің! – деп мырс етіп күлді.

– Сонда мен қақпашы болам ба?

– Енді кім болмақшы!?! Сенің атақты Қонжық атаң баяғы Мәскеуде өткен Олимпиада ұраны болып, суретің ілініп, барлық ойынның түрін бір өзі атқарып шыққан жоқ па еді?! – деп сықылықтап күлді Ақ Көжек.

– Рас, рас! Ол білмейтін ойынның құпиясы жоқ. Сондықтан да оған күлді жұрт дән риза болды емес пе, – деді Желмая шуақ көңілмен бас шұлғып:

– Сүйкімді Қонжық атаң аспанға көтеріліп, көппен қол бұлғасып, көкке қалқи ұшқанда, бүкіл ел қимай қоштасқанын айтсайшы! – деді.

– Көп елдер көздеріне келген жастарына ие бола алмады дейді ғой, – деп Ақ Қодық естігенін айтып салды.

– Бәрі рас, бір жалғаны жоқ, – деп Желмая Ақ Қодықтың басынан ақырын сипады.

Сарыауыз Балапан жіп-жінішке үнімен:

– Ендігі ойынымыз тіптен қызық болатын болды, – деді.

Сабалақ атанған Сары Күшік бір бүйірден шәу етіп:

– Ойпырым-ай, ойынды сұмдық қатырып ойнайтындай болуын, – деді жеңіл мысқылмен.

– Е, ойнамай несі бар, Сарыауыз жаман ойнамайды, – деп үнсіз тұрған Арғымақ оны қорғай сөйлеп, аяғымен жер тарпып қойды.

– Иә, иә, жаман ойнамайды! – деп Ақ Көжек қолдау көрсетті.

– Жә, жә! Осы тұрғандардың ешқайсысы да шеккі ойнамайды, – деп есті үнмен тіл қатқан Желмая бәрінің төбесінен алысқа маңғаздана қарады.

– Доп қайда еді? – деді Сарыауыз.

– Доп мұнда! – деп Ақ Қодық сандық тасасындағы допты топқа қарай теуіп жіберді.

Теңбіл доп үй төбесіне барып сарт етті де, төмен құлдилап келген бетте Сабалақтың шекесіне дөп тиді. Тосын соққыдан шөңк ете қалған Сабалақ бұрышқа қарай қаша жөнелді.

— Әй, бәлем, өзіңе құп сауап болды, — деп Ақ Көжек ішін баса, сықылықтай күлді. Күтпеген күлкілі оқиға барлығын қызыққа батырды.

— Е, оқасы жоқ, оқасы жоқ! «Жерден жетіге келгенше таяқ жейсін» деген. Сен жерден жемесең де, бұл жолы төбеден жедің, — деп, Желмая маңғаз үнмен жұбатты.

Еденде секектеп жүрген допты қағып алған Ақ Көжек оны аяғымен қақпақылдап ойнап аз тұрды да:

— Е, ендеше не тұрыс бар!? Қазір бақтағы алаңға барып, додадоп ойнайық, — деп бәріне жағалай қарады.

— Несі бар, ойнасақ ойнаймыз да! Бүгін күн де тымық, бақ іші де тып-тыныш. Ауа райы кешегіден де жақсы болып тұр, — деп Ақ Қодық оны қоштай сөйледі. Сарыауыз ажарында масайраған қалып байқалды. Ақ Көжектің айтқан ойы барлығының көкейіне қона кеткендей.

Маңғаз мінезді Желмая ақырын ғана:

— Не болса, о болсын, бір бой жазып қалатын болдық! — деді.

Аяғын тарпыған Арғымақ та:

— Бәрінен де соны айтсайшы! — деп қуанғанынан кісінеп жіберді.

Теңбіл доп Мамалақтың көзіне жылыұшырап кетті. Алға аз ғана ұмсына түсіп, доптан көз айырмаған қалпы:

— Кәне, доптарыңды көрейінші, қандай екен? — деді.

Ақ Көжек шапшаң секіріп барып, допты оған әкеліп берді.

— Мынауың мүлдем тамаша доп қой! — деп, оны айналдыра қарап, бүйірінен шертіп-шертіп қойды да:

— Тек ойнай білетін аяқ пен соған сай қайрат керек, — деп жымыды. Ұяндау мінезді Сарыауыз ақырын ғана:

— Ойынға қашан шығамыз? — деді.

— Асығатын не бар, қазір сәлден соң шығамыз, — деп Желмая шығар мерзімнің шегін айтты.

IV

Қожалақ ұзақ жатты. Қолының орны дызылдап, шыдатпай барады. Ысып бара жатқан күн шекесін қыздырып, шыдатар емес.

Ол осы кезде барып толық есін жиып, тірлікке кірісті. Жалғыз қолымен бұтаққа тырмыса қозғалып ілініп қалған қо-

лын алуға жанталасты. Әрең дегенде жан тері шығып, иығынан бөлінген қолын жерге қағып түсірді.

Осы кезде оның құлағына көңілдене дуылдысқан үн шалынды.

- Ал дайынсындар ма!
- Тез шығайық далаға!
- Доп қайда?
- Мамалақтың қолында.
- Ал ендеше кеттік!

Қожалақ тың тындай қалды. Үзілген қолы төменде жатқаны да есінен шығып кеткендей. Ішінен күбір етті: «Бәрі сыртқа шықпашы екен ғой. Әлгі Қоңыр Қонжық деген сұмырай осыларға қосылған — екен, ә! Тасадан тұрып, тас атсам ба екен, ә!» — деп ызалана ойлады. Осы сәтте ойына жерде жатқан сол қолы оралды. Дереу еңкейді де, қолын иығына салмақшы болды. Бірақ алғашқы жігі ажырап кеткен ол орнына оңайлықпен бара қоймады.

Дегенмен де біраз қиналып, күш салып орнына келтірді де, үн деп демін бір-ақ алды. Содан соң ақырын жүріп барды да, терезенің өкпе тұсындағы тал тасасына тығылды. Екі көзі терезеде. Бір кезде сықыр етіп ашылған терезе кенеріне Арғымақ қарғып шықты.

- Жарайсың, Арғымақ!
- Ырғысына ризамын!
- Енді бізге көмек ет!

Осы сәтте Желмая да, Ақ Қодық та терезе кенеріне қабаттаса көтерілді. Мамалақ та тырмыса өрмелеп шығып келе жатты. Қожалақ аяқ астында жатқан қыры пышақтай қара тасты қолына қалай іліп алғанын аңғармай қалды. Мамалақтың как мандайынан қонжитып бір-ақ ұрса, кеудеге тұнған кегі біржола қайтатын сияқтанып кетті. Ұруға оңтайланып оң қолын көтере бергені сол еді, әлдекім келіп:

– Токта, бекер асығасың! — деп мұның қолынан шап беріп ұстай алды.

Қожалақ сасып қалды да, бұған жалт қарады.

Қолындағы тасы жерге түсіп кетті.

– Сен кімсің?

– Т с с... үндеме! Қазір аналар ұзасын. Содан соң айтамын.

Қожалақ сырт пішіні өзіне ұқсас, жалбыр шаш бейтанысқа аз таңырқай қарады. Бірақ, оның үніндегі өзгеше өктемдік мұның мысын басып кеткендей. Еріксіз бағынып, еріксіз иланып қалды.

Осы кезде бұлардың құлағына жіңішке үн естілді.

– Ей, Сарыауыз, немене сол шәуілдек Сабалақтың бір ауыз сөзіне бола өкпелеп, ойынға бармайсың ба?

– Бармаймын! Айттым ғой, бармаймын деп.

Желмая ренішке толы үнмен:

– Сабалақ, осы сен бір күні жазаланасың. Сарыауызда нең бар? Ішіміздегі кішіміз де, нәзігіміз де сол. Соған тиісе бергенше, ұялсаншы, – деп ренжи сөйледі.

– Өзі ғой. Өткендегі ойында біздің қақпаға екі рет доп жіберіп қойған.

Майпалаңдап жүгіре алмайтынын өзінен көрсін, – деп Сабалақ ақтала сөйледі.

Ақ Қодық аяушыл, камқор үнмен Сарыауызға:

– Жүре берші. Оған өкпелейтін не бар? – деп тіл қатты.

– Ақ Қодық, ренжіме. Менің бүгін ойнағым келмей тұр.

– Өкпелеп қалмайсың ба? – деп Ақ Көжек елбең қағып, елгезек сөйледі.

– Жо-жоқ! Сендерге еш өкпем жоқ!

– Ендеше, кеттік! – деп Ақ Қодық баққа қарай құйғыта жөнелді...

VII

Қожалақ қасына бұқпалап келген бейтанысқа қайта бұрылды.

– Сен кімсің?

– Ал сен ше? – деп ол Қожалақтың өзіне ожырая қарады.

– Мен бе?

– Иә, сен.

– Мен – Қожалақпын!

– Сен Қожалақ болсаң, мен Сотанакпын! – деп ысқырына сөйлеп, қарсысындағы Қожалақты қақ мандайдан періп жіберді.

Ол шалқасынан түсті. Сол сәтінде оның кеудесіне қона түскен Сотанак Қожалақты алқымынан алып, сығып қылқындырғанда, көзінен жас шығып кетті. Зәрлі көздерін оның өңменіне оқша қадап:

– Осы сағат, осы секундтан бастап, сен менің қоластым-дасың. Айтқаным көнесін, айдауыма жүресін. Ұқтың ба?!

– Ұқтым! Ұқтым! – деді Қожалақ қырылдап. Осыдан соң барып оның қолы ақырын ажырай бастады.

Қожалақ қарсы тіл қатуға қорқып тұрды. Жаутаң-жаутаң етіп, Сотанактың сұсты жүзіне қарай берді. Тіл ұшына үйірілген көп сауалдар тұншығып сыртқа шықпай қалды.

— Неменеге мәлип тұрсың? Ол сәл кідірді де көзін сығырайта тыжырынып:

— Менің бұл дүниеде жақсы көрер ешкімім де, ешнәрсем де жоқ. Айнала дүниенің бәрі жау, бәрі қас. Маған барлық тіршілік иелері сұмдайы болып көрінеді.

— Неге? — Қожалақ қорқа тіл қатты.

— Неге деп сұрауын!? — Ол мысқылмен мырс етті де:

— Өзің ойлашы, бұл дүниеде қандай әділдік бар? Көзімді бақырайтып, шашымды жалбыратып, бұтымды тыритып, қолымды маймитып, белімді имитіп жасағандар кімдер? Бәрін жасаған — сол адамдар. Олардан еш рақым күтуге болмайды.

— Неге?

— Негешілін мұның. Әй, өзің ойлашы, менің қандай жазығым бар? Осыдан он шақты күн бұрын дүкенде өтпеген ескі ойыншықтарды сұрыптауға бір топ адамдар келді де, барлығымызды көріп шықты. Барлығын мақтап-мақтап келіп, көпшілігін әлі де сатуға жарамды екен деді. Ал маған кезек келгенде, сол маңда жүрген Дәурен деген бала: «Мына біреудің түрі не деген жаман десін!». Сол-ақ екен бір әйел:

— Дұрыс айтады, баланың талғамымен есептесуіміз керек, — деді. Сол-ақ екен өзгелері де ал кеп жамандасын мені. Ақыр аяғында іске алғысыз етті. Сөйтті де сирағымнан алып, ауладағы қоқыс салынған машина үстіне лақтырып жіберді. Содан қоқыс, қалдық төгетін үйіндіден бір-ақ шықтым.

— Қандай аянышты! — деп, Қожалақ қасындағы серігіне жаны аши бастады.

— Содан қалың коқыр-соқырдың астынан тұншығып, тырмысып, әрең дегенде құтылып шықтым. Денем шиландай жара, көгермеген жерім қалған жоқ, — деп үніне аяныш бере сөйледі. Ол кенет ызалана тіл қатты да, былай деді:

— Анау ойнап жүргендерді көргім келмейді. Қоқыс астында тұншығып мен жатамын, ал олар аппақ үйге кіріп, аппақ үйден шығып, сауық-сайран құрып жүреді. Жок, бұл әділеттілік емес. Сондықтан мен оларды бұл күйде қалдыра алмаймын, — деп қатарында тұрған жас шыбықты қол қырымен бір-ақ ұрып, қырши отап түсті.

— Рас, рас, бұл дүниеде еш әділдік жоқ. Мен де Мамалақтан қорлық көрген мүскінмін. Жазықсыз жапа шектім, — деп Қожалақ қалбақтап қалды.

— Жапа шексең, алынар кек алда. Тек маған серік болуға жарасаң болды. Мен ойыншықтар ордасын талқандауға келдім. Дәурен дегенге көресіні көрсетемін, — деп ызалана сөйледі.

Қожалақ қуанғанынан секіріп түсті. Оның да Дәуренге деген ескі кегі есіне оралды. Бұның да ұзақ уақыт бойы ескі сарайда шаң басып, отынға басылып жатқаны ойына оралды. Ол Сотанақты құшақтай алып, бетінен құшырлана сүйгісі келіп кетті.

Сотанақ тоқтаған жоқ. Келген бетте терезенің төменгі жақтауына қарғып шықты. Артына жалт қарады да, аузын ашып аңқайып, абдырап тұрған Қожалаққа қарады.

– Сен неменеге состиып тұрсың? Шықпайсың ба бері, – деп зәрлене әмір етті.

Қожалақ саскалақтап қалды да, апалақтап төменгі кенереге тырмысып-тартысып шыға бастады.

– Ішке түс! Екеуі қатар секірді.

Қолын мықынына тіреп алған күйі Сотанақ айналасына сығырая, зәрлене зерлей қарады.

– Мына машиналарды, кеме, самолеттерді не үшін самсатып тізіп қойған?! Ол мырс етті де, оларды бірінен соң бірін шиыра лақтырып, төңкеріп тастады.

– Әй, Қожалақ, кәне, анау құлаған машина-пашиналардың үстін басып тепкіле де, талқандай бер! Қарап тұрма, құр босқа! Қожалақ берілген әмірді орындауға құлшына кірісіп кетті.

Әуелей секіріп, әулекілене айқайлап, тепкілей таптап, жанши берді, жанши берді. Ызалана ырсылдап, әр бөлек ойыншықтарды құшырлана қаусатып, ойранын шығарды.

VIII

Сарыауыздың зәресі зәр түбіне кетті. Көзі ұясынан шығып, бүкіл денесі дірілдеп, қоңыр сөре мен қабырға арасындағы қуысқа бүрісе тығылды. Сотанақ қос қолын бүйіріне таяп, Қожалақтың қимылына қанағаттанған күйде бөлме ішінде маң-маң басып жүрді.

– Жарайсың, Қожалақ! Қолыңнан қаусату келетініне көзім жетті. Мақтау сөз естіген Қожалақ мүлдем есіріп кетті. Бұрынғыдан да екілене, еліре тепті.

– Әп, бәлем! Әп, бәлем! Мамалақтың сазайын осылай тартқызайын! – деп әбден құтырынып алды.

Сарыауыздың қатты қорыққандығы сонша, тынысы тоқтап қалғандай. Бойын жаман үрей біржола билеп алды. Кенеттен қатты екпінмен тебілген машинаның дөңгелегі ұшып шықты да, бүрісе бұғып отырған Сарыауыздың кеудесіне сарт ете қалды. Ол жанұшыра айқайлап жіберді.

Қожалақ та, Сотанақ та елең етіп, дыбыс шыққан жаққа бұрылды. Қожалақ ентелей барып, қуысқа сығалай қарады да, айқай салды.

— Мына Сары пәлені қара! Тығылып отырысын! Көне, шық бері! Кеудесі қатты ауырып қалған Сарыауыз қуыстан ауыр қозғалып, бері жылжыды.

— Ана Мамалақтың құйыршығының біреуі сен екенсің ғой? — деді ол зекіп.

— Жоқ, мен ешкімнің құйыршығы емеспін.

— Енді несінің?

— Мен — Сарыауызбын!

— Не, осында тыңшы болып қалдың ба, жоқ қарауыл болып қалдың ба?

— Ешкім де болып қалғаным жоқ. Ойнағым келмеді.

— Неге ойнағың келмейді? Сен тектен-тек қалған жоқсың. Сен бізді андып қалдың, — деп Қожалақ Сарыауызға шүйіле бастады. Сарыауыз без-без етіп:

— Мен ешкімді де андуға қалғаным жоқ, — деп аянышты үнмен шырылдады.

Сотанақ кесімін бір-ақ айтты:

— Бізге арамзалық жасағаның үшін сені өлім жазасына кесеміз. Басыңды шауып, сирағыңды сындырып, қанатыңды қырқып, шыбын жаныңды жаһанамға жібереміз!

— Жазығым не? Менде ешқандай арам ой болған жоқ. Сендердің мұнда келетіндерінді мен білмеймін де!

— Енді неге тығыласың? — деп Қожалақ түнере шүйілді.

— Қорқып кеттім. Кірген бетте машиналарды қаусата бастадыңдар ғой, — деп қорғанды Сарыауыз.

— Жоқ, тәжікелесіп, дауласып тұрар уақыт жоқ. Үкім біреу-ақ. Ол — өлім. Сондықтан ол орындалуы тиіс! — деп Сотанақ жылан көзін Сарыауызға окша қадады.

— Жазығым не, ағатайлар-ау! Айтып өлтірсеңдерші, — деп шырылдады.

— Жазығың сол, қожаларың — адамдардан менің көрген қорлығым жетерлік! Айттым бітті. Екі сөз жоқ! — деп долыра айқайлаған Сотанақ қабырғада ілулі тұрған қылышты қынабынан суырып алды.

Сарыауыз терезеге қарай қаша жөнелді. Қожалақ алдын кес-кестей берді. Жарқ ете қалған қылыш Сарыауыздың басын отап түсті. Әлсіз ғана «А-а-а!» деген дыбысы бір сәтке естілді де, үні өшті. Бастан бөлінген дене екі-үш рет қойқалақтай адымдап барды да, кирелең етіп құлады.

Көзі қанталаған Сотанақ ысқырынып:

— Әлі кегім қайтқан жоқ, — деп құтырынып жүр. Оның бұл түрінен Қожалақтың өзі де қорқып кетті.

— Әлгі Дәурен деген қудың сүйіктілері қайда? — деді Қожалаққа.

Ол лып ете қалып:

— Мұнда! — деп саусақ ұшын көрші есікке нұсқады.

IX

Тақиялы Балақай көпке дейін демігін баса алмай, Қожалақтың қатыгездігіне қатты налып отырды. Қасына ақырын басып, Аяз Ата келіп, қамқор үнмен сөйледі.

— Жә, мұнайғаныңмен ештеңе шықпайды. Бізге жасу жараспайды! Онсыз да Мамалақ Қожалақтың сазайын тартқызды емес пе? — деп аркасынан қақты.

Ақша Қыз оған қамқор пейілмен тіл қатты.

— Иә, Аяз Ата дұрыс айтады.

— Ренжуің де дұрыс. Дегенмен де сабырлы болу кімге болса да жарасады, — деп өз ойын білдірді.

Тұлымды Қыз үндемей қалды. Тақиялы Балақайдың, неге екені белгісіз, жүзіне тура қарауға именшектей берді. Бірақ, сол мезетте, болған оқиға кезінде, Балақайды Қожалақ қылқындырғанда бұл шынғырып жібере жаздап, өз-өзін ұстап қалған болатын.

Дәурен бұл екеуін үйге алып келген күні мұның қуанышында шек болған жоқ. Оларды өзі жататын ағаш төсектің тұсындағы сөреге қатарластырып қойғаны есінен кетпейді.

Тақиялы Балақайдың күлім қаққан көзі, күлкі үйірілген ерні, оюлы тақиясы, үстіндегі зерлі шапаны — бәрі, бәрі бұған ерекше сүйкімді көрінді. Иықтары жанасып, түйісіп тұрған сәтте мұның тал бойымен жүгіріп өткен сезім толқынын тіл жеткізіп айту — қиынның қиыны.

Тұлымды Қыз Аяз Ата мен Ақша Қызға да тез үйіреніп кетті. Оларға қосылып, оның өзі де оған бір ауыз жылы лебіз білдіргісі келді. Бірақ өзінен-өзі қымсынып, айтар сөзі аузына түспеді. Кішкене жүрегі лүпи соғып, кеудесін жарып кетердей бұлқынды. Аз ғана уақытқа орнаған осы көңілсіздікті Аяз Ата бұзды.

— Жә, жетер. Сары уайымға салына бергеннен келер пайда шамалы. Одандағы бойды сергітер, ойды сергітер тірлікке көшейік?

— Олай болса, не істегеніміз жөн? — деді Ақша Қар.

— Ойларың жүйрік, миларың жас! Оның жолын өздерің айтыңдар, — деді Аяз Ата қуақылана.

Тұлымды Қыз ақырын ғана:

— Жұмбақ айтыссақ қайтеді? — деді.

Ақша Қыз серігінің ойын қуана қоштады.

— Табылған ақыл! Шынында да, айтыссақ айтысайық! — деп, Ақша Қыз алақайлап жіберді.

— Сонда жұмбақты кім айтады? — деп Тақиялы Балақай тандана сұрақ қойды.

— Е, әрине, мен айтам да!

Көпті көрген көнемін,

Қызық көріп келемін.

Ойға түйген сырымды,

Жұмбақ қылып беремін, — деп Аяз Ата тақпақтап жіберді.

X

— Пәлі Аяз Атамыздың мұншалықты акын екендігін кім білген! — деп Тақиялы Балақай недәуір танданды.

— Ал, тыңдай қойыңдар, мен сендерге жұмбақ айтайын. Кім бұрын шешсе, соған деген сыйым бар, — деп ыңғайлана бастады.

— Айтыңыз.

— Ал, тыңдайық! — деп үшеуі Аяз Атаға бет бұрды.

— Ендеше, мен бастайын. Кәне, кімнің ойы жүйрік екен? Үшеуі де назарын Аяз Атаға бұрды.

Құлақтары елеңдеп,

Жүргені ылғи дедендеп.

Бұл не?

Үшеуі бір-біріне қарасты. Тұлымды Қыздың көзінде ұшқын ойнады. Аз сәтке Тақиялы Балақайға ұрлана көз салды да:

— Қоян! — деді көңілдене дауыстап.

— Тауып кеттің, Тұлымдым, — деп, Аяз Ата жұмбағын әрі қарай жалғады.

Маң-маң басып жүреді,

Шөптің нәрін біледі,

Апта бойы сусыз-ақ,

Өмір сүріп жүреді

Бұл не?

— Түйе, түйе! — деді Тақиялы Балақай асыға сөйлеп.

— Таптын, Балақайым, таптын. Бұл жұмбақтың шешуін

Ақша Қыз да тапқан. Бірақ, Балақай алдын орап, айтқызып үлгертпеді.

— Әрі қарай айтыңыз! — деді Тұлымды Қыз.

*Үйдің маңы тұрағы,
Аула қорғау — ұраны.
Егелерін көргенде,
Еркелеп бір тұрады*

Бұл не?

— Күшік! — деп Тұлымды Қыз сарт еткізді.

Оған жетеқабыл Ақша Қыз:

— Ит! — деді. Аяз Ата шек-сілесі қата күліп:

— Екеуіндікі де дұрыс! — деді. Ақша Қыз аздап қызарақтап қалды.

Балақай қутындап:

— Әрі қарай айта түсінізші, — деді ынтық сезіммен.

— Несі бар, айтсам айта берейін, — деді Аяз Ата.

*Мойыны садақ иілген,
Жал-құйрығы сүзілген,
Тұяғы тиген қара тас,
Құмғайыр боп үгілген.*

Бұл не?

Жұмбақтың шешуі Балақайдың тілінің ұшына үйіріліп келіп тұрды.

Бірақ, әдеп сақтап, екеуіне кезек бергендей сыңай байқатты.

Ақша Қыздың жүзінде ойланған қалып бар. Тез тапсам деген құмарлық пен құлшыныс қатар андағайлайды. Іле-шала:

— Ат, тұлпар! — деп айтып үлгерді. Алғашқы жұмбақтардың шешуіне толық қатыса алмағанына намыстанғандай шапшаң айтты.

— Дұрыс! Өте дұрыс! — деп, Аяз Ата айрылмас серігінің дәл тапқанына риза болды.

Содан соң былай деді:

— Жә, жұмбақты бәрін де шеше алатындықтарыңды байқаттыңдар. Енді мен бір қызық ойын ұйымдастырайын. Оған қалай қарайсыңдар?

— Қандай ойын?!

— Тез айтсаңызшы!

— Асықпандар. Қазір сендердің тапқырлықтарыңды, ақындықтарыңды байқап көрейік! — деді оларға сынай қарап.

XI

Үшеуі демдерін іштеріне тартып, лепірген көңілдері сабырға ауысып, тынши қалды.

– Мен өлеңнің бір жолын айтамын. Сендер соған ұйқасты сөз тауып жарысасындар.

– Қиын екен! – деді Ақша Қыз.

– Айта аламыз ба? – деді Тұлымды Қыз күдіктеніп.

– Нар тәуекел! Көрелік, – деп Тақиялы Балақай құлшыныс білдірді.

– Ендеше бастаймын, – деп Аяз Ата бәріне сынай қарады. Содан соң сөзін жалғап:

– Мен алғашқы жолды айтып, кімнің жүзіне қарасам, сол келесі ұйқасты жолды тауып айтады. Шартына келістік қой!

– Келістік!

– Келістік!

– Ал ендеше бастаймыз!

– Бастасақ, бастайық!

Аяз Ата:

– Қожалақтан құтылар күн бар ма екен, – деді де Ақша Қызға қарады.

Ол біраз ойланып тұрады да:

– Мінезінде шіркіннің «мін» бар ма екен?! – деп еді, Аяз Ата мен Балақай мырс етіп күліп жіберді.

Ақша Қыздың сөзін Тұлымды Қыз іліп әкетті. – Үлкен менен кішінің жақсы ақылын, – дегенде Тақиялы Балақай еш мүдірместен.

– Құлақ қойып, ынтамен тындар ма екен! – деп шапшан аяқтады.

– Көне, қосып айтып, бір тындап көрейікші.

– Иә, сөйтеік.

Қожалақтан құтылар күн бар ма екен?!

Мінезінде шіркіннің «мін» бар ма екен.

Үлкен менен кішінің жақсы ақылын,

Құлақ қойып, ынтамен тындар ма екен!

Аяз Ата мәз болып, дорбасына қол салды. Хош иісі мұрын жарған бір-бір қызыл алмадан үшеуіне ұсынды.

– Рахмет!

– Рахмет, Аяз Ата! – десіп олар риза болысты.

– Енді тағы бір шумақ өлең шығарсақ қайтеді!? – деді Балақай.

– Кімге? – деді Аяз Ата.

– Дәуренге, өзіміздің сүйкімді Дәуренге, – деді ол. Шырайында шын шабыттың нұры ойнайды.

Үшеуі де Балақай ойын қолдай кетті.

– Алғашқы жолды кімнің айтқаны жөн? – деді Тұлымды Қыз.

– Әрине, жолы да үлкен, жасы да үлкен Аяз Ата айтады да! – деді Ақша Қыз.

– Ендеше, тыңдаңдар. Ал тыңдайық, – десті олар ынтық көңілмен.

– Сүйкімді мол көзі бар күлімдеген.

Аяз Ата Тұлымды Қызға қарады. Ол сәл ойланды да:

– Достарына ғажайып гүл іздеген, – деді.

Тұлымды Қыз Балақайға қымсына қарады. Екі бетінің ұшы ду етіп қызарып кетті. Балақай да дайын тұр екен, іле-шала:

– Әр адамда болса егер Дәурен-жүрек, – деп еді Ақша Қыз ерекше шапшандықпен:

– Нұрға айналар бар әлем Күн іздеген, – деп жіберді.

Аяз Ата мәз болып, барлығын арқаға қақты.

Ақша Қыз өлең жолдарын іштен бір қайталап алды да, дауыстап, жатқа айтып шықты.

Сүйкімді мол көзі бар күлімдеген,

Достарына ғажайып гүл іздеген.

Әр адамда болса егер Дәурен-жүрек,

Нұрға айналар бар әлем Күн іздеген!

Балақай:

– Осы өленді Дәуреннің өзі естісе, әбден қуанатын болар, – деді.

– Қуанбағанда ше?! Әбден қуанады.

Осы сәтте Тұлымды Қыз бір ұсыныс айтты.

– Осы өленді үлкен қағазға жазып, төрге іліп қояйық!

– Орынды ой! Әбден қолдауға тұрарлық, – деп Аяз Ата Тұлымдының сөзін күп көрді.

– Кім жазады?

– Мен жақсы жазамын! – деп Балақай ынта білдірді...

XII

Желмая мен Арғымақ бастаған екі топ додадоптың қызығына әбден түсіпті. Желмая жағында ойнаған Сабалақ пен Ақ Қодық мейлінше қызынып алған. Соңғы допты қақпаға соққан Сабалақ танауы делиіп, екі құлағы елеріп:

— Әй, Ақ Қодық, Ақ Қодық.

Желмаяға жақ Қодық

Алдындағы добыңды,

Туралап маған соқ, Қодық! — деп өлендетіп жіберді.

Қарсы қақпаға тұрып алған Мамалақ Сабалақтың өлеңін тындап, қарқ-қарқ күлді де, ол да өлендетіп жіберді.

Сабалақ-ау, Сабалақ,

Жүрсің неге абалап?

Сонша мәз боп бір допқа

Жүргенің тіптен жаман-ақ.

Ақ Қодықтан доп алған Сабалақ Арғымақты алдап өтіп, қақпа алдындағы Мамалаққа допты туралап салды.

Тағы да өлендетіп жіберді.

— Әй, Мамалақ, Мамалақ,

Қақпаны жүрсің жағалап, — деп, бар денесімен кесе көлденеңдеп келе берген Мамалақтан жалт бұрылып, алдап өтті де бос қалған қақпаға допты бір-ақ ұрды.

Мәз боп аунап жата кеткен Сабалақ:

— *Тепкен добым дәл тиін...*

Сендерге болды-ау обал-ақ, — деп орнынан атып тұрды да, өз алаңына қарай зымырап жөнелді.

Ақ Қодық құйрығын шаншып, құйғытып бара жатып:

— Есеп 3:2 болды! — деп қуана айқайлады.

Қақпа алдында маңғаздана тұрған Желмая әбден көңілденіп алған.

— *Сабалағым, сабазым,*

Намысқа бүгін жарадың, — деп риза болды.

Кенет шетте тұрған Ақ Көжек отыра қалды да өксіп жылап жіберді. Барлығы оның тосын мінезіне үрпиісіп қалды. Елгезек мінезді Ақ Қодық құйғытып шауып келді де:

— Ой, саған сонша не болған? Соған да жылай ма екен? — деді

— Е, жыламай ше! Алдында ұтып тұрып, ұтылып қалсаң ше, — деп одан әрмен өкси жылады.

— Жылама! Бұл ойын ғой, — деп, Мамалақ та келіп өз жақтасын жұбатып жатты. Бірақ, жұбатқанға жұбанар Ақ Көжек жоқ. Еңсесі түсіп, езіле, егіле жылады. Содан сон еңкілдеп жылаған күйі үйге қарай құлдырай жөнелді. Барлығы аң-таң халде тұрып қалды.

XIII

Балақай Дәуренге арналған арнау өленді әдемі етіп жазып, ашық тұсына оның күлім қаққан бейнесін қоса салып, қабырғаға іліп жатқан еді. Аяз Ата арнау өленді қайта-қайта дауыстап оқып, әбден сүйсінген кейіппен бөлме ішінде жүрген. Тұлымды қыз Балақайға жымың-жымың етіп қарап қояды да, көзін тайдырып әкетеді. Балақайдың жалт-жұлт еткен жанарындағы жұмсақ жар-қыл мұның жүрегін де сәулелендіріп өткендей.

Ақша Қыз таңдай қаға танданып:

— Дәуренді келістіріп-ақ салған екенсің, Балақай! — деп мақтап қойды.

— Өленіміз де келісті шықты емес пе! — деді Балақай соңғы түймелі шегені қағазға шаншып жатып.

Тап сол кезде сарт етіп ашылған есіктен Қожалақ пен Сотанақ қосарлана енді.

Балақай қабырғаға сүйенген қалпы қатып қалды. Өз көзіне сенерін де, сенбесін де білмеді. Шуақты нұрға толы бөлме үшін үскірік аяз лебі қарып өткендей. Сотанақ жолында тұрған Тұлымды Қызды шынтағымен қағып жіберіп, бөлме ортасына келіп тұра қалды. Шірене жүріп, шырт түкірініп қойды да, сығырайған суық көзін қабырғадағы жазуға қадады.

— *Сүйкімді мол көзі бар күлімдеген,*

Достарына гажайып гүл іздеген.

Әр адамда болса егер Дәурен-жүрек,

Нұрға айналар бар әлем Күн іздеген! — деп, әр жолын шегелей, нығыздай оқыды да, ащы мысқылымен:

— Пай, деген-ай! Бөскен екенсіңдер, бөспелерім! — деп қарқ-қарқ күлді. Сәл шегіншектей барып, үй бұрышындағы жайлы орындыққа шалқайып отыра кетті.

— Кәне, Қожалақ, ақ сақалы алдын жауып тұрған ана шалды менің алдыма алып келе ғой! — деді әмір етіп. Қожалақ шапшан қозғалып, Аяз Атаға жармаса кетті.

— Ой, көргенсіз Қожалақ! Қарт адамның жағасына солай жармаса ма екен? — деп шар етіп, Ақша Қыз арасына түсіп, алға ұмтылды. Қожалақ нәзік қызды шынтағымен қағып жіберді. Ол шалқалап барып, қабырғаға соғылды.

Әлсіз қарсыласқан Аяз Атаның алдын жапқан ақ сақалынан сүйрелеп, Сотанаққа алып келді. Иығындағы қапшығы мен аса таяғы жолда түсіп қалды. Сотанақ жылан көзін Аяз Атаға тура қадап:

— Анау қабырғадағы мактау өленді жазған сен боларсың! Өзің өле алмай жүрсен де, ақындығың бар ғой деймін, — деді.

Аяз Ата иегі дірілдеп:

— Ой, сен өйтіп көргенсіз болма! Қолынды тарт сақалымнан! — деп басын жұлқыды. Бірақ, Қожалақтың жіберер түрі көрінбейді.

— Әй, Сотанақ! Мынау әдепсіздігіңді тый! Мұндай сұмдығыңды ел білсе, сені аямайды, — деп Сотанаққа сұстана сөйледі.

— Ха-ха-ха! Мына жаман шалдың ділмарсуын! Күш көрсетеді-ей өзі маған. Аяғының ұшымен Аяз Ата шапанының етегін серпіп жіберіп:

— Сенің қойылған сұраққа жауап бергің келмейді-ау деймін, ө, — деді. Ол:

— Менің саған не деп жауап беруім керек еді? — деп өзіне қарсы сөйледі.

— Әй, Қожалақ. Мына қардан шапан жамылған қақпастың қолын артына қайырып байла! — деп әмір етті. Қожалақ Аяз Атаның беліндегі қызыл белбеуін шешіп алды да, оның қарсыласқанына қарамастан қолын байлай бастады.

Ақша Қыз шыдай алмай, жүгіріп келіп, Қожалақтың бетінен шапалақпен тартып жіберді.

— Оңбаған! Қалай қолың барады! Бетіне былш еткізіп түкіріп жіберді.

Сотанақ орнынан атып тұрып, Ақша Қыздың қолынан алып, шиыра лақтырды. Қанкөбелек ойнаған Ақша Қыз төр алдындағы тік айнаға соғылды. Соққының қаттылығы сонша, айнаның күлпаршасы шықты.

— Ой, басым-ай! Ақша Қыз талып қалды.

Тұлымды Қыздың жан даусы шыға шыңғырып жіберді.

— Балақай, құтқарсаншы!

XIV

Биікте тұрған Балақай төменге секіріп түсті. Түскен бетте Аяз Атаның таяғын жерден іліп алды. Сол бетінде сасқалақтап қалған Қожалақты жон арқадан салып өтті де, Сотанаққа ұмтылды.

Сұмдық жылдамдықпен ауаны ысқырта тіліп, сілтелген таяқтан ол бұғып қалып, бұлтарып кетті. Балақай қайта ұмтылды. Сотанақ еңкейген бетте жерде жатқан қызыл сапты қаламұш

шығаратын бөкіні іле кетті. Аса таяқ ауаны тағы тіліп өтті. Бұлтартып кеткен Сотанақ қолындағы бөкіні Балақайға лақтырды. Қанкөбелек айналған бөкі сарт етіп, аса таяққа дір етіп қалды. Балақайдың мандайынан суық тер шып-шып шықты.

Тұлымды Қыз тағы шыңғырып жіберді де бетін басты.

Сотанақ ақырып:

– Әй, сен сүмелек. Неғып тұрсың? Ұрмайсың ба, қолыңдағы сауытпен.

Абдырап қалған Қожалақ:

– Мен қазір! – деді де қолындағы қаламұш, қарындаш салған сауытпен Балақайды жіберіп ұрды. Жауырын тұстан тиген тосын соққыдан Балақай теңселіп барып, теңеліп кетті. Ол артына жалт бұрылып, қатты дауыстады.

– Тұлымды Қыз, неге тұрсың! Жүгір, Мамалаққа хабар айт!

– Сотанақ Қожалаққа ақырып жіберіп:

– Бар ана Тұлымды сайтанды ұста! – деді.

Ашық терезеден қарғып шығып, тұра қашқан Тұлымдының соңынан ұмтылған Қожалақты Тақиялы Балақай аяғынан шалып қалды. Ол етпетінен сырғанап барып, қабырғаға соғылды.

– Ойбай-ай!

Жалбыр шашының астынан жалт-жұлт еткен зәрлі көзі канталап кеткен. Сотанақ қолы байлаулы күйде тұрған Аяз Атаны бір теуіп өтіп, құлатып кетті. Ақша Қыз әлі талықсыған халден айыға қойған жоқ.

– Сені осыдан өлтірмесем, Сотанақ атым құрсын, – деп кішкене орындықты аяғынан ұстап алып, онды-солды сермеп, Балақайдың жұмсаған таяғын көпке дейін денесіне дарытпады.

Кішкене бөлме ішінің тас-талқаны шықты.

Орнынан ыңырсып, Қожалақ көтеріле берді.

– Әй, Қожалақ, қарап жатпа, тұр орныңнан! Мына сұмның ту сыртынан соқ, – деп әмір етті...

XV

Жүгіріп бара жатқан Тұлымды Қыз жолда жылап келе жатқан Ақ Көжекке қарсы ұшырасты.

Ақ Көжек кілт тоқтай қалды. Тұлымды Қыздың өңі элемтапырық болып, екі көзі ұясынан шығып кетіпті.

Ақ Көжек өз жылағанын ұмытып кетті де:

– Ой, Тұлымды, саған не болған? – деді үрейлі үнмен.

– Айта көрме, Ақ Көжек! Анда Қожалақ пен Сотанақ сойқанды салып жатыр.

— Жүгірейік, ойбай! Балақайды өлтіретін болды! — деп еңіреп жіберді. Болған жайды, анық-қанығын толық ұқпаған Ақ Көжек кері қарай безіп жөнелді.

— Мамалақ! Арғымақ! Тынық ауаны жаңғыртқан ащы дауыс ойын алаңына айқын жетті.

— Не болды?! — деді барлығы шырқыраған Көжек даусына елең етіп.

— Қожалақ пен Сотанақ деген пәлелер келіп қырып жатыр дейді!

— Не дейді?!

Арғымақ дүсірлетіп шауып ала жөнелді. Желмая Мамалаққа қарады. Мамалақ Желмаяға қарады. Екеуі бірін-бірін айтпай ұқты. Желмая жартылай шөге бергенде, Мамалақ өрдеш өркешке жабыса мініп алды.

— Шу, Желмая! Орнынан шапшаң көтерілген ол тайпалап алып жөнелді. Жылдамдығы сондай, айнала жер шыр айналып, дөңгеленіп бара жатты.

Мамалақтың көз алдына Қожалақ келді. Ызадан булығып, өлердей болып алған. Тас түйілген қабағы жауар бұлттай түнерген. Алдыңғы аяғының тырнақтары түйе өркешіне кіріп бара жатты.

— Әй, бәлем, осыдан қолға түссең, дәденді берермін! — деп дауыстап жіберді.

Арғымақ оқ бойы озып келіп, терезе алдына қарғып шықты да, қатты кісінеп жіберді. Делиген қос танауынан будақтап бу бұрқырайды. Айра-жайра бөлме ішінде Ақша Қыз бен Аяз Ата ынырси құлап жатыр. Балақай терезе кенеріне басын ауыр сүйеп тұрып қалған. Басындағы тақиясы жерде жатыр.

Арғымақ терезенің табан тақтайын тарпып-тарпып жіберіп:

— Не қып тұрсын, Балақай! Мін үстіме! Олар ешқайда қашып құтылмайды. Бол тез! — деп әмір етті. Арғымақ сөзі қамшы болған Балақай есін тез жиып, шапшаң көтерілді де, үстіне қарғып мінді.

Осы сәтте Желмаямен Мамалақ та жеткен еді.

— Екі сұм қашып үлгеріпті. Көне, қуалық!

— Қай бағытқа қашты екен? — деді Желмая.

Айналаны барлай қараған Мамалақ алысқа көз салып жіберіп, қуана айқалап жіберді.

— О, анада, сонау тұстан көрінді.

— Қайдан?! Арғымақ аспанға шапшуылдап, арқырай кісінеді.

— Сонау шөмеле тұрған қыркадан төбелері қылт ете қалды.

– Тарт, Желмая!
– Бас, Арғымақ! Балақай басына тиген соққыны біржола ұмытып кетті.

XVI

Кешігіп жеткен Ақ Қодық пен Ақ Көжек, Сабалақ пен Тұлымды Қыз төртеуі терезеден ішке секіріп-секіріп түсті. Ақ Көжекте үрей жоқ. Сабалақ ыңқылдап жатқан Аяз Атаны айналсоқтап, оған жанашыр пейілмен еркелеп:

– Басынды көтерші, Аяз Ата! Тұлымды Қыз, мұнда келіп көмектесші, басын көтерісші, – деп бәйек болып жүр.

– Қазір, қазір. Ақша Қыз да есін жинап қалды, – деп Тұлымды Қыз кесемен су әкеліп, оның бетіне бүркіп жатты.

– Оңбағандар!

Мына бөлменің ойранын шығарыпты-ау! Аяз Ата мен Ақша Қызды да аямаған екен. Мен оларға қазір көрсетейін, – деп Ақ Қодық терезенің кемер тактайына атылып шықты да, секіріп түсіп, шөмелелі қырқаға қарай құлдырай жөнелді.

Байыз таппай, әрлі-берлі секектеп жүрген Ақ Көжек көрші бөлмеге кіріп кеткен. Бір уақытта сұмдық қорқынышқа толы үреймен шыңғырған Ақ Көжектің үні шықты.

– Ойбай, бауырым-ай! Сарыауыз-ай! Өлтіріп кетіпті! Өлтіріп кетіпті!

Тұлымды Қыз теңселіп кетті.

– Құдай-ай, не дейді?!!

Аяз Ата тез есін жиып, еңбектей жөнелді. Ақ Көжек Сарыауыздың бассыз денесін құшақтап, бөлінген басты қолына ұстап, еңірей жылады.

– Момақан ғана, Сарыауыз-ай! Енді сенсіз қайтып өмір сүрмекпіз? Сенсіз қайтып ойнамақпыз? Атаңа нәлет, Қожалақ!

Ақша Қыз да орнынан әрең тұрып, есікке қарай әлсіз қозғалды. Кең дүние тарылып, көз алды жасқа шыланып, мұнартып сала берді...

XVII

Арғымақпен ағызып келе жатқан Балақай шөмеле түбінде қаңтарулы арбада бос жатқан жіңішке қол арқанды көзі шалып қалды.

– Аялдай бер, Арғымақ! Арбамен қатарлас! – деді. Қалдайлы арбамен қапталдаса берген Балақай арқанды іліп әкетті.

— Аналар қиғаштай қашты ғой. Төтеден құдилаы қосыл!
— деді де Арғымақ үстінде келе жатып, арқан ұшын тауып алып,
ілгектеп бұғалық жасады.

— Әй, Содыр Сотанақ! Сазайынды тартасың! — деп
айқайлап қояды.

Желмая мінген Мамалақ Қожалақты нысанаға алып
барады.

Желден жүйрік Желмая жырыла қашқан Қожалақтың
желке тұсынан құдиып алыпты. Енді бір тарпыса, таптап өтіп
кететіндей екен.

Балақай көз қиығымен соны шалды. Екі көзі — алда.

Арғымақ Сотанаққа оқ бойы қалды-ау дегенде, Балақай
қолындағы бұғалықты тастауға онтайлана берді. Ішінен: «Иә,
пірім Қамбар ата, қыл арқанды мойынға, жебеп, демеп салуға
дем бергейсің», — дей берді де:

— Уа, пірім Қамбар ата! — деп Балақай ышқына айқайлады.
Ауа дір ете қалғандай.

Қыларқан Сотанақтың мойнын қылқындырып, ысып
өткенін Балақайдың алақаны сезе қойды.

— Ойбай, өлдім! Сотанақтың құлындағы даусы құраққа
шыға шынғырды.

Балақайдың көз қиғы еріксіз Мамалақ жаққа түсіп кетті.
Қожалақ жерде ұзынынан сулап түсіп жатыр екен. Мамалақ пен
Желмая оған төне тұрыпты...

XVIII

Күн артынан күндер зулап өтіп жатты. Шағын бөлменің
ішін жайлап алған көңілсіздік бұлты көп күнге дейін серпілмей
қойды. Ақ Көжек пен Тұлымды Қыз қасындағыларға білдірмей,
көз жастарын сығып-сығып алады. Ара-тұра ауыр күрсініп
қойған Ақ Қодық өткенде Сарыауызды күштеп, ойынға неге ала
кетпедім екен деп қайта-қайта өкініш білдіріп, басын шайқайды.
Қатарында тұрған Сабалаққа тиіскісі келіп кетті. Өткен ойында
қақпаға доп жіберіп қойдың деп тиіспегенде, мүмкін өкпелемес
те еді-ау! Әй, Сабалақ-ай! Кеше кешкілік көкейіне келген ащы
ойды айтып-ақ салған болатын. Сонда Сабалақ егіле жылап:

— Мен қайдан білейін. Күндегі ойынымыз ғой, әзіліміз ғой.
Бұлай болатынын білгенде... — деп сөз аяғын айта алмай, ал кеп
жыласын. Ақ Қодық өзі бас болып, өзгелері қош көріп, әрен
жұбатып алды. Бірақ, ол көпке дейін өксігін баса алмай жатып,
ұйықтап кетті...

Түс көрді. Сарыауыз мөп-мөлдір айнадай көл бетімен жүзіп бара жатыр екен. Лағыл моншаққа ұқсаған мөлдір көзі әдемі-ақ. Бұған қарап бұрылып-бұрылып қарап қояды. Сабалақ болса, кішкене қайыққа отырып алып, соңынан қумақ болады. Бірақ, ескегінің есілуі ауыр, қайықты ақырын қозғайды.

— Сарыауыз! Сарыауыз! Кері қайтшы, өкпелемеші маған. Кешір мені!

Сабалақтың кешкі ауамен жаңғырыққан үні бұйра-бұйра ақша бұлтардың арасына сіңіп, әлсіреп барып, құмыға үзіліп жатты. Кенет ол:

— Сабалақ! Сабалақ! Бізді құтқаршы! — деп, үндері қырылдай, тарғылдана шыққан дауыстарды естіді. Көл жағасындағы биік талға салбырап асулы тұрған Қожалақ пен Сотанақты көрді. Әуеде аяқтары тырандап, күлкілі қозғалақтайды.

— Құтқаршы бізді! Құлдарың болайық! Табандарыңды жалайық!

Сабалақ екі құлағын тарс бітеп алды. Екеуінің жүзіне қарағысы да келмеді...

XIX

Кенет әлде не тысырдан ол селк етіп оянып кетті. Күн кешкіріп, алакеуім болып қалған екен. Арғымақ пен Желмая, Ақ Қодық пен Ақ Көжек, Аяз Ата мен Ақша Қыз — барлығы терең ұйқыда екен. Енді бұларға да кінә жоқ. Күні бойы құлаған, қаусаған заттардың барлығын реттеп, жөндеп, біраз шаршаған. Дәурен ертендері жайлаудан келуі тиіс. Барлығының көкейінде бір-ақ ой, бір-ақ тілек. Ол — күн көңілді Дәуреннің жүрегін мұң шарпымаса деген ниет. Сарыауыздың бөлшек-телген денесін көргенде не дер екен? Сабалақ осы сәтте барлығының мұнайсып жүдеп қалғанын ойлады. Қатарындағы Мама-лаққа көз салды. Ол тәтті ұйқыны соғып жатыр. Анда-санда танауы әлсіз жыбырлайды. Сабалақ еріксіз езу тартты.

«Танауына ара балының иісі келіп жатыр ма екен?» — деп ойлап қойды да, жыбырлаған танауынан шертіп жібергісі келіп кетті.

Әлдене тысыр ете қалды. Сабалақ айналасын барлай қарап, тың тыңдады. Сәлден кейін құлағына күбірлеген бөгде үн естілгендей болды. Кімдер болды екен, ә?

Қарсы бұрыштағы кішкене үстел үстіне терезе тұстан әлдекім секіріп түсті.

Бөлме ішін кеуде жарған хош иіс алып жүре берді.

- Міне, мына раушан гүлін саған әкелдім!
- Рахмет, Балакай! Сен мені сөге көрмеші.
- Не үшін? Сөгетін ешнәрсе болған жоқ қой.
- Сонда да...

– Түк те емес. Сенің мені жақсы көретінінді баяғыда-ақ сезгенмін. Мен де сені жақсы көретінмін. Бірақ, айтуға ұялып жүрдім.

– Рас па?

– Рас. Әйтеуір сенің Тұлымыңа көз салсам, жүрегім дір ете қалатын. Бірақ, мен ұялшақпын ғой.

Тұлымды Қыз сықылықтап күлді.

– Мына гүлдің исі қандай ғажап еді!..

Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің II жүлдесін иеленген (2013 жыл).

НҮРСТАН МЕН АҚҚАНАТТЫҢ БАСТАН КЕШКЕНДЕРІ

(Романтикалық повесть - ертегі)

1. КӨРКЕМТАЙ

Көркемтай құлындай шауып, құлдырандап ойнап жүрген еті тірі, пысық әрі арманшыл, әрі қиялшыл, ойы жүйрік, көркем әдебиет, ертегі десе ішкен асын жерге қоятын өте сезімтал бала еді. Әсем ән мен тәтті күй тындағанда, екі көзі шырадай жанып, ерекше әсерге бөленетін. Бар жан-тәнімен суретші болсам деп армандап жүретін. Неден екені белгісіз, бір күнде мұрттай ұшып ауырды да, төсек тартып жатып қалды. Шешесінің жар дегендегі жалғыз ұлын қаратпаған дәрігерлері қалмады. Тәуіптер балаға көз тиген десті...

Бір күні ол сыртқа әрең ілбіп шығып, бақ ішіндегі ағаш орындыққа келіп отырды. Көктемнің нағыз бабына келген шағы. Аппақ болып гүлдеген алма ағаштары еріксіз көз арбайды. Әріректегі жазан көгалда ауыл балалары шуласа, доп қуалап жүр. Көркемтай өз-өзінен қамығып жылап жіберді. Үйге әрең кіріп, төсегіне әзер жетті. Сыртқы шаруамен жүрген анасы ұлының мына түрін көргенде, сырт айналып, көзінің жасын бір сығып алды.

Ол төсекте әрлі-берлі аунақшып, жата алмай қойды. Көзі жазу үстелінің үстіндегі сурет салатын дәптеріне түсті. Ұштары мұқалып, тұқылданған бояу қарындаштары бейберекет жатыр екен... Оларды ұстауға күш-қуаты, дәрмені азайған әлсіз саусақтарына мұндана қарады. Ол ауыр күрсінді де, көзін тарс жұмып, шалқалай жатты. Осы мезетте тәтті ұйқы өз ұйығына біртіндеп тарта берген еді...

Түс көрді. Өзінің ерекше сүйетін, ертеде өзге біреулер ұрлап кеткен Аппақай атты ақ көгершіні келіп, оң иығына қонып алған екен. Жақұттай жалтылдаған мөлдір көзімен бұған елжірей қарап, сөйлеп қоя берді.

– Көркемтай аға! Сен әлі-ақ жазылып кетесің. Сені жазатын бір қуатты күш бар.

– Өй, аузыңа май, астыңа тай, айналайын Аппақай!

– Сен үлкен суретші боласың.

– Оны қайдан білесің?

– Білдім. Сен жасанды бояумен сурет салмауың керек.

– Енді не істейін?

– Сол табиғаттың өз қойнауынан шыққан бояумен сурет салуың керек.

– Ондай бояуды қайдан табамын?

– Сонау биік таудың баурайында, мөлдір бұлақ басында тұратын Шебер Ата бар. Өзі емші, өзі күйші, өзі ұста, өзі дана адам. Қолына тигенінің бәріне жан бітіретін қасиеті және бар. Жанға дауа, дертке қуат ғажап бояу жасаудың құпиясын сол біледі. Соған хат жазыңызшы. Асыл Атаның сенің тілегінді орындайтындығына сенемін. Сол бояулармен сурет салсаң, сөз жоқ, жазыласың! Олардың құдыретті қасиеті сені ғажайып суретші етеді.

Көркемтай айтылған әңгіменің не екенін ұқпай, аз шаққа абдырап қалды. Көзін ашып алды. Апыр-ау, өңі ме, түсі ме? Шынында да, ашық тұрған терезе алдында баяғы жоғалып кеткен ақ көгершіні отыр.

– Өй, Аппақай! Қайдан келдің?! – деді әрі таңырқай, әрі елжірей үн қатып. Ол ұшып келіп, тізесіне қонғанда, іші еріп сала берді. Басынан, арқасынан сипап, бетін бетіне басты. Лүп-лүп соққан кіп-кішкене жүрегінің дүрсілі жұп-жұмсақ болып естіледі.

– Аппақай десе! Жаңағы айтқаның рас па?! Көгершін рас дегендей, басын изеді.

– Міне, қызық! Сен менің айтқанымды түсіндің ғой деймін. Аппақай басын тағы изеді.

– Ендеше, мен әдемілеп хат жазайын. Сол хатты Шебер Атаға апарып бересің бе?

Кенет Аппақай: «Иә!» – деп дауыстап жібергенде, Көркемтайдың көзі ұясынан шығып кете жаздады...

2. ШЕБЕР АТА МЕН АҚҚАНАТТЫ ҚЫЛҚАЛАМ

Ақ көгершін мөлдір бұлақ басына жеткен соң, оны екі-үш айналды да, шағын ауласындағы жазғы ұстаханасында отырған Шебер Атаның алдына Көркемтайдың хатын әкеліп тастап, өзі кері ұшып кете барды.

Шебер Ата тосыннан ұшып келіп, хатты әкелген ақ көгершін сонынан аңтарыла, тандана бір қарап алды да, бүктеулі қағазды ашып, оқи бастады.

«Ассалаумағалейкүм, аса ардақты, құрметті Шебер Ата! Мен — жап-жас баламын. Он екіден он үшке енді аяқ бастым. Бірақ, тосыннан жабысқан кеселден мүлдем жүруден қалып бара жатырмын. Түнде түс көрдім, түсімде ғажап іс көрдім. Менің сүйікті Аппақай деген көгершінім осы дерттің емін бір тапса, Сіздің ғана табатындығыңызды айтты. Сіз табиғаттың өз нәрінен, өз қойнауынан шыққан дүниесінен әрі ғажап, әрі емдік бояу жасайды екенсіз.

Менің өмір сүргім келеді, мен де өз қатарларым секілді ойнағым, күлгім келеді. Оқуымды одан әрі жалғастыруым керек. Әлі оқылмаған, көңілге тоқылмаған кітаптармен сырласуым қажет. Жан дүниемді тебірентіп, жүрегіме сыр ұялататын жырларды жаттауды армандаймын. Осыған көмектесіңізші, Ата! Мен Сіздің бояуыңызбен сурет салуды арман етемін. Алпамыс, Қобыланды, Тарғын сияқты батыр да дана бабаларымды, Жібек пен Баяндай апаларымды бояу тілімен сөйлетіп, қалың жұртты тамсандыратын ғажайып суреттер салсам деймін! Туған елімнің табиғатын, дарқан даласын, асқар тауларын, өзендері мен көлдерін, сүйікті халқымның елін сүйген ерлерін, аяулы қыздарын кейіпкерлерім етсем деймін. Бар үмітім Сізде, асыл Ататай! Көркемтай балаңыз».

Ақсақалдың көңілі босап, елжіреп, көзіне жас алды. Біраз уақыт аң-таң халде отырды да, өз-өзінен күбірлей сөйлеп: «Менің талай заттар жасағаным, жансызға жан бітіргенім рас. Бірақ, адам жанына, дертіне ем болатын бояу жасап көрмеппін-ау», — деді.

Ол самайын қасып, ұзақ ойланды. Сырлы бояуға байланысар не жасағанын еске түсіруге тырысып көрді. Бірақ, ойына орайы келер ештеңе орала қоймады...

Сәлден кейін тұсында ілулі тұрған сүйікті серігі қоныр домбырасын қолға алып, жүрек қылын қозғар қоныр күйдің бірін шертіп, күйлетіп, ой орманына түсіп кетті. Сана төрімен сан түрлі суреттер, оқиғалар өтіп жатты. Бір кезде күтпеген жерден әлдене қалықтай ұшып келіп, қарттың қасына қонды. Шебер Ата ә дегенде абдырап қалып:

— Өй, Аққанат! Қайдан жүрсің? — деді.

— Ата, ұстазын ұмытқан, мені дүниеге келтірген Сіздей жанды ұмыту — күнәнің үлкені емес пе?! Күйіңізді тарта түсіңізші. Мына бір күйіңіздің әуен-сазы бұрынғы күйлеріңізден мүлдем бөлек ғой.

— Өй, ақылыңнан айналдым, Аққанатым! — деп карт ризалығын білдірді. — Иә, рас, бұл — бұрынғыдан сәл өзгешелеу күй. Мә, мына хатты оқышы. Бар жайға сонда қанығасын.

Хатта жазылған жайға қаныққан Аққанатты Қылқалам:

— Мен де сондай бір сырлы, өзіме шабыт берер тамаша бояуды армандап жүрген жоқпын ба. Өзіңіз мені жасап, иығыма қанат қондырып, көкке ұшырарда: «Енді өзіңе лайық сырлы бояу жасап берем», — демеп пе едіңіз. Соны асыға күтіп жүргенімді ұмытып кеттіңіз-ау деймін, — деді. Сонда қарт мандайын ұрып:

— Ойбай-ау! Солай ма еді?! Бұл қарттық дегенді қойсайшы!

— Ататай, енді мені былай қойғанда, Көркемтай үшін барынша асығуымыз керек-ақ екен. Менің де кездейсоқ біреудің қолында емес, осы өнерді бар жан-тәнімен сүйетін адамның қолында, қамқорлығында болғаным жақсы емес пе!?

— Ал мына айтқан ұшқыр ойың үшін мен саған шын ризамын, Аққанатым! Шынында да, қай шебер өзі жасаған бұйымының салдыр-салақ, жауапсыз адамның қолына түскенін қалайды дейсің?!

— Иә, солай. Сіз өткенде Нұрстан деген кіп-кішкентай, ақылды, тапқыр бала жасағанмын деген едіңіз.

— Солай деп пе ем?

— Иә.

— Оу, Аққанат-ау, ұмытшақтық дегенің үндемей келіп, тосыннан ұрынатын ұры ма деймін. Нұрстанның өзі кеше осында келіп, қонып жатқан. Айналайын-ау, өзі бар ғой, тіп-титімдей, шынашақтай болып, кешке дейін тыным таппайды. Бәрін білсем, бәрін көрсем, бәрін өз қолыммен ұстасам деп бір орында тағат тауып отырғанын көрмеймін. Өзі де әбден шаршап жатқан болар.

— Ә, солай ма?

— Айтпақшы, Сіз оған ұшатын қанатты ат жасап жатырмын деп едіңіз ғой.

— Иә, оны кеше кешке аяқтап, жасап біткенмін. Тап қазір жатқан бөлмесінің алдында тұр. Ұйқыдан тұрған соң бір-ақ көрсін деп отырмын, — деп қулана жымиды да: — Осы сен онымен әлі жолықпаған екенсің ғой, — деді.

— Жоқ, ата.

— Ә, онда кешір, бар кінә менде. Әй, бұл қарттық дегенді қойсайшы!

— Ататай-ау, олай деменіңші. Әлі он саусағыңыздан өнеріңіз тамып тұрғанда, қарттық келді деп ойламаңыз! Шебер Ата қарқ-қарқ күліп:

— Айналайын Аққанат! Мені қартайтпай, жасартқан ниетіне мың рақмет. Енді сендер ешнәрседен тауларың шағыл-

маған жас түлексіңдер. Мүмкін, сен Нұрстан екеуің бір амал табарсыңдар. Миларың жас, ойларың алғыр ғой. Ана Көркемтайдың хатындағы табиғат туралы айтқан сөзінің жаны бар-ау деймін,— деді Аққанатқа ойлана қарап. — Мен де қарап қалмаппын. Есімнен шығып кетпей тұрғанда, сол бояуды жасайтын заттарды тауып, қолыма тигізіңдерші. Сосын ойланып көрейік.

Аққанат Атаның өзіне артқан сеніміне риза болып:

— Ата, ақылыңызды құп алдым. Көркемтай айтқан ойлар менің де көкейімнен шығып тұр.

— Ендеше, екеуің әбден ойланып, қабырғаларыңмен кеңесіңдер!

— Құп, Ата!

3. НҰРСТАН МЕН АҚҚАНАТ

Нұрстан тәтті ұйқы құшағында жатқан еді. Кенет әлдененің қозғалған дыбысын естігендей болды. Көзін ашып алды. Ол өз көзіне өзі сенбей қалды. Ашық тұрған терезе ортасында инелікше ақ қанатын қағып тұрған Қылқаламды көрді.

Жіп-жіңішке аяқтарына іліп алған кіп-кішкентай шелек — тобатайы бар. Сүп-сүйір, жұп-жұмсақ ұшын гүлдің қызғылтым басына сүйкеп-сүйкеп алады да, тобатайға еңкейеді.

— Өй, сен кімсің? Мұнда не істеп жүрсің? — деп, көзін уқалап-уқалап алып, тандана үн қатты.

— Ал тал түске дейін ұйқыны соғып жатқан сен өзің кімсің? Нұрстанның аузы ашылып қалды.

— Мен Нұрстанмын.

— Сен Нұрстан болсаң, мен Аққанатты Қылқаламмын. Бойын енді жиған Нұрстан:

— Енді не істеп жатырсың? Гүлде нең бар? — деді.

— Сондай да сұрақ бола ма? Гүлден іздеген затымды тауып, жинап алып жатырмын.

— Оны қайтпексің?

— Оның сырын саған айтар жайым жоқ.

— Немене, сонша құпия ма?

— Әрине, құпия. Көрінген мен көлденең кездескенге сыр аша берер жайым жоқ.

— Сонда да айтсаңшы енді ынтықтырмай?

— Сеніскен дос болсаң айтар-ақ едім, сенің сырыңды білмеймін ғой.

— Мен қандай жағдайда да, достыққа татитын жанмын.

- Адалдыққа берік болсаң ғана бар құпиямды ақтарамын.
 - Бәріне де берікпін.
 - Ұзақ сапарға ше?
 - Оған да сенімді серікпін.
 - Күтпеген жәйт, қым-қиғаш қиындықтар кездессе ше?
 - Тәуекел түбі – желқайық, өтемін де кетемін.
 - Паһ, деген! Тауып айттың. Сөзің көңілден шықты.
 - Сөзім мен ісімде алшақтық бола қоймас.
 - Сөзің нық, ісің мықты болса, құба-күп.
 - Оған қам жеме, Аққанатты Қылқалам!
 - Ендеше, не тұрыс бар? Аттанайық сапарға!
 - Бағытымыз қайда?
 - Көңіл ауаны қай жақты қаласа, сонда.
 - Ал кеттік.
 - Кетсек, кеттік.
 - Кеткенде жаяу кетпейсің. Сыртта саған арнап Ата жасаған қанатты пырақ тұр. Мінесің де, менімен бірге ұшасың.
- Аққанатты Қылқалам қанатын бір қақты да, сыртқа ұшып шықты.

Нұрстан есік алдына шыққанда, өз көзіне өзі сенбеді. Тура босағада көз жауын алғандай күміс қанатты, бір мені жоқ аппақ ат тұр. Мұны көргенде, Күмісқанаттың танауы делдиіп, аяғымен жер шарпып, кісінеді де, күнге шағыла жалт еткен күміс қанаттарын қағып-қағып жіберді. Үстіндегі ерінің өзі ерекше сұлу екен.

– Ал, Нұрстан, Пырағыңа мін. Жолға шығамыз. Мына кішкене тобатайды еріңнің басына іліп ал.

Оның көзі тобатай ішіне түсіп кетті. Түбінен қызғылтымдау әлдененің жұғыны көзге шалынды.

– Мынау не?!

Қылқаламның көздері күлім қағып:

– Ашылар сыр, айтылар жыр алда! Ал, кеттік! – деп көкке көтерілді.

4. АЛҒАШҚЫ САПАР

Тыпыршып тұрған Күмісқанатты Пырақ та биікке көтеріліп, гулей жөнелді. Бетті желпіген салқын самал жанға сондай жайлы екен. Нұрстанның қуанышында шек болмады. Кең дүниеге бар даусымен: «Мен Нұрстанмын, мен бақыттымын! Мені көрдіңдер ме? – деп айқайлағысы келіп кетті.

Олар биік таулы алқапқа таяп келе жатты. Тау баурайы қып-қызыл қызғалдақтармен көмкеріліпті. Айнала дүние алқызыл, алып кілемге ұқсап жатыр.

Мұндай сұлу көрініске Нұрстан қайран қалды. Екі беті балбұл жанып, Аққанатқа қарады. Ол Нұрстанға қиғаштай көз тастап, төменге қонуға белгі берді.

— Ер басындағы тобатайды алып кел. Бағана менің құйғанымды төгіп таста. Өзі тым сұйқылтым, түсі солғын екен. Оны мына дала қызғалдақтарымен толтырайық. Тек сабағын тастап, тостағанша қауашақтарын ғана аламыз, — деді Аққанат.

Нұрстан қызғалдақ қауашақтарын жүгіре жүріп жинады. Тобатай лезде-ақ толды.

— Енді кері қайтамыз.

— Қайда?

— Қайда?! Шебер Атаның үйіне де! Аққанат үнінде жұмбақ сыр бардай.

Қарт екеуін жымия күліп, қуанып қарсы алды.

— Қалай, балапандарым! Бір-бірінмен жақсы танысып үлгердіңдер ме?

— Иә, Ата.

— Ә, көп жасаңдар. Бірліктерің берік болсын, татулықтарына сызат түспесін! — деп бата тілек айтқанда, екеуі шын ықыласпен бет сипасты.

— Ал, кәне, тобатайларыңда не бар екенін көрейік, — деп ер басына қол созды.

— Өй, айналайындар, жарайсындар! Көкейдегімді дәл тауыпсындар. Мынадан алаулаған алқызыл тамаша бояу дайындайтын болдым, — деп, әжімді жүзі ерекше нұрланып, шуақ шашқан жанарымен екеуіне сүйсіне қарады.

Нұрстан шыдамсызданып:

— Ата, ол бұл бояуды не істейсіз? — деді.

— Ә, бұл жайдан әлі хабарың жоқ па еді? Аққанат, серігіңе айтпаған екенсің ғой. Ол жымыып күлді де, оның ынтықтырған сұрағына тұщымды жауап берді. Көркемтайдың жайын білген Нұрстан мұңайыңқырап қалды...

Ата аз уақыт орнаған көңілсіздікті сейілткісі келген Ата:

— Енді Көркемтайдың тағдыры біздің қолымызда. Бәріміз сол үшін барынша жұмылып, бар ынтамен жеделдете қимылдайық. Сендер енді демалыңдар. Ертең таң азаннан сапарға аттанасыңдар...

5. ҚАЙЫРЫМДЫ ҚҰСТАР ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Таңертең Шебер Ата ұстаханасына кірді де, кешегіден аумайтын алты тобатай алып шығып, Күмісканаттың ерінің басына ілді.

– Қызылдарың өте дұрыс болды. Енді екеуің осы алты тобатайға алты түрлі бояу жасайтын қажетті гүл, өсімдіктерді тауып, алып келіндер. Егер көңілімнен шықсандар, онда менің де, Көркемтайдың да алғысына бөленесіндер. Істерің оңынан оралсын. Сәт сапар тілеймін! – деді тебірене сөйлеп.

Екеуі ұзақ ұшты. Бір кезде алыстан жалтырап көл көрінді. Айналасын көмкерген жап-жасыл шалғынды алап алыстан менмұндалап тұр. Сол шалғын арасынан көгілдір көркі көз арбаған қоныраугүлдердің қалың шоғыры назарға шалынды.

Аққанатты Қылқалам қуана айқайлап жіберді.

– О, алақай, іздеген жоғымыздың екеуі тап осы жерден табылатын болды!

– Нұрстан, тобатайларыңды ал. Сен анау жап-жасыл бояқтай болып жатқан шалғын арасынан жалқын жасыл жапырақ, өсімдік түрлерін жинай бер. Ал мен қоныраугүлдерді жинайын.

Сәлден кейін күтпеген жерден ерке мінезді Наурызкөк ұшып келіп, Қылқаламның қатарына қонды да:

– Мен саған көмектесейін бе? – деп, жәутең көздерімен қарады.

Қылқалам:

– Ой, Наурызкөк, сен бізді қайдан тауып ала қойдың? – деп танданып қалды.

– Бағана екеуің ұшып бара жатқанда, әнгімелерінді құлағым шалған болатын. Содан сендердің сондарыңнан ұшып келдім.

– Ой, рақмет, Наурызкөк! Көне, анау қоныраугүлдерден теріп, мына тобатайды толтыруға жәрдем ет. Бұларға таяна берген Нұрстан Қылқаламның қасындағы көңілді жүрген көгілдір құсты көріп, оған сүйсіне қарады. Сол сәтте Наурызкөк Нұрстанның иығына ұшып барып қонды да:

– Нұрстанның жинаған жапырақтары тамаша екен! – деді көңілдене шықылықтап. Аққанат та тобатайдағыны көріп:

– Шебер Ата шын қуанатын болды, – деді жүзі нұрлана.

– Лайым, қуана берсін!

– Ал, Наурызкөк, көмегіңе көп рақмет! Біз одан әрі кетеміз. Іздейтін жоғымыз әлі алда, – деді Қылқалам.

– Қош, сау болыңдар! Жолдарың болсын! Наурызкөк көркем көл жағалауын қуалай, лыпи ұшып жөнелді.

Екеуі ұшып келе жатып бір-біріне:

– Енді сарыны қайдан табамыз? — деді жарыса тіл қатысып. Кенет, қайдан шыға келгені белгісіз, бұлардың қатарына Сарғалдақ торғай келіп, бір бүйірден қосылды.

Ол құйқылжыған үнімен әуезді әнін әуелете төгіп-төгіп жіберді де:

– Тап қазір Наурызкөктен не іздеп жүргендерінді естідім. Сендердің іздеген сарыларың тап менің түсімдей ме? — деді.

– Иә! Иә! — деді екеуі көңілдене әрі таңдана.

– Ендеше, менің соңымнан қалмай еріндер, — деп, алға ұзап, ұшып кете барды. Қанаттары күнге шағыла сары алтындай жарқ-жүрк етіп, бұлың-бұлың етіп ұшып бара жатқан Сарғалдақтан екеуі көз жазбай келе жатты.

Алыстан шағын ауыл көрінді. Одан әрірек қол созым жерде сап-сары болып көрінген күнбағыс алқабы назарға ілікті.

– Аққанат, Аққанат, қарашы! Қандай әдемі! — деп Нұрстан Пырағын тежей берген.

Сарғалдақ атыз шетіндегі айтабақтай күнбағыстың үстіне қонып алып, құйқылжыған әнін төгіп- төгіп жіберді де:

– Міне, сары бояу үшін қанша алсандар да жетеді, — деп, емен-жарқын үн қатты.

– Рақмет саған, Сарғалдақ! Қанатың талмасын, өмірің солмасын. Сайраған үніңмен айналанды қуанта бер! — деді Нұрстан. Сарғалдақ риза қалыпта, көкке көтеріліп, бұларды бір рет айналды да, әрі ұшып кете барды...

Екеуі енді ақ бояу жасауға лайық алапты іздеуге шықты. Ұзақ ұшты. Көз жетер жерден ақ бояуға лайық ешнәрсе шалына қоймады. Аққанат алысты нұсқап, ақша бұлттарға назар салды. Нұрстан оған онша мән бере қоймағандай.

– Бәрінен де ақ бояуды табу қиын болайын деп тұр-ау, — деді Нұрстан.

Дәл сол кезде көл бетінен көтерілген қос аққу қалықтай ұшып, бұларға қатарласа берді де:

– Сарғалдақ айтқан хабардан бар жайды білдік. Анау тау баурайында өскен қалың орманға барыңдар, — деді де, өздері әрі қарай ұзай берді.

Ан-таң екеуі аққулардың айтқан бағытын бетке алып, солай қарай бұрылды. Әлден соң орманның үстіне жете бергенде:

– О, алақай, аппақ қайыңдарды қарашы! Қарашы, қандай әдемі өздері! — деп, Нұрстан шаттана дауыстады.

Аққанат ерекше қуанып:

– Көктен іздегеніміз жерден табылғаны қандай жақсы болды! Қап, жанағы аққуларға рақмет те айта алмай қалдық қой! – деді кішкене өкінгендей.

Нұрстан пырағынан түскен бетте орманның қақ ортасында тұрған ең әдемі, ең биік, ең көрікті қайынды емірене құшақтады да ақырын сыбырлап:

– Ақ қайың, сен қандай керемет сұлу едің! Аққу құстың көгілдіріндей көркіне кім ғашық болмаған?! Бізге аппақ бояуыңнан көмек берші, – деді толқи сөйлеп. Тұла бойы тебіреніп кеткен ақ қайың ажарлы ақ бояуын бұның тобатайына мейірлене құйып берді. Сол кезде қайың бұтағында қонып отырған Бұлбұл құс сайрап ала жөнелді. Бойды шымырлатқан, құйқылжи төгілген сұлу саз екеуін еріксіз елітіп әкетті.

– Ойпырым-ай, мұндай да керемет үн болады екен-ау! – деді еріксіз танданып. Бір кезде Бұлбұл:

– Көркемтайдың тез сауығып кетуіне тілектеспін! – деді нәп-нәзік үнмен тіл қатып. Нұрстан:

– Мәссаған, Көркемтайдың жайын қайдан білуші едің? – деді.

– Оған танданатын ештеңе жоқ. Мен кейде сендерді жасаған Шебер Атаның домбырамен тартқан күйлерін жиі барып, тыңдап тұрамын. Ол кісі шебер ғана емес, тамаша күйші ғой. Сол күйлерді тыңдағанда, жаным жай табады. Өзім қанша құйқылжытып, талайдың тандайын тамсантқан ән салсам да, тап Атаның тартқан күйіндей тіл жетпейтін сұлу сазды еш әлемде кездестірген емеспін, – деді тебірене.

– Рақмет, Бұлбұл құс! Ата күйін ұғына білгеніңе мың алғыс!

– Десек те Көркемтай туралы айтсаңшы, – деді Аққанат құмарлық сезіммен.

– Бүгін таңертеңгілік Ата күйін тыңдауға ұшып барғанмын. Оның жайын сендер сапарға шығайын деп жатқандарындағы әңгімелеріңнен естіп білдім ғой.

– Біз сені неғып көрмедік? – деді Нұрстан.

– Мені қайдан көресіңдер? Мен сендерден де кішкентаймын ғой. Өзім ән салғам жоқ, тек Ата күйін ләззаттана тыңдау үшін барғанмын.

– Мәссаған! Міне, қызық!

– Ал, достарым, сапарларың сәтті болсын!

– Рақмет, Сандуғаш! Ақ ниет, ақ пейіліне бас иіп, алғыс айтамыз!

Бұлбұл үні тоқтасымен екеуі көкке көтерілді.

Ендігі қалғаны қоңыр бояу мен қара бояу еді. Бұларды табу оңай бола қойған жоқ. Екеуі әр тұсқа көз салып, әр тарапқа шарлай ұшты. Әлден уақытта бұларға қарсы ұшып келе жатқан Қоңыр қазды кездестірді. Нұрстан қуанып кетіп:

– Аспандап ұшқан, Қоңыр Қаз,

Алдыңнан тусын жайсаң жаз.

Асығып ұшып барасың,

Біздің жайға назар сал, — деп өлендетіп жіберді. Қоңыр Қаз кілт бұрылып, бұлармен қатарласа берді де:

– Аққанат пен жас бала,

Үн қаттындар жасқана.

Қандай шаруа қыштады,

Ұшатындай аспанға? — деді.

Өз кезегінде Нұрстан да іле өлеңмен жауап қатты.

– Айналайын, Қоңыр Қаз,

Бізге сенсең — уақыт аз.

Қоңыр түске лайық,

Гүлдер тапсаң — көңіл мәз!

Қоңыр Қаз кідірген жоқ:

– Жүр еріндер соңымнан,

Оралар жұмыс оңынан.

Жағасы өзен көк шалғын,

Табамыз қоңыр молынан, — деп, екеуін су жайылған алаптағы күреңсе мен өлең шөптің қалың ортасына әкеліп қондырды. Күмісқанат Пырақтың көзі жайнап кетті. Таң азаннан бері тынымсыз ұшып, ашқұрсақ болғандығын енді сезгендей. Күнмен шағылыса жалт-жұлт етіп, теңіздей толқыған күреңсе мен раңға құшырлана бас қойды. Балпаң-балпаң басқан Қоңыр қаз күреңсе мен өлең шөптің қоңыр бастарын қызу жинауға кіріскен екеуіне өзі де жәрдемдесті.

Тобатайларын толтырып алған екеуі Қоңыр қазға рақмет айтып, ұшуға ыңғайлана берген. Сол мезетте нәзік үнмен шиқ-шиқ еткен Қарлығаш бұлардың төбесінен зу етіп, әрлі-берлі өтті де, әрмен ұшып жөнелді. Аққанат тез көтерілді де, оның соңынан:

– Қарлығаш, Қарлығаш! Менің сөзіме құлақ салшы! — деді қатты дауыстап.

– Сен кімсің? Мен сені танымаймын ғой, — деді Қарлығаш ұшысын баяулатып.

– Мен Аққанатты Қылқаламмын. Біздің Шебер Атамыз Нұрстан екеумізді бояу жасайтын өсімдіктер іздеуге жібереген.

Барлығын таптық. Сен бізге кара бояу жасайтын өсімдік табуға көмектесесің бе? — деді.

— Неге көмектеспеске. Мен ұя салған үйдің ауласында қарақат пен кара жидек екеуі қатар өсіп тұр. Солардан ал, — деді.

— Қарлығаш, Қарлығаш! Сенімен серіктесіп бірге барайыншы.

— Жарайды, жарайды.

— Онда Нұрстанның Пырағының ерінде ілулі тұрған тобайтымды алайын. Сәл аялдай берші... Ол Нұрстанға асығыс бұрылып: — Әзірге осында бола бер, — деді.

6. АТА ЖӘНЕ БОЯУЛАР ҚУАНЫШЫ

Нұрстан мен Аққанат екеуі Ата қонысына көңілді оралды. Шебер Ата екеуінің жинап әкелгендерін көргенде балаша қуанды.

— Енді екеуің жақсылып демалындар. Мен сендер тұрғанша барлығын дайын қылып қояйын. Анау Пырағың да біраз тыныстасын, шаршаған шығар...

Таң атты. Шұғылалы шуақ айналаны әсем нұрға бөлеп тұрды.

Шебер Ата жеті түрлі бояу жасап, оларды әп-әдемі, шапшағын сүйкімді сауыттарға құйып қойыпты.

— Ататай, Сізге мың рақмет! Бояуларыңыз тамаша екен! — деді екеуі.

— Енді бұларды Көркемтайға тезірек жеткізіп берулерің керек. Жүзі жайнаған Нұрстан алақанын соғып, алақайлап жіберіп: — Ол қатты қуанатын болды! — деді. Ата жымыған қалпы ұстаханасына беттеді.

Бір кезде Аққанат күлім қағып:

— Нұрстан десе, маған бір тосын ой келіп тұр, — деді.

— Ол қандай ой?!

— Біз осы әр бояуға ат қойсақ қайтеді? Оларды түстерімен атап шақырғаннан гөрі, әрқайсысына лайық ат беріп, асқақтата атасақ, жарасымды болмай ма?

— Ойың дұрыс-ақ. Пікіріңді қос қолдап колдаймын. Қайсысына қандай ат қоямыз? Бұған Көркемтайдың да қуанатыны сөзсіз, — деді Нұрстан риза пішінде.

Бояулар бұл тосын ойды естігенде, бір-біріне жымың-жымың етіп қарасты.

Ақ бояу дереу тіл қатып:

– Менің атым кім болады? – деді.

– Сәл ойланайық, шыдай тұр, – деді Нұрстан.

– Шыдайтын не бар?! Аспандағы ақша бұлт болсам, асқар шындағы аппақ қар болсам, құс төресі аққу болсам, бейбітшілік құсы ақ көгершін болсам, маған ат қою қиын емес қой, – деді қызулана сөйлеп. Ақ бояуға Нұрстан риза пішінмен қарап тұрды да:

– Сенің атың Ақшанқан болсын! – деді.

– Оһо, дәл таптың! Қылқалам айқайлап жіберді. Сол кезде көк бояу тағатсызданып:

– Ал мен болсам ше?! Көкпеңбек аспанның, көгілдір таудың, өзен, көлдердің көркін келтіретін мен емеспін бе?! Бұл дүниеде көк аспаннан биік не бар? – деді сәл-пәл өктемсігендей үнмен.

– Ендеше, сенің есімің Заңғар болсын! – деді Қылқалам Нұрстанға қарап. Ол ықыластана бас изеді.

Сары бояу да шыдай алмай, тықыршып тұр екен.

– Ал мен ше?! Сап-сары алтын күннің баласы емеспін бе?! Дүниеде күннен артық не бар?! Менің сендердің барлықтарыңнан қай жағынан болса да жолым үлкен. Немесе ақ жаулықты апалардың буын бұрқыратып, сап-сары қылып пісірген қасиетті нанын қай адам қадір тұтпайды?!.

Нұрстан мен Қылқалам екеуі қосарлана күліп, бірауыздан:

– Онда сенің атың Шуақ болсын! – деді. Сары бояу Ақшанқан мен Заңғардың қатарына тұра қалды.

Қызыл бояу бойын көтеріп, тіл қатты.

– Біле білсендер, дүниеде менен сұлу бояу жоқ. Көктемде ен даланы араландаршы. Қырдың қызыл қызғалдақтарына кім сүйсінбейді! Қыздардың көбі қандай түсті қадір тұтады? Мейрам, мереке күндерінде ілінген сан түрлі жалаушылардың ішінде елдің көзіне бірінші түсіп, назарын да аударып, алаулап тұратын менмін. Шие, жеміс-жидектер ше? Оларды кім сүйсініп жемейді. Қып-қызыл қызанақтарсыз, алмаларсыз дастарқанның сәні кіре ме? Жоқ, кірмейді! Танертең шығыстан қып-қызыл болып алаулап ататын, кешке қып-қызыл болып бататын күннің түсі қандай!?

Нұрстан төкпелей, көсіле сөйлеген қызыл бояуға қарап:

– Сен өзің нағыз шешен екенсің-ау! Қазір-ақ өз атыңды өзің тауып қойған жоқсың ба!? Бұдан былайғы сенің атың Алау болады! – деді.

Бұдан соң Жасыл бояу асықпай, байыппен сөз бастады.

— Мен сендерге ұқсап, артық мақтанбай-ақ қояйын. Бүкіл көктем, жаз көркін көз алдарыңа елестетіндерші. Жасыл жайлау, жалпақ орман, байтақ дала көркіне көз салып көрдіңдер ме? Маған ат қоярда осы естеріңнен шығып кетіп жүрмесін, ағаларым!

Қылқалам Нұрстанға күлімсірей қарады да:

— Айтары жоқ, бүкіл дүниені сенің қатысуыңсыз елестету мүмкін емес. Сенің табиғатың дарқан, ерекше екені бәрімізге мәлім. Сенің есімің Жайсаң болсын! — деді.

— Оһо, Жайсаң деген шынында да ғажап қой. Жаңа атауың құтты болсын, бауырым! — деді Нұрстан.

Кезек Қоңыр бояуға келді. Ол тықыршып, өзіне қандай есім бұйырарын білгісі келіп, алаңдаулы халде тұрды. Оның осы көңіл күйін тез байқаған Нұрстан әңгіменің алдын алды.

— Бүкіл жер әлем, топырақ, тау, тастың барлығының түсі қоңырға тән. Бар әлемді, жан-жануарды аялатқан Жер-Анаға тең келер ешкім жоқ. Саған лайық атты мына Аққанатты Қылқалам айтсын,— деді.

Ол сәл ойланып тұрды да:

— Бәрінен де күшті, бәрінен де мықты ат бар. Ол — Толағай. Ертеде ел қиыншылыққа ұшырап, жер қурап, сулар тартылып, халыққа апат төнгенде, Толағай деген батыр шығып, алыстан бір алып тауды орман, тоғай, бұлағымен, жанбыр, бұлтымен арқалап әкеліп, апатты аймаққа қондырған екен. Сөйтіп елін аман сақтаған дейді. Саған Толағай аты лайық, — деді Қылқалам.

— Өй, рақмет, рақмет! Асқақтар ат қойғанына шын ризамын. Тапқырлығына тәнтімін. Айнала тұрғандар да Нұрстан да Қылқаламның тауып қойған атына, келтірген дәлеліне шын риза болысты.

Нұрстан Қара бояудың тағатсызданып, бір орында тыпыршып, қозғалақтап тұрғанын тез аңғарды.

— Барлықтарың білесіңдер, қаһарына мінген қыстың бетін қайтаратын — көктем айы. Сол көктемнің алғашқы хабаршысы қараторғай емес пе? Ал сол қараторғай секілді көктем жаршысы ұзақ қарғаны қайда қоямыз? Тіпті тоңған елді жылытып, отбасын берекелі ететін, пешті қыздырып, қақаған аяздың зәре-құтын қашыратын қайсар мінезді отын — қара көмір емес пе?! Тіпті берісі қай-қайсыларымыз да қарапайым сурет нобайын салғанда, жай сызғанда қара қарындашты пайдаланбаймыз ба?

— Иә, солай.

Ендеше мұның аты Қайсар болсын дейік. Қалай қарайсындар?

– Күп аламыз. Табылған ақыл! – деп, бояулар шу ете қалысты.

Барлығының көңіл-күйлері орнығып, жайдары қалыпқа түсті. Тек Ақшанқан ғана, неге екені белгісіз, бұртиыңқырап тұрды.

– Енді ертең сендерді мына Қылқалам бастап, мен қоштап, Көркемтай деген балаға алып барамыз.

– Ол кім, ол кім? Не үшін бізді оған алып барады? Нұрстан бар жайды кеңінен түсіндіріп айтқанда, бояулардың көңілдері көтеріліп, мәз-мәйрам болып, масаттанып қалды.

7. АТА РИЗАЛЫҒЫ

Ұстаханасында бұлардың әңгімелеріне құлақ қойып, тыңдап отырған Шебер Ата Нұрстан мен Қылқаламның тапқырлығы мен ақыл-ойларына дән риза болып отырды. Әңгіме аяқтала бергенде ақырын аяндап, бұларға тақанды. Ол келгенде, екеуі сәл-пәл қысылыңқырап тұрды.

– Жарайсындар! Өте ризамын екеуіңе! – деді. Бұл шынайы көңілден шыққан мақтауды естігенде, екеуінің төбесі көкке екі елі жетпей қалды. Шебер Ата тамағын кенеп қойып, жұмсақ, қоңыр даусымен әңгіме бастады.

– Енді бүгіннен бастап барлықтарың мына Аққанатты Қылқаламның бауырындағы балапандарымыз деп есептей беріндер. Мен бар өнерімді салып, сендердің әрқайсыларыңның бойларына ерекше емдік, ғажап қасиет ұялаттым. Көркемтаймен тіл табысып, достассандар, көсегелерің көгеріп, көркейтіндеріңе бек сенемін. Оның кеуде көтеріп, аяғынан тұрып кетуіне бәріміз тілекші болып, атсалысайық, – деді Шебер Ата. Ол одан әрі сөзін жалғады.

– Ал, Аққанат, енді бар жауапкершілік – сенің мойнында. Мен іздеген, сен іздеген жоқты табуға бар күшімен болысқан Нұрстан мен оның Күмісқанат Пырағына да айтар алғысымыз шексіз, Ал бүгін жақсылап демалындар, – деді де, ұстаханасына қарай беттеді. Нұрстан Пырағымен шалғайдағы кішкентай үйіне қарай ұшып шықты.

8. КҮТПЕГЕН ОҚИҒА

Аққанат бояулардың қасында қалды. Ол ертеңгі күнді ойлап, әрлі-берлі дөңбекшіп ұзақ жатты. Көркемтайдың қолына

тигеннен соңғы сәттерді көз алдына елестетті. Ақ қағаз бетінде әсем де сырлы бояулардың құлпыра үндесіп, көрер көзге қуаныш, жүрекке жыр, сезімге сыр сыйлайтын суреттердің өмірге келер сәттерінің бақытты куәгері болатын кезді аңсады. Шалқар шабыттың шуағына шомылып, аяғына тік тұрып, құр аттай шауып кететін күн тез туса деп армандады. Оң жақ қанатта жатқан Алау мен Ақшаңқан, Жайсаң мен Заңғар, Толағай мен Қайсар, Шуақтар да ара-тұра күбірлесіп, кейде өзара сыбырласып, сөйлесіп жатты.

Аққанаттың көзі ілініп кетті. Бір кезде қатты дауыстан селк етіп, оянып кетті. Ақшаңқанның даусы қаттырақ шығып жатыр екен.

— Өзіңнің қап-қара түсін де сондай сүйкімсіз. Оныңмен қоймай, тыпыршып, тыныш жатпайды екенсің. Әрі таман жатшы. Үстімді бүлдіресің. Өй, қара қарға секілді қап-қара болған неме!

— Не үшін мені сүйкімсіз деп сөгіп жатырсың? Немене, қара қарға сүйкімсіз құс па еді?! Біле білсең, ертедегі адамдар қара қарғаны пір тұтып, тәңірдің, құдайдың елшісі деп атаған. Керек десең, ол құстардың ішіндегі ақылды құс болып саналатынын білсең еді!

— Қайсар десе, көп сөйлемей-ақ, қоя қой! Ол ертегінді өзгеге айт. Мен көп ақылгөйсігенді тіптен ұнатпаймын. Және ондай қияли әңгімеге еш сенбеппін де.

— Сену-сенбеу — сенің еркіндегі нәрсе. Ал қарлығаш деген қандай құс? Адамды пана тұтып, үйге, үй маңына ұясын салады. Түсі қара деп, адамдардың ешқайсысы оларды үйден қуаламайды ғой!

— Ол бірыңғай қара емес, бауыры ақ қой.

— Енді, міне, сенің ұсталған жерің осы. Егер мен болмасам, сен болмасаң, қарлығаш қалай бейнеленбекші?! Құр дауласып не керек?! Одан да тыныш жат.

Ақшаңқан тұтығып, үндемей қалды.

Екеуінің дауын үнсіз тындап жатқан Қылқалам сөйлеуге оқтала берді де, Қайсардың айтқан дәлелін құп көрген соң, араласуды жөн көрмеді. Қайтадан жатты.

Қылқалам кіжілдескен, бір-біріне өкпе артып, ренжіскен дыбыстан тағы да оянып кетті.

— Мен ешқайсыңа тиіскен жоқпын. Сен үшеуің туралы тіс жарып, ештеңе дедім бе? — деді біреуі кейі сөйлеп.

— Ей, Толағай, сенің түсің соншама бір көңілді түс емес қой. Мына біздерді айтсайшы. Мысалы, мен қып-қызыл болып, көздің жауын алып, елдің бәрін қызықтыра аламын!

Аққанат даулы әңгімеге еріксіз араласпасқа болмайтынын түсінді.

— Әй, балапандар! Бағана Қайсардың айтқан сөзінен соң дау тудырудың қажеті жоқ еді. Қайсар, саған көп рақмет! Орынды айттың, тауып айттың. Бірақ, сондай онды ақылды тыңдайтын құлақ керек. Бәріңе айтар кесімді сөзім біреу-ақ. Сендердің ешқайсыларың да жеке-дара әрекет ете алмайсыңдар. Қандай сурет салынса да, бір-бірінмен септесіп, үндесіп, араласып өмір сүресіңдер. Сонда ғана салынған бейне жанды әрі сәнді болады. Оның сырын мына менен артық білмейсіңдер. Сондықтан кейбірлеріңнің құр кеуде соғып, жалған мақтанға салынғандарың, әрқайсыларың өздеріңді өздерің бір-бірлеріңнен артық санауларың ұят болады. Ертең өзі дімкәс, өзі науқас Көркемтайға барғанда, өзара жоқ нәрсеге таласып, шат-шәлкейлерің шығып жатса, ұят болмай ма?! Сендерден күтіп жүрген үлкен үмітін тас-талқан етсеңдер, оны одан әрмен ауру қылатындарыңды түсінесіңдер ме?! Мұндайды қойыңдар. Бірлік бар жерде, тірлік бар екенін естен шығармаңдар.

Бояулар Аққанаттың сөзін үнсіз тыңдады. Қайсардың қыбы қанып, жаны кіріп жатты. Толағайдың арқа-басы кеңіп, кеуде кере тыныстады.

— Ал бәрің артық әңгімені доғарыңдар да, демалыңдар, — деді де, Аққанат қайта жатып, демалуға кірісті.

9. ЗЫМСТАННЫҢ ҚАСТАҢДЫҒЫ

Осы кезде түн баласы көз ілмейтін сұр қанатты Зымстан алқаракөк аспанды шарлап, шарқ ұрып жүрген еді. Әрі саққұлақ, әрі тынымсыз, әрі бүлдіргі Зымстанның даудың шеті қайдан шықса, сол жаққа елендеп отыратын ұнамсыз, құйтырқы мінезі бар-ды. Ол сол түні бояулар жатқан үйдің төбесінен ұшып өтіп бара жатқан еді. Құлағына кежілдесіп, әрі тарт та бері тарт, керқайсаң, даулы әңгіменің жаңғырығы жеткенде, қуанғанынан алақанын ысқылап, үй маңына дыбыс шығармай, шусыз қонды.

Ақырындап, мысықтабандап келіп, үй сыртынан, терезе тұстан тыныс тартып, тың тыңдады. Екі көзі шоқтай жайнап, көктен тілегені жерден табылғандай тақиясын аспанға атты. Қылқаламның қатаң ескертуінен соң үн-түнсіз жүрелей отырып, олардың қалың ұйқыға енер сәтін шыдамсыздана күтті. Ұйқыға кетті-ау деген кезде аяғындағы қайқыбас кебісін шешіп қойды. Содан соң қалтасының бір қуысына үнемі тастамай, тығып салып жүретін, кез келген тіршілік иесін ұйықтатып тастай

алатын ақ ұнтақ салынған кішкентай құтыны қолына алды. Сол қолына аузында сырғыма баулы тор қалтасын, оң қолына ұнтағын алып, жартылай ашық тұрған есіктен ішке баспалай енді. Түн қожасы Жарқанаттан да өткір жанарымен шағын бөлме ішін тінте қарады. Қайсар мен Толағай шеттеңкіреп, Аққанатқа тақау жатыпты да, қалғандары бір-бірімен, иық түйістіріп тығыз жатыпты. Зымстан бөріне ақ ұнтақтан шымшымдап сеуіп шықты да, Аққанаттың тұсына келгенде, ойланып тұрып қалды. Тор қалтасы өте кішкентай еді. Ана жатқан жетеуіне орын жеткенмен, бойы биік Аққанаттың сыймайтындығын ойлағанда, іші қазандай қайнап, бармағын тістелей берді.

— Қой, болмас! Аналарды жинап алып жатқанда, оянып кетіп, масқарамды шығарар! Аққанаттың басына ұнтақтан молдау етіп септі де, дәрінің барынша әсер етер кесімді мезгілін тағатсыздана күтті. Көкірегінде күдік те жоқ емес. Әлдебірі әйтпесе Аққанат оянып кетіп жүрсе ше?.. Жүрегі дүрсілдеп кетті. Межелі уақыт өтісімен, тор қалтасына топырлатып, шалажансар, масаң халдегі бояуларды тоғытты.

Сыртқа шығысымен «уһ» деп терең демалды. Содан соң қалтаны мойнына іліп алып, көкке зу етіп көтерілді де, құздың қуысындағы құпия ұясына бет түзеді. Осы мезетте көкейінде бір күдіктің төбесі қылтиды. «Қап, жаңа Аққанаттың қанатын бүктеп салып ала кетуім керек еді-ау!»... Қайта оралуды ойлады да, ол ниетінен тез айныды.

10. ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛУ

Аққанат мең-зең күйде жатты. Бүкіл денесін қорғасын салмақ жаншып тастағандай. Не болғанын түсінбегендей, делсал күйде біраз отырды. Күн құрық бойы көтеріліп қалыпты. Атып тұрып, жан-жағына қарады. Айнала құлаққа ұрған танадай жым-жырт.

Серіктерінің бірі жоқ. Көзі ұясынан шығып кетті. Сыртқа атып шықты. «Не сұмдық болды, апырым-ау!?! Нұрстанға не бетімді айтамын!? Ішке асыға кіріп, қанатын сыртқа ала шықты. Ойы — Нұрстанға жету. Есіктен шыға беріп, иығына қанатын іле бергенде, көкжиектен Күмісқанат Пырақтың ноқаттай бейнесі назарға шалынды.

Ол не қуанарын, не жыларын білмей, екіұдай көңіл күймен тұрып қалды.

Ә дегенше Нұрстан да Күмісканатын қалықтатқан күйі қона берді. Ол Аққанаттың жүзіндегі алабұртқан, аландаулы қалыпты жіті байқады.

– Ой, Аққанат, не боп қалды!? – деді үрейлене. Ол тілі байланғандай сазарып, аз тұрды да:

– Не болғанын өзім де білмеймін. Бәрі із-түзсіз, жер жұтып кеткендей зым-зия жоқ. Қайда екенін білмей, басым қатып тұр, – деді.

– Не дейді!? Нұрстан бір орнынан шырайналып, сылқ етіп, табалдырыққа отыра кеткен Аққанатқа шошына қарады да: – Сен оларды ренжітіп қойған жоқсың ба?! – деді аз-кем ренішін жасыра алмай.

– Жо-жо-оқ! Ол кекештеніп қалды да, іле-шала: – Ренжітетіндей ешнәрсе деген жоқпын. Тек түнде өзара бір-бірінен артықшылықтарын айтып, керілдесіп жатқанда, ақылмен басу айтып, сабырға шақырғанмын. Десе де қатты айтып, көңілдеріне тиетіндей ештеңе дегенім жоқ, – деп ақтала сөйледі.

Бірақ құпия ақ ұнтақ туралы айтудан жасқанды. Бірақ, ішкі түйсігі бар бөленің сол ұнтақтан келгендігін сезінген-ді. Алайда кімнен келгендігі беймәлім.

– Ата біле ме?

– Жоқ, білмейді!

– Онда неге тұрмыз? Жабыла іздейік! – деді. Үйдің маңын, аяқ жетер алапты Нұрстан жаяу шарлады. Қылқалам қанатын киіп, жақын аймақты шолып шықты. Көзге ештеңе ілінбеді. Ізім-қайым жоқ. Нұрстан теңселіп, басын шайқай берді.

– Енді Көркемтайға не бетімізді айтамыз!? Оның бар арманы-үміті бізде еді ғой. Атаның көз майын тауысып жасағандарынан бір сәтте айрылып қалып, маскара болып қалмасак, – деп ішкі күдігін жасырмай, күңірене сөйлегенде, көз жасына ие бола алмады. Аққанатты Қылқалам өзін қоярға жер таба алмай, есеңгіреген халде болды.

Нұрстан әрлі-берлі теңселіп жүрді де қойды. Саусақтарымен мандайын шеңгелдей қыса ұстап, біраз отырды да, орнынан атып тұрып:

– Іздеуіміз керек, табуымыз керек! – деп кесіп айтты да, Пырағына мінді.

– Шу, жануар! Ол көкке қалықтай көтерілді. Аққанат та ілесе ұшты.

Көңілге алған алаптың барлығын екеуі адақтап шықты. Іздегенге ілік етер тұстардың ешбірінен із, белгі байқалмады.

II. ҚАРЛЫҒАШ ШАПАҒАТЫ

Екеуі де шаршап, түбінде бұлағы бар үлкен шынар ағаштың түбіне келіп тыныстады. Әрі жолсоқты, әрі желсоқты болған Нұрстан көлеңкеге жатқанда, көзі ілініп кетті... Құлағына шиқ-шиқ еткен құстың сүйкімді үні естілді. Көзін ашып алды. Өткендегі Қарлығаш. Ол шынар ағашты бір айналып келді де, қасына қонды.

— Қайдан жүрсіндер? Тағы да бояу жасайтын шөп іздеп жүрсіндер ме? — деді.

Нұрстан болған жайды айтты. Қарлығаш Аққанатқа көз тастап еді, ол ләм-мим деместен көзін төменшіктетіп әкетті.

Елгезек үн қатқан Қарлығаш:

— Онда мен өздеріне көмек еткен құстардың барлығын шақырайын, сөйтіп бірігіп іздейік. Сендер ешқайда кетпендер, бәрін осында келтіруге күш салайын, — деді де ұша жөнелді.

Ең алдымен Наурызкөк, іле-шала Сарғалдақ, қатарласа ұшып қос Аққу жетті. Қоңыр қаз бен Қарлығаш ең соңынан ұшып келді.

Нұрстан өзін қоршай қонған қамқор құстарға тосын болған оқиғаны қинала баяндағанда, олар өз өкініштерін білдіріп, бастарын күйзеле шайқасты.

Осыдан соң барлығы бірауыздан әр тарапты бетке алып, жоғалғандарды жабыла іздеуге аттанады. Алайда кешқұрым барлығы дерлік шынар ағаштың түбіне салдары суға кетіп, көңілсіз оралды. Қанат қарымы жетер жердің бәрін шарлағанмен ештеңе көзге түспепті. Нұрстан мүлде есеңгірегендей халде отырды да, орнынан тұрып кетті. Жылға бойындағы жайылып жүрген Пырағының мойнына маңдайын тіреп, мұнайып ұзақ тұрды.

Бір кезде құстардың біреуі:

— Қарлығаш қайда? Қарлығаш қайда? — деді.

— Кеш батып кетті ғой. Қараңғыда неғып кешігіп қалды екен?

— Мүмкін, жоқты тауып, бері жеткізе алмай жатқан шығар?

Әр құс әрқалай жорамалдың шетін қылтитып жатыр. Нұрстан ауыр күрсініп, бұлақ басына қайта келіп, үнсіз отырды. Барлығын көңілсіздік басты.

Екі Аққу бір-біріне мұная қарап, ақырын ғана:

— Егерде бояулар табылмаса, Көркемтай мәңгілік жазылмайтын шығар, — деді. Бұлардың сыбыр әңгімесін құлағы шалып қалған Қылқаламның тамағына өксік тығылып, көзінің алдына жас іркілді.

12. ҮКІ МЕН ҮМІТ

Қас қарайып, көз байланып қалған шақта әлдене бұлын етіп, бүк түсіп отырған Нұрстанның алдынан зу ете қалды да, шынар ағашты екі-үш айналып келіп, оның иығына қонды. Қарлығаш екен. Құстардың барлығы:

— Ой, мынау Қарлығаш қой! Қарлығаш қой! — десті. Нұрстан да, Қылқалам да бойларын тіктеп алды. Ентігін әлі басып үлгермеген Қарлығаш:

— Қазір осында Үкі ұшып келе жатыр. Ендігі үміт сонда, әдейі шақырдым, — деді.

— Не, ол біле ме екен?!

— Саған бірдеңе айтты ма?

— Бір хабардың шеті шығып тұр ма?!

Жан-жақтан қаумалай қойылған сұрақтарға Қарлығаш жауап беруден жалтарып:

— Өзі де келіп қалар, — деді. Ауызды жиып алғанша болған жоқ, Үкі келіп, шынардың төменгі бұтағына қонды да, сөзді бірден бастап кетті.

— Болған жайдың бәріне қанықпын. Сендер жоқтарыңды күндіз әбден шарлай іздеп, таба алмаған екенсіңдер. Көркемтайдың тағдыры үшін кам жеген Нұрстан үшін, Қылқалам үшін, барлықтарың үшін мен түнгі жорыққа шығуға бел будым. Түнде ұрланған болса, түнкезбе, жырынды қулардан келіп тұрған қылмыс секілді. Нартәуекел! — деп, кері қарай ұша жөнелді.

Барлығы «уһ» деп, арқаларынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалды...

Үкі түнгі алқаракөк аспан астын ұзақ шарлады, тынымсыз шарлады. Өз қонысынан жырақтағы қуыс, жыра-жықпалдарды, адыр, жота, қырқа, қабак, сайлардың барлығын барлай ұшты. Содан келіп, оқшаулау тұрған аса биік жартасқа іргелес бір серек тастың төбесіне қонып, жан-жақтан тың тындады. Шырылдаған шегірткелер үні, тіршілік қамымен әрлі-берлі жүгірген түнгі жәндіктердің алашапқын қимылы, қозғалысы, бұталардың сыбдыры үкі құлағына үздіксіз, тынымсыз жетіп жатты.

13. ҮКІНІҢ ЕРЛІГІ

Кенет... Кенет...

— Менің атым Зымстан! Мен — Зымстанмын. Сендердің ешқайсыларыңды босатпаймын. Нұрстанның да, Қылқаламың-

ның да мен үшін көк тиындық құны жоқ. Көркемтайларың кім?! Төсекке таңылып жатқан күйі жата берсін. Маған десе, өлмесе өмірем қапсын! Соны жазамыз, аяғынан тұрғызамыз деп, анау екі есалаң сендерді әлгі қақбас шалға жасатқан ба?! Кеше ана бойы сорайған Қылқаламды қақ белден бір теуіп, омыртқасын опырып, қабырғасын қаусатып кетуім керек еді!! Уақыттың тығыз болғаны, — деп тістене, зілдене, тілінен зәр төге сөйледі.

— Ағатай, Зымстан, бізді үйшігімізге қайта апарып салшы!

— Нұрстанға да, Аққанатқа да еш айтпаймыз!

— Бұл жерде Атаның еш кінәсі жоқ!

— Көркемтай төсекке таңылып, бізді асыға күтіп отыр ғой!

— Кәне! Тоқтат! Әй, сүмелек немелер! Өздерінді быт-шыт қылып таптап, жандарынды қазір-ақ жаһаннамға жіберейін бе осы, а! — деп ақырғанда, жылау аралас шулаған дыбыстан құлақ тұнып кетті.

Үкі серек, шомбал, жақпар тастар арасымен дыбыссыз қалқи ұшып, бой таса қылып, Зымстанның ұясына таянды. Тас тасасынан сақтықпен алға көз тастады. Бойы екі қарыс, жалбыр шашты бірдеңе екен. Кішкене қуыстың аузында қос қолын бүйіріне таянып, талтайып тұрып алған. Үкіге жон арқасын беріп тұр. Шидиген қисық сирағының арасынан әрлі-берлі сендей соғылысқан бояулар көрінеді.

Олардың арасынан екеуі алға ентелей, өңмендей ұмтылғанын көрді. Бірақ Зымстан екеуін қосқабаттап бір теуіп, шалқасынан сұлатып түсірді. Қуыс ішінің азан-қазаны шықты.

— Ей, мына біреулерің қайтпайтын қандай жексұрындар еді! Мойындарынды жұлып алайын ба осы!? — деп ақырды.

Арғы жақтан:

— Қайсар, қатты тиді ме? Толағай, немене, ауырып қалды ма? — деген жанашыр үндер қабаттаса естілді.

Сол сәтте Үкі оқша атылып, қуыс аузында тұрған Зымстанды шеңгелдей бүріп алды да, аяқ-қолын тырбаңдатып, көкке көтеріп алып кетті. Не болып, не қойғанын ұқпай қалған қамаудағылар аз шаққа тілдері байланғандай болып тұрып қалды да: «Алақай! Алақай!» — деп, қуана шулап қоя берді...

Үкі сол ұшқаннан ұшып отырып, таң қылаң бере Зымстанды шынар ағаш маңына алып келді. Қос қанатын топшысынан үзді де, Нұрстанның алдына әкеліп тастай салды. Зымстан барлыққан, қарлығыңқы ащы даусымен айналаны жаңғырықтырғанда, құстардың барлығы шошып оянды. Күмісканат Пырақ үркіңкірей барып, оскырына кісінеп жіберді.

— Ұрың осы екен. Аты — Зымстан. Қонысы — биік жартастағы қуыс. Ал, кәне, менің сонымнан еріндер. Жоқтарыңның қамалған орнын көрсетейін, — деп қайта ұша жөнелді.

Бұл тосын жаңалыққа барлығының жүректері жарыла қуанды. Қарлығаш, Қос Аққу, Наурызкөк, Сарғалдақ, Қоңырмаз — барлығы дүр көтеріліп, Үкі соңынан самғай ұшты.

Нұрстанның көзінен қуаныш жасы шығып кетті. Ол Қылқаламға қарап:

— Сен ана құстармен бірге барып, бояуларды алысып кел. Мен Көркемтайға жетейін.

— Ана залым Зымстанды не қыламыз?

Нұрстан алдында дірдек қағып, топшысынан жылымшылап қан аққан Зымстан оған жалынышты түрмен жаутаң-жаутаң етіп, жалтақтап қарай берді.

Сол кезде Қылқалам тістеніп, тепсініп, Зымстанды итше тепкілегісі келіп, тұра ұмтылып еді, Нұрстан оның алдын кескестеді.

— Үкімін Үкі кессін! Анау бояуларға жасаған қысастығын, қатыгездігін өз көзімен көрген екен. Онсыз да топшысы үзіліп, қанаты қайрылып қалыпты ғой, — деп тоқтау айтты да, Пырағына қарай беттеді. Аққанат көз ұшында топтанып кетіп бара жатқан қамқор құстардың соңынан самғай жөнелді.

14. СҮЙІНШІ!

Нұрстан Пырағымен ұшқан күйі Көркемтай жатқан бөлменің ашық терезесінен ішке енді.

Пырағынан домаланып түскен бойда бар даусымен айқайлап:

— Сүйінші, Көркемтай аға! Сүйінші! Сүйінші! — деп, оның тізесіне секіріп мінді. Қуаныштан екі беті бал-бұл жанады.

— Сіз әлі-ақ жазыласыз! Қазір Аққанатты Қылқалам барлығын бастап алып келеді. Енді сол Қылқаламмен Сіздің салған ғажап суреттеріңіз әлемді шарлайтын болады. Сіз аяғыңызға мінесіз! Мынау әлемді шарлап, көңіл қошыңыз қанғанша сурет салатын боласыз. Шебер Ата жасаған ғажап бояуларға тіл бітіріп, сұлу тілмен сайрататын боласыз, Көркемтай аға! — деп жүрекжарды қуанышын тоқтаусыз ақтарып жатты...

Біршама уақыт өткен. Бір кезде ішке асыға ұшып кіріп, кереует басына қонған Ақ Көгершін лағыл тастай жарқ-жүрк еткен көздерін еркелете аударып, күр-күрлеп алды да:

– О, алақай! Алақай! Аққанатты Қылқалам барлық бауырлас құстарды бастап ұшып келе жатыр! – деді шаттана дауыстап. Сөйтті де шыған биікке шырқай көтеріліп, алуан өнер, қимылға сала билеп, көк аспанның ажарын кіргізді. Үлкен қуаныштың ерен лебін сезінген Нұрстанның Пырағы да Ақ көгершінмен бірге ілесе көтеріліп, күміс қанатын анда-санда бір сермеп, қыран құстай қалықтап ұшып жүр.

Көркемтай ашық терезе алдына ақырын жүріп барды.

– Кіп-кішкентай бауырым, Нұрстан! Саған үлкен рақмет! Сені жасаған Шебер Атаға мың сан рақмет! – Оның көзінен қуаныш жасы парлай ақты.

Сол кезде терезе түбіндегі алма ағашының арасынан Бұлбұл сайрай жөнелді. Төкпелетіп, сорғалатып, құйылдырып, құй-қылжытып салған әні Көркемтайдың тал бойын дүр сілкінтті. Осы сәтте денесін басқан зілмауыр қорғасын салмақ жеңілдеп сала берген. Ол баққа тесіле қарады. Кіп-кішкене бозғылтым құстың сұлбасы көз аясына әрең ілікті.

– Қарай гөр мынаны! Айналайын, Бұлбұл құс сен қайдан келіп қалдың?! – дегенде:

– Қуанышыңызға әрдайым ортақпын, Көркемтай аға! Бақытты болыңыз! Мен сүйіншілеп Шебер Атаға жетейін! – деді сергек үн қатып.

Сонадайда ашық аспанға аңтарыла қарап қалған анасы бір кезде үйге жүгіре жөнелді.

– Иә, Жасаған! Иә, Тәңірім! Шапағатшы болғайсың, шын қамқоршы болғайсың! – деп әлсіз дауыстап, егіле жылап келе жатты.

Түнгі болған оқиғадан бейхабар Шебер Ата көзіне қолын көлегейлей, күн сала қарап, Күмісқанат Пырақ мінген Нұрстаннан асыға хабар күтуде. Ақ сақалын салалы саусақтарымен сипап қойып, іргедегі қоңыр домбырасына қол созды. Күндердің күнінде Көркемтай жазылып келсе, бұған қайткен күнде де соғатынын біледі... Егер осында келіп, бұның тартқан күйлерін көкейіне ұялатса, оның салған суреттері мүлдем жанданып, ғажайып болатындығына бек сенген халде отырды. Домбырадан жаңа бір күйдің, өзгеше күйдің әуені төгіле берген. Тап осы мезетте сүйіншілей асыға жеткен Бұлбұл құс домбыра басына келіп қонған-ды...

Шынар түбінде қалған Зымстан топшысы үзілген қос қанатын сүйретіп, сонау жер түбіндегі жартастағы ұясына кетіп бара жатса керек. Оған жетті ме, жетпеді ме, ол жағы беймәлім. Биіктегі ұясына қанатсыз қалай шығатынын әлі ешкім болжап, біле алмайды. Бірақ, жандәрмен қылып, жанталасып жүрсе де, әлі сол улы ұнтақ салған қалтасын жанынан тастамайтын әдетінен еш жаңылмағанға ұқсайды.

Аңсарарман.

АЯҚТАЛМАҒАН АҢЫЗ немесе Алдар көсе туралы хикаяның жалғасы

Повесть-ертегі

Босағасын аттаған бөгде жанға бір жұтым су татырмай, нәр сыздырмай шығаратын, айдай әлемге аты жайылған Шығайбайды Алдар Көсе жер соқтырып кетті...

Өрісте қаптаған қалың қойының соңында жүрген Шығайбай бүгінгі түні үйінде болған жайды есіне алғанда, ызадан жарылып, өліп кете жаздады. Ет орнына ескі етігінің сірісін жегені, май орнына сиырдың жас жапасын асап алғаны ойына оралғанда, лақ еткізіп құсып жіберді. Бәрінен де аркасына аяздай батқаны – сүйікті атынан біржола айрылғаны болды. Өмірінде сырт кісіге суыртпақ жіп ұстатып көрмеген Шықбермес Шығайбай өзінің Алдар алдында жас баладай алдануының сырын көпке дейін түсіне алмай, шақшадай басы шарадай болды. Қабағы кара түндей түйіліп, түнеріп кетті. “Құдайым-ау, мені қандай тажалға жолықтырдың?” – деп Алдарды жеті ата, жекен суына жеткізе қарғап-сіледі.

Аш қасқырдай ұлыған ішік-қарнының қатты ашқандығынан хабар бергендей. Анау көк балаусаға бас қойып, рақатқа кенелген қалың қойға көзі түскенде, ашкөз қызғаныштың тікенді тырнағы ішін тырнап-тырнап алды. Көзіне қан толып кеткендей. Қасындағы шоңғал тасқа құтырына ойнақ салған қос текешікті тобылғы таяқпен жіберіп ұрды да, қойтасқа сылқ етіп отыра кетті.

Мынау кең дүние көз алдында бір уыс болып тарылып сала берді...

Кешке ауылға тақана бергенде, алдынан ойбайлап бәйбішесі шықты.

– Құрған ғана, қу қақпас-ау, Бізбикені әлгі қу аяққа көзің қалай қиды? Бұл дүниеде сендей адам болар ма? Құдайым-ау, ортамыздағы жалғыз баланы шырылдатып, сайда саны жоқ, құмда ізі жоқ алаяққа бере салуға қалай ғана дөтің барды?

Шығайбай қой шетінде қаққан қазықтай қалшиып қатты да қалды. Өз құлағына өзі сенбеді. Бәйбішесінің сұңқылдаған үнінің аяғын тындамастан бар даусымен баж етіп:

– Иттің ғана баласы, мен бізді бер деп едім ғой, не айтып тұрсың, ойбай? – деп жер тырмалап отыра кетті.

– Алжыған неме-ау, алыстан айқайлап: “Берсең беріп құтыл сол бәледен” – деген өзің емес пе!

– Қу шұнақ құдай-ау, о заманда бұ заман бұралқы иттей кезбеге қыз бере салатын мені есуас деп пе едің ей, сен?

Шығайбай қайнап кетті. Тобылғы таяқ басына барып таңқ еткенде, ол шалқасынан түсті. Айқай шыққаннан үй артына тасаланған тоқалы қожасының кәрінен қорқып, іргедегі топ шеңгелдің түбіне барып тығылып қалған-ды. Шығайбай талық-сып жатқан бәйбішесінің бүйірінен ыңқ еткізіп бір тепті де, сылқ етіп отыра кетті. Еңк-еңк етіп, әйелдерше дауыс айтып жылады.

Қора аузында топталған қойлар қожасының мына қылығына танданғандай, бәрі оған антарыла қарап қалған-ды...

Шықбермес Шығайбай құла жорғасын тайпалатып келе жатты. Көкейіне түйген ойы біреу-ақ. Ол – өзін қу тақырға отырғызып кеткен Алдардың үстінен Алаша ханға арыз айтып, есесін алып, кек қайтару. Бір ашуын бойына жиып, жауар күндей түйіліп, тістеніп алған. Тісін шақұр-шұқыр еткізіп, қалай қайрағанын өзі де аңғармай қалды.

Күн ыстық еді. Сараң байдың аты да, өзі де шөлге бой алдырайын деді.

Жалғыз аяқ соқпақ сайға құлады. Оның табанымен жылтырап ағып жатқан жылғаның басы әудем жерде екен. Бұлақ басында, үй орнындай дөп-дөңгелек жерге өскен жап-жасыл бояқтай көк шалғын ерекше құлпырып, бөлекше көз тартады. Өзі де, аты да бұлаққа келе бас қойды. Суды сынғытып ішіп жатыр.

Шығайбай көк шалғынға бауырын төсеп жата кетті. Салқын су, салқын ауа, жасыл шөптің хош иісі тал бойын маужыратып, ұйқыға әкете берген...

Құлан мен Түлен екеуі тұла денесін көтере алмай биік жартас қуысындағы уақытша мекенінде үш күн жатты. Көк-ала торғайдай болған денелері күп болып ісіп кеткен еді.

Осыдан үш күн бұрын Алдар Көсемен болған шайқасты естеріне түсірсе, төбе шаштары тік тұрады. Он екі өрім бұзау тіс қамшы мен ұзын сойылдың сойқан сокқысы естерінен еш кетер емес. Бұл күндері ұйқыдан талай рет шынғыра айқайлап, шошына оянулары тым жиілеп, түн ұйқылары төрт бөлінетін болған. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, сол шайқас болған күннің кешінде от мүйізді, жылан құйрықты, жолбарыс тісті, арыстан басты Ібіліс келіп, қос шайтанды шапалақтан шарт

еткізіп, жалпасынан түсірген. Айыр тырнағымен мойындарынан қылғындырып алып, қаһар төге сөйледі:

– Құдайдың қаһарына шалынған қос малғұн, ел аман, жұрт тынышта бар қасиеттеріңнен жұрдай болып, жүрістерің мынау. Екеуінде жұртыңа көрінер не бет қалды?! Бір адамды алуға шамаларың келмесе, несіне шайтан болып жүрсіндер?!

– Тақсыр-ау, көп адамды алдадық. Бірақ, Алдар деген бөлеге жолыққалы жолымыз болмай қойды, – деп, Құлан қырылдаған күйі мәймөңкелеп сөйлей беріп еді, долданып алған Ібіліс оның сөзін аяқтатпай ақырып жіберді. Қос мүйізінен жарқ ете қалған жалын от жықпыл жартастың қуыс-қуысын жұмбақ түсті сәулемен алаулатып, долыра жалап өтті.

Құлан мен Түлен қылқынып өлуге шақ қалды. Ібілістің темір қысқаштай тарылып бара жатқан саусақтары сәт санап сығымдағанда, жандары мұрнының ұшына келді.

– Алдардың арқаларына мініп, жауыр қылғанын кештім. Ат басындай алтыннан айрылып, алданғандарыңды кештім. Тіл-ауызды үйірген қымыз бен қазыдан, жал мен жаядан мақұрым қалғандарыңды кештім. Ал тіл астарына салып берген сиқыр теңгеден кара басып, айрылғандарыңды қалай кешпекпін?! – деп ақырып жіберіп, қос тізесімен жерде жатқан екеуін нығырлап жібергенде, төс сүйектері күтір-күтір етіп, сынып кеткен тәрізді болды. Көздерінен жастары ытып-ытып кетті. Жанұшыра шар еткен екеуінің ащы айқайы шыққанда, онымен жарыса дыр етіп қатты естілген бөлекше үнді бір дыбыс Ібілістің өзін селк еткізді. Селк ете қалған Ібіліс арт жаққа жалт бұрылғанда, мұрнына жағымсыз, жидіген күлімсі иіс келді.

Ібіліс тізесіне шоқ тигендей, орнынан шорши атып тұрды да, тыжырына:

– Ой, пәдіріңе нәлет, өңкей найсап, қылықтарың!

Бірақ даусы бұрынғыдан жұмсарған тәрізді.

Құлан мен Түлен есенгіреген қалыптарымен орындарынан тұрып, оған жалтақ-жалтақ қараған күйі артқа шегіншектей берді.

– Токта! – деп Ібіліс қайта ақырып жіберді. – Тіл астына салатын сиқыр теңгені Алдардан қашан қайтып алмайынша, шайтан елінің шекарасына тұяқ тигіземін деген ой қаперлеріңе кірмесін! Түсіндіңдер ме?

Екеуі қосарлана:

– Иә, түсіндік, – деп дірілдей үн қатты.

– Сиқыр теңгені қашан қолдарына түсіргенше, адам көзіне көрініп жүретін қалыптарыңда қала беретіндерінді өздерің де

білесіндер. Менің далаға шашып жүрген басы артық сиқыр теңгем жоқ сендерге беретін, — деді де көзден ғайып болды.

Құлан мен Түлен екеуінің еңіреп жылап қала беруден басқа шарасы да қалған жоқ еді.

Содан олар жартастағы қуыста үш күн жатты. Алдардан қайткен күнде де кек алудың, сиқыр теңгені қолға түсірудің неше түрлі айласын ойлап, сан алуан қиялға берілді. Бұл аралықта арқа-бастарының ісігі де қайтып, оңалуға бет алған-ды. Өздері де шөлден әбден қаталап, қарындары да қатты ашты.

Құлан мен Түлен сол күні жартастағы мекенінен жайлап шығып, өздері су ішіп жүрген бұлақ басына қарай беттеген. Оған таканып келгенде, екеуі ауыздарын ашып тұрып қалды. Әлдекім көк шалғында шалжия құлап, ұйқыны соғып жатыр. Олар бір бүйірлей жатқан адамның жүзін барлай қарады, бұғағы білеуленіп, майы жылтырап бетіне шыққан бітік көз біреу екен. Иегіне шыққан селдір сақалы ұйпа-тұйпа болып, көзге еріксіз көрінеді.

Жылға жиегінде жайылып жүрген құла жорға аяқ астынан пайда болған екеуіне аңтарыла қарап, аз тұрды да, қайтадан бидайыққа бас қойды.

Құлан мен Түлен бірінің бүйірінен бірі түртіп қалды, көздері шырадай жанды. Ат қанжығасындағы семіз қазының, тәтті нанның иісі мұрындарын жарып барады. Сілекейлері шұбырып қоя берді. Құла ат адамға үйірсек екен. Мысық табандап, бұқпантайлап, қасына сақ келген екеуіне оғаш мінез танытқан жоқ.

Аяқ астынан шыққан ащы айқайдан екеуі шошып кетті. Құла ат басын көтерді де қойды.

— Атаңа нәлет, Алдар! Күлшемді бер деймін, кәне, күлшемді бер!

Екеуі шөп арасынан аспанға қарай ереуілдесе ербендескен адам қолын көрді. Ауаны қармап, әлденені ұстай алмай аласұрып жүр. Құлан Түленге сыбыр ете қалып:

— Е, бұл да Алдардың алдауына түскен сабаз ғой, — деді.

— Алдағанда да қан қақсатып алдаған. Тіпті ұйқыда жатса да, Алдар қудың бұған тыныштық бермеуін қарай гөр, — деп басын шайқады Түлен.

— Ойбай-ау, өзімізді қандай қылып еді!?! Көкала торғайдай қылған жоқ па?! — деді Құлан қиналған қалыпта.

— Не істейміз деген де сөз бола ма? Қарнымыз ашты ма? Ашты. Мына қазы мен нанды алып, оңаша апарып жейміз, — деді Құлан.

Түлен де шыдамсызданып тұр екен, дереу қоржынды қанжығадан шешіп алды. Құлан оның аузын ашты да, сары алтындай болып көз жауын алған майлы қазы мен иісі бұрқыраған таба нанды алды. Содан соң екеуі бұлақ маңынан асыға басып, оңаша тұсқа ұзады. Сөйтті де топ шеңгелдің түбіне отырып, сылқия тойды.

— Әлден уақытта тымқ ауаны басына көтере ойбайлап, жылауға шақ қалған ащы дауыс құлақтарына жетті. Екеуі сылқ ете қалып, орындарынан атып-атып тұрысты.

— Атана мың бір нәлет Алдар, көгермей көктей солғыр Алдар! Үйді қойып, енді қу медиен далада да анысымды андуын қоймағаның ба?! Ә, қу құдай, қу шұнақ болғыр, қу құдай! Құтқарсаңшы мені мына тажалдан!

Құлан мен Түлен ат үстінде ойбайын салып келе жатқан адамға аңтарыла қарап, оның жолын тосып тұрды. Шығайбай да алыстан көрінген қос қараға ат басын бұра берген. Екеуі бір-біріне қулана жымың етіп, ішің білсін дегендей ым қағысты. Жат жолаушының алдынан шығып, моп-момақан пішінде жол тосып тұрды.

Шығайбай жақындай келе мүсәпір бейнедегі екеуге барлай қарап, сәл өктемдеу үнмен:

— Ей, қу далада қанғып жүрген қай жалаңаяқсыңдар? — деді. Әлгіндегі ойбайын ұмытып, ат үстінен мардымси сөйлеп, тәкаппарлана шіреніп қойды.

— Е, байеке, “Басқа түссе баспақшыл” деген емес пе, қай еріккеннен жүрміз дейсіз. Алдар деген қу қан қақсатып, сан соқтырып кетті. Содан кек алғалы жолға шыққан бетіміз еді. Әлгінде ғана алыстан шыққан ащы айқайды естіп, кідірістеген едік. Сайдан сіз шықтыңыз. Жөн сұрасайық әрі ащы айқайына қарағанда жаны қиналып жүрген жан ғой деп, мына Түлен ініміз екеуіміз сіздің жолыңызды тосып едік, — деді Құлан мүләйім ажармен.

Шығайбай атынан домалап түсті. Екі көзі шырадай жанып, екеуінің қасына елпектей, емпендеп жетті.

— Ол алаяқ сендерді де сорлатып кетіп пе еді?! Айналайын-ау, іздегенге сұраған дегендей жолым болайын деп тұр екен, ендеше. Жүріндер онда тезірек, сол сұрқияны тауып алып, қол-аяғын байлап, ханға апарып берейік, — деп өз басының Алдардан көрген теперіштерін жіпке тізгендей сарнатып айтып берді. Құлан мен Түлен де кенде қалмай, өз бастарынан өткендерін ашына айтысты. Бірақ екеуі оған бар шындықты ақтарса да, өздерінің адам пішінді шайтан екендерін айтпай, ішке бүгіп қалды.

Үшеуі ұзақ жүрді. Жалғыз аяқ сокпақ ұшы-қиыры жоқ кен даланы қарып, жыландай ирелендеп әлі кетіп бара жатыр.

Құлан мен Түленді Шығайбайдың май жайлы айтқан мылжың әңгімесі жалықтырып жіберді. Арқандаулы аттай, қайта айналып Алдар жеп кеткен қазысы мен майын, өз қолынан ажал тапқан қасқа атын сөз арасына қыстыра береді. Жиі-жиі кіжініп, екілене, еліре сөйлейді.

— Осыдан ғана қолыма түссе, тірідей шайнар едім! — деп тобылғы сапты қамшысымен қонышының сыртынан ұрып-ұрып алады.

Кеш батып, көз байлана бастады. Үшеуі ұзақ жолдан қалжырап, шаршап қалған-ды. Бір жұмырша төбеге такана бергенде, жалғыз аяқ сүрлеу үшке айрылды. Барлығы абдырап, тосылып қалды. Шығайбай серіктеріне қарап:

— Ал қайсысына түскеніміз дұрыс, ақыл беріндер, — деді. Олар абдырған халде бас шайқасты. Шығайбай да дал болды. Ешқайсысы бұрын бұл жақта болып көрмеген екен. Ымырт қоюланған соң бағанадан малданып, сүрлеудегі бағдар болып келген аттың ізі қай бағытқа кеткенін ажырата алмай қалып еді.

— Сол алаяқты ұзынқұлақ біреуден естігенімде, осы Алаша хан ауылы маңында деп еді. Бірақ, ханды да қара жерге отырғызып кеткенге ұқсайды. Содан бері өзі де көрінбей, құрдымға кетіпті деп жүр ғой, — деп Шығайбай бұлдыр әңгіменің, белгісіз әңгіменің ұшын шығарып қойды.

Олар жолайрығындағы жатқан жалпақ тастың үстіне келіп, абыраған халде тізіле отырысты. Үшеуі әрі ақылдасып, бері ақылдасып, тоқтам қылған ақылы — бүгін осында түнеу болды. Тіпті түнде түс көрсе, таңертең жорысатын да болып келісті.

Шығайбай атын тұсап әрі арқандап, оның ұшын аяғына байлады. Сөйтіп ұйықтауға ынғайлана берген-ді. Жолдан шаршап, қажып келген екі серігі де бастары жерге тиісімен қор ете қалды.

Таңертең Түлен үрейленген үнмен тұр-тұрлап, жатқан кеуіні түртіп оятты. Шығайбай орнынан шошып тұрды да:

— Ат аман ба? — деп көзін уқалап, айналасына алақтай қарады. Аты жайылып тұр екен. “Уһ” деп демін алған Шығайбай Түленнің үрей алған жүзіне көз салды. Құлан орнынан атып тұрған күйі жалпақ тасқа тесіле қарап қалыпты. Тастың бетіне біреу аймандай қып ақ бояумен әлденені жазып кетіпті. Бірақ, ішкі түйсіктері мұның тегін еместігін сездіргендей. Тұрғандардың ешқайсысы да әліпті таяқ деп білмейді екен. Сұрау толы көздерімен бір-біріне аңыра

карасты. Осы сәтте құла жорға елең етіп, оқыранып, құлағын тігіп тұра қалды.

Әудем жерде торы атты, ақ сәлделі біреу бұларға қарай бет түзеп келеді екен. Шығайбай алға сытылып шыға берді де:

– Уа, молдеке, жол болсын! – деп дауыстап сәлем берді.

– Е, әлей болсын!

Оның даусы зор, үнді екен.

– Қайдан келесіз, молдеке?

– Елден келеміз.

– Қайда барасыз?

– Ханға барамыз.

– Шаруаңыз не?

– Е, айтпа, шырақтарым. Алдар деген арбаушы иттің тіліне еремін деп, қатынымды өлтіріп алдым. Соны Алаша ханға барып айтып, жазалаттырмақпын.

Осы сөзді айтқанда молданың күрең жүзі түтігіп, өні өрт сөндіргендей болып кетті.

– Қалай өлтіріп алып жүрсіз? – Үшеуі жамырай сұрасты.

– Ойбай, айтпаңдар, адамды қара басайын десе, бір-ақ сәтте екен, – деп қойнынан ұзынша, көп тесігі бар түтікшені суырып алды. Олар молданың қолында жалт-жұлт еткен түтікшеге тандана қарады. Бірақ, мұның әйелдің өліміне қандай қатысы бар екендігіне бас жеткізе алмай тұрды.

– Бірле Алдардан осы түтікті қасиеті көп деген соң қол басындай алтынға сатып алып едім. Себебі алдында ол өз әйелін менің көзімше бауыздап өлтірді де, сәлден кейін басына тұрып алып, мына сыбызғыны ойнатып, тірілтіп алған. Содан мен де осы кереметті көрші байға көрсетейін деп, оны үйге қонаққа шақырдым. Алдындағы келісім бойынша, ол келгенде әйелім төсектен тұрмай жата берді. Мен ашуланған болып бардым да, әйелімді пышақпен қыл тамақтан орып жібердім. Ол қорылдады да қалды. “Ашуым” басылған соң, бас жағына отыра қалып, сыбызғыны сұңқылдатып әрі ойнаттым, бері ойнаттым. Бірақ сорлы әйелім қыбыр етіп, қимылдаған жоқ. Сөйтіп мына Зәкіржан ағаларынды құдайдың қос қолдап тұрып қақ төбеден ұрғаны ғой, – деп кеңкілдеп жылап жіберді. Үшеуі жабылып, молданы әрең жұбатты. Көңіл айтып, қайырлы болсын десті. Ол солығын әрең басып, көзінің жасын сүртті.

Молда үшеуінің шаруа, сапар жайын білгенде, төбесі көкке екі-ақ елі жетпей қалды.

– “Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан” дегендей, онда жолымыз оңғарылғалы тұр екен, бауырларым. Келіндерші

бері, құшақтасып көрісіп, шын ниетпен танысайық, — деп үшеуін бауырына қысты. Тіпті ажарланып, алғашқы кайғысын да ұмытып кетті.

— Алдарың қанша қу болса да, бәрімізді алдай алмас. Әйтеуір қолға түссе, ит терісін басына қаптап, аяусыз кек аламыз, — деп жүзі бөлекше ажарланып, үні мүлдем зорайып шықты. Көзінде ызаның ызғарлы ұшқыны ойнап тұрды.

Бір уақытта Түлен тұрды да:

— Зәке, сіздің жолыққаныңыз мұндай жақсы болар ма?! Бағанадан бері үшеуіміздің басымыз қатып, мына жалпақ тастағы жазуды оқи алмай тұрғанымыз.

Молда тастағы жазуды оқығанда, көзі ұясынан атыздай болып шығып кетті.

— “Онға жүрсен, опақ боласың, солға жүрсен, сопақ боласың, ортамен жүрсен, шатақ болады. Сәлеммен Алдар!” — деп дауыстап жіберді де, Зәкіржан молда сылқ етіп отыра кетті. Шығайбай шыңғырып жібере жаздады. Құлан мен Түлен аз-кем уақыт танданғандай халде тұрып, өздеріне-өздері тез келді.

— Ойпырым-ай, бұл жауыз тіпті жүрер жолды да торып дамыл бермегені ме, — деп Шығайбай камшысына сүйенген күйі сылқ етіп отыра кетті. Түлен Құланды түртіп қалып, сыбырлап:

— Мынауыңның жүні жығылып қалды ғой, бірдеме деп демеп жібермесең болмас, — деді.

Құлан даусын қырнап жөткірініп алды да:

— Байеке, мұнаймаңыз, тек бірлігіміз ірімесін, істің сәті түсейін деп тұрғанда, ұнжырғамызды түсіргеніміз мүлдем жарамайды, — деп сыпайы сөйледі.

Шығайбай басын көтеріп алып:

— О, не дегенің, Құланжан-ау, әшейін кес-кестеп алдан орай берген соң, айтып жатқан пендешілік далбаса ғой, — деп ақтала сөйледі де, сөзін жалғап:

— Сонда ол сұрқияны қайдан табамыз? Кәпірдің мына бір сөзінен шошығандайсың! Тегі қылар айла-амалынды аяғынан тұсағандай. Ырымға жаман екен, — деп таусыла тіл қатты.

Зәкіржан молда көңіл жұбатарлық үнмен:

— Адамды адастырудың алуан айласын жасайтын жанның айтқан сөзіне де сене беруге болмайды, байеке. Менің көңілім осы ортаңғы жолды қалап тұр. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, қандай шатағы болса да өз мойныммен көтеруге дайынмын, — деп өз байлауын айтты.

Шығайбай алғашқы қосылған екі серігіне қарағанда, соңғы қосылған жолаушыны іші біртүрлі жылы көріп қалды. Әрі өзі

хат таниды екен. Осыларды ойға түйген Шығайбай қуанып кетті де:

– Нартәуекел, мен де сізбен біргемін, - деп атына қарай аяндады.

Құлан мен Түлен дағдарып тұрған. Екеуі де іштерінен мына екі адамның бірыңғай ырымшыл қылықтарын ұнатпай, көңілдері сәл-пәл секем алып қалды. Егер Алдарды қолға түсіріп, қинауға салғанда, жаны алқымға келген ол мына бай мен молдаға бұлардың шайтан екенін айтып қойса не болмақ?

– Астапыралла-ай! “Қарға қарғаның көзін шоқымайды” демекші, адамдар бір-біріне қанша жауықса да, жеме-жемге келгенде Алдарды жақтап, тайқып шыға келмесіне кім кепіл? Онда тіл астына тығатын сиқыр теңгені мәңгілікке жоқ дей бер. Жоқ, болмайды. Біз бұлардан бөлініп, өзге жолмен кетуіміз керек. Алда көрер қызықты әркім өз пешенесінен көрсін” – деп екеуі де іштей ой түйіп тұрып еді. Қос шайтан бір-біріне барлай көз салғанда, ішкі сырларын бірден айтпай-ақ ұғысты.

Жасы үлкен Құлан шешімін кесіп бір-ақ айтты.

– Алдардың айласына найза болмайтыны рас. Ол қай жолдан кездесе де, оның бізді күтіп тұрған аялы алақаны жоқ. Осы тұрған барлығымыздың жауымыз – біреу, мақсатымыз да – біреу. Ол – Алдардан кек алу. Ендеше, осы үш айыр соқпақты нартәуекел деп сүзе, тінте қарауымыз орынды. Мен соқпақтың сол қанатына түсейін, мына Түлен оң қанатына түссін. Сонда орынды болады ғой деп ойлаймын. Біреуімен ғана жүрсек, қапы қалармыз, – деді.

Олардың барлығы да Құланның ойын құптады. Қолға түскен Алдарды арқанға байлап, қайсысы болса да Алаша ханға апаруға бітім қылысты. Содан соң олар бір-бірімен қоштасты да, үш бөлініп жолға шықты. Құлан мен Түлен екеуіне қызғаныш ете ұзақ қарап тұрып қалды.

Ат артына мінгізген Бізбикені Алдар үйге әкелгенде, біраздан бері қоныстас болып кеткен Жиренше мен Қарашаш қатты қуанды.

– Құсың құтты болсын, Алдаржан! Босағаларыңнан бак кетпесін! – деп Қарашаш Бізбикенің алдынан шашу шашып, аттан түсірді. Үйге кіргізіп, босаға аттарда ақ тілек айтып, отқа май құйғыздырды. Осыдан біраз бұрын Алдардың шешесі

қайтыс болған-ды. Содан от басында жеке дара состиып қалған Алдарды Жиренше қасына қоярда-қоймай көшіріп алған болатын.

— Жүрісің көп адамсың. Жалғыз жүріп күнің өте ме, қасыма көшіп кел. Қара серік кімге де болса керек, — деп орынды тілек айтқан.

Қарашаш пен Жиренше бұрын Алдарды сырт естіп жүретін. Оның көп істеріне қатты риза болысып, айыздары қанып отыратын. Әсіресе, өздеріне тізесін көп батырған Алаша ханның өткен жылы ат басындай алтынын алып, онымен қоймай, қызына қоса үйленген оқиғасы тұсында тіптен жақсы көріп кеткен еді. Сырттан болса да абырой тілеп, ізгі ниет танытып отырғанды.

Хан қызының қара сирақ кедейді менсінбей, көптен бері қыңыр мінез танытып жүргендігі Жиренше мен Қарашаштың қабырғасына кәдімгідей-ақ батып жүрген. Әсіресе, Алдардың момын шешесін ол жоқта тілдеп, тіпті басына әңгір таяқ ойнатады екен деген жағымсыз, жат хабарды ұзын құлақтан естіген еді. Тіпті соның артынша оның шешесінің құса болып, қатты қападан ауруға бой алдырыпты деген суық хабар да құлақтарына жеткен.

Соның артынша Алдар хан қызымен ажырасыпты дегенді естігенде, Жиренше мен Қарашаш оның бұл ісін құп көрген-ді.

Екеуінің Алдарды тіпті жақын тартып, шын бауырлардай туыс болып кетуінің өзге де тосын себебі бар еді. Осыдан бір ай бұрын Жиренше Алдардан оңбай алданған. Ақ көңіл, ала көйлек Жиренше Алдардың үйде ұмыт қалған алдауыш таяғымды әкелемін деп, мұның атына мініп кеткенін, әрі құлайын деп тұрған моланы сүйетіп қойғанын атып, көзінен жас аққанша күлуші еді. Және де сол оқиғаны қызыққа құмар қалың жұртқа өзі жария етіп болған.

Ертеңіне Алдар шуақ көңілмен:

— Жиренше аға, атыңызды алдап мініп, қисық моланы сүйетіп кеткен қылығыма кешірім сұраймын. Атыңызға, даңқыңызға сыртыңыздан қанық едім. Бірақ жүздеспеген соң, тілдеспеген соң, білісе бермейді екенбіз. Қара халыққа, момын қауымға, адал жанға қиянат етпеспін деп Алдан әкеме берген сертім бар еді. Қиянатшыл, қыңыр топқа сермеп жүрген таяғымның ұшы сізге тиіп кеткенін кеш білдім. Жолда жолыққан бір жарлы менің астымдағы атты бірден танып: “Ағасы-ау, астыңыздағы ат Жиренше ағаныкі ғой. Шешеннің өзі қайда, аман жүр ме?” — дегені. Сонда барып санымды бір-ақ соққаным

бар емес пе. Бірақ мен де пендемін ғой, егес тілеген жаннан есе алмасам, ішкен асым бойыма тарамаушы еді. Сондай бір түрт шайтан мен кері беттетпей, үйге алып келді. Алайда, көкейі құрығырда ызындаған мазасыз ой түнімен тыныштық бермей, өз ағаны алдағаным ақымақтық емес пе деп қатты азаптандым. Сонымен не керек, өз алдыңызға бас иіп келіп отырған жайым бар. Қандай жаза болса да мойныммен көтеруге әзірмін, — деп Жиреншенің аяғына жығылды.

Жиренше Алдардың есті қылығына барынша ризашылық етті. Қарашаш та сүйкімді жүзді жігіт ағасының мына мойындауына тым риза болып:

— Қайным-ау, “Алдыңа келсе атаңның құнын кеш” деген емес пе. Оның еш айыбы жоқ. Қайта бәрін бүлдіріп жүрген Жиренше ағаңның өзі. “Алдар дегенің шын алдағыш болса, мені бір алдап көрсінші”, — деп өзеуреп қоймаған өзі. Мұның өзіне де сол керек, — деп сыпайы ғана сылқ-сылқ күліп, сары қымызды сапырып отырғандарға ұсынған.

Бізбике жұпыны үйге аяғын сақ басып, тартқыншақтай енді. Шығайбай байдың қызы екенін жаңа сырттан сұрып, біліп алған Қарашаш оған есті, жылы шыраймен:

— Қалқам, алғаш аттаған алтын босаған құтты болсын! Бақытыңның алтын кілті енді өз қолында, қарағым! Бір-бірінді Қадірменді қонақтай сыйлай біліңдер. Жоқ болса — жерінбесең, бар болса — керілмесең, өмірің берекелі болады, — деп тілек айтты.

Жиренше мен Қарашаш ауылды шақырып, шағын той жасады. Осы бір қызықты думанды Жиреншенің өзі басқарып, келген-кеткен қонақтардың көңілінен шығып отырды.

Той болған күннің ертеңіне Алдарға Алаша ханнан шапқыншылар келді. Келгендер ханның қандай шаруамен шақыртқанын ашып айта алмады. Тек дігерлеп, зығыр егіп, оны жүр де-жүрдің астына алды. Нөкерлердің ызбарлы жүздерінен сескеніп қалған Бізбике, Қарашаш, Жиреншелер үрей толы жүзбен Алдарға қарасты. Бірақ, оның өңінде сасқан жанның сикы жоқ, қайта қос жанары гүл жайнап, тіптен шырайланып алғандай.

Қаумалаған калың нөкер оны қоршауға алып, әкете барды.

Алаша хан Алдарды ақырып қарсы алды. Көзі шатынап, қолындағы аса таяғымен жерді қойып-қойып қалып:

— Сен неме, менің қызымды қорлап, аяқ асты ететіндей қандай әулие едің. Бұл қай басынғаның, қай мазағың?! — деді.

Ол хан айқайынан сасқан жоқ. Қасқайып тұрып қарсы жауап етті.

— Алдияр, анығына жетпей ақырғаныңыз әбүйір әпермей-тінін менен жақсы білесіз. Қызыңыздың алдында әдептен артық қылық жасасам, мынау талша мойнымды қылша қырқыңыз, — деп кеудесіне қос қолын қойып, иіліп, сыпайы тәжім етті.

— Е, сонда қалай болғаны? — деп Алаша хан жұмсарып қалды.

— Алдияр, мен де кінәсізбін деп сүттен ақ, судан таза болғаным жараспас, бірақ, менің ойлағаным — сіздің абыройыңыз бен даңқыңыз. Сіздің сарайдың қазынасы ортаймасын ден күндіз-түні шарқ ұрып, арқа етім арша, борбай етіп борша болған еңбегімді қызыңыз түсінбеді. Ат арылтып, тон тоздырып, үйіңе келгенде жас жарың қабағыңа қарап, жылы шырай танытқан да бір абзал екен. Әттең не керек, көкейді тескен көп арман орындалмай қор болып жүр ғой, — деп Алдар ауыр күрсінгенде, көзінің жасы ытып кетті.

Айбарлы Алаша алдындағы жанның мына сөзін естіп, тіптен жұмсарып қалды.

— Жарқыным-ау, айтсаңшы енді ынтықтырмай. Айтқан сөздеріңнің мәнін ұқпадым ғой. Айтып тұрғаның қай қазына? — деп тағынан түсіп, Алдардың қасына келді. Сұқ саусағымен белгі етіп, есік алдындағы екі жасауылды сыртқа шығарып жіберді.

— Жарқыным, сырынды ашшы енді, — деп хан Алдардың арқасына алақанын салды.

Ол ханға сыбырлап:

— Тақсыр, бұл сырды екеумізден басқа жан баласы білмесін, сертім бойынша сіз де білмеуіңіз керек еді, енді амал қанша, алдыңызға алдыртқан соң лажым жоқ. Егер жан баласына тісімнен шығармаймын деп ант берсеңіз, айтайын, — деді Алдар.

— Міне, антым, міне сертім, — деп хан қос қолын жүрегінің үстіне қойды.

Алдар ханның көзіне сынағандай пішінмен көз салып тұрды да, басын шайқап:

— Тақсыр, көзіңіз тым ойнап кетті-ау, сене алмай тұрғанымды қараңызшы. Егер бұл сыр сыртқа сыпсың етіп шығып кетсе, онда қалған өміріңіз өкінішпен өтеді.

— Айналайын, Алдаржан-ау, міне иманым, міне жаным, адам баласына аузымнан шығарсам, Алланың оғы атсын, — деп Алаша өле қарғанды. Алдар ханға сенбеген раймен қарады да:

— Тақсыр-ай, үнізіңіздің тым құбылып кеткенінен қорқыңқырап тұрмын, — деді.

— Алдаржан-ау, өз намысымды, өз қызығымды өз аяғыммен таптап ақымақ деп пе едің мені, — деп хан жыларман болды.

— Жарайды, хан ием! Енді айтпасқа шарам қайсы. Сізге сенбегенім құдайға сенбегенім болар. Бірақ, сонда да болса соңғы рет серт берінізші, — дей берген Алдардың сөзін аяқтатпаған хан:

— Жарайды, Алдаржан-ау, жарайды, — деп қаңғалақ ойнап кетті.

— Ендеше, дүниеде қара жерден қасиетті ештеңе жоқ. Туған ұямыз да, сол мәңгілікке тыныстып, тынығар ұямыз да сол, соған үш рет маңдай тигізіп:

“Тісімнен шықса құдайдың,

Ажалды қара тасы атсын.

Халықтың қарғыс жасы атсын”, — деді. Сонда айтайын, — деді Алдар.

Хан антты үш рет қайталап, үш рет жерге бас ұрды. Содан кейін Алдар былай деді:

— Таксыр, сыр алдында айтар бір-екі ауыз өтінішім бар. Соны орындасаңыз, сырды алдыңызға жайып салуға мен дайын.

— Е, айт, қазір-ақ орындаттырайын.

— Ақиқатты айтқанның айыбы жоқ. Қызыңыз үйден кетер алдында анамды тілдеп, өзімді қарғап:

Отыңның басын өрт алсын,

Қақпас қана шешен мен

Екеуінің тәніңді,

Еш емделмес дерт алсын! — деп еді. Қызыңыздың қарғысы қате кетпеді. Қайран шешем екеуіміз бір күнде мұрттай ұшып ауырдық. Кәрі тән қатал дертке қарсы тұра алмады. Аз күн жатты да, қайтпас сапарға аттанып кете барды. Өзім болсам, басымды көтеріп, бері қарағаныма екі-үш күн болды. Әйтпесе, осында келем деген ниетке сол қызыңыз кеткен күні-ақ бекінгенмін. Бірақ, шарам қайсы, тосын келген кесел адымымды шорт кесті. Ендігі менің тілегім, сол қызыңыз менен келіп кешірім сұраса екен. Содан бері менде не ойын жоқ, не күлкі жоқ, тар төсекте жүз дөңбекшіп, мың аунақшып шығамын. Жат айтса бір басқа, жанкүйерім деп жүрген жанның айтқан қарғысы жаралы қолтыққа сепкен бұрыштай тыншытып ұйықтатпайды екен, — деді.

Алаша хан ақырып жібергенде, апалақтап жасауыл жетіп келді. Ол қызын сарайға алып келуді бұйырды. Алдар түтігіп кеткен ханға мойын бұрып, жұмсақ үнмен:

– Хан ием, қызыңызға қас жаушыдай жасауыл жібергеніңіз тым әбестеу болып жүрмес пе екен. Жақсылы-жаманды бауырыңыздан шыққан балапан ғой, тегі қызметші қыздарыңыздың біреуін жіберген орынды болар еді, – деді.

– Жок, барсын! Жақсылықты түсінбеген жанға сол дауа, – деп жасауылға иек қақты.

Әлден кейін жасауыл хан қызын ертіп келді де, өзі шығып кетті. Хан қызы Алдарды көргенде, көзі ұясынан шыға айқайлап жібере жаздады.

Хан ызбарлы жүзбен:

– Қызым, Алдардай асыл жанды ғайбаттап, қара жерге қаратқанда не мұратқа жеттің? – деді.

– Әке, айып менен емес... – дей бергенде қызына қатты ақырып жіберіп:

– Тоқтат, сөзінді тындамаймын енді, тез арада Алдардан кешірім сұра. Айыптымын деп аяғына жығыл, – деді. Қызы әке сөзін қапысыз орындап, кешірім сұраған соң хан қызына шығып кетуге белгі берді.

Қызы шығып кетісімен хан қасындағы серігіне жымия қарап:

– Алдаржан, тағы қандай өтінішің бар еді? – деді.

– Алдияр, ендігі өтінішім бәлендей салмақты да емес. Өзіңіз білесіз, менің Алдар деген атым бар. Доссыз да емеспін. Бірақ, дұшпаным да тым көп. Маған жалған жаланы жаба салатын, аяғымнан шалуға дайын тұратын сасық пиғылды адамдар ел арасында аяқ алып жүргісіз. Сізге қазір айтылар сырдың ойдан шығып, онынан келуі үшін солардың суық сөзінен мені біраз уақыт арашалап отырғайсыз. Тіпті реті келгендей болса, жазалап отыру да артықтық қылмайды. Соңғы тілегім осы.

– Алдарым, бұл тілегің де орындалады. Мүмкін, тағы да тілегің бар шығар?

– Тақсыр, басқа тілегім жоқ.

– Ендеше, менің құлағым сенде, – деп таққа жайғасып алған Алдарға Алаша хан мәймөңкелей жақындап келе берді.

Алдар Көсе ханға тізерлей отыруды нұсқады. Ол айнала-сында ешкім жоқ па дегендей аңыстап қарап алды да, ханның құлағына сыбырлады.

– Тақсыр, айтар сырдың жайы мынау: Өткен жолы маған қаза болған қарындасым үшін төлеуге берген алтыныңыз, күдай амандығын берсе, қазынаңыздың құты болайын деп тұр.

– О, тоба-ай ө! Айналайын, Алдарым, аузыңа май. Ал алтыны қазір қайда?

– Алтын Құлан мен Түлен деген шайтанда.

Хан Көсенің сөзінен шошып қалып:

– Жаным, Алдар-ау, олар алтынды алып қашып кетпей ме? – деді.

– Жок, Алдияр, оларды мен кете алмайтындай етіп тұсап қойғанмын, – деп Алдар сылқ-сылқ күлді.

– Қалай тұсап жүрсің? – деді хан ынтығы құрып.

Алдар тілінің астынан түйменің үлкендігіндей сиқыр теңгені алып көрсетіп:

– Міне, мынаумен, – деп қулана көз қысты.

– Апырай, ә! – деп хан теңгеге қол соза берді.

– Жок, алдияр, мұны сізге ұстауға еш болмайды. Ұстаған адам сиқыр теңгенің сырын ашатын дұғаны білуі керек, әйтпесе адамның өз өміріне қатер, – деді. Алдар дауысына үрей араластыра.

– Астапыралла, тағы не дейді!? – деп, хан қолын лып еткізіп, кері тартып ала қойды.

– Иә, солай тақсыр! Сол екі шайтанның ғажайып өнері бар екенін кейінірек білгенім.

– Ойпыр-ай, ол қандай өнер?

– Алтын құятын өнер. Қара жердің қыртысын қопарып, алтын кенінің қай тұста жатқанын пәтшағарлар сұмдық біледі екен.

– Пәлі, пәлі! Мынауың ғажайып жаңалық қой. Ханның көзі шырадай жанды.

– Айтпаңыз, хан ием. Өзім де алғаш естігенде, сізге өтірік, маған шын, есімнен танып қала жаздадым. Өзіңіз білесіз, сиқыр теңге менде болған соң, шайтанның еркі менде емес пе. Шіркін, жан деген тәтті емес пе, екеуі иненің көзінен лыпып өтіп, алдымда құрдай жорғалағанын көрсеңіз ғой. Осы жылмың-жылмың етіп: “Алтынды тайтұяқ қылып құяйық па, әлде жұмырша етіп құяйық па?” – деп ойнап тұр.

– Өздері тіпті тайтұяқты де біледі екен ғой?

– О не дегеніңіз, алдияр, олардың білімдарлығына шек келтірудің өзі күнә.

– Дұрыс айтасың, шынында да солай.

– Әрине, солай. Сонымен мен тұяқты олқысынып: “Ат басындай етіп құйыңдар”, – деп бұйрық еттім. Сөйттім де, үйдегі тығулы жатқан ат басындай алтынды апарып беріп, тура осыдан бір мысқыл кем де емес, артық да емес өлшеммен жасандар, – деп әмір бердім.

Алаша ханның жүзі бал-бұл жанды.

— Нешеуін құймакшы? — деп тағатсыздана сұрап та қойды.

— Ойбай, нешеуін деріңіз бар ма, қанша қаласаныз сонша жасап бермекші. Менің сізге ертерек келмек сапарымның сыры да сол еді, тақсыр. Бірақ, тағдыр шіркін тілегінді тұсай беретіні күйіндіреді де. Табан асты шешем қаза болды, — деп, Алдар ауыр күрсініп, көзін төмен салды. Хан да мұндайған пішінде басын изеп, оған аяушылық еткендей болды. Бірақ көкейінде қаншауын құйдырсам деген мазасыз ой құтырына ойнақ салып, тыншу бермеді. Өз-өзінен күбірлеп: “Он! Жок, ол аз! Жиырма! Жок, ол да аз! Отыз! Аздау! Қырық! Әлі де аздау ғой деймін. Елу! Мүмкін осы да жетіп қалар! Жетер! Елу бас алтын!!! Елу бас!!! О, Жаратқан жағыпар ием, өзін жар бола көр!” .

Алаша ханның жүрегі кеудесін жарып шығардай дүрс-дүрс соқты. Оның көз алдынан жарқ-жұрқ еткен ат басындай сом-сом елу алтын кетпей қойды. “Жауабымды қашан сұрар екен ” — дегендей Алаша хан иба сақтап, Алдардың жүзіне алақтап қарап қойды. Бірақ, ол мұнды халде басын көтеріп алып, бұған тесіле қарады. Жүрегі зу ете қалды.

— Алдияр, шешем есіме түскенде ет-бауырым езіліп сала береді. Түнде түсіме кіріп еді, жар басында жалаңаш жүр екен. Тегі құранға жетімсіреп жүр ғой деймін байғұс анам. Соған бір құран бағыштап жіберсеңіз қайтеді, хан ием. Менің молда алдын көрмегенімді өзіңіз де білесіз.

— Е, мұның тіптен абзал, Алдар. Әке-шеше құдайдан бала тілігенде, не үшін тілейді дейсің? Оқиын, марқұм көрінде бір аунап түссін, — деп жүрелеп отыра қалды да, сарнатып ала жөнелді. Ол құранды бер жағымен оқып отырса да, ар жағынан ызындаған бір күдік “Елуім осы аздық қылар ма екен, елу бес десем қайтеді. Иә, елі бесім дұрыс-ау деймін!”.

Құран аяқталған соң, Алдар ризашылық пішінмен Алаша ханға назар салып:

— Тақсыр, өзіңіз құранды қашғар мақамымен оқиды екенсіз. Үніңіз де ғажап екен, — деп ризашылық білдірді. Хан жымың етіп, Алдарды көз қиығымен сипап өтті.

— Алдияр, сонымен сізді қанша бас алтын қанағаттандырады?

Алаша хан сипақтап:

— Алдаржан-ау, қанша деудің өзі қиын ғой, тіпті дос көңілді адамдардың арасына сауда жүргізудің өзі әбестік емес пе. Дегенмен де өздерінің қанша бас алтын жасауға шамалары келеді? — деп жұмсақ қабақ астымен серігін назарлады.

— Тақсыр ием, шайтан мен періге шек қойып бола ма?

Олардың қанша істей алатындығына күмәнданудың өзі үлкен ағат. Ешқандай именбей, нар тәуекел деп кесіп айтыңыз.

Ойға алған санын айтуға оқтала бергенде, Алаша хан оны қорашсынғандай болды. “Тағы бір бесеуін қосып жіберсем қайтер екен, ә. Өзі де кесіп айт деп үзір болып отыр ғой, ашып айтқанның несі айып!” – деп ойлана берген Алаша:

– Алпыс!!! – деп айтып жібергенін өзі де аңғармай қалды.

Алдар біртүрлі ренжігендей қабақ шытып қалды. Алаша ханның іші қылп етті. “Ойпырым-ай, тым асыра сілтеп, шошытып алдым ба осы?” – деп қатты күдіктенді.

– Таксыр, мен сізге соншама қайран қалып отырмын. Сіздің ауыз толтыра айтуға тұрмайтын алпыс санын айтқаныңызға, құдай ақына, ренжіп қалдым. Қандай қанағатшыл едіңіз. Олар осы жарты айдан бері күніне он бас алтыннан құйып, бір жүз елуін дайындап қойды. Келісім бойынша олар әлі жарты ай жұмыс істеуі керек. Қалған уақытта бос отырмасын, – деп қасындағы ханға Алдар бөлекше салмақпен көз салды.

Алаша хан көзін төменшіктетіп, күлмің қағып, сақалын сипап кетті. Саусақтары діріл қағып, тынши алмай отыр.

Алдар даусын кенеп қойып:

– Алдияр, сертім серт, бір айға тұтқыным болсын деп қос шайтанды қамап ұстап отырғаным – отырған. Егер сертімнен шықпай, ерте жіберсем, олардың мені таба қылып, мазақтап кетуі хақ. Сондықтан ренжіменіз, олар әлі де жарты ай жұмыс істесін. Бірақ, бір өтінішім, олар қазір қанша дегенмен адам бейнесінде ғой, тамақты да бір кісідей ішеді. Қолымдағы жалғыз тайды сойып беріп едім, еті таусылды. Соған бір ту бие сойып беруге жағдайыңыз келе ме? – деп ол хан жүзіне сұраулы пішінде назар салды.

– Айналып қана кетейін, Алдарым-ау, о не дегенің? Мұны баяғыдан бері-ақ айтпайсың ба? – деп басын шайқай беріп, орнынан көтерілді де, есікке алақан соқты. Әлекедей жалақтап жасауылы кіріп келді. Хан әмір ете:

– Бар, анау жылқышылардың бастығы Қаракұлға айт! Мынау менің асыл досым Алдардың ауылына қасқа айғырдың қалың үйірін айдап апарып тастасын де! – деді. Жасауыл “құп” деп басын иді де, найзасын жарқ еткізіп, сыртқа шығып кетті.

Алдар күмілжіп:

– Таксыр, мұныңыз... – дей беріп еді, хан оны сөйлетпестен алдын орап:

– Түсінемін, жаным, түсінемін. “Жаман үйдің иесін қонағы билейді” деген. Жә, жә, жетті енді, бұл әңгімеге қайтып соқпай-

ақ қояйық, — деп тақта отырған Алдарға иек қағып, аркасынан еркелете қакты...

Шығайбай мен Зәкіржан Алаша ханның ордасына бір күн, бір түн жүріп зорға жетті. Таң алагеуімде қақпа алдындағы қос жасауылға келіп, ханға арыз айтуға келгендерін баян етті.

Олар ханның қабылдауын біраз күтті. Әлден соң келіп, шақырушы жасауыл Зәкіржан молданы ертіп кетті.

Алаша хан тағының үстіне енді жайғасқан екен. Зәкіржан есіктен ене бере, жүгіріп барып ханның аяғына жығылды, зерлі шапанының етегінен сүйіп, тәует етті. Мәймөңкелеген күйі ханның жүзіне көз салып, жайын айтуға оқталды.

— Иә, сөйле, молдам, — деді Алаша хан алдында құрақ ұшып тұрған ақ сәлделі басқа қарап:

— Хан ием, алдыңызға келіп, мазаңызды алайын деген ниетім жоқ еді. Онсыз да басыңыздан асып жатқан жұмысыңыздың көп екенін білмей отырған жоқпын. Алдар деген зұлым шығып, қалың елді ала тайдай бүлдіріп барады. Қан қақсаған халық көп. Жана біреуі менімен ілесе келіп, қақпа алдында қалды, хан ием. Сол Алдарды жазалап, кегімізді алып бермесеніз, біздің қылар дәрменіміз жоқ. Сіздің құзырыңыздан пана тілеп келгендегі жайымыз осы, — деп кеудесіне қолын қойып, басын төмен иді.

— Қандай қорлық көрдің Алдардан?

Зәкіржан молда шұбыртып ала жөнелді. Әйелінен біржола айрылғанын айтқан кезде даусы тіптен жыламсырап шықты. Сөзін аяқтаған соң молда ханның жүзіне қабақ астымен ұрлана көз салды. Оның жүзінен өзі іштей тілеген жылы шырай көрем бе деп дәмеленіп еді, күткені көңілінен шықпады. Алаша ханның түгі сыртына шығып, сұрланып алған екен. “Япырау, хан иемнің мұнысы несі?” — деп ойланып қалды. Сәлден кейін хан Зәкіржанға сұқты көзін қадап:

— Арызынды түсіндім, молда. Ал менің көкейімде бір сауал тұр, соның жауабын өзіңнен білсем деймін, — деді де:

— Халықтың “Қолың көтере алмас шокпарды беліне қыстырма” деген мақалын естуің бар ма?

— Иә, естігенім бар.

— Онда жақсы екен. Ал “Аяз би, әлінді біл, құмырсқа жолыңды біл” деген мәтелді білесің ба?

— Иә, білуші едім.

— Онда тіптен жақсы екен. Енді мынаған ой жүгірттің бе? Сенің жолықтырған адамың — дүйім елге өнерімен, айласымен аты шыққан адам. Оның ойнатқан сыбызғысының бар тетігін бір сәтте үйреніп алдым деп Құран ұсташы, көне!

Молда күмілжіп қалды.

— Тақсыр, Алдардың көрсеткенін істедім ғой әйтеуір. Әйтпесе мен оның қандай құпиясы бар екенін қайдан білейін?

— Ендеше, сен маған мынаны айтшы, өзің білмес өнердің өнешіне жармасып, өзеуреген өзің кінәлісің бе, жеті ғылымның тілін біліп, бар білгенін саған үйреткен Алдар кінәлі ме?!

Молда ләм-мим деп жауап қатпай, көзімен жер шұқып қалды.

Хан даусын қатайтып:

— Өзгенің кінәсін айтамын деп, өзің кінәлі болып отырғаныңды сезесің бе? — деді. Зәкіржан табанына шоқ басып алғандай шоршып түсті.

— Қандай кінәм бар, тақсыр-ау? — деп шар ете қалды.

— Қанша балаң бар?

— Үшеу.

— Ал осы үшеуінің ел аман, жұрт тынышта жетім болып қалуына кінәлі кім? Тапа-тал түсте моп-момақан әйелді бауыздап өлтірген кім? — деп Алаша хан Зәкіржанға ақырып жіберді де, айқайлап жасауылын шақырды.

— Мына күнәһар кәззапты, құдай жолын қанмен бояған қанішер молданы зынданға апарып тастандар, — деп әмір етті.

Молда қанаты қайрылған құстай қалбалақтап, ханнан рақым тілегендей қос қолын жайып түрегеле бергенде, түсі суық апайтөс қос жасауыл оны қолтығынан қаңбақтай көтеріп әкетті. Ойбайын салған молданы апарған күйі тас зынданға жапты да тастады.

Алаша хан қақпа сыртында қалған Шығайбайды алдырды. Бас изесіп, иек ұшымен сәлемдескен хан оған сөйлеуді бұйырды.

Шығайбай да Зәкіржан молда сияқты Алдардан көрген қорлығын жіпке тізіп, шұбыртып айтып шықты. Бәрінен де Шығайбайдың күйіне сөйлеген тұсы — Бізбикедей қызын алып кетіп, бөйбішесі мен тоқалын тоңға отырғызып кеткен жайын баян еткен кезі. Сол жайдың арқасына аяздай бататындығын айта келіп, шапағат-мейірім мол ханнан рақым тіледі.

Шығайбай хан жүзіне жалтақтап қарай берді. Оның жүзі жылы сияқты. “Е, Құдай тілеуімді беретін болды. Сүм Алдарды сүмендетіп аяғыма жығып, айыбын төлетсе, сонан соң басын алса, айызым қанбай ма?!” — деп ішінен құлшынып кетті.

Бай сөзін аяқтаған кезде Алаша хан көзін жұмып, тақ үстінде мандайын қолымен тіреген күйі ойлана отырып қалды. Әлден соң кеудесін тіктеп алып, басын изеп:

— Айтқаныңның бәрі орынды, бай. Ел тыныштығын ойлау — менің міндетім. Ел тентегін тезге салуға атсалысып, хан абыройын ойлау — сенің міндетің. Пиғылыңа ішім жылып, мерейім өсіп қалды. Маңында жүрген қосшысының басшысына бүйрегі бұрып тұрғанына не жетсін. Тілегің орындалады. Алдарды алдына алдыртып, айыбын тартқызамын, жоғынды тапқызып, басын шаптырамын. Байлам — осы. Қанағаттандың ба? — деп Алаша хан Шығайбайға жылы шырай білдірді. Ол қуанғанынан қолын шапалақтап, жас балаша секіріп кете жаздап, өзін-өзі әрең тежеді. Көзінен жас та шығып кетті. Ішінен қатты қуанып, өз үйінде болған жағдайдың бар жайын ашып айтпай бүккеніне, өтірікті шындай сапырып, қара бояудың қалыңын Алдарға аямай жаққан айласының оңынан оралғаны үшін тақиясын аспанға атуға дайын тұрды. Хан алдында әдеп босағасынан аттай алмай қалғанына өкінгендей халде әрең шыдап отырды.

Сәлден кейін Алаша хан Шығайбайға еңсеріле бұрылып:

— “Бөріктінің намысы бір” дегендей, Шығайбай мың біткен бай деп сыртыңнан көп естуші едім, сен үшін төккен мандай тер, табанақым атаусыз қалмас, — деп күлім қақты. Байдың өні күренітіп сала берді. Ханның сөзін не құптап, не құптамасын біле алмай, бедірейе қарап қалды. Өмірінде өз пікірін, әмірін қолтаудан басқа мінез-қылық жолықтырмаған Алаша хан Шығайбайдың ажарындағы безерлікті көріп, тосылып қалды. Сөйлеуге шамасы келмей қалған Шығайбай әлден кейін тілі жаңа шыққан баладай:

— Тақсыр, айтқан сөзіңізге түсінбей қалдым, — деп күмілжіді. Көз алдына көп жылқы мен қойдың, түйенің шұбырып, хан сарайына беттеп бара жатқанын елестеткенде, Шығайбайдың төбе шашы тік тұрды.

Хан өткір көзін байға тік қадап:

— Ей, Шығайбай, кісі жанын қия салу оңай шаруа емес. Қолымды кісі қанына былғағанда, маған қалың жаладан арашаланар айла тауып бер. Егер айтқаным орнына келсін десең, маған қоңы қалың қысырақтан бір үйір жылқы бересің. Менің де досым бар, дұшпаным бар. Өзіме жазығы жоқ Алдардың басын алғанда, айналамда отырған уәзір, билерімнің өзі-ақ менің ту сыртымнан суық сөз жүргізіп, ауыр кінәлайды. Себебі, Алдардың ел алдында аты бар, атағы бар адам. Сондай суық, зәрлі сөздердің алдын алу үшін өзімнің уәзірлерім мен билерімнің

көмейін тығындауым керек емес пе, — деп мағыналы жүзбен сөзін аяқтады.

Шығайбай төмен қарап, жер шұқып кеткен екен.

— Иә, сөйле, Шығайбай, — деп Алаша хан тағына шалқая отырды. Бай аз уақыт үндей алмай отырды да, мінгірлеп сөйлеп:

— Таксыр, сонда менің өзімде не қалады? Қайтіп күн көремін? — деп жыларман болды. Алаша хан ақырып жіберді.

— Әй, сен ит, не далбастап отырсың өзін. Сыртқа суыртпақ жіп шығармай, шаруанды оңға бастырмақ ойың бар екен ғой. Оның бола қояр ма екен. Сен сияқтылардың хан сарайының босағасын аттап, менің алдыма келіп, жүзімді көруінің өзі бір қысырақтың үйірі емес пе. Не оттап отырсың өзін? Ей, жасауыл, кайдасың? — деп алақан соқты.

Қос жасауыл хан алдына келіп қалт тұра қалды.

— Мына біреуді зынданға апарып камандар. Өзі шектен асқан сараң көрінеді. Күніне бір-ақ рет сұйық тамақ беріп, сазайын тарқызындар, — деді Алаша хан.

Жаландап тұрған жасауылдар кебеже қарын Шығайбайды қолтығынан тік көтеріп алды. Бай жыламсыраған үнмен қос қолын ханға қарай жайып:

— Хан ием, қысқы соғымыңызға қазысы төрт елі бір ту бие берейін, қоя беріңізші, — деді.

Хан жасауылдарға әкете беріндер дегендей сұқ саусағымен белгі етті.

Олар Шығайбайды тезек қаппай дырылдатып ала жөнелді. Есік алдына тақалып қалған кезде ол даусы қырылдай айқайлап:

— Хан ием, аяй көріңіз мен, қысқы соғымыңызға қазысы бес елі екі ту бие берейін, басымды азат етіңіз! — деді.

Алаша хан түйолі қабағын жазған жоқ. Қос қарауыл хан жүзіне жалт қарасып, еш белгі көрмеген соң, Шығайбайды үрген местей тік көтеріп алып, есіктен сыртқа шығара берді. Оның жан даусы шыға:

— Хан ием, айып менде, күнәмді кешіріңіз. Сұраған бір қысырақүйірімнің жартысын берейін, — деп шырылдады. Бірақ, Алаша ханның аузынан үзілгелі бара жатқан үмітті жалғар үн естілмеді.

Алдар Алаша ханның ордасынан шығып, ауылға беттеп келе жатып, өзенге ат шалдыруға аялдады.

Күн ашық, шуақты болатын. Алдар атын тұсап, көк шалғынға бауырын төсеп, рақаттанып жатты. Бір уақытта басын

көтеріп алды да, ауада бір орнында канат қағып, күйкылжыта ән салған бозторғайға көз салды. Жүрегі шым етіп, тұла бойы елжіреп кетті.

Баяғы бала кезінде, бай қозысын бағып жүргенде, осы өзеннің бойында малды жусатып қойып, бозторғайдың тәтті үнін тамсана тыңдаушы еді. Бай айқайы мен боқтауынан алыс кетіп, онаша отырғанда Алдар өзін шын бақытты сезінетін-ді. Ол да бір қызық дәурен екен.

Көзіне шел біткен байдың өкірендеп боқтауы, арқасына жиі тиетін таяғы есінен бұл күнге дейін кетпейді.

Ол өзеннің жарқабағындағы жалғыз моланы көрді. Баяғыда көшкен елге ілесе алмай жалғыз қалған әкесі аз күн ауырып өлгенде, өз қолымен қойып, басына белгі соғып еді. Енді ол да желмен, сумен мүжіліп, бүгінде аласарып қалыпты.

Алдардың көз алдына әкесінің жүдеу, жабырқау жүзі тірі кезіндегідей көлбеп тұра қалды. Оның жұмсақ, момақан қоңыр үні құлағына қаз-қалпымен келетін сынды.

Сонау сәби кезінде өзін алдына алып, әлдилеп отырып, біртүрлі мұңлы дауыспен айтатын жыры құлағына қайта жеткендей болды.

*— Алдаушы арсыз көбейіп,
Ардан тойдым, қарағым.
Әділеттік таба алмай,
Заңнан тойдым, қарағым.
Арсыз заман-азаптан,
Жаннан тойдым, қарағым.
Арашашы болсын деп,
Бата тілеп атыңды,
Алдар қойдым, қарағым.*

Бойына шеше сүтімен бірге балдай дарыған осы бір жыр Алдардың санасынан еш кеткен емес. Кей күндері түсінде әкесі оны осы бір жырды айтып, әлдилеп жүретіні бар.

Кейін есейген шақта, Алдардың әкесіне берген кесімді серті мұның өмір жолында адастырмай, алыстан белгі беріп жанған шырақтай болды, оның есесі кеткендермен егеске шақырып тұратын дабылындай қуат беруші еді.

Кенет ескі естеліктің ескегін есіп отырған Алдардың атын атап, дабырлай сөйлеп келе жатқан әлдекімдердің үнін естіп, дыбыс шыққан тұсқа мойын бұрды. Өзенге жарыса келіп құлайтын қос сүрлеудің тоғысқан торабында тұрған екеудің Құлан мен Түлен екенін ол бірден тани кетті. Кездесер кезеңнің дәл бүгінгі күнге сай келе кетуін жақсы ырымға санап, іштей піш-

кен есебінің ебі келгеніне қатты қуанды. Егеске, ерегіске шақырып, қайрай жазған жазуының көздеген нысанасына дөп тигеніне шүкіршілік етті.

Құлан мен Түлен әбден жүдеп, жүндері жығылып қалған екен. Көздері ішіне кіріп, қатты азыпты. Алдар Құлан мен Түлен тақана бергенде, аса қайғылы, мұңлы пішінге ене қалды. Екеуі тақанып келіп:

– Ассалаумағалейкум, Алдар аға! – деп жарыса сәлем беріп, қолын алды. Құлан Алдардың жүзіндегі аса жабырқау қалыпты көріп, аяушылық еткендей пішінде тұрды. Неге екені белгісіз, екеуі жауар бұлттай түнеріп келген ашуларының әп-сәтте, Алдардың мына түрін көргенде, қайда кеткендерін білмей қалды.

– Өңіңіз жүдеу, көңіліңіз жадау ғой, Алдеке. Қандай халге тап болғансыз? – деп аяушылық ете сөйлеген Құланның мойнынан Алдар құшақтай алып, өкіре жылап жіберді.

– Қадіріңді білетін,
Қайран досым, Құланжан.
Ескі досым, Түленжан,
Сендерден басқа кімім бар.
Сұрайтын жасай-күйімді?
Жол таба алмай тұйықтан,
Шырғалаңға шатылып,
Жаман қатты күйіндім.
Бірде тату, бірде араз,
Жүрген күнім жақсы екен.
Соны қатты сағындым.
Қызығымнан қағылдым.
Атаңа нәлет Алаша,
Апшымды жаман қуырып,
Қиынға мені айдады.
Уәдеден шықпасам,
Өлімге мені байлады.
Маған ханды қайрады.
Басымды кесіп алмақ боп,
Айбалтаның астына,
Дірдектетіп айдады.
“Жанымды қи”, – деп алдияр!
Зарымды айтып жыладым.
Қазынаңды толтырар,

*Айыбым деп алдына,
 Қазынаңды алтынмен,
 Аптаймын деп серт етіп,
 Шықтым әрең құтылып.
 Ағаң, міне, осылай,
 Қос бауырым, қосағым.
 Алаша ханның торында,
 Қалдым әбден тұтылып, —*

деп, көңілі босай бастаған Түленді де құшақтай алып жылай берді. Әлден соң Алдардың құшағынан әрең босаған Құлан:

— Алдар аға, айналайын жыламашы, тіпті жанымызды қоярға жер таба алмай қойдық қой, — деп кинала тіл қатты. Алдар Түленді қоя берген күйі мандайын қолымен тірей, басын күйзеле шайқап-шайқап қойып:

— Құдайым-ау, бауырым-ау, мен жыламағанда кім жылайды! — деп өксіп-өксіп алып, сай-сүйекті сырқырата жөнелді.

Түлен шыдай алмай:

— Ағатай-ау, неге киналып отырсың сонша, басқа хандыққа қашып кетпейсіз бе, қолға түспей басыңыз аман-сау тұрғанда? — деді. Алдар осы сөзді естіген кезде тіпті құтырынып, сақал-шашын жұлып, өкіріп жата кетті. Басын қос қолымен тоқпақтап:

*Албасты мен басты гой,
 Бақыт құсы басымнан,
 Біржолата қашты гой,
 Айласы алтыс Алаша,
 Тегін мені жіберіп,
 Отырған жоқ қайтейін,
 Айтуға тілім бармайды,
 Болған жайдың мәнісін, —*

деп солқ-солқ етіп, қос бүйірін таянып талықсығандай халде, басын шайқап отырып қалды.

Екі шайтан бір-біріне анырая қарасып, түсінбеген сынайда иықтарын қикаң еткізді. Құлан шыдамай:

— Алдар аға-ау, не болды, үзіктірмей айтсаңызшы, — деді. Ол басын күйзеле шайқап:

— Не бетіммен айтамын, құдай-ау?! Менің бүйтіп жер болып жүргенімше, қара жердің тесігіне кіріп өлгенім-ақ жақсы ғой, — деп жылауды одан сайын ұдетті.

Түлен шыдай алмай:

– Ойпырмай, Алдеке-ай, “Әкесі өлгенді де естіртеді” ғой, мән-жайды айтсаңызшы, – деді.

Алдар көзін тарс жұмып, тіл-ауызсыз қалған адамдай, басын үнсіз шайқап, ұзақ отырды.

Әлден кейін ғана:

– Мен бейбақ не бетіммен айтарымды білмей отырған жоқпын ба, тіпті ойласам төбе шашым тік тұрады, – деді қатты қиналған халде.

Екі шайтан жарыса:

– Айтыңызшы, ағатай, мүмкін көптеп көмектессек, септігіміз де тиіп қалар, – десті.

– Айтуын айтамын-ау, бауырым! Бірақ, менің аузымнан шыққан сөзді естіген кезде екеуің бетіме былш түкіріп, теріс айналып кете ме деп тілім байланып отырған жоқ па?!

– Түу, Алдеке-ай, қай жерде көріспей, қай жерде келіспей жүрміз, тіпті қандай айып жасасаңыз да кештік, – деп Құлан кесім сөзін айтты.

Алдардың жүзіне нұр жүгірді. Қатты қуанған раймен екеуін алма-кезек бауырына тартып, беттерінен құшырлана сүйді. Селдір сақалына іркіліп қалған жасты қол сыртымен сүртіп тастады.

– Шыбын жан деген тәтті ғой, шіркін, кеспелтек ағашқа екі нөкер дедектетіп сүйретіп әкеліп, етпеттете жатқызып, қолымды байлай бастағанда, құдая тоба, жаным мұрнымның ұшына келді. Аяғын алшақ басып, айбалталы дәу маған қарай келе жатқанын көргенде, шынғырып жіберіп, талықсып кеткенімді ғана білетін. Бір уақытта кеөзімді ашсам, үсті-басым шылқыған су. Әлгі ханның баскесерінің қолында қылдыбақыр шелек тұр, маған ес жиғызбақ болып, су шашушы да сол екен. Тілімнің: “Ханға апар”, – деуге ғана шамасы келді. Ес жиғаннан кейін Алаша ханның алдына алып келді.

Хан:

– Ал, сөйле, батырым, маған айтпақ не аманатың бар? – деді.

Мен:

– Тақсыр, бағана қиналғаныңызда ашпаған сырым бар еді, жаныма араша түссеңіз айтсам деп едім, – дедім. Сол уақытта хан айналасындағы уәзірлеріне қарап, кеңес күткендей сынап байқатып еді, олар бастарын изеді. Шіркін, жан деген қиын екен, сонда барып “уһ” деп демімді бір-ақ алғаным. “Суға кеткен тал қармайды” деген емес пе, сенгенім сендер болдыңдар. Ішімнен: “Иә, пірім, колдай көр, Құланым мен Түленім тірі тұрса, бұл тордан да құтылып шығармын”, – дедім.

Сендердің мені осы жақын арада-ақ іздеп тауып алатындарына сендім.

— Туу, Алдеке-ай, баяғыдан бері соны айтпайсыз ба? — деп екеуі де желпініп, көтеріліп қалды.

— Жасырып керегі не, өзім сондай бір ауыр, ұятты іске баруға мәжбүр болдым. Бірақ, амалым нешік, тағдырдың мойынға салғанын көтермеске шарам қайсы, тіпті сендерге айтуға аузым да бармай отыр, — деп Алдар төмен қарап, жер шұқып кетті. Шыдамы таусылып, шегіне жеткен Құлан тіпті күйіне сөйледі.

— Алдеке-ау, сізге мұнша не болған, тіпті дүние өртеніп, күл болып кетсе де айтыңызшы!!!

Түлен:

— Иә, Құлан дұрыс айтады, азар болса сиқыр теңгені Алаша ханға кепілдікке беріп кеткен шығарсыз, — деді.

Алдар Түленді құшақтай алып, жылап жіберді.

— Айналайын, Түлен-ай, асыл туған бауырым-ай, құдай тағала сені неге адам қылып жаратпады екен?! Данам-ай, кемеңгерім-ай, арыс Алашаның орнына отырып, ел билесең, мен бүйтіп диуанадай ел кезіп жүрер ме едім. Шығайбай мен Зәкіржан жер басып жүрер ме еді, — деп ет-бауыры елжірей егілді.

Құлан мұңайып қалды. Түлен еңсесін көтеріп:

— Құлан аға, мұңаятын орныңыз жоқ. Алдекең сиқыр теңгені Алашаға әдейі бермеген шығар. Одандағы үшеуміз бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, теңгені қайтарып алудың қамына кірісейік.

— Дұрыс-ақ, Түлен інімнің бір сөзінде жалған жоқ. Мен оны әдейі беріп кеткен жоқпын, — деп Алдар да іле жауап берді.

— Сол өліммен бетпе-бет келген сәтте Алашаның құрған торына шырматылғанда сендерді бел еттім, сендердің арашалайтындарына сендім. Алтын өндіріп беремін деп өлердегі сөзімді айтып, сиқыр теңгені кепілдікке бердім. Екеуінді алтын жасайтын асқан шеберлер деп келістіре мақтадым.

— Ойбай, Алдеке-ау, алтынды қалай жасамақпыз? — деп екеуі безектеп қоя берді.

— Мен саспай, сендер саспаңдар. Біздің үйде былтыр өздерің тауып алып, жас сұрасқанда, маған олжа етіп байлаған ат басындай алтын мен Алаша ханның қапияда қаза болған қарындасым үшін берген айып алтыны жатыр. Сол екі бас алтынды пайдаға асыратын айла ойластырайық. Соған ақыл қосыңдар. Хан сиқыр теңгені үшеуміз, ап сондай үш жүз бас

алтын апарып сыйлағанда ғана бермек, яғни, әрқайсымызға ат басындай жүз құйма алтыннан салық салды, — деді. Құлан мен Түленнің көздері ұясынан шыға шошынып, шыр ете қалды.

— Мұнша алтынды қайдан таппақпыз, ойбай-ау!

— Босқа үрейленіп, үрікпейік, одандағы бүгін осы жерге түнейік. Түнеп жатып, түс көрейік. Аруақ, жебеушілер бар болса, бір жақсы айла табылар. Анау тұрған менің әкем Алданның моласы. Садаған кетейін, аруақты жақсы адам еді, сол кісінің де шапағаты тиер, — деді Алдар сенімді, нық сөйлеп. Екеуі оның бұл ойымен келісе кетті.

Кеш батқан соң үшеуі тас бүркеніп, ұйқыға кетті. Ертең ерте алдымен Алдар оянып, екі серігін тұрғызды. Ол сөзді бірінші болып бастады:

— Ал, көне, түстерінді айтындар, қандай айла таптындар?

Екі шайтан еш түс көрмегенін айтты да:

— Алдеке, өзіңіз қандай түс көрдіңіз? — деп жарыса сұрасты.

— Жолымыз болайын деп тұр екен, құдай қаласа. Жебеушілерім жаным қысылғанда тағы да жөн сілтеді, — деді Алдар шокша сақалын сипап қойып, күлімдеп:

— Сендер қолдарыңа кетпен, күрек, алындар да, өзеннің анау айнала аңғарынан алшақ-алшақ етіп, бірнеше құдық қазасындар. Бізді Алаша ханнан тек сол құдықтар ғана күтқарады.

— Сонда қалай құтыламыз?

— Үндемендер. Алашадағы сикыр теңгені қайтарып та аламыз, оның салған салығынан да құтыламыз. Тек менің айтқанымнан шықпандар. Жарай ма?

— Жарайды, Алдеке-ау, сізге сенеміз ғой, — деп қос шайтан қуана келісті.

Содан соң Алдар ауылына кетіп, кешке қарай ұзын арқан, кетпен, күрек, шелек әкелді. Бір түйеге тендеп екі бас алтынды орап алып келді. Сөйтіп шайтандарға құдық қазатын орындарын көрсетіп, жұмысты бастай беруді тапсырды.

— Су көрінгенге дейін қазындар. Содан кейін келесі құдықты бастайсындар. Ең соңғы құдықты анау хан ауылынан келетін сүрлеудің өзенге құлай берісіндегі табаннан қазып қойындар. Біз хан екеуміздің төбеміз көрінгенде, сырттағы тұрғанын да құдықтың ішіне түсіп кетесін.

— Ойбау-ау, қалай түсеміз?

– Туу, соны да сөз деп айтып тұрғандарыңды айтам да. Анау қара тасқа арқанның бір ұшын байла да, төмен қарай ақырын сусып түсесің.

– Е, ол қайдан ойымызда болсын, Алдеке.

– Сонымен, біз келгенде, бір бас алтын сыртта жатсын. Екіншісі су түбінен бір бүйірімен жылтырап көрініп жататын болсын. Содан кейінгісін уағында көресіндер, тек менің айтқанымды бұлжытпай орындай беріңдер, – деп қатты тапсырды. Құлан ризашылық көңілмен:

– Айналайын, Алдеке! Сиқыр теңге үшін қай азапқа болса да дайынбыз. Тек соны қолға түсіріп беріңізші. Сөйтіп, мынау адамдық қалыптағы ақирет азабынан құтқарыңызшы, өмір бойы айтқаныңызды істеп өтейік, – деп қиналып тілек айтты.

– Бауырларым-ау, өзім де ұяттан өліп жүрген жоқпын ба? Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылдым. Ал абырой жолымызға серік болсын, достығымыз берік болсын. Мен Алаша ханды осында үш күннен соң ертіп әкелемін. Оған дейін құдықтарыңды қазып, дайындай беріңдер, – деп Алдар бесін кезінде ауылына қарай жүріп кетті.

Алдар Көсе ауылында жатып, үш күн тынықты.

Жиренше манайына топтасқан шағын ауыл арқа-жарқа болып қалған екен. Алдар күрек, кетпен алып кеткенінің артынша алыстағы хан жайлауынан келген үйірлі жылқы ауыл манайын қиқуға толтырып, желісі жетім кедейлердің қонысын көңірсітіп тастапты. Ертеңгі күнге ырым етіп ауыл сыртына қазық қағып, желі тартыпты. Тірлігі тату момын жұрттың, тіршілігі де сырт көзді қуантқандай екен.

Алдар ауылға тақана бергенде, жарау, дом аттарына мінісіп, жаңа қонысқа келген жылқыны қарауылдауға шыққан атпал жігіттерді көрді. “Иә, ұзағынан сүйіндір!” – деп Алдар ішінен шын қуанды.

Әр ошақтың басынан от жалтырап, түтіндері тік, биік көтерілген. Жүдеу өңді балалардың бір тобы ауыл сыртында ойнап, астарына құрық ағаш мінісіп, бірінен-бірі озғындай шауып, айналаны қиқуға толтырып жүр.

Бейбіт тірліктің шаттық толы бей-жай қызығына Алдар қызғанышпен қарады. Өз өмірінің мазасыз, арпалысқа толы әр күнін ойлап, көз қуанышы болған, көңіл ауанын қандырап мынау, мамыражай тірлікке сүйсіне көз салды.

Төбе басында Жиренше ауыл адамдарымен тұр екен. Жаңа

ғана Алдар айтып кеткен аманатты орнына келтіріп, хан олжасынан қалың жұртқа тиісті үлес беріп, кешкі дала ауасымен тыныстып, өткен-кеткеннен сыр шертісуге жиналған беттері екен.

Төбе басындағы топ Алдарды көріп, риза, қунақ жүзбен бұған қарай еңсеріліп, бұрыла бастады...

– Рақмет, Алдаржан, рақмет! – десіп, онымен барлығы қошуақ көңілмен, шын пейілмен шұрқыраса амандасты...

Ауылда жақсы тынығып келіп, жалғызбасты кемпірдің үйіне түнеді. Жоқ-жітік болса да, мінезі шуақ, мейірбан кемпір көлденең келген мейманға барын салып, шай берді. Өзі әңгімешіл екен. Көптен жалғыз тұратын болып шықты. Жалғыз ұлын осыдан үш жыл бұрын Алаша хан бәйге атымды ұрлады деп жала жауып әрі салығымды төлей алмады деп дарға асыпты. Қызын салығымның төлеуі деп сарайында күндікте ұстап отырған көрінеді. Сол қызы көп ретте ыңғайын тауып, олды-пұлды қоректі шешесіне жіберіп тұратын көрінеді.

Алдар Көсе төсекте түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмай шықты. Тісін шұқыр-шұқыр қайрап жібергенін де білмеді. Таң қашан атар екен деп шыдай алмай, ширығып шықты. “Құдайым-ау, адам жаны шыбын құрлы болмағаны ма?! Ат ұрладың деп...” Ол ызыланып мырс етіп күліп қойды. Адым аттасаң – жылаулы жұрт, жабырқаулы жұрт. Елдің бәрі хан құрығынан біржола құтылып кете алатын Қарашаш пен Жиреншедей алғыр ойлы, ақылды емес қой. Бұл қасиетсіз хан неге сонша басынып, неге сонша желіге бермек?. Не деген сұмдық мынау?!”.

Алдар таңертең хан сарайына барды. Алаша хан тағына жаңадан келіп жайғасқан екен. Алдар алдына келіп, иіле сәлем бергенде, ханның өзі орнынан тұрып, оның қолын алды.

Бірақ, Алдардың қабағы салыңқы, кірбің екен. Алаша қобалжулы сыңаймен оған бұрылып, тіл қатты:

– Алдар, немене, шаруа жайың түзік пе, ажарың сынық қой, – деді. Ол сәл күмілжіңкіреп:

– Алдар, қалай деп айтсам екен, тіпті жаман деп те айтуға болмайды. Бірақ, сол алтындарды соңғы күндері құдықтан шығару қиын болып тұрғаны. Әсіресе шайтандардың соңғы қазған құдықтарындағы кесек алтындар тым ірі әрі сом болып, жалғыз-жарым адам тартып шығара алмайтындай өте ауыр, салмақты болып тұр. Арқан да шыдас бермей үзіліп жатыр. Соған мықты арқан, бір-екі қарулы адам алайын деп келіп едім, лаждың жоқтығынан, – деді.

Алаша хан орнынан шоршып түсті.

— Алдар-ау, көзбе-көз алтын қазынадан мені біржола айырмақсың ба? Тіпті бұл күнде қасындағы серігіңе де көп сене беруге болмайды. О не дегенің, адам берің не, айналайын-ау! Хан басын шайқап, сарай ішінде аласұра, тенселе қозғалып кетті.

— Ол адам көргенін ертең ел-жұртқа жаймай ма, сосын не болмақ? Жоқ, әкетай, ондайды айта көрме?!

— Енді не істейміз, алдияр! — деп Алдар шарасыз халде қолын жайды.

— Сондай да сөз бола ма екен? Өзім барамын ол жаққа, — деп Алаша хан жолға жинала бастады.

— Тақсыр, былайғы жұрт қара мен ханның атқа қатар мініп, сыпай-салтаң кетуін сөз қылып, атыңызыға кір келтіріп жүруінен именбейсіз бе?

— Түу, Алдаржан-ай, сарай маңынан қазіргі айтар аңызы — сені мен менің ажырамас достығымыз. Тышқан аңдыған мысықтай олар да менің әр адымымды андып отырған жоқ па? Саған үйірлі жылқыны айдатқаннан бері-ақ сарай маңындағылар сенің атыңды дабыра көтеріп, мадақтаудан бір тынған жоқ, — деп Алаша хан орнынан тұрып, үстіндегі асыл киімдерін адалбақанға іліп, аңға шығардағы киетін ықшам, жеңіл киімдерін кие бастады.

Аяғына жеңіл етігін киіп жатып, мұртынан күліп қойды:

— Айтпақшы, кеше мынадай бір қызық болғаны, кешкілік жасауыл басы қасыма келіп: “Тақсыр, айыбым болсын, қыл мойнымды талша кесіңіз, әлгілер сіздің адал досыңыз Алдарды жаман сөздермен балағаттап, арына тиер ауыр сөздерді қайта-қайта айқайлап айта берген соң, екеуінің де басын кесіп тастадым” деп қасқайып тұр әлгі сабазым, — деп Алаша хан мол денесі солқылдай, кенқ-кенқ етіп күлді.

— Жасауыл басына не бұйырдыңыз? — деді Алдияр.

— Әй, Алдаржаным-ай, не бұйырушы ем, үстіне зерлі шапан жауып, арқасынан қақтым да! — деп рақаттана күліп, орнынан ширақ көтерілген хан сергек үнмен:

— Ал, Алдар, жол баста, мен дайын! — деп есікке беттеді.

Екеуі ұзақ жүріп, өзенге тақанып келе жатты. Еніске құлай берген тұста Алдар даусын кенеп қойып:

— Осы соңғы қазған құдықтың алтындары тым ауыр соғып жатыр, — деді.

Қазылған құдыққа тақала бергенде, қазылған үйінді жиегінің бір шетінен көзге ерекше шағылысқан кесек алтын көрінді. Алаша аттың басын қоя берді де, жеткен заматта аттан допша домалап түсті. Алтынды көтермек болып еді, ерен салмақ ханды шөкелетіп тастады. Қасына келген Алдарды қапсыра құшақтай алып, бет-аузынан шөпілдетіп сүйе берді, сүйе берді.

— Аруағыңнан айналайын, құдыретіңнен айналайын, Алдарым, шын асылды жоғалтып жүрген мен соқырмын ба, әлде таба алмай жүрген ел соқыр ма? Ал не істейміз, Алдар, ақыл таста, — деп, қаңбақтай қалбалақтап, Алдарды айналшықтай берді.

— Тақсыр, сіз ел басқарып, билік тізгінін ұстап отырған жансыз. Күн көзіне шыжып, бетіңізді желге қақтап, өзіңізге обал жасағаныңыз келіспес. Әрі әкелген арқанымыздың өзі-қолдың жауы. Алынар алтын бұл бір емес, әлі бірнеше сан ғой. Әлі ана жақтардағы құдықтарда қаншасы жатыр, — деп сайдың жоғарғы жағын қолмен нұсқап қойды. Беліңізге артық салмақ түсіріп, жан қинағаныңыз тым ауыр болар. Сіз хан болсаңыз да, мен қара басым да, кіндігіміз бір, қанымыз туыс адам баласымыз ғой. Күні түсіп көлгірсігенмен шайтанда иман жоқ, сірі жанды сүркия ғой, азаптың ауырын солар көрсін. Егер теріс көрмесеңіз, сіз күн тимес түпке түсіп, салқын жерде арқанға құдық түбіндегі кесек алтындарды шалмалап, күрмеп байлап тұрсаңыз болды. Құлан, Түлен үшеуміз бірігіп тартып ала берсек дұрыс болмас па, — деп Алдар.

— О не дегенің, Алдаржан, пейіліңе мың да бір рақмет, иегіңнің емеуірініңнен ішіндегіне айтпай біліп тұратын сендей зерек жанды өмірімде тұңғыш кездестіруім, — деп, хан қанжығаға байланған жуан арқанды шешіп алып, беліне орай бастады.

Алаша хан құдық аузына тақалып келді. Ол ішке үңіліп, екеуіне барлай көз салды. Алдарға жымың-жымың қарап қойып, иек қақты.

— Пәтшағарлардың тұрысын қарашы, — лекіте күлді де, кенет дауысын қатты шығарып:

— Анау орталарында жалтырап жатқан да алтын болар, — деп көзін қысып қойды. Содан соң нән қара тасқа байланған арқанды өз беліндегі арқанмен қоса ұстап, төмен түсуге ыңғайлана бастады.

Алдар қолындағы арқанды саумалай босатып, ханды төмен қарай жібере берді. Алаша аяғының астынан жоғары қарай

сәуле шашып, шағылысқан алтынға жақындай түскен сайын шыдамсызданып:

— Тез, тез түсірсейші, Алдар-ау! — дейді.

— Хан ием-ау, сонша неге асығасыз, негізгі барар жеріңіз де онша алыс қалған жоқ қой, — деп миығынан күлді Алдар.

— Тез! Тез! Тезірек! — деп, Алаша хан арқанды сілкілеп, айқайлап жіберді.

Құдық түбіне жете берген хан судан шығып жатқан алтынды құшақтай жығылды. Құдық ішін күңгірлетіп, ессіз күйде, сақылдап күле берді, күле берді.

— *Айналайын, Алдарым,*

Атыңнан сенің айналдым.

Құт-берекем, шырағым,

*Ұшсам қанат пырағым, -
деп өлеңдетіп те жіберді.*

— *Алдияр, есіңді жи, ақылға кел!* — деп Алдар айқай салғанда, Алаша оған аңырая, аузын ашып қарап қалды.

— Алдияр, Құлан мен Түленді сыртқа шығармас бұрын тіліңіздің астындағы сиқыр теңгені егелеріне беріңіз.

Хан көпке дейін тілі байланғандай үнсіз қалды. Алақ-жұлақ етіп, төбесінен сұқтана төніп тұрған екі шайтанға қарады, Әлден кейін ғана:

— Сиқыр теңгең не, жаным-ау, өзімде деген жоқ па едің кешегі күні?

— Хан ием, ел басқарған есті адамсыз, қасиетті сарайдың босағасынан аттап шықтым деп ұсақ пендешілікке салынуыңыз атыңызға да, сақалыңызға да лайық па?! — деді Алдар тік, кадала сөйлеп.

— Аллам-ау, сен не деп кеттің, қайдағы сиқыр теңгені айтып сандалып тұрсың? — деп хан ашу шақыруға айналды.

— Тақсыр, “Ашу — дұшпан, ақыл — дос” деген, сабаңызға келіңіз, жазықсыздан-жазықсыз мені жазғырғанда жеткен мұратыңыз қайсы? Адам елінің патшасы жалған сөйлегенде, өзгелерден тіптен көңілі қалып, түңіліп кетпей ме?! Соны не ойламайсыз?! Ашулы райыңыздан қайтып, жат жұрттың жан кимас мүлкін қайтарыңыз. Ендігі сөз қысқа, берсеңіз - келіскеніміз, бермесеніз — керіскеніміз. Бар алтыннан айырылайын десеңіз өзіңіз біліңіз. Ана қос мүсәпірдің көз жасына қалмаңыз, қиналып тұр ғой, — деп Алдар таусыла сөйледі.

Хан терісіне сыймай, тұтығып сөйлей алмай қалды. Алдар теріс айнала берді де:

– Құлан, Түлен, ақылға көнбеген жанның әділ жазасы болады. Ерік өздерінде, – деді. Екі шайтан Алаша ханды алып соғып, аузын айырып жіберді. Оның шыңғырған даусы құлақты жарып жібере жаздады.

Алдар қара тасқа байлаулы арқанды ағытты да, шумақтап құдықтың кенеріне таман қоя салды. Содан кейін ханның атын ұстады да, ер-тоқымын алып, теріс ерттеді де, айыл-жүгенін сыпырып, еркімен қоя берді. Өзі атына мініп, әкесінің моласына қарай беттеді. Құлағына:

– Алдар, сиқыр теңге қайда, сиқыр теңге қайды? – деп жанталаса айқайлаған Құлан мен Түлен даусы келіп жатты.

Мола әбден ескіріп, мүжіліп қалған екен. Баяғыда кірпішін өзі құйып, өзі қалап, басын қарайтқан еді.

Көз алдына момын әкесінің жүдеу бейнесі келді. Өмір бойы қорлық, зорлық-зомбылықтың, алдау мен арбаудың жемі болған әкесінің аянышты тағдырын мұңая ойлады. Күні кеше ғана хан қызының кесепаты мен кесірінің құсасынан ажал тапқан шешесін ойлады.

Ол ақырын ілбіп, баяғыда өзі туған ескі жұртқа келді.

Ауылдан аулақта көрінген жұмыртқадай жұмыр төбеге көз салды. Қозыны етекке салып қойып, ауыл жақты, өзен жақты барлап жататын еді. Анадай жерде ескі ошақтың сілемі жатыр екен. Астынан алау жалын ойнатып, қара қазан бұрқ-сарқ қайнап, от жанған күні бала Алдар үшін ерекше бақытты күн болатын. Бірақ ондай күндер тым сирек болушы еді.

Құлағына ызың-ызың етіп, Құлан мен Түленнің жалынышты даусы жетіп жатты. Алдар мырс етіп күлді де, етігін шешіп, өкшесіне тыққан теңгені қолын алды. Сиқыр теңге алғашқы ажарынан айрылып, күрендене бастапты. Ол қалтасындағы шақпақ тасты алды да, ошақ маңындағы қусак шөпшектерді жинап, оны ескі мактамен тұтатты. Лау ете қалған отқан қолындағы сиқыр теңгені атып жібергенде, жер астынан шыққандай зарлаған үн естілді.

– Ей, айналайын адам, ақырғы тілек, соңғы үмітпен айтқан бір ауыз сөзімді тыңда, сен! Мен шайтан елінің патшасы – Ібіліспін. Алдына келіп көрініп, кешірім сұрауға батылым бармай тұр. Тілер тілегім – Құлан мен Түленнің шыбын жанын қи, – деп жылап жіберді.

Алдар орнынан атып тұрып, қарсы ақыра жауап етті:

– Жок, Ібіліс, қасіреті таусылмай, күн сайын көбейіп келе жатқан бауырларымның зар-мұны сендерсіз де аз емес. Жаңа ғана бой созып, көкке ұмтылған жас өскінді шырмаған шыр-

мауықтай адамдарға салған сойқанды сұмдықтарыңның шегі жетті енді. Мың асқанға бір тосқын. Осыны біл. Ақыл-ой, сұрғылт тұман, күнгірт бұлттан аршылып, бел шешісіп айқасар анық жауын айқын танысын. Ол жауы сол адамдардың өз арасында екенін өз санасымен түсінсін. Қош бол, Ібіліс, шатақ іздесең, мұнда келіп, көзіме көрін, айқасарлық әл-дәрменім әлі бар, тыныштық іздесең жөніңе кетіп, жайыңа жүр, көзге көрінбе. Араша түсер аяушылығым жоқ! – деп кесіп айтты.

Сол сәтте жан ұшыра шар еткен дауыс аспан астын дір еткізді. Ібілістің: “Беу, бауырым-ай!” – деп күйінген даусы қоса шықты да үні әлсірей үзіліп бара жатты.

Алдар қолындағы таяқшамен отты көсеп, қағыстырып көріп еді, сиқыр тенге балқып, күлге сіңіп кеткен екен. Ол “uh” деп демін ауыр алды.

Алыстан кара көрінді. Келе жатқан Жиренше екен.

Жиренше екеуі амандасып, ауылдың есен-амандығын білді.

Алдар өрлі-берлі шапқылып жүріп, ауыл аясында болып жатқан көп жайдан сырт қалған екен. Әсіресе қатты қуантқан жай – Бізбикенің тез бастығып, байыпты тірлік иесі болуға бейім байқатқандығы. Жиреше ерекше жылы лебізбен:

– Тегі, жақсы бала болғалы тұр. Кішіпейіл, сыпайы, сынық мінезді жан екен. Тек күтімі болмай, күл астында көміліп қалған жауһар ма деп қалдым, – деді.

– Жиренше аға-ай, дүниеде Қарашаштай қасиет егесінің қанатының астын бір күн саялап, бал қолынан бірі шыны аяқ су ішкен жан күнәсінен тазарып, кірінен айрылмай ма. Қарашаштай асылдың бір ауыз жылы лебізін естіген қаныпезердің тас жүрегі жұмсарып, есті жанның еті жүрегі елжіремей ма?! Асыл Қарашаш – екеуміздің алдымыздағы асқар тауымыз, шалқар көліміз емес пе!? Түтінге тұншыққан түндік астынан мен Бізбикені сол асқардың биігіне шығып, көусар ауасына мейір қандырсы, сол шалқардың тұнығына шомылсын деп әкелген жоқпын ба. Қарашаш болмаса, Жиренше болмаса, қу тақырға Бізбикені әкеліп нем бар, өз аға! – деп Алдар толқына, шалқи шабыттана сөйледі. Жиренше толғанысқа толы Алдар жүзіне ризашылық пішінмен қарап:

– Алдар, Қарашаш жеңгеңнің саған айтқан сыпайы сәлемі бар еді. Ол қалыңдығыңның есімін өзгертпекке ниет қылып отыр. Ескі жұрттың иісі сіңген Бізбике атын Мейірімгүл деп қоюға өзіңнен рұқсат сұрайды. Бұған не айтасың? – деді.

– Кемел ойдан келісім тауып шыққан есім ғой мынау. Болсын! Тіптен жарасымды-ақ емес пе, Жиренше аға?! – деді.

Ішінен күбірлей қайталап “Мейірімгүл, Мейірімгүл” — деп қайталай берді.

Сол Мейірімгүл келер жылы ақ сазандай, маңдайы кере қарыс Арман деген ұл туды. Көп күрес пен тайталаста айласы мен әдісін құрал етіп, жауларын жеке соққан Алдар қартайған шағында өз ұлына өзге мәнді, өрісі байтақ бата берді.

Алданнан туған Алдармын,
Жауымды қаскей көргенде.
Жай отындай жанғанмын.
Әкемнің өші кеткенді
Тозаққа қақтап салғанмын.
Таусылмас бірақ, қарағым,
Жекелеп жүріп ұрыссан,
Сұмдығы мынау жалғанның.
Қартайған әкең өрісін,
Кенейтсін десең, құлыным.
Халқынды ерт соңыңнан,
Ұзарсын десең құрығың.
Көп түкірсе, көл болар,
Көп жиналса, қол болар,
Халықтың аңсап арманын,
Ашатын есік кең болар.

Арман азамат болып өсіп келе жатты. Жұмбағы көп дүние Арманның аддынан сан тараулы, шытырманы көп, шырғалаңы мол жауыр жонын төсеп жатты...

Сәт сапар, Арман!

ЭВРИРОБ ПЕН ДӘУРЕННІҢ БАСТАН КЕШКЕНДЕРІ

(Повесть-фантазия)

1. МҮМКІН ЕМЕС!

Оның қиялының ұшқырлығына елдің бәрі танданатын.

Өзінің мінезі де былайғы жұрттан өзгешелеу. Кейде сабақ үстінде көзін алысқа қадаған қалпы, ұзақ ойланып отырып қалатын. Былайғы жұртқа беймәлім, бөлекше бір әлем құшағында отыратын қалпын кластастары да, мұғалімдері де жиі байқаушы еді.

— Дәурен! Алысқа кетіп қалдың-ау! Ауылға қарай қайтып оралсаң қайтеді?! Мұғалімнің қамқор үні оны қиял құшағынан қалыпты ортаға қайта оралтты. Ол ағайына көз салды. Бірақ, езуіндегі жұмбақ жымиыс табы сол өшпеген қалыпта екен.

Берден ағай тақтаға ілінген плакаттағы көрнекі, бояулы суретті алуан түспен әдеміленген сүйрік таяғымен нүки көрсетіп, сөйлеп тұр.

— Мысалы, сендер Жерді өте үлкен деп ойлайсындар. Ал сол Жер Күннен тоғыз жүз есе кіші. Оның Күнді 365 күнде бір-ақ рет айналып шығатынын білудің өзі де қызық. Соның өзінен-ақ Күннің ғаламат үлкен екенін білуге болады. Ал Күнді айнала қозғалған Жердің жылдамдығын көз алдарыңа еелестетіп көріндер, — деп Берден ағай сәл іркіліс жасады.

Дәурен тап осы кезде барып айтылып жатқан әңгімеге шын ықылас аударып еді.

— Қандай дейсіңдер ғой ә?

— Иә, иә! — Құмарлық ұшқыны шарпыған көздер мен ынтықтық билеген үндер қатар бой көрсетісті.

— Бір секундта отыз километр жылдамдықпен!

— Мүмкін емес!

— Охо!

— Отыз километр дейсіз бе?

— Иә, отыз километр!

Дәурен көзін жұмды. Ойша өзі тұратын ауыл мен жас қала Кентастың арасының отыз километр екенін елестетті де, соншама қашықтықты Жердің бір-ақ секундта жүгіріп өтетінін таңдана әрі мүлдем таңырқай ойлады. Сонда қалай? Бір-ақ секундта жүгіріп өткені ме?

2. ҒАЛАМАТ

– Міне, ғаламат! Ол өзінің әлсіз дауыстап жібергенін аңғармады. Тізбектесе тіркескен ойлар легі бірін-бірі қуалап, әр тұстан андыздай бой көтерген сұрақтар шартараптан жауап іздеп кетті... Неге? Неге?

Сонда қалай? Таулар неге құлап қалмайды? Неге теңіздер шайқалып төгіліп кетпейді? Машина қатты қозғалып кеткенде, біз неге құлап қала жаздаймыз?

Ал Жер секундта отыз километрмен қоғалғанда...

Осы сынды алуан сұрақтар оған төсекке жатқанда да тыншу бермеді. Көпке дейін көзі ілінбеді. Төсекте әрі аунады, бері аунады. Мүлдем сергек тартып алған сана бұқпалап келген ұйқыны кері серпіп тастай берді. Өзгеше бір қиялдар, өзгеше бір армандар сана төрімен қапталдаса жарысып, алыс-алыс кеңістерге жол тартып барады. Олардың жүрдектігі тіптен ерен секілді. Космос көгімен Күнді айнала көз ілеспес жылдамдықпен маңып бара жатқан Жерің де Дәурен қиялының ғажайып шапшандығының қасында шабан тартып қалғандай.

Арбаушы ұйқы Дәуренді өз құшағына аялай тартып әкете берді, әкете берді...

3. КҮТПЕГЕН ҚОРҚЫНЫШ

Бәрі де күтпеген жерден басталды.

Дәурен өзен жағасындағы биік талдың түбінде жабайы кептердің қанаты жарақаттанған балапынын қолына ұстап отырған.

– Әй, обал-ай! Қандай оңбаған екен сендердің ұяларыңды бұзған. – Ол қатты дауыстап жіберді.

Ағаш түбінде өліп жатқан балапанға аянышпен көз тастады.

– Шіркін, қолға түссе ғой, сазайын берер едім кім болса да! – деп кіжініп қойды. Ауаны жаңғырықтыра әлдекім ақыра дауыстады.

– Кім? – Сен бе сазай беретін! Ол селк етіп, жар басына қарады. Бір бүйірін таянып, қолына ұстаған мылтығын көкке көтеріп тұрған бөгде жан назарға шалынды. Басында қайқы жиекті қара қалпағы бар. Беліндегі патрондар салынған оқшантайы суық жарқылдап, көзге ұрады. Қошқар мүйіздене

ширатылған кара мұрты мен көзіндегі кара көзілдірік беймәлім жанға бөлекше сүс беріп тұр.

— Мына ақымақтың жаны ашығышын! Ал құстың ұясын бұзған мына мен! Қыларың болса қылып қал, атқан мен, өлтірген мен! Не істей қоясың, ә? — деп суық жымыпп, зор дауыспен сақылдай күлді.

Дәуренде жауап берер әл-дәрмен қалған жоқ. Төбесінен жаналғыш әзірейілдей төніп тұрған мына сұмдықтан құтылар жолды толық ойлап үлгере алмады.

Кенет әлгінің қолындағы жарқ-жүрқ еткен сұсты мылтық ортасынан қақ бөлініп, опырылып түсті. Қалай бөлініп, қалай болғанын Дәурен де, мылтық иесі де ұқпай қалды.

Қайқы жиекті кара қалпақ егесі есі шыға:

— А-а-а! — деп айқайлап жіберді де, сылқ етіп отыра кетті. Жан-жағына алақ-жұлақ қарап, бәленің қайдан келгенін ұққысы келген сынайда. Дәурен де абдыраған халден әлі ажырай қойған жоқ-ты.

4. КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Осы мезетте өзеннің қарсы бетіндегі кішкене төбешік төбесінен бойы өзімен тұстас тосын бейнелі тұлға пайда бола кетті. Басының төменгі денесі адам бейнесіне тым ұқсас екен. Басының өзі тым қызық. Дөңгелекше экран тәріздес бөлекше пішін. Әлгі “Жас техник” деген журналда жиі жолығатын таныс бейнеге қатты ұқсайды.

Дәурен қуана айқайлап жіберді.

— Өй, сен Робот емессің бе? Сен бе ана мылтықты бөліп түсірген.

— Иә, менмін. Бірақ мен Робот емеспін, бірақ Роботтыңнан бір кем емеспін.

— Енді сен кімсің?

— Мен бе?

— Иә.

— Мен Эвриробпын!

— Эврироб! Ол деген не?

— Зердең бар баласың. Өзің ойлан! Егер осыны ойлап тапсаң, онда мен сенімен мәңгілік достасамын!

5. ЭВРИ...ЭВРИ...

Дәурен сәл-пәл ойланды да, құлаққа бейтаныс сөздің астарына тез ой жүгіртті. Ішінен “Эврироб”, “Эврироб” деп бірнеше мәрте қайталады. Екі түрлі сөздің бірігуі емес пе деген ой сана төрінен жалт етіп, жүйткіп өтті. Өзге түрлі күдіктер мен түспалдар да бой көтеріп үлгерген. Эври, Эври!

– Ә, таптым, алғашқы белгі “Эврика” сөзінен шыққан болар. Ал “Роб” сөзі “робот”қой! – деп Дәурен қатты қуана айқайлап жіберді де, артынша:

– Сонда сен тапқыр робот болдың, мен білсем. Сондықтан да сені Эврироб атаған. Осы дұрыс па? – деді ол алғашқы айтқан пікіріне қолдау күткен сынайда.

– Жарайсың, бауырым. Сен ойымнан шықтың, тапқырлығына ризамын, – деп Эврироб төмен түсе бастады.

Дәурен қайқы жиекті қара қалпақ иесінің жер бауырлай, тонқалаңдай тырбандап, ұзап бара жатқанын көрді. Бой түзеп жүруге де шамасы келмегендей. Қаусап жатқан қара мылтығына да қайрылып қарамапты.

6. ТАНЫСУ ЖӘНЕ ТАҢДАУ

Дәурен Эвриробқа қарсы жүрді. Изгілік нұры ұялаған жүзбен келіп, Эвриробпен қол алысып сәлемдесті.

Саусақтары сәл қаттылау демесең, бүгілу икемі де, қимылы да сондай үйлесімді екен.

Дөңгелек экрандағы жарқ-жұрқ еткен жанарында ерекше елгезектік, ширақтық бар.

– Сенің атын кім?

– Дәурен.

– О, есімің жақсы екен.

Дәуреннің балаң көңілін алаң етіп тұрған бір жай бар. Ол – қара қалпақ иесінің қолындағы мылтықтың қас-қағым сәт арасында қас бөлініп, істен шығуы. Құмарлық ниет құйындвй жүйткіп, білсем деген ынтасы бүйірден түрткілейді.

– Эврироб, сен анау қалпақтының қолындағы мылтықты қалай құрттың, соған таңмын.

– Ол деген түк емес. Мына блокты көрдің бе? – деп кеудесіндегі көгілдір кнопканы көрсетті. Қандай металл, темір болмасын, шоқталған электромагниттік импульсті жіберсем болды, тас-талқанын шығарады.

– Ғажап, өте ғажап!? – деп Дәурен бас шайқай танданды. Кеудесі толы, бүйірі толы түрлі-түсті кнопкалардың көптігіне және қайран қалды.

– Ал мына бар кнопкалардың да қызметтері бар ма?

– Әрине, бар, – деп Эврироб Дәуренге күлімсірей көз тастады.

7. ЭВРИРОБ АЙТҚАН СЫР

– Сен бұл жақта неғып адасып жүрсің?

– Қашып жүрмін.

– Кімнен?

– Бұрынғы қожайынымнан.

– Неге?

– Мен үнемі бүлдіргі істерге жұмсағысы келетін ниетін байқадым. Ал менің еш жамандық істегім келмейді, – деді Эврироб сәл мұңайып.

– Ол қожайының кім еді?

– Джоис деген бұзатар бала.

– Ол қай жақтың баласы?

– Амелгупа аралында тұрады. Әкесі – сол аралдың билеушісі.

– Сені жасаған кім?

– Сол аралда тұратын Гордон деген жігіт.

8. ГОРДОН ДЕГЕН КІМ?

Ол – өте өнерпаз жігіт. Оның білімділігінде шек жоқ. Сан түрлі өнердің сырын терең білетін жан.

Мені жасап шығу үшін бар күш-жігерін аяған жоқ десем болады. Өзі бір тамаша жігіт. Ойына алған нәрсесін жеріне жеткізе орындамаса, көңілі көншімейді. Мені аяқтап шыққан күнгі қуанышын айтсаңшы. Үйдің бұрышындағы креслоға отырып алып, алақанын шапалақтап мәз бола күлді. Бір кезде жүгіріп келіп, мені құшақтай алып, бауырына қысып, бетімнен сүйді.

– XXI ғасырда бұл әлемде саған теңдесер ешқандай Робот болмақ емес және болмайды да! – деді.

Содан кейін аз ойланып тұрды да былай деді:

– Тек сені ақыл-есі аумалы-төкпелі, көз алдындағыдан басқаны көрмейтін көрсоқырдың қолына түсіруден сақтасын.

Бірақ, қолымнан келгенше сені бөтен қолға түсірмеуге күш саламын, — деп арқамнан сипады.

9. ЗҰЛЫМДЫҚ

Эврироб әңгімесін әрі жалғады.

Дәурен одан әрі не болғанын білгісі келген ынтықтықпен оған тақала түсті.

— Өкінішке орай, — деді де Эврироб сәл кідіріп қалды. — Бұлай болар деп Гордон еш ойланбаған ғой. Мен болсам еш тәжірибем жоқ. Өмірде біреуге біреу қастандық жасайды деп ойлаған да емеспін. Гордон екеумізді зымиян Джойс деген есік саңылауынан тындап тұрыпты.

Гордонның қатты шаршағаны соншалық, сол отырған креслосында қорылдап, қатты ұйықтап қалды. Түн ортасында дабыр-дүбір дыбыстан селк етіп, шошып ояндым. Бастарына темір каска киген еңгезердей-еңгезердей төрт жігіт Гордонды байлап-матап тастапты. Қарны қабақтай, қара ала костюм киген ботқабет Джойстың әкесі Сумбарито Гордонның иегінен алтындаған имек таяғымен түртіп:

— Көне, шыныңды айт! Шыныңды айтпасаң, жаныңды жаһаннамға жіберемін. Мына Джойстың айтқаны рас болса, бүкіл әлемде сен жасаған роботтың еш теңдесі жоқ көрінеді. Қане, қандай өнерің бар, соның сырын айт! — деп тұр екен. Гордон ашудан түтігіп кеткен.

— Мырза, мен роботты аяқтай алған жоқпын. Оның қандай өнері бар екенін өзім де әлі айқын білмеймін.

— Жоқ, білесің. Көне, шыныңды айт!

10. ДЖОЙСТЫҢ КУӘЛПІ

Тап сол сәтте бір тасадан Джойс шыға келді.

— Өтірік айтады, әке! Өз құлағыммен естідім, — деп шар ете қалды.

Гордон Джойсқа жиіркенішпен жалт қарады. Ол міз баққан жоқ.

— Рас, рас! Неге өтірік айтасың?! “Әлемде теңдесі жоқ”, — деп айтқаның ақиқат.

— Оны қайдан естідің?

— Есіктің санлауынан.

— Тфу, жексұрын, алаяқ!

Сумбарито таяғымен Гордонның шекесінен қатты нұқып қалып:

– Тіліңе ие бол. Абайлап сөйле! Түрменің төрінде шірітемін, – деп зекіді.

11. ҚАТЕРЛІ СӘТ

Джойстың әкесі екі полицейге әмір етті:

– Көне, ана роботты бері әкеліндер!

Менің зәрем зәр түбіне жетті. Екі көзім жыпылықтап, Гордонға қарадым. Ол маған тік шаншыла қарап тұрды. Мен де оның қас-қабағын қалт етпей бағып тұрмын. Бір кезде ол екі көзін қатар жұмып, белгі беріп үлгерді. Онысы мені бойымдағы барлық қуатты әр бөлек әрекет ететін импульстарды қосатын тетіктерді өшір дегені еді. Олар менің оң аяғымның ішіне құпия орнатылған болатын. Онсыз менің ғажайып қасиеттерімді ешкім пайдалана алмайтын. Ал мына кнопкалар күнделікті тұрмысқа ғана қажет. Барып кел, алып кел, доп ойнау, жүгіру, тағы басқалар еді.

Қос полиция қолтығымнан алып, Сумбаритоға жетелей жөнелгенде, өкшемдегі қосқышты шапшаң ажыратып жібердім. Сонда ғана Гордонның маңдай тері бұрқ етіп, уһ деп жеңілдегенін аңғардым.

12. АЛҒАШҚЫ САБАҚ

Сумбарито маған тақалып келіп, жүзіме күлімсірей қарады.

– Мүмкін, бар құпияңды өзің айтарсың! – деді. Мен тіс жарып үндеген жоқпын. Арқанмен шандып тасталған Гордон мысқылдап мырс етті де:

– Мырза, ол сізбен сөйлесетін адам емес қой, – деді.

– Оны мен сенен сұрамаймын, – деп ашулы көзбен Гордонға жалт бұрылды.

– Еркіңіз білсін! – деді Гордон. Байқаймын, өң-ажарыңда қобалжу табы бар. Қанша дегенмен, менің бойымдағы кнопкалардың қарапайым болса да, әр бөлек қызметі бар ғой. Соларды бұлардың басуы әбден мүмкін еді.

Сумбарито мен Джойс екеуі мені сипалап көре бастады. Баласында мүлде ес жоқ. Сумандаған қолы бүйір, кеудемдегі кнопкаларды сипалап, түрткілеп жүр.

– Әкетай, біреуін басып көрсем қайтеді, – деді үздіккен үнмен.

– Әй, балам, сыры мәлім емес қой, сындырып алып жүрерміз, – деді.

– Кнопка басқанға да сына ма, әке?

– Басып көрейінші.

Сумбарито бір шешімге келе алмай, тайсақтап тұр. Джойстың осы мезеттегі жанарындағы жалынды көрсең ғой. Оны тілмен жеткізу мүлдем қиын.

Қай кнопканы басар екен деп мен де қобалжып тұрмын. Гордонға қарасам, оның жүзінде абыржудың түк белгісі жоқ, мүлдем сабырлы қалыпты.

– Жарайды, баса қойшы біреуін, тіпті болмадың ғой, – деді.

Джойс қуанып кетті де, оң бүйрегіндегі сары кнопканы сырт еткізді.

Мен бар даусыммен шырқата жөнелдім. Құмарлыққа толы, жігерге, ыстық сезім өртіне толы ғажайып ария шағын зіл ішін кернеп кетті.

Джойс селк ете қалып, шегініп кетті. Әкесінің таңданысын ауызбен айтып беру мүлдем мүмкін емес. Төрт полицейдің аузы аңқиып қалыпты.

Бір кезде Сумбарито алақанын шапалақтап, алақайлап билей жөнелді.

– Мынау ғажап қой! Бұл деген керемет қой!

Ол жүгіріп барған бетте баласын құшақтай алып, құшырланып сүйе бастады.

– Ой, айналайын, жарқыным менің! О, жаным менің! Бұның бәрі сенің арқаң! Әйтпесе бұндай тамаша затты мынау сияқты алаяқ біздің қолымызға өлсе тигізер!

– Ғажап ән! Ғажап дауыс! – деп баласын бауырынан ажыратып, бас шайқай берді.

Есі шыққан баласы бұрынғыдан бетер даурығып:

– Папа, тағы біреуін басып жіберейінші, енді не істер екен? – деді.

– Жо-жоқ! Сенің кезегің бітті, ендігі басу кезегі – менікі! Былай тұр! – деп баласын кері ысыра берді.

13 АЛАМАНТАСЫР ОҚИҒА

– Былай тұр! Бы-лай! – деп Сумбарито мырза баласын шынтағымен шетке қақты.

– Мынаның өленін қалай тоқтатсам екен? – деп желкесін быртық саусақтарымен қасып қойды. Менің ән ырғағына орай, қол созып, қимыл жасағанымға жасқана қарайды. Дегенмен де түйсігі жүйрік күмүйіз екен, сол сары кнопканы қайта басты. Менің әнім кілт тыйылды.

– Ә, түсіндім! Түсіндім! Сен, алаяқ, айтпасаң да, мынауыңның сырын өзіміз-ақ ашып аламыз, – деп қокиланды. Сұқ саусағымен шекесін жеңіл қасып қойып:

– Қайсысын бассам екен, ә! – деп біраз тұрды.

– Әлі-ақ біздің алдымызда құрдай жорғалап қызмет істейтін боласың, – деп болашақ күнді де ойлап қойып тұр.

– Қайсысын бассам екен, ө?

– Папа, қызылын басыңыз!

– Жоқ, жоқ!

Әйтпесе жасылын басыңыз!

– Жо-жоқ! Сен қоя тұршы алдымды кес-кестей бермей. Одандағы осы қарасын басып көрейін.

Сумбарито сәл-пәл кідірді де, сол бүйрегіндегі кара кнопканы басып қалды. Бұдан кейінгісін өзім де білмеймін. Оң қолым Сумбаритоның жағына сарт ете қалды. Ол теңселіп барып, құлай жаздады да қаша жөнелді. Қуалап келіп бердім. Қадам бастырғам жоқ, қорбандап бара жатқанда, май басқан бөксесінен теуіп-теуіп жібердім. Етпетінен құлап, қайта түрегеліп, қаша жөнелді. Джойс Гордонның тасасына тығылды. Төрт полицей естері шығып, қолдарын ербендетіп, бір бұрышқа үйіліп қалды.

– Ойбай, өлтірді, мынаны ұстандар! – деген Сумбаритонын айқайын естуден қалғандай. Біреуі сәл батылдау болса керек, ентелей келіп, артымнан қапсыра құшақтамақ болды. Желке тұсымнан жете бергені сол еді, қол сыртыммен қайрыла ұрдым. Бір жамбастай ұшып түскенін көзім шалды. Сумбарито жалынышты үнмен Гордонға айқайлады:

– Гордон, бауырым, мені құтқар! – Ентелей келіп Гордонның аяғына етпеттей құлады.

– Ендеше, мені босаттыр!

– Босатындар. Төрт поицейдің басшысы қынынан пышак алып, арқанды қиып-қиып жіберді. Босанған Гордон маған тиісті белгі бергенде барып, ұрыс қимылын тоқтаттым.

14. КЕЛІСІМ ШАРТ

Сумбарито ентiгiн баса алмай бiраз тұрды. Үрей ұялаған көзiне караудың өзi бiртүрлi күлкiлi едi.

Ол Гордонға мәймөнкелей сөйледi.

— Гордон, менiң қателiгiмдi кешiр! Мен сенiң алдында кiнәлiмiн! Сенiң мұндай өнерпаз екенiндi кеш түсiндiм. Бұрын тiлiм тiсе, кешiр, — деп өтiндi.

Гордон ақкөңiл жан ғой, ол Сумбаритоның сөзiнен кейiн оған аяушылық сезiммен қарағандай болды.

— Жарайды, кештiм. Бiрақ бiр шартым бар. Соны тында, — дедi.

— Ол қандай шарт? — деп қорбаң ете қалды Сумбарито.

— Ол шартты тындамас бұрын мына төрт полиция сыртқа шығып кетсiн, — дедi Гордон иегiмен нұсқап.

— Сендер сыртқа кетiндер, — деп әмiр еттi оларға.

Олар шығып кетiсiмен Сумбарито Гордонға тақалып келдi.

— Бiрiншi шартым мынау. Менiң осы жасаған жаңа сипатты роботым туралы ешкiмге ауыз ашып айтпайсың. Ана төрт күзетшiне, балаңа соны қатаң ескерт. Екiншi шартым, менiң өз басыма азаттық бермесен, мына робот тарапынан сендерге зор қатер болатынын ескертемін. Осындағы әр кнопканың әр бөлек және көп ел ұға бермейтiн күрделi әрекеттерi барлығын есiне мықтап түй. Сонымен қатар менiң ту сыртымнан қастандық әрекетi жасалатын болса, оның өзiнiң сендер үшiн зор зардабы болатындығын естерiңе салуды өзiмнiң мiндетiм деп есептеймін. Түсiндiң бе?

— Түсiндiм, Гордон мырза!

— Ендi жолдан былай тұр. Есiктiң алдында ешкiм тұрмасын.

— Құп болады, Гордон мырза!

Гордон Сумбаритоның өзiн “мырза” деп атағанына күлiп жiбере жаздады.

— Кәне, Джойс, күзетшiлер! Гордон мырзаға жол берiндер, — деп елпелек қағып, есiктi ашты.

— Жүр, Эврироб, шапшаңырақ қозғал! — деп, Гордон маған иек қақты.

Менiң осы кезде қалай қуанғанымды айтпай-ақ қояйын. Бiрақ байқағаным, Гордонның жүзiнде бiр мазасыздық бар.

Есiктен сәл ұзай бергенде, ол менi қатарына тартып, сыбырлай сөйледi.

— Ал, Эврироб, мейлiнше сақ бол. Сумбаритодан барлық сұмдықты күтуге болады. Бiз қанша дегенмен екеу-ақпыз әрi

әлсізбіз. Сумбаритоға әдейі, бізге жолай қоймасын деп коқан-лоққы жасап кеттім. Бірақ, ол — өте зымиян адам. Оның тіміскі-леген тыңшылары өте көп. Біз бұл Амелгупа аралынан құтылып кеткенше асығуымыз керек.

16. ГОРДОННЫҢ АҚЫЛЫ

— Сонда қайтеміз!

— Сен мені дұрыстап тындап ал. Сен өз бойыңдағы өнерің мен қасиеттеріңді біліп те, меңгеріп те, пайдаланып та үлгерген жоқсың. Жалғанның жазымы көп, кездейсоқ ажырасып қалғандай болсақ, сол жақ аяғыңның өкшесінде арнайы жазылған нұсқау бар. Соны алып, ойыңа тоқы. Және сенің ен үлкен ғажайып өнерің — кереметтей жылдамдықпен күннің қай мезгілінде болмасын, қалаған бағытпен ұша алатындығың. Қос қолың қанат болып, кеудеңдегі көк сауыт қалаған жаныңды мінгізетін кабина болатындығын есіне мықтап сақта. Ол үшін қос қолтығыңның астындағы арнайы кнопканы қатар бассан болды. Қалың жаудың қыспағында қалсаң да, соларды қатар бассан, көз ілеспес жылдамдықпен көк жүзіне сүнгіп кетіп, жоқ боласың. Сенің сыртқы қабатындағы қоспа затты ешбір ракета ала алмайды.

— Ой, рақмет, Гордон ағай! Сіздің ұлы өнеріңізді мен тек игілікке, жақсылыққа ғана арнаймын.

— Оныңа рақмет. Айтпақшы, мен ұмытып барады екенмін. Сол нұсқаудың екінші бетінде Жер шарының жазыңқы картасы бар. Картаның майда шаршыларға бөлінгенін көресің. Әр шаршы тиісті сандармен белгіленген және екі түрлі түспен боялған. Қызыл түсті шаршыдағы елдердің барлығынан сен достық, туыстық табасың. Ал көк шаршыларға қонғандай болсаң, мейлінше сақ болғайсың. Сенің бойыңдағы өнер сол тұстарда барынша қажет болуға тиіс. Сенің күштілігің де, қуаттылығың да оң жақ өкшенде. Менің тілейтінім — барлық іс-әрекетің оң іске, ізгілікке жұмсалсын, бауырым. Қозғаушы жүрек тұсындағы елгезек индикатордың қимылын жіті бақалағайсың. Соған жиі құлақ түр, — деді.

17. ГОРДОННЫҢ ӨЗ АРМАНЫН АЙТУЫ НЕМЕСЕ “НООГУМАНИС”

Екеуміз қала шетіндегі алып еменнің түбіне келдік.

Сол кезде Гордон айтты:

– Мен бүгін сені жақсылап тұрып бір сынаймын.

Қазір осы тозақ аралдан тезірек кетуіміз керек. Сөйтіп, сен екеуміз Солидарито дейтін жерге ұшып барамыз. Мен сол тамаша бейбіт жерде өзімнің ұлы идеяларымды жүзеге асырмақпын. Қазір бүкіл әлем, Жер шары үлкен қатер үстінде. Адамзат санасын бір бағытты алып арнаған, ізгілікті арнаға бұратын бір ғажап құрал жасамақпын.

Оның атын ойлап та қойдым. Аты – “Ноогуманис”.

– Ол қандай ұғым береді? – дедім мен ынтығып.

– Менің ұғымымша, ол бүкіләлемдік адамгершілік сана деген ұғымды бейнелейді. Сол Солидарито аралына барғаннан кейін әлгі ойымды жүзеге асырмақпын, – деп армандай сөйледі. Оның бұл асқақ ойы мені өте қызықтырып, өте сүйсіндірді. Ол содан соң сәл ойланды да, былай деді:

– Сен мені осы тұста күте тұршы. Өзім тұратын үйдің сарайының бұрышына тығып кеткен құпия жазба-сызбаларым бар, соларды алып келмесем болмайды. Менің бар ой-идеям сонда бейнеленген. Содан соң әр адымыңды аңдитын, айналасы тас қорған, сыбырынды еститін сұмпайы аралмен қоштасамыз. Бірақ біржола емес. Тас қорған қашанғы тұрар дейсің, – деп мағыналы үнмен тіл қатты.

– Ал күте бер, мен қазір-ақ келемін, – деп қараңғы аллеяға сүнгіп кетті.

18. КҮТПЕГЕН ОҚИҒА

Мен Гордонды күтіп біраз тұрдым. Неге екені белгісіз, ол келем деген мезгілінен кешікті. Бойымды мазасыздық билей бастады. Әр алуан күдіктерді ойлап үлгердім.

Бір кезде ағаш арасы сыбдыр ете қалды да, тына қалды. Әлдекімдер күбірлескен тәрізді.

– Әне көрдің бе? Анау ағаштың түбінде отырған дәл соның өзі. Дауыс Джойстікі. Тап сол сәтте Гордонмен бір тосын оқиға болғанын бірден сезе қойдым. Ол тектен-тек кешікпеуі керектін.

О, сүм Джойс! Ақыры Гордонның түбіне жеткен екен-ау деп әрі қапалана, әрі шапшаң ойлап үлгердім. Қандай сатқын десеңші!

Гордонға ант-су ішіп, серт бергендеріне жарты сағат болмай-ақ істеген опасыздықтарын ойлағанда, өзімді қоярға жер таба алмай кеттім.

– Тезірек ұмтылындар! Жан-жағынан қоршандар!

Тұншыққан үнмен тығыз бұйрық беріп жатқан үн – Джойстың әкесінікі.

Не істерімді білмей, орнымнан атып тұрып, қаша жөнелуді ойладым. Бірақ қаптаған қалың адамның арасынан құтылып кету мүмкін еместей көрінді. Кенет өктем үн тура құлақ түбінен естілді.

– Алға ұмтылындар! Қимылдауға мұрша бермендер!

Жан-жағымнан ырсылдаған, ентіккен, тапыр-тұпыр асыға басқан аяқ дыбыстары естілді.

Не істеуім керек? Қол-аяғымды шанди байлап, матап тастаса, менің қолымнан ештеңе келе қояр ма екен? Онда шаруаның біткені. Гордонның басына түскен хал менің де басыма түсті дей бер.

Мен дереу шешім қабылдауға мәжбүр болдым. Әрине, көкейімнің бір түкпірінде Гордон тұрды. Онымен ойламаған жерде ажырасымын дегенді еш ойламаппын. Сумбаритонын сақадай сайланып, самсып келе жатқан қарақшыларына қарсы тұрар дәрмен менде болған жоқ.

Өлгінде ғана Гордон айтқан қолтығымдағы қос кнопка ойыма тез оралды. Шапшаң түрде шешім қабылдауға тура келді. Не де болса, нартәуекел!

19. САМҒАУ БИІКТЕ

Тұрған орнымнан зу етіп, көкке шаншыла көтеріліп кеттім.

– Ойбай, қашып кетті!

– Қап, айрылып қалдық-ау!

– Әттеген-ай, сан соқтырып кетті-ау!

Құлағымға у да шу болған өкінішке толы үндер үздік-создық естілді.

Тұнық ауаны тіліп, тік көтеріліп самғай кете бердім. Айналаның барлығы тас қараңғы.

Үстімде самсаған сансыз жұлдыз ғана көрінеді. Төменге көз салсам, әр тұстан жарықтары самаладай жарқырап жанған елді-мекендер көрінеді. Қай бағытта, қай мекенге бара жатқанымды өзім де білмеймін. Бірақ, бетімді еш адуармастан, алғашқы алған

бағыттан таймастан ұша бердім. Әуеде келе жатқанда ойымнан бір сәт те Гордон шықпай қойды. Оның Сумбаритоның тұтқынына құтылмастай болып тұтылғанын ойлағанда, кері қарай қайта ұшып барып, құтқаруды ойлады. Бірақ, оны қалай құтқармақпын? Қолымнан келер шарам бар ма? Мен әлі де өз бойымдағы барды біліп, құпиясын меңгеріп те үлгерген жоқпын ғой.

Осылай ұшып келе жатқанда, таң қыла бере бастады. Әрине, мен шаршауды білмеймін. Бірақ, үздіксіз ұша беру мені мүлдем жалықтырып жіберді. Қонсам ба екен деп ойлана бастадым. Басыма тағы күдік ұялады. Қандай ел, қандай жерге қонамын? Гордон айтқандай, картаға қарап та, қонатын жерді белгілеп, нақтылап та үлгерген жоқпын.

Күннің шеті көкжиектен қылтып қызара бастады. Қой, бөгде көзге түспей тұрып, жерге қонайын деген шешімге келдім. Содан елді жерден жырақтау, өзеннің қос жиегін көмкерген тоғайлы алқаптағы шағын алаңқайға келіп қондым.

Айналада бір адам жоқ, ел жоқ жер екен. Осында келіп, біраз тынығып, бір тасада ұзақ жаттым. Көзге ешкім түспеді. Екі күн күттім. Қозғалыстың қауіпсіз екеніне әбден көзім жеткен соң барып, міне, бүгін далаға шыққан бетім. Сөйтіп жүріп, мінеки саған жолықтым, — деп Эврироб Дәуренге жылы жүзбен қарады.

20. ЭВРИРОБТЫҢ ОЙЫ

Эврироб Дәурен бойындағы жақсылық нышаны мол қасиеттерді жітік аңғарды. Өзі ақкөңіл, елгезек баланың білсем деген ынтығы мол бөлекше қасиетін тіпті ұнатып қалған-ды. Дәурен салған беттен Эвриробпен достасуға дайын екендігін танытып үлгерді. Ал Эврироб болса, оның тосын құлаққа тосаң естілетін сырын ашып бергеніне шектен тыс риза. Иә, мұндай балаларды кең дүниенің кез келген жерінен кез келген уақытта жолықтыра беру мүмкін емес. Сондықтан да Эврироб Дәуренге өз сырын, өз құпиясын ашқандығына еш өкінген жоқ.

21. ДӘУРЕННІҢ ОЙЫ

Дәурен Эвриробтың хикаясын тындап болғаннан кейін өзін кереметтей қуанышты сезінеді. Оның жас жүрегін ерекше маза-лап жүрген көп жайлардың сырын шешуіне Эвриробтың жарауы әбден мүмкін деп ойлады.

Ол кітаптарды көп оқитын. Теледидардағы ең қызықты деген хабарларды, әлемдегі болып жатқан оқиғаларға байланысты репортаждарды, киноларды жібермейтін. Оның кластас жолдастары кейде “Эрудит” деп те атайтын.

Бірде теледидардан жауласып жатқан екі елдің бірінен көрсетілген репортажды көріп, түні бойы ұйықтай алмай, төсекте дөнбекшіп жата алмай шыққан. Әсіресе, есінен кетпей жүрген бір оқиға туралы көп ойлап, мазасызданып жүргенді. Сол бір көңілсіз, мұңлы көрініс оның көз алдына қайта келді...

22. МУНИНО

Аурухана төсегінде басы таңылып жатқан жас бала мен тілші екеуі тілдесіп отыр.

- Атың кім?
- Мунино.
- Нешедесің?
- Тоғыздамын.
- Ауруханаға қалай түстің?
- Үйімізге снаряд түсті.
- Сен қайда жүр едің?
- Аулада ойнап жүргенмін.
- Ата-анаң қайда?
- Екеуі де қаза тапты.
- Бауырларың бар ма?
- Үшеуі де өлді.

Муниноның көзінің жасы мөлдіреп қоя берді де:

— Кішкене қарындасым менің қасымда қуыршақ ойнап отырған. Жарықшақ оның кеудесіне тиді. Мен есімнен танып қалдым, — деді. Телеэкраннан Муниноның түп-тұнық, қап-қара көздері жәудіреп, сұмдық бір мұңмен қарап тұрды. Ол сәл кідірді де:

— Мынау қарындасым Сабиханың сондағы қуыршағы, — деп сүйкімді қуыршақтың бұйра шашынан ақырын сипап, төмен қарап кеткен.

Дәуреннің сонда жылағысы келіп кетіп еді.

23. БІРІНШІ ТҮС НЕМЕСЕ БІРІНШІ ШЕГІНІС

Дәурен сол түні ұйықтай алмаған еді. Көз алдынан Муниноның мұңлы көзі бір сәт кетпей қойғанын айтсаңшы.

– Не істесем екен, ә? Не істесек екен, ә?

Ертең ауруханадан жазылып шыққан соң Мунино қайда барады, кімге барады? Көзін жұмып алды.

Жапан даламен үстіне қара жамылған жалғыз бала, жетім бала келеді. Көз шарасы сұмдық үлкейіп, сұмдық бір мұнмен торланған.

Дәурен барынша айқайлады.

– Мунино! Мунино! Жалғыз өзін қайда барасың?

Ол артына қайрылмады.

– Мунино-о-о! Муни-и-н-о-о!

Үні жал-жал болып жұмырланған құмға сіңіп, үзіліп барады. Дәурен алқына басып жүгіріп, ең биік деген шағыл құмның жонына еңтіге, еңбектей шықты.

Мунино көрінбей кетті. Сусыма құм үстімен ирендеп, алысқа ұзаған ізінің сорабында бұйра шашы желбіреп, қызыл көйлекті кішкене қуыршақ қыз жатыр.

– Мунино-о-о-о! – Ешкім үн қатпады.

Қызыл көйлекті қуыршақ бұған жәудір көзімен мұндана қарағандай болды.

– Мунино-о-о-о!

24. КҮДІК ПЕН ҮМІТ

Эврироб Дәуреннің айтқан түсін үлкен оймен тыңдады. Әлден уақытта ол ауыр күрсініп.

– Әлемде әлі қасірет деген өте көп, – деді де ойын жалғап:

– Мына ұлы ұстазым Гордон да осы ойды маған тебірене айтқан. Оның ұлы арманы сол қасіреттерге қарсы күресу еді. Ол мені жасағаннан соң ғажайып өнер, қасиеті бар бір құрал жасаймын дегенін жаңа айтқан болармын.

– Аты қалай еді өзінің, айтылуы қиын сияқты.

– Аты “Ноогуманис”.

– Иә, дәл солай. – Дәурен ойланып қалды да:

– Оның ойы шынында да керемет, – деді.

– Ойының керемет екендігінде күмәнім жоқ. Бірақ, оны Сумбаритоның тас қорғанының тас қуысына қамап тастағаны қиын болып тұр.

– Ендеше, оны неге құтқармаймыз?

– Қалай құтқарамыз?

– Ойлану керек. Сен керемет жылдамдықпен ұша алатыныңды айттың емес пе. Сол аралға барып, айла жасамаймыз ба? – деді Дәурен қызулана сөйлеп.

– Ұшып барлық дейік. Сонда қандай айла жасап, құтқарып аламыз?

– Эврироб, сен өзің шындап ойланшы, екеуің Сумбаритодан құтылып қашып келе жатқанда, саған бірталай ақыл-кеңес айтқан жоқ па? Соны есіңе түсірсеңші.

Дәуреннің осы сөзінен кейін қобалжу үстіндегі Эвриробтың бойына байсалды сенімділік ене бастағандай болды. Эвриробтың көңіл-күйіндегі осы онды өзгерісті байқай қойған Дәурен өз ойын батыл жеткізді.

– Егер сен екеуміз әрекеттенбесек, Гордонның ұлы ойы орындалмай қалады. Сондықтан да біздің еш әрекетсіз отыруымыз – адамзат баласы алдында кешірілмес күнә екені есінде болсын! Ол өзінің “Ноогуманисін” жасау керек. Ал сен өз бойына Гордон қондырған бар мүмкіншілікті іске қос! Жүр, менің жартас арасындағы құпия үйшігіме барайық. Сенің өкшендегі құпияның сырын білуіміз керек. Оның біздің болашақ жоспарымызға көп көмегі тиюі тиіс, – деді Дәурен сенімді түрде.

25. ҚҰПИЯ ҮЙШК

Дәурен ауылдан жырақ жердегі жінішке өзенді бойлай біткен шілік пен бозша талдың арасын қуалай түскен көмескі соқпақпен Эвриробты бастап келе жатты.

– Мына жермен жүру қандай қиын, – деді Эврироб.

– Бұл жермен жүретін тек қана менмін, – деді Дәурен кері бұрылып.

– Балалар осы тұста қасқырдың ұясы бар дегенді естіп жоламайды. Ал ересектер көп келе бермейді. Өйткені қозғалыс-қимылға өте ауыр, – деп қойды. Эврироб айналасына тандана карап қойды. Өзеннің ең бір қылта тұсына келгенде жолдарынан түйенің үлкендігіндей шоңғал тас жолықты.

– Өте аласың ба? Осы тұстан тік көтерілуіміз керек.

Анау тұрған серек жартасты көрдің бе?

– Иә, көрдім.

Соның жанында кішкене есік бар. Сол жерде менің құпия үйшігім орналасқан. Сен қалай көтеріле алар екенсің? – деп Дәурен Эвриробқа дүмәмалдана қарады.

– Оған шығу мен үшін түкке де тұрмайды, – деді ол қуана.

– Сонда қалай?

— Онда кара да түр! Дәурен Эвриробқа сұқтана қарады. Ол оның қимылын қалт жібермей, сергек қадағалап тұрды. Кенет Эврироб қос қолын жайып жіберді де, у-шусыз тік көтеріліп кете барды.

— Ой, мынауың ғажап қой! — деп Дәурен көрсеткен серек жартастың қасындағы шағын аланқайға барып, дік етіп қонды.

— Керемет! Керемет екен! Бағана айтқаныңда онша сенбеген едім, — деп Дәурен өзі үйренген қия соқпақпен шапшаң өрмелей жөнелді. Ол Эврироб секілді өнерлі серік тапқанына бұрынғыдан әрмен қуанды.

Дәурен шығысымен Эвриробты бастап, үйшіктің ішіне енді. Әрі шағын, әрі ыңғайлы етіп жасалған бөлме іші көз тартарлықтай көркем екен. Қабырғалары тегіс болмаса да, әр алуан ыңғайда қиюласқан тастарды табиғаттың өзі мейлінше әсем етіп жинақтаған сықылды. Әр бөлек түстермен үйлестіре боялған бөлме қабырғалары көркімен көз қуантады.

26. ҮЗДІК ОЙ

Бір кезде Эврироб оң жаққа орналасқан қоңырқай қызғыш сәреде жинақталған кітаптарды нұсқады.

— Мынау қандай кітаптар? — деді.

Өзі тақана беріп, кітаптың бәрін қолына алды.

— Оһо, мына кітабың қандай ауыр! Аты не өзінің?

— “Ғажайып құбылыстар хикаясы”

— Міне, керемет! Нағыз қызықтардың барлығы осында жинақталған десеңші!

— Иә, өте қызық!

— Ал мынау біреуі ше? Өзінің түбі алтын әріптермен жазалған екен, ө?

— Ол ма? Ол — Бүкіләлемдік сана туралы трактаттар”.

— Ой, Дәурен, сен бұл кітапты қайдан тапқансың? Мынау менің ұлы ұстазым Гордонның өмір бойы іздеп, қолға түсіре алмай жүрген дүниесі ғой, — деп көлемді кітапты қолға алып, асығыс парактай бастады.

— Өте керемет кітап. Небір асыл ойларды оқығанда, кеуденді қуаныш кернейді. Еріксіз асқақ қиял құшағына берілесің. Онымен терең таныса түскен сайын өзің өмір сүрген ортана тіптен де көңілің толмай кетеді, — деп Дәурен терең мағыналы жүзбен Эвриробқа қарап қойды.

Эврироб орындыққа отырып, кітапты аудастыра бастады. Қызыл қағазбен белгі қойылған тұсқа келгенде ол асты сызылған көлемді үзіндіні дауыстап оқи бастады.

– “Адамзат баласы бүкіләлемдік кеңістіктегі кішкентай ғана Жер шарын, оны мекендеген барлық тұрғындарын ұлтына, нәсіліне, жынысына қарамастан алақанға аялап ұстар өз үйім, өз босағам, өз Отаным, өз мекенім, өз туысым деп ұғынған сәтте ғана шын бақытқа ие болады. Бұл – бүкіләлемдік сананың алғашқы әліппесі. Сана деңгейі осы асқақ биікке көтерілген сәтте жер бетін қым-қиғаш торланған жауыздық, дұшпандық, алауыздық, қорлау, кемсіту және әлемдегі ең саналы ақыл-ой иелірі – адамдардың санаға сыймая тірлігі – соғыс өрті мәңгілікке өнер еді. Көптеген елдерде табиғаттың ұлы сыйлығы ақыл-ойдың ғаламат шоғырын, қуатын игілікке жұмсамай, өлтірудің, қырудың, жоюдың, сұмдық та сұрапыл тәсілдерін жасауға жұмсауда. Ал осы жүйрік, ақыл-ой шоғыры адамзат баласын бақытты етер, Жер шарын аялы саяжай етер мақсатқа бірбеткей жұмсалса, дүние қалай гүлденер еді адамдар қалай бақытты өмір сүрер еді! Осы күнді көрген ұрпақ, шын мәніндегі, бақытты ұрпақ. Себебі, ол кезде ізгілік ұлы мұхитқа айналады. Ізгі ниет шалқар теңіздей толқитын болады. Осы ұлы да ізгі ағыс арнасында жанталас қылған жаман ниет, қара ниет, қара қанат қаскөйлік бой көтеріп те үлгере алмайды, тереңге тамыр тарта алмайды...”

Эврироб масаттана оқыды. Көзінде қуаныштың ұшқыны жарқ-жүрқ ойнап, тар бөлменің әр қуысын өз нұрымен шарпып өткендей!

– Керемет ой! Үздік ой! Менің ұлы ұстазым Гордонның көкейіндегі ой! Қалай дөп басып, қандай шабытпен айтылған пікір десеңші! – деп Дәуренге масатты жүзбен қарады.

27. “БАРЫНША САҚ БОЛ”

Дәурен алғашқы ұстамдылығынан айрыла бастады. Оның бойын Эврироб өкшесіне жасырған құпияны білсем деген құмарлық оты мүлдем билеп алды.

– Эврироб, өкшендегіні алайық та, – деді. Эврироб та бойына жасырылған сырды білуге асығып тұр екен.

Ол дереу орындыққа отырып, оң өкшесіндегі кішкене бұrandаны бұрады да, жылжымалы доға қақпақты ашты. Ішінен мөлдір пленкаға оралған, сырты жылтыр, шиыршықталған қағаз шықты.

– Өзін әбден әдемілеп ораған екен, – деді Дәурен оны қолында айналдырып ұстап.

– Кәне, ашсаңшы! Қандай сыр бар екен, оқып, танысып көрейік, – деді Эврироб қолын созып.

Дәурен пленкасын жыртып, шиыршық қағазды Эвриробқа ұсынды. Ол қағазды үстел үстіне жайып салды. Қағаздың ортасына “Эвриробқа тапсырма” деген сәз әдемі өрнектелген әріптермен жазылыпты. Эврироб астыңғы жағына ұсақ әріптермен жазылған сөзді дауыстап оқыды:

– “Кішкене бауырым! Сенің қолыңнан бәрі келеді. Бірақ, барынша сақ бол!”.

Дәурен ойланып қалды. Эврироб оқыған сөзді ізінше қайталады да:

– Өте қызық айтылған ой! Барыншша сақ бол! – Ол сәл кідірді де:

– Мына соңғы сөзі тіпті мағыналы екен, – деп қағаз бетіндегі сан алуан жобаларға мән бере қарады.

28. ЖҰМБАҚ САҢДАР

Жобада тізбектелген дөңгелекшелер көп екен. Олардың әрқайсысының ортасына цифрлар қойылыпты. Әр дөңгелекшенің астында төрт бұрыштар салынған. Олардың іштерінде сан түрлі белгілер орналастырылған: адам бейнесі, құс, жануар бейнесі, самолет, кеме, т.б. толып жатқан белгілер.

Дәурен схеманың жалпы болмысына мағыналы жүзбен барлай қарады.

– Менің білуімде, осындағы әр белгінің атқарар қызметтер болуы тиіс.

– Менің де ойым солай! Әзірге мен өзімді-өзім толық сынап көргенім жоқ.

– Мына бір пульттің тұсына жазылған сөз не деген сөз? – деді Дәурен майда жазуға шұқшия үнілді де:

– Голографиялық телебейне, – деп дауыстай оқып, толық түсінбеген пішінмен Эвриробқа қарады.

– Ұлы ұстазым Гордонның алыс қашықтықты электромагниттік толқын күшімен берілетін толық мүсінді телебейне жасадым дегені есінде қалыпты. Ол сол болуы керек, – деді Эврироб та көкірегіндегі пульттерді ақырын сипалап қойып, қағаздағы белгімен салыстыра қарады.

– Мына қарама-қарсы қойылған стрелкалар екі жақтағы нысандарды бір-біріне көрсететіндігінің белгісі болуы керек, – деді Дәурен өз тұспалын алға тартып.

– Мүмкін, әбден мүмкін, – деді Эврироб та. – Эврироб, мұнда зер салып қарашы! Осындағы барлық дөңгелекшелерден сенің жүрек тұсындағы индикаторға түзу сызықтар таратылыпты ғой.

– Иә, көріп тұрмын. Гордон соңғы сәтте маған былай деген еді: “Жүрек тұсындағы елгезек индикатордың қимылын жіті бақылағайсың. Соған жиі құлақ түр”, – деп еді.

– Оһо, онда енді-енді түсінікті бола бастады, – деді Дәурен құлақ түбін сұқ саусақ ұшымен ойлана қасып қойып. – Яғни, сенің бойындағы барлық өнер, барлық қуат осы кнопкалармен тікелей байланысты.

– Өте дұрыс айттың, Дәурен! Менің ойымнан дәл шықтың. Ризамын саған! Ех, шіркін, Гордонмен сен таныс болсаң ғой! Ол, сөз жоқ, сені кереметтей өнерге баулыр еді, – деп риза пішінде Дәуренге қарады. Эвриробтың ризалық сөздері Дәуренге онша әсер еткен жоқ. Себебі оны қинап тұрған бір жай – оны осы күштерді қалай пайдалану, қайтіп пайдалану мәселесі толғандырып тұрған-ды.

Эврироб Дәурен ойының қай өрісте жүргенін осы мезетте тез түсінген.

– Дәурен, схеманың келесі бетін ашты. Гордон сонда Жер шарының жазыңқы картасы бар деген, – деп жылдам сөйледі.

– Ә, солай ма?

– Иә, солай деген.

– Оһо, мына қызықты қара! Өзі тең бүйірлі шаршыларға бөлініп қойылыпты ғой...

– Әрі әр квадрат әр бөлек түске боялып, цифрлармен танбаланған.

Дәуреннің көзі жайнап кетті.

– Мен таптым! Таптым! – деп қуана айқайлап жіберді.

– Нені таптың? – деп Эврироб оған таңырқай қарады.

– Таптым! Таптым! – деп Дәуреннің екі көзі оттай жанып, алақанын қуана шапалақтап жібереді.

– Біле білсең, бұл – керемет! Мен шатасуға тиіс емеспін. Ей, Эврироб! Сен қандай аңқаусың! Өз бойындағы кереметтерді өзің білмейтін қандай аңқаусың! – деп әзілді үнмен Эвриробты

құшақтай алып, шыр айналдырды. Эврироб ан-тан. Дәурен ерекше шаттықты халден әлі ажырайтын емес. Өзі сақылдай күліп жүр.

— Ей, Эврироб, екі иығындағы 0-ден 9-ға дейінгі таңбаланған сандарды көрдің бе? Оң иығындағы нүктелердегі цифрлар қызылмен жазылыпты да, сол иығындағы нүктелердегі сандар көкпен жазылыпты. Яғни, бұл тектен-тек емес.

— Өте дұрыс айтасын.

— Мен де өз сырыма өзім енді түсіне бастағандаймын. Сонда қатардағы қызыл және көк квадраттар мен екі иықтағы цифрлар арасында байланыстың бар болғаны де.

— Міне, міне, Эврироб деген атыңа сай ақылың енді іске қосылды, - деп Дәурен қулана күлді.

— Оған кінәлі Сумбарито мен Джойс. Оны да еске алып қой, — деп Эврироб та қалжыңға жалтарып әрі ақтала сөйледі.

— Оның да рас. Сенен еш кінә жоқ, шынын айтқанда, Гордоннан ажырап қалуың саған оңай тиген жоқ. Бірақ, біздің Гордон болмай қалды-ау деп қарап отыруға еш қақымыз жоқ.

— Өте дұрыс. Бірлесіп ойласақ, өте дұрыс. Бірталай сырдың астарын ашуымыз анық.

— Міне, мұның нағыз Эврироб деген атыңа сай байсалды пікір, — деді Дәурен.

29. АЛҒАШҚЫ СЫНАҚ

— Эврироб, сені сынар сәт кезегі енді келді деп ойлаймын.

— Е, несі бар, сынасаң сына! Өз күшін сынап көргенді кім жек көреді дейсің, — Эврироб үлкен іске белді бекем бұған сынайда сөйледі.

— Алғашқы сынақта маған бастауға рұқсат етуінді сұраймын.

— Еш қарсылығым жоқ. Мен дайынмын.

— Рахмет, бауырым. Дәурен картаға мұқият үнілді.

— Таяу Шығыс... Имм. Ассаура лагері... Мунино... Карта бетімен сырғанаған сұқ саусақ 130 квадратқа келіп тірелді. Эврироб картаға шұқшия қадалып, Дәуреннің әр кимылын қалт жібермей, сергек бақылап тұрды. Бір кезде Дәурен шұғыл келген ойдың шытырман шиырынан енді ажырағандай кейіптегі Эвриробқа ойлана қарады. Жүзінен терең толқудың табы айқын аңғарылғандай.

— Қане, бастап көрейік. Көтеріліп келе жатқан қолында әлсіз дірілдің белгісі бар. Келген бетте сұқ саусағымен Эврироб

көкірегіндегі голографиялық пультті басып қалды. Сол кезде Эвриробтың мандайындағы кішкене экраннан жарқ етіп, адамның символдық тұспал бейнесі жылт ете түсті. Эвриробтың иек астындағы ұшы нәзік индикатор дір етіп, шапши ойнап, жоғары көтеріле берді. Дәурен содан соң оның сол жақ иығындағы 1,3 және 0 цифрларын асықпай теріп, ақырын басты. Дәурен өз көзіне өзі сенбестей кейіпте Эвриробтың мандайына сұқтана қарап қалды. Кішкене экраннан телевизордан өткенде көрсетілген Ассаура лагері көрінді.

30. МУНИНО! МУНИНОНЫ КӨРСЕТШІ!

– Міне, ғажап! Дәл өзі, сонда көрсеткен лагерьдің өзі! Бір кезде экраннан тар шатырдың іші көзге шалынды.

– Мунино! Муниноны көрсетші! – деп Дәурен экранға үн қатты. Осы кезде индикатордың елгезек тілі дір-дір етіп, тыншымай ойнақши берді. Экраннан қап-қара көзі жаудырап, басы ақ дәкемен таңылған Мунино көрінді. Көзіндегі кірбің мұң әлі сол қалпында. Қолындағы снаряд жарықшағынан қаза тапқан қарындасы Сабиханың бұйра шашы ұйпаланған, қызыл көйлекті қуыршағы бар.

– Мунино! – деп Дәурен айқайлап жіберді.

Мунино жалт қарады. Көзіндегі мұң пердесі сол сәтінде түріліп, қуаныш жаркылы пайда болды.

– Мунино! Мен Дәуренмін! Сен мені естимісің?

– Дәурен, Дәурен! Мен сені жақсы көріп әрі естіп тұрмын. Сен мені қайдан білесің?

– Білемін. Білемін. Өткенде сені біздің телевизордан көрсеткен.

– Рас па?

– Рас.

– Өте таңқаларлық екен. Сен мені қалай көріп тұрсың?

– Сені мен досым Эвриробтың экраннан көріп тұрмын. Ал сен ше? Сен мені көріп тұрсың ба?

31. ЭВРИРОБТЫҢ ҰСЫНЫСЫ

Сөзге Эврироб араласты.

– Онда Мунино жатқан аурухананы снарядтардан қорғауымыз керек.

— Қалай қорғаймыз? — деді Дәурен Эвриробтың тосыннан сөзге араласқанын таң көрген кейіпте.

— Соны екеуміз бірлесіп шешуіміз керек, — деді Эврироб сабырлы пішінде әрі салмақты сөйлеп.

32. ШЫТЫРМАНҒА ШАТЫЛУ

— Сонда қалай қорғаймыз, Эврироб?

— Маған схеманы бере тұршы.

Дәурен схема салынған қағазды Эвриробтың алдына сырғытты. Ол схемаға шүқшия карап, ұзақ ойланды. Бір кезде ол былай деді:

— Кез келген металдан жасалған қаруды немесе жарылған снарядты, объектіні жауға еш байқатпай әуемен берілетін жаңадан табылған аса қуатты гиперрадио толқынмен істен шығаруға болатындығын Гордон мына схемада айқын көрсеткен.

— Сонда оны қалай жүзеге асырасың?

— Ең алдымен снаряд атқыланатын аймақтың нақты квадратын және координатасын тауып алуымыз керек.

— Бұл пікірің өте орынды. Бұл — ежелден белгілі әскери тәсіл. Соны қалай жүзеге асыру керек деп ойлайсың?

— Мәселенің өзі осында тіреліп тұрған жоқ па?

— Оның рас. Яғни сол қуатты толқындардың сенің бойында бар болғаны. Әйтпесе оларды схемаға жайдан-жай сала сала ма?

— Әрине, сала салмайды.

— Менің кеудемдегі ракета-қарулар салынған кнопканың соған тікелей байланысы бар деп ойлаймын.

— Ол ойың негізсіз емес. Бірақ та схемадағы гиперзарядтың символын естен шығаруға тиіс емеспіз, — деді Дәурен ойлы пішінде.

— Әрине, шығаруға болмайды. Мұның барлығының бір-бірімен тығыз байланысы барлығына мен күмәнданып тұрған жоқпын. Менің күдігім — бейбіт халыққа снаряд атқылайтын зеңбіректі таба алу-алмауымызда тұр.

— Оған қиналатын дөнеңе жоқ. Өзің айтқандай, нысанаға алған алаңның координаты мен квадратын табуымыз керек, — деді Дәурен сенімді түрде.

— Онда дереу іздестіріп көрейік, — деді Эврироб.

— Сенің тәжірибең бар, іздестіру еркі сенде, — деп ол Дәуренге тиісті кнопкаларды тере бастады.

— 131 квадрат!.. Жазық дала, ана бір жерлерде қираған үйлер.

– Ана бір шок талдың түбінде әлдекімдер көрініп тұр емес пе? – деді Эврироб.

– Бәрін де көріп тұрмын.

– Сәл тақай берші, мен оларды объективке жақындатайын.

– Меніңше, ол жерден қару көрінбейді.

– Сонда да сәл назар тоқтатайықшы.

–Жарайды.

– Дәурен! Дәурен! Ағаш түбінде ана бір қарт әйел не істеп отыр? Алдындағы баласы ма?

– Жок, немересі шығар. Өзі жылап отыр ма?

– Иә, жылап отыр.

– Эврироб, объективті тағы да жақындата түсші.

– Қазір.

– Алдындағы бала әл үстінде. Жүрегі әлсіз соғып жатыр.

– Дыбыс қабылдағыш пультті қосайын ба?

– Қоссаң қос. Не деп жатыр екен?

Эврироб құлақ түбіндегі кішкеге репродукторынан жас баланың қыңқылдаған үні анық естілді. “Кішкентай балапаным, жаның қиналды-ау. Енді не қылайын?”

Мына ыстықта, мына шөлде аузына бір тамшы судың табылмауы мұң болды-ау. Құдай-ау, енді қайтіп күн көрдік? Бомба түсіп, баспанасыз қаламыз ба деп пе ек, – деп көзінің жасын сығып-сығып алды. – Не әкеннің, не шешеннің бірі тірі қалмады-ау. Бұндай сормандай болам деп үш ұйықтасам түсіме кіріп пе еді. Ө, қурап қалғыр, қу жауыздар! Бейбіт халыққа қашан күн берер екенсіңдер! Жаным Саурат, сәл шыдашы, мүмкін Рашиддин қария тамақ жібітер бірдене тауып әкелер. Сәл шыдашы”, – деп қарт әйел алдындағы немересін жұбатып жатты.

Дәуреннің түсі күлдей болып кетті. Өз-өзінен тамағы кеберсіп, ерні кезеріп, шөлге шыдай алмай жатқан жас баладан әрі қиналды. Эвриробтың кеудесіндегі елгезек индикатор мүлдем мазасыз күйге түскен екен.

– Эврироб, жарайды, болды. Жетер енді. Көне, сол 131-квадраттың маңындағы аймақты одан әрі тексерейік.

– Жарайды. Эвриробтың өзі бағыттаушы кнопкаларды іске қоса бастады. Бір кезде ол көтеріңкі леппен:

– Оho, міне таптым! Дәл өздері, сол жауыздардың дәл өздері!

– Иә, рас, солар! – деп Дәурен оның сөзін қуана қуаттады.

33. ЭВРИРОБТЫҢ ШЕШІМІ

– Ол иттердің сазайын тартқызуымыз керек, – деді Эврироб қызулана.

– Қалай тартқызамыз?

– Зеңбіректерінің тас-талқанын шығарамыз.

– Немен?

– Қуатты гиперпневма толқынның күшімен. Ана Гордон сызған схемада оның өте айқын көрсетілгенін байқамағансың ба?

– Ол жерін толық түсіне алмап едім, – деп Дәурен алдындағы нұсқау қағазға шұқшия қарады.

– Міне, қызық, сенің бойыңнан таралған импульстік сигналдар арқылы Жер шарының кез келген нүктесіне зор қуатты гиперпневмо толқынмен де соққы беруге болады екен ғой. Не деген ғажап жылдамдық! – деп Дәурен қатты танданды.

– Нені айтасың? Импульстік сигналдарды айтасың ба?

– Иә.

– Әрине, аз емес, жарық жылдамдығына жетеқабыл.

– Ғажап.

– Одан әрі қарай не болады?

– Одан әрі соққы берілуге тиісті нысана маңынан тиісті сигналдар қалаған көлемдегі ауа массасының қалың шоғырын үйіріп алады да, бір-ақ атады. Қандай ірі зат болмасын, түбімен қоса төңкеріп, талқанын шығарады, – деді Эврироб осы сәтте қызулана сөйлеп.

Дәуреннің көз жанарында қызыну мен құмарлық ұшқыны қатар шарпысын тұр еді. Эврироб кеудесіндегі индикатор доғал шеңбердің шекті шекарасынан асып, шапшуылдап кеткен екен. Оның ойына Гордонның нұсқау хатының шетіне ұсақ әріптермен жазған ескертпесі түсті. “Кішкене бауырым!” Сенің қолыңнан бәрі келеді. Бірақ, барынша сақ бол!

Эврироб өз ойына өзі сүйсініп, тап қазіргі сәтте қолданар шарасына Дәуреннен қолдау күткен сыңайда тұр. Дәурен Эвриробқа көзін сығырайта сынап қарап қалған. Оның жанарында өзгеше ой, бұл күтпеген ниет тұрғандай.

– Неге ойланып қалдың? – деді Эврироб.

– Ойланбасқа болмайтын іс болса ше?

– Ол қандай іс?

– Гордонның жазған ескертпесі есінде ме?

– Иә, есімде.

– Ендеше былай, Эврироб бауырым. Дүниеде бәрінен

онайы жоқ — қылу мен қирату. Ал жасау — ең қиыны. Мүмкін, біз басқаша әрекет жасап көрсек. Осыны ойласайықшы!

34. БИОИМПУЛЬС

— Сонда не істейміз? — деді Эврироб аңырып.

— Мен мына схемадан бір бөлекше белгіні көріп тұрмын.

Мына шеңберге қарашы.

— Қайсысы, мына адам басының көлденең қимасы ма?

— Иә. Осындағы ми шарасының ішіндегі толқынды, ирек белгіні көрдің бе?

— Көріп тұрмын.

— Меніңше, бұл — санаға тікелей әсер ету импульсінің символы.

— Санаға әсер ету дегенді қалай түсінуге болады?

— Қарапайым тілмен айтқанда, жаман қылықты адамды жақсылыққа итермелеу деген сөз немесе керісінше.

— Мен бұған онша мән бере қоймаппын. Оны мұнда биоимпульстар деп көрсетіпті ғой.

— Ендеше осы күшті сынап көргеніміз дұрыс. Менің түсінігімше, белгілі бір адамның мақсатты ойын, нысаналы тілегін, яғни, биоимпульстерді сенің бойыңдағы, түрлендіруші тетік алысқа беруге тиіс. Сондықтан да Гордон оны саған босқа орнатқан жоқ, — деді Дәурен Эвриробқа мағыналы кейіппен көз салып. Эврироб схемаға шұқшия қадалып, ойланып қалды.

Ол ойға алған шешімін Дәуреннің қостай қоймағанына аздап қынжылғандай күйде тұрды. Дегенмен де Дәурен ойының оралымды соғып тұрғанынан бас имеске лажы қалмады. Әрі Гордонның “Барынша сақ бол” деген ерекше ескертпесі сана төрінде қайта қылан берді.

Дәурен де оның әрі-сәрі халде тұрғанын сезбей қалған жоқ. Ол соны жуып-шайғысы келгендей:

— Жә, жарайды. Бұртимай-ақ қой. Қантөгіспен келген жеңістен бейбіт жолмен келген жеңіс мың есе қымбат, мың есе бағалы емес пе, — деп күле құшақтады.

35. ЛАГЕРЬДЕГІ АЛАСАПЫРАН

— Ал бастап көрейік, не де болса, — деді Дәурен Эвриробқа көтеріңкі үнмен.

— Қалай бастаймыз?

– Алдымен биоимпульстер тетігін, содан соң оны түрлендіруші тетікті іске қос. Одан кейін операцияны мен жүргіземін, – деді Дәурен.

– Жарайды. Ал ендеше іске кірісейік. Эврироб тетіктерді іске қосты. Дәуреннің бар назары экранға ауған. Қабағын түйіп алған. Бет әлпетінде үлкен іске, батыл іске шұғыл бел буған ынта-ниет алаулайды.

Экраннан көрінген ұзын өнешті зеңбірек енді аз сәттен соң бейбіт жатқан Бейрак қаласына ажал оғын жөнелтпекші. Басына алабажақ телпек киген командир солдаттарға әмір берді.

– Жарықшақты снарядпен оқтаңдар! Зеңбіректің аша аяғынан алшақ жатқан жәшікке қарай екі солдат елпектей басып жөнелді.

Көздеуші мерген әлекедей жалақтап, ұшар октын түсер жерін есептеп, зеңбірек стабилизаторының тұтқасын ұстап, жұтынып тұр.

Дәурен Эвриробқа көз астымен шұқшия қарады. Өзге әлемнің бәрі тап осы сәтте Дәурен үшін ұмыт қалған сықылды. Күбір етті. Іште, жас санада тыпырши безек қаққан камқор ойдың жаңғырығы сыртқа шығып кетті.

– Тоқтандар! Снарядтарға қол тигізбендер!

Қарасұр жәшікке еңкейе берген екі солдат кілт тұра қалып, жалт қарады. Бұндай тосын бұйрықты бұлар еш күтпегендей.

Дәурен әлгінде әмірлі үнмен тіл қатқанда, Эврироб өз бойында бұрын-соңды болмаған бір күйді бастан кешіп үлгерді. Биоимпульстердің зор күшпен сыртқа берілуі оның тұла бойын солқ еткізіп, буырқандырып жіберді.

Аңырап тұрып қалған солдатқа командир ақырып жіберді.

– Неге әкелмейсіңдер, малғұндар!

Екеуі жәшікке қайта еңкейді...

Дәурен іштей дереу күбір етіп: “Ағатай ақылға көн! Құр текке қан төкпе” – деді. Найзағайдай жылдап ойлы Эврироб оны қабылдап үлгерді.

Тап осы кезде ашулы командир жадырап сала берді. Өзі қарқ-қарқ күледі. Бір-бір снарядты бауырына басып, бері бұрылған қос солдатқа қарсы жүрді.

– Әй, тастандар, мен ойнап айтып ем. Әлде, мені жынды деп ойлайсыңдар ма? Жоқ, мені жынды емеспін. Денім сап-сау.

Екі солдат өз командиріне аузын ашып қарап қалыпты.

– Иә, иә, денім сап-сау! Кәне, снарядтарыңды маған бере қойыңдар.

Дәлдеуші сержант мына оқиғанын шын-өтірігіне көзі жетпей, дел-сал халде тұр. Бір кезде ол:

– Командир мырза, бағана таңертең әр сағат сайын екі снаряд атып тұр деп бас офицер бұйрық берген жоқ па?

“Мынаның бұйрықшылын кара! Қазір көрейік, бұйрық орындағыш сендей пысықай немені!” – деп Дәурен мырс етіп күлді де, іштей ой түйіп үлгерді.

Командир қарқ-қарқ күліп, солдаттардың қолдарындағы снарядтарды жерге тігінен қоя бастады.

– Командир мырза, снарядты олай ету қауіпті. Нұсқау бойынша жатқызып қоймайсыз ба?

– Ей, боқмұрын неме, сен не білесің? Сен немеңе, мені үйреткің келе мме?

– Жок, мырза!

– Ендеше, аузыңды жап!

– Құп болады!

Зеңбірек көздеуші сержант аң-таң халде командирге қарай қозғалды. Өңінде ызалы күй бар. Айтқан сөзін аяқасты еткені үшін командиріне наразы секілді.

– Командир мырза!

– Ә, жарайды, сенің сөзіңнің керегі жоқ, – деп оған карамастан командир қолын сілтей салды.

Тап осы мезетте аса қуатты биоимпульстер де жетіп үлгерген. Дәурен іштей қабылдаған өзгеше ой-шешімін қалай жүзеге асарын бұл жолы қызықтап көргісі келді.

– Эврироб, қазір қызық болады! Қалт жібермей бақыла!

– Бақылап тұрмын...

– Командир мырза, бағана таңертең...

Сержант ойын қайталап айтып үлгерген жоқ. Табан асты жын соққандай шар етті де, отыра қалып жылай бастады. Бір кезде жерге арлы-берлі аунап, айқайлап жылай берді.

– Мен неткен сорлымын! Мен қандай бақытсыз едім! Енді қайтіп ата-анамның бетін көремін!

Үшеуі жүгіріп мұның қасына келді. Көздеуші сержант басын жерге түйгіштеп тұрып жылады.

– Шамир, Шамир, саған не болды!

Ол енді жүрелеп отыра қалып, мандайын қос қолдап тоқпақтап ұра бастады.

– Мен неткен арсызбын. Енді қайтіп жер бетін басып жүремін. Олардың жазығы не? Айтындаршы? Не жазығы бар? Е-е-е-е!

Еңірегенде етегі толды.

— Шамир, Шамир! — Командирі тізерлеп отыра қалып, сержантты иығынан жұлқылады. Бірақ, командирін тындап жатқан Шамир жоқ.

— Жо-жоқ! Мен бүйтіп өмір сүрмеймін. Менің қолым қыпқызыл қан! Мынаны қарандаршы! Неткен сұмдық бұл!

— Кәне, кәне, қолдағы қаның қайсы? — Командирі ентелей түсті.

— Әй, сен соқырсың ба? Мына қанды көрмей, көзің көр соқыр болған ба? — Бір кезде сержант кеудесіндегі көйлегінің жағасын дар еткізіп айырып жіберді де, орнынан атып тұрып, айдалаға қаша жөнелді.

Екі солдат аң-таң. Командир сержантты етегінен ұстаймын деп етпетінен түсті.

Сержант қос қолын жайып, аласұра айқайлап, ұзап барады.

— Мунино! Мунино! Кеш мені, бауырым! Кеш, кеш, жаным! Мені қандай жазаға бұйыртсаң да дайынмын. Сенің әкең мен шешенді, үш бауырынды өлтірген мына менмін! Менің қолымды балталап кесші. Өтінемін сенен, аямашы мені!

— Мунино! Мунино!

Сержант бұлт торлаған көкжиекке қарай “Мунинолап” безіп барады. Солдаттың бірі тұрып:

— Сорлы сержант, жынданып кетті білем, — деді.

36. ҮШЕУ

Эврироб болып жатқан оқиғаның барысына мейлінше танданды. Өз бойындағы бар күштердің көзін ашқан Дәуренге ерекше риза. Алғашқы сәттегі аздаған өкпесінің жеңіл бұлты біржола сейілгендей.

Ал Дәурен ойға алған ісін аяғына дейін жеткізуге бел байлады.

— Әрі қарай не болар екен, соны көрейік. Эврироб бойын тез жиып алып, Дәурен санасынан шыққан сигналдарды дереу қабылдай бастады.

Экран бетіндегі үшеуі бір-біріне қарасты. Солдаттардың бірі командирге қарап:

— Командир мырза, мына зеңбіректерді қайтеміз? — деді.

— Қайтеміз деген сөз бола ма? Бұзамыз да, — деді сергек үнмен сөйлеп.

— Аға офицер келгенде не дейміз!

— Аға офицеріне түкіргенім бар ма? Әкел кілттерді.

– Күп болады, командир мырза!

Екінші солдат тұрып былай деді:

– Командир мырза, снарядтарды қайтеміз?

– Соған да бас қатырып тұрсың ба ?

– Амалымыз бар ма? Сіз нені айтсаңыз, соны істейміз, – деп солдат иығын қиқаң еткізді.

– Неменеге иығыңды қиқандатасың. Дереу жәшіктеріне сал да, қоймаға кері қайтаратын қыл! Тіптен саперлерді шақырып, жарғызып жіберуге де болады.

– Күп болады, командир мырза!

Зенбіректің бекітілген тұстарын ағытып жатқан солдат командиріне қарап:

– Бұдан сонда не істейміз? – деді сескенгендей бәсең үнмен.

– Фу, сайтан алғыр, сендер неге мылжың болып кеткен-сіндер! Сондай да сұрақ бола ма екен? Өзің үйленіп пе едің?

– Иә, үйленгем.

– Балаң бар ма?

– Бар.

– Оларды сағынған жоқсың ба?

– Әлбетте, сағындым.

– Енді не оттап тұрсың? Қатының мен балаларыңның көздері жәудіреп, сені күтіп отырған шығар.

– Әлбетте, командир мырза! Сонда елге қайтамыз ба? Ой, рақмет, командир мырза! Бетіңізден сүйеге рұқсат етіңіз, – деп қолындағы кілтін тастай беріп, оны құшақтап сүйе бастады...

37. НЕГІЗГІ ОПЕРАЦИЯ ӘЛІ АЛДА

– Операция сәтті аяқталды, – деп Дәурен сылқ етіп, кішкене орындыққа отыра кетті. – Операция аяқталды! – деп Эврироб та масаттана, орындыққа барып жайғасып отырды.

– Денем мүлде қызып кетті. Міне, ұстап көрші, – деді Эврироб.

– Оның несін ұстап көремін, ана сезгіш индикатордың қазіргі қалпынан-ақ бар жайды ұғып отырмын, – деді Дәурен жеңіл есінеп.

Сәл үзілістен кейін Эврироб Дәуренге:

– Әлгі бейшара Шамирге обал болған жоқ па?

– Соны өзім де білмей отырмын. Мүмкін ол кінәлі емес шығар. Өз сөзінен болды. “Әр сағат сайын екі снарядтан”, – деп

қак-қак етеді. Есіме Мунино түсіп кетті. Сол кезде ойымды ойран, санамды сойқан ашу билеп кетті. Шамадан тыс шиыршық атқан сигналдар сол кезде шығып үлгерді. Анау индикатордың тілі қызыл сызықтың соңғы шегінен асып кеткен екен, – деп Дәурен жеңіл күрсініп қойды.

– Сол кезде менің бойымдағы болған құбылысты айтсаң ғой. Сәл-ақ өртенудің алдында қалдым.

– Окасы жоқ. Ондай болмаса болмайды да. Операция сәтті аяқталды, – деді Дәурен күлімсіреп. Эврироб Дәуреннің жүзіне барлай қарады да, ақырын ғана:

– Меніңше, негізгі операция әлі басталған жоқ қой деймін, – деді сөзіне астар бере сөйлеп.

– Дәурен Эврироб ойын тез түсінді де жедел жауап қайтарды.

– Оның рас. Негізгі операция әлі алда. Ұлы ұстазымыз Гордон түрмеде жатқанда біздің аз істі мақтан тұтып, масайрауымызға әлі ертерек, – деді.

Эврироб Дәуреннің Гордонды “Ұлы ұстазымыз” деп бауыр тарта, жақын тұта сөйлегеніне шын риза болды.

38. ОПЕРАЦИЯҒА ДАЙЫНДЫҚ

– Гордонды құтқару үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Кешігу дегеннің мұндай жағдайда аса қатерлі болып аяқталатынын естіп те жүрміз, көріп те жүрміз, – деді Дәурен жігерлене сөйлеп.

– Ол үшін біз алдын-ала Гордонды құтқару операциясын егжей-тегжейлі ойластыруымыз керек шығар.

– Онсыз бір қадам аттауға болмайды. Көне, картаны анықтап көріп алайық. Амелгупа аралы... Амелгупа аралы... Көк квадрат. 284...285...285... квадрат екен, – деді Дәурен картаға сұқ саусағын қадап.

– Иә, дәл сол арал, – деп Эврироб Ұлы мұхит ортасындағы шағын аралды қызықтай қарап. – Картадан қарасаң, кіп-кішкентай, ал былайша үп-үлкен арал.

– Әрине, картаның ерекшілігінің өзі де осы емес пе. Мына қызықты қара, сонда осы аралға дейінгі қашықтық тіптен недәуір екен.

– Сонда қанша?

- Жеті мың сегіз жүз километрдей.
- Аз қашықтық емес. Бірақ, мен осы аралықты сегіз сағат уақытта ұшып өттім.
- Әрине, жылдамдығыңның ғаламат екендігіне ешкім шек қоя алмайды.
- Гордон мені сынап көруді соншалықты армандап еді. Ендігі сынау кезегінің күрделі бөлігі сенің үлесіне тигелі отыр.
- Әрине, солай! Бірақ, біз ұшу сапарын түнде аяқтауымыз керек. Бұл өте маңызды, – деді Дәурен картадан жүзін көтере беріп.
- Менің байқауымда, сол Амелгупа аралының маңында шағын аралдар тобы бар секілді. Біз қайткен күнде де сол аралдың біріне қонуымыз керек.
- Бұл ойыңмен келісемін, – деді Эврироб Дәурен ойының жүйріктігіне тәнті болып.
- Дәурен, біз Гордонды қалай құтқару жөнінде іске асар шараларды әлі нақты әңгімелеген жоқпыз ғой.
- Эврироб, күдігін орынды. Менің ойымша, біз құтқару операциясының нақты жоспарын сол аралдың біріне барып қонған соң жасауымыз керек. Оның себебі, сенің бойыңдағы қуатты импульстардың кемістігі бар. Жер бетінен төмен деңгейдегі объектілерді айқындау бұл жерден мүмкін емес.
- Сондықтан не істеу керек деп ойлайсың?
- Гордонның жер астындағы зындандардың бірінде камалып жатқаны айдан анық. Ол үшін Амелгупа аралының төбесінен барлау жасауың керек.
- Ойың өте орынды. Ендеше сапарға дайындалайық.
- Мен дайынмын. Тек ата-анама ескертіп кетуім керек.
- Сонда үйге барасың ба?
- Үйге неменеге барамын. Осы жерден-ақ хабар бере салсақ болмай ма?
- Өзің біл. Бірақ, олар голографиялық бейненнен қорқып калып жүрер.
- Оқасы жоқ. Мамам жақсы физик, папам да ғылым мен техникадан жан-жақты хабардар адам.
- Онда не істейін, голографиялық пультті қосайын ба?
- Бассаң бас. Дыбыстық пультті де ұмытып кетіп жүрме. Қазір мамам үйде. Түстен кейін мектепте сабағы жоқ.
- Жарайды.

39. РҰҚСАТ БЕР, МАМА!

Экраннан аулада бакша суарып жүрген Дәуреннің мамасы көрінді.

– Маматай!

Ол тосын дауыстан селк етіп басын көтеріп алды да, үй қабырғасына түскен қалқып тұра қалған тосын бейнеге шошына қарады.

– Ойбай, мынау елес секілді не сұмдық? – Көзі үрейге толып кетті.

– Маматай, танданбаңыз, қорықпаңыз! Мен Дәуренмін ғой. Сіз менің голографиялық телебейнемді көріп тұрсыз.

– Сен қайда тұрсың? – деді ол әлі үрей арылмаған үнмен.

– Кешір, маматай, мен оны тап қазір айта алмаймын. Оның көп себебі бар.

– Неге айтпайсың? Мен сені мынадай бейнеден көріп тұрғаныма қатты толқып тұрмын. Сенің, айналаңның бәрі бір түрлі қорқынышты ғой, анау қасында тұрған немене?

– Мама, бұл менің сенімді серігім – Эврироб. Сізден мен айтқан құпияны сыртқа шығармай сақтайтыныңызға сенемін. Бұл – ұлы өнерпаз Гордон жасап шығарған адам-робот. Оның бар қасиетін тап қазір айтуға уақыт тар. Оның ғажайып өнерін өзім алыс сапардан оралған соң жыр қылып айтамын.

– Айтып тұрған алыс сапарың не, жаным-ау? – деп мамасы мүлдем үрейленіп кетті. Сол кезде Дәурен асығыс сөйлеп:

– Мама, мені тыңдаңызшы. Өтірікші боламын деп қорықпаңыз. Маған небәрі үш-төрт күнге рұқсат беріңіз. Мектепке, папама бір сылтау айтуыңызды сұраймын. Бұл бара жатқан сапарымыз – адамзат баласының игілігіне арналған сапар. Кейін бәрін түсінесіз. Егер маған рұқсат бермесеніз, онда менің досым Эвриробқа өте ауыр соғуы мүмкін. Ол да, мен де өте жаспыз. Бірігіп жүріп ойласақ, ақылдассақ, күрмеуі қиын мәселелерді шеше аламыз.

– Жаным-ау, белгісіз, аты жоқ сапарға сені жіберіп қойып, төсекте қалай тыныш ұйықтаймын, – деп анасы Зағиша жыламсырай бастады. Сол кезде Эврироб тіл қатты:

– Зағиша апай, жыламауыңызды өтінемін. Бұл сапардан балаңыз аман-сау оралатынына күмәнданбаңыз. Егер Дәурен қажет деп тапса, біз сізбен күнделікті хабарласып отырамыз.

– Қалай хабарласасындар?

– Тап қазір қалай хабарлассақ, солай хабарласамыз.

– Иә, иә, Эврироб өте дұрыс айтады, – деп Дәурен серігінің ойын қуана мақұлдады.

– Дәурен, тек уақытын келісіп алғанымыз жөн. Қай кезді қолайлы көресің?

– Сағат 15 кезі дұрыс. Себебі, мамам үйде болады. Папам жұмыста, әпкем Ақнұр оқуда.

– Міне, Дәуреннің бұл ойымен келісуге әбден болады деп ойлаймын, – деді Эврироб Зағиша апайдың көңіл күйін түсінген раймен.

– Мама, бұдан былай дәл жаңағы уақытта мен сабақ дайындайтын бөлмеде кездесейік, – деді Дәурен.

– Ойбай-ау, сен не деп тұрсың, мен саған кесіп-пішіп ешнәрсе айтқан жоқпын ғой. Сенің мынау Эвриробыңның қайда бастап бара жатқанын қайдан білейін? Ол жақтан қайтар-қайтпасына менің көзім жетпейді, – деп анасы мүлдем безек қаға, қинала сөйледі.

Дәурен тар бөлме ішінде теңселіп жүріп кетті. Барар сапарының түпкі мақсаты айтпай-ақ қойсам деп іштей бекініп еді. Бірақ анасы мына қалпында шырқыраған шындықты айтқызбай қоймайтындай. Бір кезде ол тебірене сөйлеп кетті:

– Маматай, жаным менің! Менің жанымды түсінші! Менің серігім Эвриробтың хал-жағдайын түсінші! Өтінемін, маматай, түсінші мені! Әсерлі қызыл тілмен сөйледі деп сөге көрме. Дүниенің төрт бұрышының терезесі тең болмай, тұтас бір халықтың аз тобы көпшілігін езіп жатса, түрің басқа деп, түсің басқа деп, қатар отырып ас ішпей, партаға қатар отырғызбай жатқан сорақы сұмдықтар жер бетінде болып жатқанда, мен қалай тыншып отырмақпын, сіз қалай тыншып отырмақсыз! Адамзаттың ақыл-санасы толысып, жоғары деңгейге жетті деп жар салып жүргенде, өз жерін, өз суын аңсаған халықты екінші біреулер қарумен қудалап, баласын жетім етіп, елінің көз жасын көл қылып, қанға бояп жатса, біз қалай тыншып отырмақпыз?

Дүниенің енді бір бұрышында он екіде бір гүлі ашылмаған жас баланың беліне граната буып, қарсы келе жатқан танктің астына түсуге тәрбиелеп, шейіт кетсең, жас жаның мәңгі-бақи жұмақта болады деп сәби сананы улап жатса, мен қалай тыншып отырмақпын?

Ұлы табиғаттың ғажайып перзенті – Ұлы теңізімізді қолдан суалтып, қолдан халық қасіретін жасап отырған санасыздығымызды көріп отырып, мен қалай тыншымақпын?

Егер сіз мені осы сапарға жібермесеңіз, онда сіз бүкіл адамзат баласының алдында ауыр күнә жасайсыз. Біз Амелгупа

аралында қасірет шегіп жатқан ұлы өнертапқыш Гордонды Сумбарито залымның қанды тырнағынан құтқармақпыз. Гордонды құтқарсақ, біз оның бүкіләлемдік сананы сабырлы қалыпқа салатын ғажайып машинасы “Ноогуманисіне” ие боламыз. Мына менің қасымда тұрған Эвриробтың бір өзі неге тұрады! Бұл — оның небәрі алғашқы тырнақалдысы. Біз қайткен күнде де үлкен тәуекелге бел буып отырмыз. Сондықтан да, маматай, сіз мені мейлінше түсініңізші! Маған сәт сапар тілеп, ақ батамен рұқсат беріңіз, маматай, өтінемін! — деп Дәурен бар жан-тәнімен беріле, тебірене сөйледі.

Эврироб та қатты толқу үстінде тұрды.

Анасының көз жасы мөлт-мөлт етіп:

— Рұқсат, рұқсат, балапаным! Жолдарың болсын! — деп теріс айналып кетті.

Дәурен тамағына тығылған жасты іркуге тырысып бақты.

40. ҰШУ САПАРЫ

Дәурен жартастағы үйдің есігін мықтап бекітті.

Эврироб көкке көтерілуге дайындала бастаған екен. Ол Дәурен бойында қобалжу бар екенін іштей аңғарып үлгерді. Оның көңілін сергітіп, мазаң ойдан аулақ серпу керек деп ой түйді.

— Ал, Дәурен, тәуекелге бел буып, Амелгупа аралына сапарымызды бастайық! — деді жігерлі үнмен.

— Онда не тұрыс! Мен дайынмын! — деді Дәурен де сергек үнмен тіл қатып. Эвриробтың кеудесіндегі ұшақ бейнелі кнопканы басқан кезде қанаты жайылып, жон арқасы тұсынан Дәурен отыратын шағын әйнекті кабина пайда болды.

Эвриробтың бойы сұңғақтанып, биіктеп кетті. Дәурен кабинаға жайғаса отырысымен, сырғымалы мөлдір әйнек сарт етіп қайта жабылды.

Шап-шағын, әдемі, жайлы кабина Дәуренге салған жерден ұнады.

— Қалай жайғастың ба?

— Жайғастым.

— Кабина ішіндегі тетіктерге тиісудің еш қажеті жоқ. Тек карта бойынша ұшу координатын бақылап отыр. Жаңағы нұсқауда солай жазылған еді ғой.

— Иә, солай жазылған. Барлығы автоматты түрде басқарылады.

– Тек Амелгупа аралы маңына барған кезде қону аланын дұрыс іздестірсек болды.

– Біз ол ауданға түн кезінде түсетін болармыз.

– Дәл солай. Ал, Дәурен, ұшуды бастаймыз.

– Нар тәуекел!

– Ендеше, кеттік. – Дәуреннің құлағына сырт еткен дыбыс естілді.

Эврироб аспанға қарай, көлбей көтеріліп, зулай жөнелді.

Дәуреннің тұла денесі шымыр етіп, басына қаны шапшыды. Жүрегі зуылдап, демалысы жиілеп кетті. Эвриробтың үні кабина ішінен естілді.

– Мен бәрін де сезіп отырмын. Аз уақыттан соң қалыптасып кетесің. Бірінші рет биіктікке көтерілген кезде ол занды құбылыс, – деді.

Эвриробтың ұшу жылдамдығын Дәурен анық байқай алған жоқ. Өте төменде қаздай қалқып ұшқан бұлттар мен мейлінше жіңішке, нәзік болып көрінген жолдарды, өзендерді, ғажайып бейнелі жер түрлерін қызықтап отырды. Аппақ қарлы шындар да төменде тым аласарып, бәсең тартып қалыпты.

Эврироб Дәурен бойында ояңған қызықтар мен құмарлық құшыры тарқағанша оны әңгімеге тартқан жоқ.

Біраз уақыт өткен соң барып Дәурен ерекше көтеріңкі леппен:

– Жеріміз неткен керемет сұлу! – деп масаттана тіл қатты.

– Иә, дұрыс айтасың. Ұлы ұстазым Гордон: “Бүкіл Галактикада сұлулығы жөнінен Жерге пара-пар келетін бірде-бір планета жоқ”, – дегені есімде, – деді Эврироб оның пікірін қолдап.

Дәурен аз үнсіздіктен соң былай деді:

– Өкінішке орай, осы сұлу жер бетінде санаға сыймайтын сұмдықтар болып жатыр, – деп күрсініп қойды.

– Менің ұлы ұстазымның ең асқақ арманының өзі осы санаға сыймайтын сұмдықтарды болдырмайтын әмбебап ақыл иесін жасау емес пе еді. Ол сол үшін тер төгіп, бар жан-тәнімен құлшынып тұр еді. Көлденең келген кесірдің қандай зардапты екенін осы жолы мен айқын сезіндім. Ал менің сол “Ноогуманистің” жасалып, өз қызметін іске асыра бастағанын көргенше қалай асық болып жүргенімді білсең ғой, – деді Эврироб өз ойын ақтара.

– Немене, мен асық болмай жүр деп ойлайсың ба? – деді Дәурен күліп.

Сәлден кейін Эврироб:

– Жер бетінде әр отбасының өзінің кішігірім ақылды Эвриробы болса, – деп жаңа сыр ұшығын шығарды.

– Ол үшін не керек? – деді Дәурен таңдана.

– Кейде сен сұрақты соншама аңғал қоятының мені тандандырады, – деп Эврироб күліп қойды.

– Мен шын білместіктен сұрап тұрғанымды жасырмаймын. Шынында да ол не үшін керек? – деді Дәурен шын ынтыққан көңілмен.

– Жарайды, айтайын, – деді Эврироб. – Мысалы, сенің бойыңда өзімшілдік пе, зорлықшылдық па немесе әлдебір сүйкімсіз мінез бой көтере бастады дейік.

– Иә.

– Ол алғашқы кезде сенің әкең мен шешене, керек болса, өскен ортана да байқалмауы мүмкін ғой.

– Иә, әбден мүмкін.

– Міне, тап осы кезде сенің сананда бой көтере бастаған “ауруды” анықтай қойып, оған қарсы отбасылық кішігірім робот биоимпульстік ем жасай бастау керек.

– Өте қызықты идея екен, – деді Дәурен сүйсіне тіл қатып.

– Оның адам қабілетін айқындағыш робот жасаймын деген ойы ше?!

– Ол қандай ой?

– Көптеген адамдар өз бойларындағы бар қабілеттердің сырын толық біле бермейді. Әрқалай себептермен өз күштерін өзге бағыттарға жұмсайды. Бірақ ол ойдағыдай нәтиже бере бермейді. Міне, осы бір қиын сәттерде адам бойындағы негізгі айқындауыш бағытты, оның аса жағымды талант көзі ашылар тұсты көбіне айқын көрсетіп, қабілет деңгейін айқындап, бағыт сілтер робот жасауды да ойға алып жүрген.

– Шынында да Гордонның ой-қиялы тіптен жүйрік екен, – деп Дәурен қиялға берілген қалпы көгілдір кеңістікке күлімсірей көз тасады. Әлден соң барып Дәурен Эвриробқа:

– Эвриоб, мысалы, сенің алыс қашықтықтағы адамның санасына әсер ету қабілетің өте керемет.

– Жоқ, Гордонның пікірінше, ол керемет емес. Менің бойымдағы бұл қасиет шағын көлемдегі адамдар тобына ғана әсер ете алады. Ал Гордон осы қасиетті кең ауқымда қолдансам деп, алдына үлкен мақсат қойып жүрген. Сонымен бірге адамзат баласын өсіру үшін емес, өшіру үшін жасалған, жасалынып жатқан, жасалынбақшы барлық құралдардың үлкен-кішілерін түгел жинап алып, залалсыздандыратын бір қуатты техноу-

манистік құрал жасасам деп бірде қиялға берілгенінің куәсі болдым.

– Түсіндім, түсіндім, – деді Дәурен Эврироб сөзін аяқтатпастан. – Егер ол бұл ойын жүзеге асыра алса, оның болашақ өмір үшін қандай пайдасы бар екенін ойға сыйғыза алмайсың. Әлгі “Бүкіләлемдік сана туралы трактаттардағы” идеялардың жүзеге асуының өзі осыдан басталмай ма, – деп Дәурен ойлы пішінде жөткірінді. – Онда жер бетінде Мунино секілді тұл жетімдер ешқашан болмас еді-ау, – деп мұң үйірілген көзін жұмып, желке тұсындағы кішкене жастықшаға басын сүйеді...

41. СОҢҒЫ ТҮС

... Шырылдап жылаған сержант Шамир қалың шағыл құмға барып етпетінен түсті. Үстіндегі қанға шыланған кеудешесі далдал. Солқ-солқ етіп жылап, жер тырмалап жатыр. Жылап жүріп, сөйлеп жатыр.

– Мунино! Мунино! Кеш мені, бауырым! Кеш, кеш, жаным! Мені қандай жазаға бұйырсаң да дайынмын!

Сенің әкең мен шешенді, үш бауырыңды өлтірген мына менмін! Менің қолымды балталап кесші! Аямай кесші! Өтінемін сенен, аямашы мені!

Сол кезде шағыл құмның ар жағынан ақырын басып, түп-тұнық кара көздері жәудіреп Мунино келе жатты. Соңында сүйреткен сары түсті машинасы бар. Кеудесіне қаза тапқан қарындасының қуыршағын қыса ұстапты.

Ол ақырын басып келген бойда, жер бауырлап жатқан сержант Шамирдің басын көтеріп:

– Жыламаңызшы, Шамир ағай! Өтінемін! – деді.

– Мәңіз, мынау менің қарындасымның қуыршағы. Сізге сыйладым. Үйдегі қызыңызға апарып беріңізші. Ол сізді сұмдық сағынып жүр, – деп елжірей сөйледі. Сөйтті де сарғыш бұйра шашы желмен ойнаған, көзі мөлдіреген қызыл көйлекті қуыршақты аң-таң болып, абдырып қалған Шамирге ұсынды.

– Алыңыз, Шамир ағай! Мен сізге шын көңілден ұсынып тұрмын. Өзін көптен жоғалтып, енді ғана тауып өкелдім. Алыңыз! Үйдегі қызыңызға апарып беріңізші. Ер бала қуыршақпен ойнамайды ғой. Мен жоғалтып алған машинамы тауып алдым. Қызыңыз сізді қатты сағынып жүр. Мына қуыршақты алып, мәз болып қалсын.

Сержант Шамир сұмдық бір мұнды, қасірет толы көзбен Муниноға тесіле қарады да:

– Рас па, Мунино, – деді ақырын сыбырлап.

– Рас.

– Шамир ағай, алыңыз. Сол кезде сержант қуыршақты көкірегіне басып, бар болмысымен егіле, езіле жылады. Астыңғы ернінің қанын ағыза, қырши тістелеп, басын сұмдық бір опынған халде онды-солды шайқай, түрегеле берді.

Түп-тұнық қара көздері жәудіреген Муниноның мұң шалған жүзінде әлсіз күлкі қылаң берді.

– Шамир ағай, жолыңыз болсын! Барыңыз үйіңізге, тезірек барыңыз. Сарғыш бұйра шашы желмен ойнаған қызыл көйлекті қуыршақ қыздың көгілдір көзіндегі күлкіге Шамир тесіле, ұзақ қарады да, ақырын басып, аяндап кете барды. Аяқ басысы өте ауыр.

Осы мезетте көкжиектен ұшып келе жатқан Эврироб көрінді. Кабинасында үш өнерпаз отыр. Эврироб пен Гордон қонған бетте, күлімсірей адымдап, Муниноға тақанды.

Гордонның жүзіндегі мейірбан күлкіні көргенде, Мунино оған қарсы жүгіре барып, құшақтай алды. Гордон әлуетті қолдарымен Муниноны көтеріп алып, бетінен сүйді.

– Мунино, сен қандай тамаша баласың! Сен Шамирге өте дұрыс істедің! Одан арғысын айтудың қажеті де жоқ, – деп бауырына қатты қысты...

– Дәурен, Дәурен! Ұйқыдан оян! Амелгупа аралы маңына тақадық! Кәне, қону координатын тез айқындап жібер, – деді Эврироб.

ӨКПЕЛІ МАШИНА

(ертегі)

Қанат сарайдың ішін қопарыстырып жүрді. Бір қуыста тот басқан сынық күрек жатқан еді. Ол байқаусызда аяғын күрекке соғып алды да, жылап қалды.

— Қап, сен оңбағанды ма, осыдан, — деп, ызаланған Қанат сынық күректі аула сыртына лақтырып жіберді.

Есен деген бала мектепке темір сынығын сүйреп бара жатты. Бірақ, онысы өте аз еді. Жолында жатқан сынық күректі көргенде, Есен қатты қуанды.

— Алақай! Тіпті жақсы болды-ау! Ол сынық күректі сыммен таңып алды да, мектепке қарай қуана адымдады.

«Апайымыз мақтайтын болды!» деп іштен ойлап қойды...

Біраз уақыт өтті. Сынық күрек машинаға тиеліп, қаладан бір-ақ шықты. Барған бетте зауыттың ауласына түсірілді. Ол сол бетте жалыны алаулаған пештің ішіне сүңгіді де кетті. Түсісімен-ақ әп-сәтте қорғасындай балқып, бүрқ-бүрқ етіп аққан отты тасқынға ілесіп кете барды. Тіпті есін жиып та үлгеруге мұршасы болған жоқ...

Арада біраз уақыт өтті. Қанат көшеге ойнауға шыққан болатын. Ойыншықтар сататын дүкеннен Есен шығып келе жатыр екен. Қолында ойыншық машинасы бар. Екі езуі екі құлағында.

— Қанат, көрдің бе, менің машинамы! — Үнінен мақтаныш лебі еседі.

Шындығында, машина көз жауын алғандай өте әдемі екен. Бояуы қандай, мүлдем құлпырып тұр!

— Қанша екен?

— Жүз теңге.

— Охо, онда мен де аламын!

Қанат екі өкпесін қолына алып дүкенге жетті. Сөреде жалғыз-ақ машина қалыпты. «Ой, алақай-ай!».

— Енді кешіккенде құр қалатын екенсің, Қанатжан, ә! — деді сатушы әйел машинаны қорапқа салып жатып. Жүрегі лүп-лүп еткен Қанат машина қолына тиісімен көшеге жүгіре шықты.

«Теп-тегіс асфальт жолдың үстімен бір жүргізіп көрейін».

Ол машинаны жолдың үстіне жайлап қоя берген еді. Сол-ақ екен, ойыншық машина қозғала берді. Иә, иә! Ақырындап қозғала берді де, зырлап ала жөнелді.

Қанат өз көзіне өзі сенбей аңтарылып тұрып қалды. Әлден соң барып өз-өзіне келген ол айқай салды.

– Токта! Қайда барасың? – деді де қуалап кеп берді.

– Токтамаймын! – Өткір үнмен үн қатқан машина үнін естігенде Қанат сәл-пәл кідіре берген. Өз құлағына өзі сенбеді.

– Не дейсің?

– Токтамаймын деймін!

Ия, машинаның дәл өзінің даусы!

– Токта деймін!

– Токтамаймын!

Жүгіре-жүгіре өкпесі өшті. Машинаның тоқтар түрі көрінбейді. Қанат амал жоқ тоқтады. Осы кезде Машина да жүрісін баяулата беріп, аялдама жасады.

Екеуі ауылдан біраз ұзап шығып кеткен екен. Әбден титықтаған Қанат әлсіреген үнмен:

– Сен менен неге қашасың? – деді.

– Ал сен неге менен қаштың? – деді Машина.

– Мен сенен қашан қаштым?

Қанат тандана тіл қатты.

– Сен менен қашан қашпадың?! Сынық күрек есіңнен шығып кетті ме?

Қанат аң-таң.

– Қай сынық күрек?

– Көктемдегі сенбілік есінде ме?

– Қай сенбілік?

– Сұрағының түрін қара! Әрине, сен сенбілікті біле тұра білмейсің. – Машинаның үнінен мысқыл аңғарылды.

– Сынық күрекке соғып, аяғыңды ауыртып алғаның есінде ме?

– Қашан?

– Өзіңнен-өзің ызаланып көшеге күректі лақтырғаның есінде ме? Мүмкін, үйге тығылып, сенбілікке бармағаныңды ұмытпаған боларсың.

Қанат ойланып қалды. Көмескі оқиға елесі ойына енді-енді орала бастады.

– Оның бұл жерде қандай қатысы бар?

– Қатысы неге болмасын, әбден бар!

– Сонда қандай?

– Мен – сол сынық күрекпін!

– Кім? Сен бе? – Қанаттың көзі ұясынан шығып кетті.

– Ия, тап мен.

– Сонда қалай?

— Солай! Мені сол сынық күректен жасаған.

— Қалай жасаған?

— Оны саған білудің қажеті бола қояр ма екен. Ал осымен қош-сау болып тұр. — Ол сақ-сақ етіп күлді де, жол үстімен зырлап ала жөнелді.

Қанат орнынан көтеріле берді де, отыра кетті. Көз ұшында ұзап бара жатқан әдемі машинаға соншама қимастықпен қарады.

Оның жылағысы келіп кетті.

ШЫНАШАҚТАЙ ШЫМЫРБЕК ПЕН НҮРЖАН

(ертегі)

Нұржан жиі ауырушы еді. Оның папасы мен мамасы күнде ерте тұрып, жұмысқа кететін. Мамасы кетер алдында Нұржанға ұзын-сонар ескертулерді әрдайым қайталап айта беретін әдеті бар-тын.

- Далаға желең кетіп жүрме!
- Терезені ашып қойма, суықтап қаласың!
- Сыртқа шықсаң, қалың киін!
- Бөкебайды мойнына мықтап орап ал!
- Көшеде көп жүріп қалма!

Осы секілді шектеу мен тыйым сөздерге Нұржанның бойы үйреніп кетіп еді. Ол шешесінің сөздерін бұлжытпай орындайтын. Бірақ, соған қарамастан жиі-жиі ауыра беретін.

Кішкене үстелдің үсті босаған сауыт пен дәрі қораптарына толды. Ол өз құрбыларының ашық-жарқын ажарларына, көңілді күлкілеріне, асыр салған ойындарына соншама қызығатын. Солар құсап өзінің еркін асыр сала алмайтынынын ойлағанда, мойнына су кетіп, қатты мұнайып қалатын.

Күн артынан күндер өте берді. Нұржан сабаққа бірде барса, бірде бармай қалып жүді. Мұғалім апайы оның бұл халіне үлкен аяушылық білдіріп, қабырғасы қайысты. Үйге бірнеше рет келіп кетті.

– Қайткенде де емдетіңіздер! Өзі жүдеп болыпты, – деп бәйек болып, тапсырып жатты.

Бірақ, емханада емделу Нұржанға бәлендей жеңілдік әкелмеді. Үнемі ұйқысы келіп, басы айналып қала берді. Ынтаықыласы ылғи жатуға ауып тұратынды шығарды.

Бір күні Нұржан есік алдындағы баспалдақта қалың киініп алып отырған болатын. Көрші үйдің кішкене қызы есік алдында ойнап жүр екен. Кішкене тұлымшағы желпілдеп, жеңіл қозғалады. Қолындағы допты қақпалдап жерге түсірмей бір ойнаса, енді бірде жерге соғып, секіртіп ойнатып әкетеді. Күн желең, салқын болса да, жеңіл, ықшам киініп алған. Екі бетінің ұшы қызғылтым нұр шашып, мүлдем ажарланып алған.

- Нұржан, кел, доп ойнайық!
- Ауырып отырмын.
- Доп ойнасаң, жазыласың!
- Мамам ұрысады ғой.

- Неге?
- Ентігіп, терлеп қаласың деп.
- Ұрыспайды. Қашанғы отыра бересің?
- Шаршап қаламын. Қойшы, ойнағым келіп тұрған жоқ.
- Бүгін де сабаққа бармайсың ба?
- Жоқ, бара алмаймын. Басым ауырып отыр.

Кішкене қыз басын шайқады да, әрі қарай ойнай берді. Өзі мейілінше бір көңілді әуенді ара-тұра айтып қояды. Жас қыздың аты Жанар болатын. Нұржанның үнемі енжар жүргеніне ол іштей ренжитін. Кейде:

– Өзі нағыз жалқау, еріншек, – деп дауыстап жіберетін. Бірақ, бір ретте осы ойын Нұржанға бетпе-бет айтқан емес-ті. Бір-екі рет айтсам ба деп ойлағаны бар. Артынша: «Қой, өпкелетіп алармын», – деп өз ойынан бас тартты.

Күн артынан күн өте берді. Жанардың ойынан Нұржанның көңілсіз күйі шықпады.

«Қалай етсем екен?».

Ол он ойланып, жүз толғанды. 13 қазан күні Нұржанның туған күні болатын. Соған бір естен кетпес жақсы сыйлық дайындауды ойлайды. Бұл бір ерекше сыйлық болуға тиіс.

Жанар дүкеннен пластилин сатып алады.

Демалыс күні болатын. Ол өзінің шағын бөлмесінің есігін ішінен іліп қойды. Жүрегі лүпілдей, қолына түрлі-түсті пластинді алды да: «Нар тәуекел!» – деп жұмысқа кірісіп кетті...

Нұржан тас жамылып, бүркеніп ұйықтап жатқан. Кенет құлағына ашылған есіктің еміс-еміс сықырлаған дыбысы жеткендей болды. Әлдекім ақырын басып, бөлмеге еніп келе жатқандай. Бірақ Нұржан басын көтеруге ерінді. Тәтті ұйқы оны қайта арбай бастады. Бір мезетте құлағына көңілді әннің әуені талып жеткен сықылданды. Нұржан: Өнім бе, түсім бе? – деп самарқау ойланды. Жоқ, өні екен.

Ол басын шапшаң көтеріп алды.

Бұрыштағы үстелдің үстінде бұған қарап қулана күлімсіреп бір бүйірін таянып, бір қолына доп ұстап, кіп-кішкентай, шынашақтай бала тұр. Үстіндегі көгілдір мәйкесі мен қызыл түрсиі мүлдем жарасымды-ақ. Кішкене кекілі көзіне түсіп, дөңгелек жүзіне көңілді көрік беріп тұр.

Нұржанның көзі ұясынан шығып кетті. Сасқанынан:

– Ой, сен кімсің? – деді үрейлене. Шынашақтай бала қолындағы әлеміш бояулы добын бұлтылдата ойнатып:

– Менімен шын танысқың келіп тұр ма? – деді көзін сығырайтып.

– Иә.

– Онда менің атым – Шымырбек, – деп кішкентай қолын Нұржанға ұсынды.

– Сені кім жасаған?

– Жанар.

– Жанар?! Көрші үйдегі қыз ба?

– Дәл солай.

– Не үшін жасаған?

– Міне, қызық! Бүгін он үшінші қазан – сенің туған күнің емес пе?

– Иә, солай!

– Ой, сен бара-бара өз атынды да ұмытып қаларсың.

Нұржанға осы соңғы сөз шаншудай қадалды. Шымырбек оның жүзіне барлай қарап, сөзін әрі жалғады.

– Жә, сенің жатуың да, ауруың да жетті. Тұр орныңнан! Нұржан орнынан қалай атып тұрғанын білмеді.

– Тез киін!

– Қайда барамыз?

– Сыртқа.

– Сыртта не істейміз?

– Сені емдеймін.

– Сен дәрігерсің бе?

– Жоқ. Дәрігер емеспін, бірақ, дәрігерден бір кем емеспін.

– Тағы да укол саласың ба? – Нұржан қорқайын деді.

Жара-жара болған жамбасына қарай қолы қозғала бастады.

– Жоқ, укол салынбайды.

– Онда ащы дәрі бересің бе?

– Бір түйір дәрі ішпейсің.

– Сонда қалай?

– Сыртқа шыққан соң көресің.

Нұржан мына шынашақтай баланың әміріне бағынып, ырқына тез көнгенін түсініп үлгермеді.

– Кеттік!

Шынашақтай Шымырбек Нұржанды ауыл сыртынан ағатын өзеннің жағасына қарай бастап ала жөнелді. Нұржан ентіге бастады.

– Кішкене демалып ал, – деді. Сәлден соң Шымырбек Нұржанға:

– Көне, орныңнан тұр – деп бұйырды. – Ең алдымен бүгінгі емдеуді жүгіруден бастаймыз. Ал, кеттік, – деп шынашақтай бала алға түсіп жүгіре жөнелді.

Жүгіріп келеді, жүгіріп келеді.

– Асықпа, демінді дұрыстап ал. – Шымырбек қамқор үнмен бұған қайырыла қарап, тіл катады.

– Шымырбек, терлеп кеттім, – деді Нұржан ентігіп.

– Тер шықса, жақсы болады дей бер, жүгірісің жеңілдейді.

Нұржан жүгіріп келеді. Шымырбек кішкентай болса да бір қалыптан танар емес.

– Денеңді еркін ұста!

Өзен бойымен жінішке жіптей болып созылған жалғыз аяқ жолмен Шымырбек қалыпты екпінмен жүгіріп барады. Андасанда Нұржанға күлімсіреп қарап қояды. Нұржан көңілдене бастады. Бойы сергіп, тынысы кеңіп, денесі жеңілдене бастағандай. Айналасына сүйсіне көз тастады. Жалғыз аяқ соқпақ та біртүрлі әдемі көрінді. Бұталар да, талдар да, жеке-жарым шонғал тастар да бұған әрі қызыға, әрі қызғана қарайтындай. Олар өздерінің Нұржан құсап жүгіре алмайтынына өкінетін тәрізді.

– Түу, жүгірген қандай жақсы! – Нұржан ашық-жарқын үнмен үн қатты.

– Әрине, жақсы! – Шымырбек ақсия күлді.

– Шымырбек!

– Әу.

– Сені қуып жетейін бе?

– Жете ғой!

– Қойшы! Қатты жүгіргім келмейді.

– Неге?

Нұржанның тілінің ұшына әлдебір көңілді сөздер үйіріле бастаған секілді.

– Сені қуып жетіп, басып озсам, аяғымның астында тапталып қала ма деп қорқамын, – деді де, Нұржан қарқылдай күлді. Шымырбек те қалжыңға оң иығын беріп тұр екен.

– Нұржан.

– Әу.

– Осы сен мені қуып жете алмайсың -ау деп қорқамын.

– Шындасам, жететін шығармын.

– Әй, жетемін деп жамбасың қирап қалып жүрер.

Екеуі қосыла күлді.

Нұржан жүгіріп барады, жүгіріп барады. Дүниенің бәрі бұған күле, қуана қарайды. Жол бойында әр тұстан әсемдене, сәндене бой көрсеткен неше алуан гүлдер қандай әдемі десейші!

– Нұржан! Нұржан!

– Әу!

– Ауруың қайда?

– Ауылда қалған.

— Дәрің қайда?

— Үйде қалған.

— Жалқаулығың қайда?

— Мамамда қалған.

Екеуі жүгіріп барады, жүгіріп барады.

Жанар аулада қызыл ала добын секіртіп ойнап жүр. Елгезек доппен еркелескен көңілді ән еріксіз еліктіріп әкеткендей.

Добым, добым домалақ,

Зырла, жүгір домалап.

Ойнамаған сенімен

Нұржандарға обал-ақ.

Нұржан мен Шымырбек екеуі көгілдір тауды бетке алып, көзден әлдеқашан ұзап кеткен.

Жүгіріп барады, жүгіріп барады...

МЕЙІРБЕК ПЕН ҚАРАТАЛ

(ертегі)

Ол өзінің жалғыздығына қатты налып, мұңая ойланды. Айдалада елсіз-күнсіз жерде, өзінің жападан-жалғыз жеке, оқшау өскендігін соңғы күндері қатты уайымдап жүр.

Биыл өткен жылғыдай мол емес. Ауа райы құрғақшылыққа өте бейім болып тұр. Соңғы кездері күн мүлдем ысып кетті.

Қаратал қинала күрсінді.

— Шіркін-ай, күн нәсерлетіп жауып берсе ғой! — деп қиялдана ойланды.

Жапырақтары мүлдем жүдеп, рендері солғын тарта бастады.

— Су, су, су! — деп әр жапырақ әр тұстан әлсіз күңкіл-дескендей, жан-жаққа телміре қарады.

Алыстан бұрандап аққан өзеннің ағарандаған бейнесі назарға шалынады.

Бүгін Мейірбектің қуанышы қойнына сыяр емес. Әкесі дүкеннен су жаңа велосипед сатып әперді. Өзінің өдемілігі қандай! «Орленок» деп алтындап жазған әрлі жазуы мүлдем өдемі.

Әкесі бұл күтпеген тағы бір қуанышты хабарды айтты.

— Маятастағы атаңның үйіне барасың. Барып қол-ғабысынды тигіз.

— Велосипедті де апарамын ба?

— Әрине!

Мейірбек әкесін құшақтай алып, бетінен сүйді.

— Қашан барамын?

— Ертең сүт таситын машинаға мінгізіп жіберемін.

— Ой, қандай жақсы болды!

Маятасты Мейірбектің бірінші көруі. Әсіресе, құлама қабақты астарлай аққан өзенді қатты ұнатады. Айнала — қалың жыныс, ну тоғай. Сонау алыста жазанға құлап, ойпатпен ұласар тұста, жарқырап аққан өзен жайдары көрінеді екен.

Мейірбек алғашқы екі-үш күн бойы осы өңірдің табиғатын біршама тамашалайды.

Бүгін ауылдан ұзаққырап, алыс кетіп еді. Жалғызаяқ, көне-леу сүрлеумен келе жатқан. Велосипеді сылаң соқпақпен суси сырғанап, жеңіл келеді. Бойшаң, бұйра жусандар дөңгелек шабақтарына еркелене бас соғып, бұлғақ қаға, артта қалып жатыр.

Ол бүгін мүлдем көңілді. Соңғы күндері болып тұрған ыстықты да көп елен қыла бермейді. Жаңа, жүйрік «Орленок» жас жанына тыншу берер емес.

— Көкешім-ау, күн өтетін болды ғой! — деген әжесінің камқор сөзіне де көп илана бермейді.

Қаратал елең етіп, сонау қашықтан көрінген қараға назар салды. Астына мінген көлігінің түсі қандай ашық еді! Қып-қызылын-ай! Өзі жарқ-жүрк етеді. Қалай қарай барар екен, ә!

Тал бойында әлдебір әлсіз үміт оты тұтана бастады.

— Міне, қызық!

Мейірбек қатты танданды.

— Жапан далада жалғыз өзі неғып тұр?! Өте қызық? — Алыстан көз тартып, мен мұндалап шақырған Қараталға Мейірбек бөлекше құмарлықпен көз тікті.

— Қой, бұл тұрғаным болмас. Не де болса барайын! — деді. Тақана бере Мейірбек Қараталдың әлі жас екенін, әлі әлсіз екенін іштей түйіп үлгерді.

— Алақай-ай! Алақай-ай!

Жапырақтар жамырасып қоя берді

— Қуануға әлі ертерек! — деп Қаратал сенімсіз үнмен тіл қатты.

— Неге қуанбасқа! Бетін бері бұрды ғой! Ол тектен-тек бұрыла ма?

— Қайдам...

Қаратал осыдан соң үнсіз қалды да:

— Өзі шынында да бізге қарай келе жатыр, — деді.

Үнінде сенімділік пайда бола бастады.

— О, бауырым! Амансың ба? Жалғыз өзің бұл жерге қалай ауысып келгенсің, ә? — деді Мейірбек велосипедінен түсіп жатып. Үнінен мейір лебі еседі. Келіп Қараталдың бүйірінен сипады.

— Туысқан, келгеніңе көп рақмет. Мен судан шөлдеп өлгелі тұрмын. Мына аңызак аптап апшымызды қуырып барады. Жапырақтарым жылап, жанын қоярға жер таба алмай тұр, — деді аянышты үнмен. Мейірбек Қараталды қатты аяды. Ол тілге келген жоқ.

— Мен қазір, — деп, велосипедіне мінді де, кері қарай құйындата жөнелді.

Ол көп кешікпей қайтып оралды. Велосипедінің артына таңған кішкене күрекшесі мен шағын тобатай шелегі бар.

— Бауырым, сәл шыда! Асықпа! Мен қазір, — деді де күрекшесімен Қараталдың айналасына су ұялайтындай топырақ қомдады. Тобатайын қыса ұстап, өзенге жүгірді. Танауы тершіп, шөпілдеген мөлдір суды Қараталдың түбіне құйды.

— Айхай-хай-хай, рақат-ай! — Қараталдың тұла денесі ғажайып сезімге бөленді.

— Рақмет, туысқан! — деді емірене.

— Әлі рақмет айтуға ертерек, — деді де Мейірбек өзенге қайта беттеді. Ол осылай бірнеше рет су әкеліп, талға құйды. Жапырақтардың қуанышын тілмен айтып жеткізу еш мүмкін емес-ті. Тамырмен бойлап өзекке жеткен кәусар су жапырақтарды дүр сілкінтті. Барлығы беттерін көкке тосып, күн көзіне айшуақ ажармен қарасты. Еркелене соққан самал жел ырғағымен барлығы билеп ала жөнелді.

— Өздерің қандай көңілдісіңдер! — деді Мейірбек риза пішінмен мандай терін сүртіп қойып. Талдан түскен қою көлеңке жанға мүлдем жайлы екен.

— Сендей баламен дос болғандардың барлығы да көңілді болуға тиіс, — деді Қаратал байсалды пішінде.

— Айтпақшы, сенің атың кім?

— Мейірбек.

— Өте тамаша есім екен.

— Рақмет!

— Мен сені ешқашан есімнен шығармаймын.

— Мен де.

— Ендеше екеуіміз дос болайық!

— Мен сенімен баяғыда-ақ достасып қойғанмын.

Қаратал қатты риза болды. Күн кешкіре бастады.

— Мен ауылға қайтамын, — деді Мейірбек.

— Ертең келесің бе?

— Әрине, келемін.

Қаратал көңілденіп кетті де:

— Ертерек келші. Біз сені асыға күтеміз, — деді.

Қаратал жалғыздық дегеннің өте ауыр екенін бүгінгі түні түсінгендей. Бұрын тап осындай халді бастан кешіп көрмеген екен. Қанша ұйқысы келсе де, тынши алмады. Өз-өзінен елегізіп, көзін ашып алып, жол жаққа қарағыштай береді.

— Опыр-ау, бұл қандай? Бұрын қалай тіршілік етіп келгенмін?

Бойымен жүгірген су ағыны жанын жайландырып баралы. Бір кезде Мейірбектің бұған сүйеніп тұрып, өзін еркелете сипағанын есіне алды. «Алақанының жұмсақтығы қандай!».

Мейірбекті сағынып кетті.

Кенет Қаратал елең ете түсті. Өзара күбірлесіп тұрған жапырақтары да тынши қалды.

— Ой, аяғым-ай! Аяғым-ай! Жаныма батты-ау! — деп күрсіне қиналған дауыс естілді.

— Бұл кім?

— Мен ғой.

— Менің кім?

— Ақбөкенмін.

— Не болды?

— Аяғым сынды.

— Неден?

— Оқтан.

— Мұнда кел тезірек!

Ақбөкен кідіріп қалды. Екі бүйірін соғып, ыңқ-ыңқ етеді.

— Не істейсің, не қылмақсың?

— Ертең менің досым келеді... Соған жолық. Сол емдейді аяғыңды.

— Ол кім?

— Мейірбек деген бала.

— О, жоқ-жоқ, мен біреуінен әрең құтылып, енді екіншісінің қолына түсер жайым жоқ.

— Ақбөкен, достым, ол ондай адам емес.

— Жоқ, мен оларға сенбеймін.

— Тоқта, Ақбөкен, егер сенбесең, менің жапырақтарымнан сұра.

Олар:

— Рас, рас! — деп түн ауасын жаңғырта шуласты.

Ақбөкен енді иланғандай. Ақсаңдай басып Қараталға жақындады.

— Кел, мұнда жат! — деп өзінің түбін нұсқады.

— Мына жер жақсы, салқын екен. Түу, әбден өлесі болдым-ау, — деп

Ақбөкен бір бүйірінен жата кетті.

Қаратал түс көрді. Ақбөкенді машинаға мінген есер топ еліре қуып келеді. Қолдарында бір-бір мылтық. Айнала тарс-түрс атыс. Ызы-қиқы, елірген шу. Жалғыз Ақбөкен басын тұқырта төмен салып алып, ызғып келеді. Артқы бір аяғы сынған екен. Салақтаған сирағы жүгіргенде дегелек ойнап келеді.

Кенет бір тасадан Мейірбек қызыл велосипедімен жарк етіп шыға келді.

– Тоқта! Тоқта! Қос қолын көкке жайып жіберіп, рулін босатып қоя берді де, қаптаған қалың мылтықтың алдынан қасқайып қарсы шықты.

– Ах, оңбағандар, тоқтандар!

Бірақ, аласұрған машина тоқтар емес. Ағындап келеді. «Енді болмаса қағады-ау! Құтылсаңшы, құтылсаңшы! Өлтіреді-ау сені ана жауыздар!».

Қараталдың көзінен жас шығып кетті.

Ол ұйқысынан шошып оянды. Көзін ашып алса, әбден әлсіреген Ақбөкен енді тыныштық тауып, тәтті ұйқыға бөккен екен.

Анандай жерде ақсия күлген Мейірбек велосипедімен келеді. Көгілдір тобатайына қондырып алған Қараталдың кішкентай көшеті бар.

– Енді сен жалғыз болмайсың! Міне, көрдің бе, мұнда саған лайық серік таптым. Түп топырағымен ойып әкеле жатырмын. Көрдің бе, мұнда қарашы! – деп таңғы ауаны жаңғырта айқайлап келеді.

Қаратал шын жылады, егіле жылады. Қуанғанынан жылады. Елегізіп қалған Ақбөкен Қараталға бір қарап, Мейірбекке бір қарап, аң-таң күйде аз тұрды.

САУСАҚТАР АЙТЫСЫ

(Ертегі)

Бәрі күтпеген жерден басталды.

Оң қолдың саусақтары – Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек арасында үлкен дау туып кетті. Бас бармақ:

– Менің барлықтарыңнан жасым үлкен, керек болса, жолым да үлкен. Қол атқаратын жұмыстың көбі менің күшіммен атқарылатынын ұмытпандар. Сондықтан сендер мені сыйлауларың керек, – деді. Балалы үйрек:

– Ал менің жолым сенен кем деп кім айтты? Тіпті сен менің көмегімсіз қалам да ұстай алмайсың ғой, – деді қызына сөйлеп. Сол кезде Ортан терек:

– Сендердікі не дау?! Осындай артық әңгіменің қажеті қанша? Маған арқа сүйемей, екеуің еш нәрсе де бітіре алмайсындар, – деді ақырын ғана.

Үлкендердің әңгімелерін үнсіз тындап жатқан Шылдыр шүмек момақан қалыпта:

– Бәріміз бір ұяның балапандарымыз ғой. Меніңше, біреуіміз артық, біреуіміз кем дегеніміз – бекершілік, – деді сәл-пәл наразы үнмен. Бас бармақ:

– Әй, Шылдыр шүмек, сенің бітіріп жүрген шаруаң шамалы, үндемей тыныш жат, – деп жекіп тастады. Сол кезде Кішкене бөбек шыдай алмай кетіп, жіп-жіңішке даусымен:

– Ағатайлар-ау, болымсыз жайға бола дауласқандарыңыз дұрыс емес, – деді. Балалы үйрек басын көтеріп алып:

– Көне, ақылсымай тыныш жат. Саған кім сөз берді? – деп, қатқылдау үнмен тіл қатты. Ортан терек Шылдыр шүмекті нұқып қалып:

– Ұят емес пе, өзін балапан ерткен Балалы үйрек атанып алып, тіп- титімдей Кішкене бөбекке тиіскенің не? – деді ренжіп. Балалы үйрек оған дүрсе қоя беріп:

– Әй, сорайған сорақила! Тыныш отыр! Түртіп қалсам, кескен теректей құлап түсіп, басынды жарып аларсың, – деді. Бас Бармақ:

– Көне, бәрің тынышталындар. Жасы үлкенді, жолы үлкенді сыйлау дегенді мүлдем ұмытқансындар ма? – деп ашу шақырды.

– Оу, айналайын, ағатай-ау! Бастаған өзіңізсіз ғой. Әкеміз Сол қолдан, анамыз Аялы алақаннан ұят болды. Олар күні бойы шаршап, демалғаны әзірде ғана еді. Оларға тыныштық берейік те, – деді Шылдыр шүмек жасқаншақтаған үнмен. Бас бармақ:

— Мынаған не жоқ? Өзі осы өмірдегі шын атын біле ме екен?! «Аты жоқ саусақ» деген есімі елеусіз қалмасын деп, «Шылдыр шүмек» деп ат қойып, айдар таққаным есіңнен шығып кеткен-ау, — деп кекесінмен мырс етті. Кішкене бөбек:

— Шылдыр шүмек ағаның сөзінде қандай терістік бар? Ата-анамыз демалсын да, — деді шырылдап.

— Пәлі! Енді мына бір шінкілдеген неме қайдан шықты. Дем арасында ағашыл бола қалуын. Тек жат! Неге сонша пысықсына қалдың? — деп, Бас бармақ зілдене тіл қатты.

Сол кезде Ортан терек даусын сәл көтеріңкіреп:

— Қой, құр бір-бірімізді кекетіп, мұқатқаннан ештеңе өне қоймас. Жас болса да, екі інішегімнің сөздерінің жаны бар, — деді. Осы сәт Балалы үйрек:

— Сен неғып оларға жаның ашығыш бола қалдың. Тіпті күнделікті тіршілікте сен екеуіңе түсер еш салмақ та жоқ қой. Олар — әке-шешеміздің мойнына мініп алған нағыз масылдар! — деп кіжіне сөйледі.

Бас бармақ іле-шала оған қосарланып:

— Бар бейнетті көретін Балалы үйрек екеуміз. Сендерден келіп-кетер пайда да шамалы, — деп салды. Ортан терек Бас бармақтың Балалы үйректі табан асты қолдай кеткеніне танданып қалды.

— Сендер тым артық кетіп бара жатырсындар. Мысалы, менің бой десе бойым бар, күш десе күшім бар. Орталарыңда тілекші болып, екі жағыма әрі тіреу, әрі сүйеу болып тұрмын. Сонда да көкірек көтеріп, кеуде соғып тұрған жоқпын ғой. Тіпті сен екеуіңнің мені көздеріңе ілгілерің келмейтініне қайранмын. Ал мына екі кішкенені масылсындар деп ғайбаттауларың ұят-ақ! — деп, қатты ашуланып, ызалана сөйледі...

Аялы Алақан балаларының арасындағы болып жатқан даудың шет жағасын естіп, ұйқылы-ояу жатқан еді. Сабырлы Ортан теректің кенеттен ашуланғанына біршама танданып та қалды. Бұдан соң ол үндемей қалуды жөн көрмеді. Алғашқы екі үлкенінің сөздеріне аздап іштей ренжіді. Сонда да ашуын сыртқа шығарғысы келген жоқ. Ұйқысынан енді оянғандай болып, кішкене жөтеліп, қозғалақтай бастады. Осы сәтте бесеуі де тынши қалды.

Ол жұмсақ үнмен:

— Балапандарым, бәріңнің де айтқандарыңды естіп жаттым. Бәрің де біздерге аяулы, ыстықсындар. Әрқайсыңның орнын — әр бөлек. Сен бесеуің болмасаң, біз үшін өмір еш қызықты болмас еді. Барлығың бірауызды болып, бірігіп жүрсендер —

біздерге одан үлкен бақыт жоқ. Ал әрбірін әр жаққа тартып, бет-жыртысып, дара-дара болып жатсандар — бізге одан өткен қайғы жоқ. Анау әкелеріңмен бір туған Сол қолдан ұят болды. Әне, қараңдаршы, олардың балалары тып-тыныш демалып жатыр. Кәне, жата қойындар! Әкелерің де қатты шаршаулы күйде. Ертең де атқарар жұмыстырымыз көп, — деді жұмсақ үнмен.

Бас бармақ пен Балалы үйрек аз-кем қысылып, ұялып қалды. Шылдыр шүмек пен Кішкене бөбек бір-біріне жымың-жымың етіп қарасты да, жатуға ыңғайланды...

Ортан терек сәл қаттылау кеткеніне өкінгендей болды. Ол біразға дейін ұйықтай алмады. Әрлі-берлі дөңбекшіп жатты да, сәлден соң көзі ілініп кетті...

Түс көрді. Сол қол Оң қолды бауырына тарта құшақтап, елжірей сипалап отыр екен. Кенет алдыңғы жақтан ақ сақалы алдын жапқан Абыз Ата көрінді. Ол бұларға қарай ақырын аяндап келе жатты. Неге екені белгісіз, ұзын жеңінен қолдары мүлдем көрінбейді. Бір сәтте ол жеңін көтере берді. Сол мезетте бірін-бірі аялап отырған қос қол қалықтай ұшып барып, Атаның жеңіне кірді. Әлден кейін әуемен қалқи ұшқан, күнге шағылысып, алтындай жарқыраған қанатты домбыра көрінді. Ол ұшқан күйі Ата қолына келіп, ақырын қонды. Абыз Ата жүзі бал-бұл жайнап сала берді. Сөйтіп гүлге оранған жап-жасыл төбенің басына малдас құрып отыра қалды да, домбыраны тарта жөнелді. Сол қолдың саусақтары домбыра пернелерін қуалай, біресе жоғары, біресе төмен бойлап, еш тыным табар емес. Ал Оң қолдың саусақтары қос ішекті тынымсыз шерте қағуда. Домбырадан өн бойды еріксіз шымырлатқан, құйқылжыған ғажайып күй төгілуде.

Ортан терек оны бар жан-тәнімен еліте, елжірей тындады. Сол күйдің үзіліп қалмай, үздіксіз, тоқтаусыз ойнала беруін шын жүректен тіледі. Бір кезде көзі анасы Аялы алақанға түсіп кетті. Ол балаларының домбырада бір-бірімен жарасып, бірлесе, үндесе, ойнаған қимылдарына сүйсіне қарап қалыпты. Оның мейір тұнған жанары айналасына шұғылалы шуақ шашып тұр екен...

ДОМБЫРА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

(Халық аңызының ізімен)

Ертеде атақ-даңқы алысқа кеткен, айбарлы, адуынды бір хан болыпты. Сол ханның қоластында бір ер көңілді, бірақ, кедей жылқышы болады. Ол екі иығына екі кісі мінгендей, кескін-келбеті көрікті, сүйкімді жігіт екен. Бір басына жетерлік сан қырлы өнері де мол болған. Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт әрі жауырыны жерге тимеген палуан, әрі жезтандай әнші екен. Түнде жылқы күзетінде жүргенде, ашық аспан астында шабыттана ән салғанда, тындаған жұртты қайран қалдырады.

Бір жолы хан қыс қыстауынан жазғы жайлауға көшеді. Хан қызы күміс күймемен келе жатқанда жайлауға қарай мамырлай бет алған қалың жылқының жанынан өтеді. Сол кезде құлағына сазды, әсем ән келеді. Ханның ару қызы күйменің торғын пердесін ысырып, сыртқа еріксіз көз тастайды. Жылқының бергі қапталында ән айтып келе жатқан жігітке көзі түскен хан қызы оның ажар-көркіне, әніне қайран қалады. Бірақ көп қадалып қарауға дәті бармай, бетін бұрып өкетеді.

Жігіттің кең даланы кернеген әсем әні тұла бойын шымырлатып, жан дүниесін өзгеше күйге бөлейді. Бұдан кейін хан қызы күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылады. Түні бойы сонау жылқы өрісі жақтан естілген әсем әнді демін тартып, үздігіп тындайды. Мазасы кеткен хан қызы бір күні ең жақын көретін жеңгесіне бар сырын айтып, жылқышы жігітпен кездестіруді өтінеді.

Алғашында тосын әңгіменің әсерінен абдырап қалған жеңгесі есін тез жияды.

— Еркежан-ау, ол кедей жігіт қой, қалай болар екен? Әкең, ағаларың біліп қойса қайтесің? — дейді үрейленіп.

— Жоқ, жеңеше, жолығатын жолын тап. Төзімім таусылды, — деп жалынады.

Содан хан қызы жылқышы жігітпен үнемі кездесіп жүреді. Аяғы ауырлап қалған қызды анасы мен жеңгесі көп көзінен жасырып ұстайды. Бір күндері айы, күні жеткен қыз егіз нәрестені дүниеге келтіреді. Бұл тосын жай хан құлағына тез жетеді. Ол дереу күнәлі жігітті таптырып, ара түсіп шырылдаған қызының зарына қарамастан оны көп алдында дарға асады. Хан қызын ұйқамаққа жаптырып, екі сәбиді мыстан кемпірдің қолына беріп: «Мына екі некесізді көз көрмес, құлақ естімес жерге апарып, көзін құрт», — дейді.

Қос сәбиді қолтығына қыса жөнелген мыстан елден алыс, шалғайда өсіп тұрған жап-жасыл үлкен бәйтеректің басына шығып, ұлды батысқа қаратып, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді.

Құлындағы даусы құраққа шыққан қос сәби жан ұшыра шырқырай жылап, әл-дәрмендері таусылғанша бұтаққа ілінген күйі тырбаңдап тұра береді. Сәбилердің көз жасы тамған жап-жасыл бәйтерек біртіндеп сола бастайды. Бейкүнә нәрестелердің жүрегі тоқтаған шақта ағаш та қуарып, өсуін тоқтатады.

Күндердің күнінде қыз ұйқамақтан босанады. Ол балаларын ойлай-ойлай делбе секілді ауруға шалдығады. Бір күні қыз ауылдан қашып шығады. Ол түбінен бұлақ ағып жатқан, жапырақтары солып, қураған бәйтеректің түбіне келіп, арқасын ағашқа сүйеп отырады. Көзі ілініп кетеді. Түс көреді. Түсінде әлгі бәйтерек басына салбырап ілініп, шырқырап жылап тұрған жалаңаш балаларды көреді де, шошып оянады. Орнынан атып тұрып, ағаш басына қарайды. Ешкім жоқ. Жүрегі кеудесін жарардай соғып, есенгіреген күйі орнына қайта отырады. Арқасын ағашқа тіреген күйі көзін қайта жұмады. Ұйқылы-ояу отырған кезде құлағына бұрын естіп көрмеген бір әлсіздеу мұңлы, зарлы сарын естіледі. Ол дереу орнынан атып тұрады. Жаңағы жұмбақ әуеннің қайдан шыққанын білгісі келеді. Бетін жалбырай жауып кеткен шашын ысырар-ысырмастан ағаш басына өрмелей жөнеледі. Көз алды тұманданып, үн шыққан тұсқа ұмтыла береді. Сол кезде қыз салмағымен шайқалған бәйтерек ортасынан опырылып түседі. Оның іші құр кеуек, қуыс екен. Жерге сұлай жатқан бәйтеректің екі басында бұтақтан бұтаққа керіліп қалған ішектер көзіне түседі. Осы кезде баяу соғып тұрған жел күшейе бастайды. Керулі тұрған қос ішек желмен тербетіліп, бұрынғыдан да мұңды, зарлы үн төге жөнеледі.

Қыз еңірей жылап, ішектерге бетін төсеп, алақанымен сипалай бастайды. Шығысқа қараған ішегі қаттылау тартылыңқырап, жіңішкелеу, зарға толы үн шығарып тұр екен де, батысқа қараған ішегі бостау тартылып, күніренген қоңыр үн шығарып тұр екен. Қыз қос ішектен шыққан үнді тебірене тыңдап, теңселіп жүріп алады. Көзі жасқа толып, әр ішекке барып, құлағын төсейді. Көз алдына қос перзенті көлбеп, ішектің жіңішкелеу дыбысынан қызының үнін, жуандауынан ұлының үнін естігендей болады. Көзінің жасы көл болған қыз

қос ішек керілген ағаштың дінін құшақтап, күні-түні еңіреп жылайды. Шашы аппақ болы ағарып кетеді.

Жылай-жылай талықсып, қос ішек керілген ағаш түбіне жатып ұйықтап кетеді. Қайтадан түс көреді. Астына құйрық, жалы төгілген аппақ атқа мінген, аппақ болып киінген аппақ сақалды қария бұған тақанып келіп:

— Қызым, қамықпа! Осы бәйтеректе сенің екі сәбиің көз жұмған. Тұр, еңсенді көтер! Өлген қайтып келмейді, құр жылаудан ештеңе өнбейді. Жанына жұбаныш, көңіліңе қуаныш болар қос ішекті ағытып ал. Астыңғы ішек қызыңның үні болсын, оған Зарлық деп ат қой, үстіңгі ішек ұлыңның үні болсын, оған Мұндық деп ат қой. Анау құлап жатқан бәйтерек дінінен күй шығаратын аспап жасатып ал. Оған домбыра деп ат қойғайсың! — дейді.

Қыз басын көтеріп алып, көзін ашса, маңында ешкім жоқ. Бірақ жаңағы ақ сақалды аппақ қарияның үні құлағынан күмбірлеп кетпей қояды.

Қыз қария айтқан ағашты алып, еліне оралған соң, атағы алысқа кеткен ағаш шеберіне қос ішекті домбыра жасатады.

Көз жауын алған домбыраны қолына алған қыздың қуанышы қойнына сыймайды. Ол елден оқшау кетіп, мөлдір сулы бұлақ басына, жапырағы қою биік ағаш түбіне отырып, домбыраны ақырын ғана шерте бастайды. Жүрегі лүпи соғып, тал бойы шымырлап, қос ішектен төгілген ғажап әуенге бар жан-тәнімен беріледі. Оның көз алдына өзі туып-өскен даласы, таулы алабы, көгінде бозторғайы қалықтаған көк аспаны, жапырақтың сыбдыры, бұлақтың сылдыры — бәрі-бәрі келе береді. Енді бір сәтте сонау гүлге көмкерілген даламен әдемі киінген қос перзенті шат-шадыман болып жүгіріп келе жатқаны көз алдында бұлдыр сағымдай елестеп қоя береді. Кенеттен күй әуені сұмдық бір мұңға, өксіп-өксіп, іш тартып жылағандай сарынға ұласады. Әлден соң есіп қоя берген самал жел осы алуан сырлы күйлерді қағып өкетіп, кең далаға таратып жібереді. Содан бері осы домбыраның сырлы күйлері бүкіл қазақ даласының әр алабына, сайы мен даласына мәңгілік бауыр басып қалған екен.

Ал қазақтар содан бері атадан балаға ұлағат етіп: «Жапанда өсіп тұрған жеке талды кеспе», — деп өсиеттеп кетіпті. Оны

әулие тұтып, бұтақтарына әлем байлауды дәстүр етіпті. Тіпті ертеректе жолаушылар маңдарынан өткенде аттарының жалын түйіп тастаған, кей кезде құрбандыққа мал шалып отырған.

P.S: Шынында да жапанда өскен жалғыз бәйтерек ағаштың түбіне жатып, жаздың жайсаң күнінде демалып көрсендер, небір ғажап әсерге бөленер едіңдер. Көлеңкесі салқын, жанға жайлы. Самал желмен тербелген жапырақ сыбдырлары сыр айтып, әдемі бір әуен, күйлер төгіп тұрмай ма?! Ұя салған құстардың балапандарының шикылының өзі күйге бергісіз-ақ қой. Анау көк аспанмен жүзген ақша бұлттар тал төбесімен қалқи өткенде тал бойыңды сондай тазалық, биіктік, мөлдірлік сезімі жуып өтпеуші ме еді.

Сонау тереңнен нәр тартқан, жер бетінде бедері білініп жатқан тамыры ұлы тіршіліктің үкілі куәгеріндей болып жатпай ма?!

Осындай сәтте қолыңда қоңыр домбыра болса ғой, шіркін!!!

ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ ҮСТІНДЕ

Алпысыншы-жетпісінші жылдары қазақ журнализмінде күрт бетбұрыс болды. Газет мақалалары бірсарындылықтан, қасаңдықтан арыла бастады. Материалдардың жазылу формасында тың ізденістер байқалды. Реализмнен гөрі романтикалық сарын басым көрініс тауып жатты. Бұл мінез, әсіресе, сол кездегі «Лениншіл жасқа» (қазіргі «Жас Алаш») тән еді. Жалпы мұндай дәстүрді жастар басылымына кешегі Оралхандар ала келді десек жаңсақ айтпаспыз. «Қара сөзбен жырлаймын» деп жастықтың алау мінезін сыршыл лиризм, асқақ романтикамен өріп басылым табиғатын байыта түсті. Көркем шығармаға бергісіз очерк, эсселерді бірінен соң бірін бұрқыратты. Бүгінде халқымызға танымал сөз зергерінің «Жас Алаштан» түлеп ұшағаны кем де кем. Олар жазған мақалалар, очерктер, эсселер, түрлі зерттеу еңбектер тіпті репортаж, суреттемелердің өзі қолдан қолға өтіп оқылатын еді. Адамды ортасы өсіреді деген рас. Олар сол кездің өзінде-ақ алысқа шабатын жүйріктер екенін танытқан еді. Сондай ортада студент бола жүре Пернебай Дүйсенбин де тер төкті.

Жастар басылымының сол кездегі танымал эстетикалық клубы «Аққуда» жарияланған материалдары әлі де оқырман есінде болар. Міне, сол «Аққу» студент Пернебайдың көп қырын ашты. Шыны керек, бізде өнер тақырыбына қалам тербеушілердің кейбірінде оны түсініп жазу, кең тыныстап, тереңнен толғау, білімділікпен байыту жетіспей жатады. Құр таңқалу, тамсану жағы басым түсіп жататыны да бар. Ал Пернебай мұндай қасиеттен әу бастан ада болды, бойын аулақ салды. Өнерді жақсы көру аз, ол жан-тәніңмен, бар болмысыңмен сүю, түсінуді керек етеді. Сонда ғана бойындағы білімің, оқығаның мен тоқығаныңның өз жемісін берері сөзсіз. Ең бастысы Пернебай бұл тақырыпқа қызығушылық, әуестенушілік тұрғысынан емес, шын мәніндегі терең түйсік пен тыныс биігінен қарап қалам тербеді. Сұлулыққа іңкәрлік іргелі ізденіске ұштасып жүз жол материал жазу үшін де кітапханаға баратын. Біз кей-кейде қаламгерді терең тану үшін көркем шығармашылығы жөнінде ғана қалам тербеу, ой қорытып, оның өзге бөтен қырларын ашуға әдеттенбегенбіз. «Бұлақ басынан тұнады» деген сөзге мұндайда асығыс аялдап жатамыз. Меніңше, Пернебайдың үлкен шығармашылыққа барар жолдағы баспалдағы — аса күрделі де қасиетті, текті де тергеурінді өнер дүниесін түсінуден, танудан бастау алады. Сондықтан да оның ең алдымен осы бағыттағы ізденісіне жіті бағдар жасаған жөн. Сөз жоқ,

жазушының өнер тақырыбына терең бойлап, оның алуан қыры мен сырына түсінуге зор талпыныс жасап, оның құдіретін өзгенің жүрегіне жеткізуге ниеттенуі көп дүниеге көзін ашты.

Өнер тілін түсіну екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Оның бойында суретшілік, режиссерлік қасиеттердің қайсыбірі жатуы да сол жолдағы мұратын байыта түссе керек. Сол бір жылдары «Лениншіл жаста» жарияланған О. Таңсықбаев туралы «Тау мен дала жырышысы» деген эссесі зиялы қауымның назарын аударды. Әрине ол кезде әйгілі Орал суретшісі туралы да жазу оңай шаруа емес және әрі әркімнің ойына келе бермес еді. Пернебай студент бола жүріп «Лениншіл жастың» арнайы тапсырмасымен Ташкенге барып, әлемге аты кеткен қылқалам шебері туралы терең толғаныс жазды. Осынау тағдыры күрделі, өмірі қарама қайшылықтарға толы тұлғаны балаң студентке сеніп тапсыру да тектен тек емес еді. Сөйтіп Пернебай араға көп жылдар салып барып осынау өнердегі біртуардың тағдырымен қандастарын хабардар еткен еді. Сондай-ақ «Қалампыр гүлі», «Сұлулық сазы», «Шуаққа іңкәрлік», «Таң шапағы» атты мөлдір де мінезді эсселерінде әлемдік өнер саңлақтарының шығармашылығына оқырмандарды соны көзқарас тұрғысынан үңілдірді. Бұл жолда ол өзінің көп мүмкіндігін ашқан Шерхан Мұртазаға деген алғысын айтудан жалықпайды.

Пернекең көркемдік туралы ойларын көпшілікке жеткізуде де формалық жағынан айрықша ізденді. Оның кейбір материалдарын сырласу, хат үлгісінде жазуы да соның айғағы. Мәселен, «Көгілдір кеңістік» атты эссесінде жан досына пәк, адал көңілден сыр ашады. Суретші Рылов туындыларынан алған әсерін алыстағы досына айтып жеткізуге тырысады. Сұлулық сазын шертіп, өнер құдіретінің әркім аңғара бермейтін беймәлім тұстарына ой көзімен үңіліп, терең пәлсапалық тұжырым жасайды.

Отбасы жағдайымен елге кеткен П. Дүйсенбин әдебиетке ден қойып, балалар үшін бірнеше туындылар, кітаптар берді. Әрине орта мектепте басшы бола жүріп бұлай еңбектенуді ерлікке балауға болар еді. Қашанда болмасын шәкірт өмірінде өзгерістер, бетбұрыс жасаушы — ұстаз. Осы тұрғыдан келгенде Пернекеңнің шәкірттерінің оған деген алғысы шексіз. Ол кісінің жазушылық еңбегінің негізі сол педагогикамен тығыз байланысты. Бойына біткен талғампаздық, педагогқа ғана тән мол білімдарлық пен парасаттылық оны қаламгер етті. Тоқырау заманында қазақ әдебиеті мен тілі пәнінің оқыту методикасы мен бағдарламасы қандай болғанын кешегі шәкірттер әлі ұмыта қоймаған болар. Ал Пернекеңнен дәріс алған мектептің ең «сотқар» баласының өзі сезімтал болып шығатын. Шәкірттер тек әдебиет, тіл ғана емес,

онымен қоса қабат өнер әлеміне сапар шегетін. Саз, суретшіліктен де мол мағлұмат алатын. Қорқыт, Ықылас, Құрманғазы, Дәулеткерей саздарына қанығатынбыз. Жанымыз нұланатын, күні бойы әдебиет сабағы бола берсе дейтінбіз. Бұның сыртында Пернекеңнің іс-тәжірибесі облысқа таратылып, кеңес үкіметінің орденімен де наградталғаны тағы бар. Ол режиссер де болып, қазақтың батырлар жырын сахналап, сол кездегі аудандық халық театрын жұмыссыз қалдыра жаздағаны да бар еді. Кезінде халқымыз әлі біле қоймаған арыстарымыздың кейбірінің есімін сол кісіден естіп едік.

Жалпы, ол қандай іске кіріссе де жанын салып, өзінің үлкен эстет, биік талғам, интеллектуал иесі екендігін танытып келеді. Осының бәрі бала жастан қасиетті өнер әлемінің сырына мол қанығып өскендіктен болса керек. Ол алғашқы «Жұлдыздар неге жылайды?» повесімен-ақ оқырман назарын өзіне аударып алды. Осындағы Тайжан деген баланың тағдыры арқылы балаларды сұлулық сырын сезінуге үндеді. Төрт повестен тұратын «Кішкентай генералдар» атты кітабы қазір әр баланың жастанып оқитын кітабына айналды. Жазушының бір алабөтен қасиеті қандай еңбегінде болмасын бала әлеміне жалаң емес, терең еніп, ауыл балаларының мінезін, бөлек болмысын ашады. Ұлттық мінез, ұлттық бояу іздейді. Әрі сол ойларын бала ұғымына түсінікті, жеңіл, ойнақы тілмен жазады. «Сары Сәмке және оның достары туралы ертегі» повесі тақырыбы, ойлылығы жағынан соны туынды. Сонымен қатар «Қайсар Қара Қарындаш туралы хикаясына» белгілі жазушы М. Мағауиннің жылы лебіз білдіруі тектен тек емес. Жалпы жазушының балаларға арналған туындыларынан «Жалынның» жабық бәйгесінің жүлдесін алмағаны кем де кем. Жазғандары әдеби ортада жылы бағасын алып келеді.

Өнерді құлай сүйіп, терең таныған қарымды қаламгер Пернебай Дүйсенбин өзіне өзі қанағаттанбай еңбек ететін адам. Соған сүйсінесіз. Ол өзін үлкен жолдың үстінде келе жатқан жолаушыдай сезінеді. Сол жолда тамаша эстет П. Дүйсенбиннің көп жолаушының бірі болмай әлі де жарып шыға беретініне сенесіз. Өйткені, ол іргелі ізденіс, жанкешті еңбектің адамы. Оған түйетолғақ тән – жазғанын жариялауға асықпайды. Көп ойлайды, аз түртеді. Сонысы ұнайды.

Қали СӘРСЕНБАЙ,

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері,
ҚР Президент сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері,
Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «Алматы ақшамы» газетінің
бас редакторы

АВТОР ТУРАЛЫ

Пернебай Дүйсенбин 1943 жылы 13 қазанда Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында туған. 1960 жылы мектеп бітірісімен еңбекке араласып, совхозда құрылысшы болды. Ол мектепте оқып жүрген жылдары тырнақалды туындыларын - өлеңдерін, әңгімелерін аудандық, облыстық газеттерде жариялады. 1958 жылы оның салған суреттері Москвадан шығатын «Пионерская правда», Алматыдан шығатын «Дружные ребята» газеттерінде жарияланып, көпке танылды.

П. Дүйсенбин 1962 жылы әл – Фараби (бұрынғы Киров) атындағы ҚазМУ-дың филология факультетіне түсті. Университетте оқып жүрген жылдары оның публицистикалық туындылары республикалық басылымдарда молынан жарияланды.

Ол 1969 жылы туған ауылы Жайылмаға оралып, Ленин атындағы орта мектепке жұмысқа орналасты. 1969-1973 жылдары қазақ тілі мен әдебиеті, сурет пәндерінің мұғалімі болды. 1973-1987 жылдары мектеп директорының орынбасары, 1987-1993 жылдары мектеп директоры болды. 1993-1997 жылдары мектеп психологы болып жұмыс істеді.

Жазушы 1997-1998 жылдары газет тілшісі, 1998-2004 жылдары «Қаратау кеншісі – Горняк Каратау» газетінің редакторы және ақпарат бюросының бастығы, 2004-2007 жылдары Сарысу аудандық мәслихатының тексеру комиссиясының төрағасы қызметін атқарды.

1979 жылы «Жұлдыздар неге жылайды?» деген лирикалық повесі «Жалын» журналында жарияланды. 1990 жылы КСРО, 1994 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. «Жұмбақ жұлдыз», «Кішкентай генералдар», «Ән салыңызшы, Әке», «Елгезек ертегілер елінде», «Тектінің тұяғы еді» атты кітаптардың авторы. 2003 жылы тарихи – танымдық «Шежірелі Сарысу», 2007 жылы «Үркердей болып көшкен жұрт...», 2008 жылы «Сарысунама» атты тарихи деректік томдарын шығарды.

Пернебай Дүйсенбин 1999-2007 жылдары Сарысу аудандық мәслихатының екі мәрте депутаты болып сайланған. Сарысу ауданының Құрметті азаматы (2001ж).

МАЗМҰНЫ

Кішкентай генералдар	3
Біз, Төлепбек атай, самолет командирі және пальма	47
Сары сөмке және оның достары	91
Қайсар қара қарындаш туралы хикая	107
Ойынпаз ойыншықтар отауында	136
Нұрстан мен Аққанаттың бастан кешкендері	163
Аяқталмаған аңыз	188
Эврироб пен Дәуреннің бастан кешкендері	223
Өкпелі машина	263
Шынашақтай Шымырбек пен Нұржан	266
Мейірбек пен Қаратал	271
Саусақтар айтысы	276
Домбыра туралы аңыз	279
Үлкен жолдың үстінде	283
Автор туралы	286

Пернебай ДҮЙСЕНБИН

**ЕРТЕГІМ МЕНІҢ,
ЕРТЕГІМ...**

РЕДАКТОРЫ — Қ.ҚОШҚАРҰЛЫ
ТЕХ. РЕДАКТОРЫ — Б.БЕКБОЛАТҰЛЫ
СУРЕТШІСІ — Қ.ИНАЯТҰЛЫ

Теруге берілген күні 07.01.14. Басуға қол қойылған күні 27.02.14. Пішімі 84x108
1/32. Қаріп түрі «Таймс». Шартты баспа табағы 14. Қағазы офсеттік. Таралымы
500 дана. Бағасы келісімді. Тапсырыс № 366.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru



Пернебай
ДҮЙСЕНБИН

**Ертегім
менің,
ертегім**

